

# ЦИФРЛЫҚ МЕДИАЛАР КАРТАСЫ: ҚАЗАҚСТАН



# Цифрлық Медиалар Картасы: Қазақстан

## «АШЫҚ ҚОҒАМ» ҚОРЫНЫҢ ЕСЕПТЕМЕСІ

### Авторлар

Фредерик Эмрик  
Евгения Плахина  
Дария Цыренжапова

### Редакторлар

Мариус Драгомир, Марк Томпсон  
(«Ашық қоғам» қорының Медиа-бағдарламасының редакторлары)  
Рита Рудуша (MDM аймақтық редакторы)

### Редакциялық кеңес

Юен-Йинг Чен, Кристиан С.Ниссен, Душан Релжич,  
Рассел Саутвуд, Майкл Старкс, Дамиан Тамбини

Редакциялық кеңес – кеңес беру органы болып табылады. Оның мүшелері есептемелердегі ақпарат пен қорытындылар үшін жауапкершілік көтермейді.

### «Ашық қоғам» қорының Медиа-бағдарламасының ұжымы

Мейджиндер Каур, ассистент;  
Моррис Липсон, аға заңгер-кеңесші;  
Мигель Кастро, арнайы жобалар менеджері;  
Гордана Янкович, директор

### «Ашық қоғам» қорының ақпараттық бағдарламасының ұжымы

Вера Франц, бағдарламаның аға менеджері;  
Дариус Чуплинскас, директор

**Қазақ тіліне аударған** – Сәуле Омарова Сыдықбекқызы  
**Беттеген** – Ольга Любовицкая

2013 жылғы қазанның 22-сі

# Мазмұны

«Цифрлық медиалар картасы» жобасы туралы («Mapping Digital Media») .....	4
Цифрлық медиалар картасы: Қазақстан. Қысқаша шолу .....	6
Мәнмәтін .....	10
Әлеуметтік индикаторлар .....	14
Экономикалық индикаторлар .....	17
1. Медиа тұтыну: цифрлау факторы .....	18
1.1. Цифрлық технологиялардың дамуы .....	18
1.2. Қалаулы медиалар .....	24
1.3. Жаңалықтар берушілер .....	27
1.4. Қорытынды .....	37
2. Электрондық БАҚ: қоғамдық және мемлекеттік хабар таратушылар .....	38
2.1. Қоғамдық және мемлекеттік институттар .....	38
2.2. Қоғамдық мүдделердің қамтамасыз етілуі .....	46
2.3. Қорытынды .....	47
3. Электрондық БАҚ және қоғам .....	49
3.1. Пайдаланушылық контент .....	49
3.2. Онлайн-белсенділік .....	55
3.3. Қорытынды .....	60

4.	Цифрлық медиа және журналистика .....	62
4.1.	Журналистер және жаңалықтар редакциялары .....	62
4.2.	Журналистік зерттеу .....	68
4.3.	Әлеуметтік және мәдени әртүрлілік .....	72
4.4.	Саяси әртүрлілік .....	75
4.5.	Қорытынды .....	76
5.	Цифрлық медиа және технологиялар .....	78
5.1.	Жиіліктік хабар тарату шоғыры (спектрі) .....	78
5.2.	Цифрлық платформаларға қолжетімдік .....	82
5.3.	Телекоммуникациялар .....	84
5.4.	Қорытынды .....	86
6.	Цифрлық дәуірдегі медиа-бизнес .....	87
6.1.	БАҚ-қа меншік құқы .....	87
6.2.	БАҚ-тарды қаржыландыру көздері .....	92
6.3.	БАҚ-тардың бизнес-үлгілері .....	94
6.4.	Қорытынды .....	95
7.	Саясат, заңнама және реттеу .....	97
7.1.	Мемлекеттік реттеу .....	97
7.2.	Реттеушілер .....	109
7.3.	Мемлекеттің бақылауы .....	111
7.4.	Қорытынды .....	115
8.	Қорытындылар .....	117
8.1.	БАҚ бүгінгі таңда .....	117
8.2.	Ертеңгі БАҚ: алдағы мүмкіндіктер .....	119
9.	Ұсыныстар .....	121
	Диagramмалар мен кестелердің тізімдері .....	125

# «Цифрлық медиа картасы» жобасы туралы («Mapping Digital Media»)

Кәсіби журналистиканың негізінде жатқан құндылықтар, азаматтардың шынайы және толық ақпаратқа мұқтаждығы, ондай ақпараттың демократиялық қоғамның қалыптасуы үшін маңыздылығы, – міне, осылар медиа-кеңістіктің дамуы серпінін талдауға тырысатын әркім үшін бұлжымас бағдарлар болып саналады.

Кәсіби стандарттар жаңа ақпараттық технологиялар тұрғысында жетілдіріледі. Оның үстіне, журналистикада орын алып отырған өзгерістердің үлкен бөлігі жетекші ақпараттық нарықтардың ықпалымен қалыптасады.

Мақсаты өзгерістердің тереңде жатқан себептерін зерттеп білу және талдау болып табылатын **«Цифрлық медиа картасының»** зерттемелік жобасы ғаламдық тұрғыда: медиа-қоғамдастықтардың көш бастаушылары, ғалымдар, саясаткерлер, жұртшылық пен кәсіби қоғамдастық өкілдері, әлемнің әртүрлі елдерінің жоғары оқу орындарының оқытушылары арасында байланыстар орнатуға септігін тигізеді. Цифрлау үдерісі баяу жүріп жатқан елдерде бұл жоба нарық ойыншыларын және басқа да мүдделі тараптарды осы өзгерістердің нәтижелеріне ықпал ету үшін соларға атсалысуға үндеуге бағытталады. Сонымен қатар электрондық БАҚ-тар мәселесін талқылауды ілгерілету үшін, аталған зерттеудің ақпараттық негіз құруға да көмегі тиеді.

«Ашық Қоғам қоры» медиа бағдарламасының зерттеу тақырыбы – әлемнің әртүрлі елдерінде жаңа ақпараттық технологиялардың плюрализм құндылықтары тұрғысынан БАҚ-тарды дамытуға ықпал етуін, ашықтықты, қоғам алдында есептеме беруге тиістілікті, редакциялық тәуелсіздікті, сөз бен ақпарат бостандығын, журналистиканың жоғары кәсіби стандарттарын зерттеу болған-ды.

**«Цифрлық медиа картасы»** жобасы төмендегі факторлардан туған ғаламдық тәуекелдіктер мен мүмкіндіктерге баға береді:

- хабар таратудың аналог форматынан цифрлық форматқа көшу;
- жаңа медиа-платформалардың жаңалықтар контентінің көздері ретінде өсуі;
- хабарлар таратудың дәстүрлі түрлерінің телекоммуникациялар қызметтерімен ықпалдастырылуы.

«**Цифрлық медиа картасы**» зерттеуі дүние жүзінің 60 елінде жүргізілді. Жобаның негізгі мақсаты – жоғарыда аталған өзгерістердің мемлекеттің басты демократиялық қызметі – қоғамды ақпараттандыру мәселесіне қалай ықпал ететініне талдау жасау.

«**Цифрлық медиа картасы**» жобасы бойынша сараптамалық шолуды елдердің әрқайсысында зерттеуші және серіктес ұйымдар әзірлейді. Жиынтығында, бұл есептемелер электрондық БАҚ-тардың демократиялық рөлдері туралы ақпараттың маңызды көзі болып табылады. Елдердің есептемелеріне қосымша «Ашық Қоғам қорының» Медиа бағдарламасы электрондық БАҚ мәселелері бойынша бірқатар зерттеулерге бастама көтерді. Бұл материалдар «**MDM Reference**» топтамасында жарияланып жатыр.

# Цифрлық Медиалар Картасы: Қазақстан

## Қысқаша шолу

Мұнайға және басқа да табиғи ресурстарға бай Қазақстан өзінің тәуелсіздігі жылдарында БАҚ пен ақпарат бостандығына қатысты алға көп ілгерілей қойған жоқ. Медиа-нарықты мемлекеттік бақылау күшейіп бара жатыр, ал электрондық БАҚ-тың дамуы жаңалықтар таратудың және қоғамдық пікірталастар өткізудің жаңа мүмкіндіктерін ашып отыр. Сөйтіп, бүгінгі күні қазақстандық БАҚ-қа – электрондық БАҚ-тар нарығының пайда болуы және серпінді дамуымен қатар – мемлекеттің ақпаратты бақылауының күшеюі тән.

Теледидар жаңалықтардың ең танымал көзі бола отырып, аналог\* хабар тарату заманынан бері қарай үкіметтің бақылауында болып келе жатыр. Бүгінгі цифр заманында үкімет телекомпанияларға бақылау жасауды айтарлықтай күшейтті. Бұл көбінесе жиіліктер шоғырын бөлу барысында мемлекеттік телеарналардың артықшылықтарға ие болуы, цифрлау үдерісіне мемлекеттік бақылау орнатылуы және жерсерік арқылы хабар таратудың ұлттық желілерін құру үшін бюджеттен қаражат бөлу сияқты іс-шаралардың нәтижесінде орын алды. Қазақстанда қоғамдық теледидар жоқ, оны құру қажеттігі туралы қандай да бір қоғамдық пікірсайыс өткізуге деген елеулі талпыныстар да болмады.

Цифрлық хабар таратуға көшіу барысында маңызды және негізге алынатын құжаттар да, осы үдеріске жауапты институттар да ауысып жатты. Бастапқыда осы үдерісті реттеген Байланыс және ақпарат министрлігі цифрлық форматта жерүсті хабар таратуға көшуді көздейтін, 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспар қабылдады. Алайда бұл құжат 2012 жылы өзінің өзектілігін жоғалтты. Бастапқы тұжырымдама айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Сөйтіп, цифрлаудың бірінші кезеңінің міндеті, цифрлық форматта жерүсті хабар таратуды іске қосудың орнына, цифрлық тәсілмен жерсеріктік хабар таратуды енгізуге айналды. Жұртшылық электрондық БАҚ-тардың цифрлық форматқа көшірілетіні және оның салдарлары туралы хабардар етілмеді.

\* Аналог – хабар таратуға қатысты арнаулы термин. Ол – бастапқы нақты (бар) деректерге ұқсас ретінде қабылданатын, үздіксіз өзгеріп тұратын шамалармен жұмыс істеуге арналған формат. Ал цифрлық форматта, аналог ТВ-ға қарағанда, анағұрлым көп ақпарат беруге болады. – Аудармашының түсіндірмесі.

БАҚ-тардың хабар таратудың цифрлық форматына көшуін реттейтін негізгі құжат – ол 2012 жылы қабылданған, кезінде «тым жалпылама сипаты үшін» азаматтық қоғам тарапынан сынға ұшыраған «Теле-радио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңы. Тікелей әрекет етпейтін заң бола отырып, медиалық үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) өкілдерінің пікірінше, бұл нормативтік құжат нарықтан кейбір хабар таратушылардың кетуі және мемлекеттік телеарналар шептерінің нығаюы есебінен ақпараттық өрісті тарылтуы мүмкін. Заңда қоғамдық мүдде хабар таратудың цифрлық форматына көшу кезінде айқындаушы бағалау өлшемі болып саналмаған; редакторлардың тәуелсіздігін қорғаудың қандай да бір механизмдері көзделмеген, өйткені құрамында саяси тұлғалар басым реттеуші органға теле-радио хабарларын тарату саласында кең өкілеттіктер берілген.

Заңның бастапқы редакциясы цифрлық мультиплекстерге тәуелсіздігі үлкен және тұтынушылардың сеніміне ие жеке аймақтық хабар таратушыларды енгізуді қарастырмаған. Аталған норма азаматтық қоғамның ұзақ, кең ауқымды науқанының нәтижесінде енгізілді.

Аймақтық станциялардың цифрлық мультиплекстерде орындарын сақтап қала алатынын уақыт көрсетер, өйткені үкімет елдің медиа кеңістігінде өзінің шептерін кеңейтуді және нығайтуды жалғастырып келеді. Бұл үдеріс 2012 жылы жаңа мемлекеттік салалық арналардың бұрын-соңды болып көрмеген санын іске қосудан басталды.

Эфирлік жерүсті хабар тарату алдыға шыққанмен, жерсеріктік және кабельдік хабар тарату ұлттық нарықта айтарлықтай кеңейді. Бұл, бір жағынан, теле-радио хабарларын таратудың цифрлық форматына көшуде мемлекеттің басты міндеттерінің өзгеруі және 2011 жылы оның шешімді түрде жерсеріктік нарыққа шығуы нәтижесінде болды. Ел аумағының орасан үлкендігінен және халықтың орналасу тығыздығының төмендігінен кейбір аудандарда екі арна ғана қолжетімді, ал кей жерлерде мүлдем жоқ. Жерсерік арқылы хабар таратуды кеңейту бұл мәселені шешуге тиіс болған-ды. Мемлекеттің ондай стратегиясының айқындығы аздау негіздемесі – ол «ақпараттық қауіпсіздік». Қиындық мынада: жерсерік пакеттерінде ұсынылатын жаңалықтар тізбесінде, негізінен, көрші Ресейдің арналары басым. Ал арналардың дабылын көрермендер лицензия берілмеген, жергілікті арналарды таратуды көздемейтін жерсерік тәрелкелерінің көмегімен алады.

2011 жылы мемлекеттік жерсеріктік «ОТАУ TV» операторының пайда болуы нәтижесінде жерсеріктік пакеттердің қолжетімдік тәртібі де, құрамы да өзгерді. «ОТАУ TV» жергілікті арналардың негізгі пакетін тегін ұсынады және тұрмыс жағдайы нашар отбасыларына құрал-жабдық сатып алуға демеушілік көрсетеді. Жерсеріктік оператор өкілдерінің сендіруі бойынша, жұмыс істеген бір жыл ішінде «ОТАУ TV» 100 мың абонентке ие болған, оның ішінде әлі күнге дейін жерүсті хабар таратумен қамтылмаған аудандардан да абоненттері бар. Алайда хабар тарататын арналарды таңдаудың ұлғаюы плюрализмнің артқанын білдірмейді: тегін пакет көбінесе басым көпшілігі үкіметтік немесе үкімет бақылауындағы 39 арнаны ұсынады. Сыншылар жерсеріктік хабар таратуды кеңейту үкіметтің және онымен біріккен арналардың үстемдігін күшейтеді.

Баспасөзде де мемлекеттік БАҚ-тар басымдыққа ие шептерін сақтап отыр. Олардың қатарын Ресейдің «Комсомольская правда» және «Известия» сияқты танымал газеттерінің жергілікті



«қосымша» басылымдары толықтырады. Тәуелсіз басылымдардың тиражы көп емес, әрі мемлекеттік органдар тарапынан саяси қысымға және қолсұғушылыққа тап болады. «Голос республики» газеті 2012 жылы сот шешімімен жабылды, қазіргі уақытта ол онлайн форматта ғана шығады.

Дәстүрлі БАҚ-та соңғы жылдарда партияның араласуы күшейді. 2009 жылғы қаржы дағдарысынан кейін үкімет үлкен жарнама берушіге айналды, қазіргі уақытта ол медиа-нарыққа ақпараттық саясатты жүргізуге мемлекеттік тапсырыс тәжірибесі арқылы ықпал етеді. Мемлекеттік тапсырыс айла-шарғы құралына айналды: үкіметтік редакциялық саясатқа айырбас ретінде жомарт келісім-шарттар беріледі.

Онлайн-ортада жағдай болашақтан біршама үміт күттірерліктей. Компьютерлері және интернетке кіру мүмкіндігі бар азаматтардың саны айтарлықтай артқан. Соңғы мағлұматтарға (2011 жылғы) сәйкес, ел халқының 7,8 проценті сыммен қосылатын интернетке кіре алады, ал 2005 жылы бұл көрсеткіш бар-жоғы 1,9 процент болған. Алайда интернеттің тұрмысқа енуі, әсіресе бұл көрсеткіш сегіз есе жоғары Ресеймен салыстырғанда, әлі де ауыз толтырып айтарлықтай емес.

Жұртшылықтың 40 проценттен астамы интернетті тұрақты пайдаланады, бірақ көп жағдайда – ұтқыр қосылу арқылы (нақты бекітілген интернетке бір разрядпен қосумен салыстырғанда, 100 адамға – 38 қосылым). Ұтқыр телефондарды пайдалану 2006-2011 жылдар кезеңінде үш есе артты, бірақ 3G форматындағы байланыс біршама кешірек – 2011 жылы ғана пайда болды.

Теледидар мен баспасөзден айырмашылығын айтсақ, интернет-кеңістікте үкіметтің бақылауындағы БАҚ-тар басым емес. Интернет алуан түрлі жаңалықтардың тұтас бір шоғырына жолашады. Бақылаудағы ақпараттық дереккөздермен бірікпеген, жаңалықтарға арналған интернет-ресурстардың саны бұлжымастан артып келеді. Аса көрнекті тәуелсіз БАҚ-тардың кейбіреулері, мысалы, «Республика» порталы, сайттарында мультимедиа құралдарының үлкен жиынтығы жоқ дәстүрлі мемлекеттік ресурстармен салыстырғанда, желіде белсенді жұмыс істейді.

Дәстүрлі БАҚ-тардан гөрі, тәуелсіз интернет-ресурстардың үнін өшіру әлдеқайда қиын екеніне қарамастан, контентті жауып тастау, сүзгіден өткізу және DDoS-шабуылдар – кең таралған құбылыс. Осындай іс-әрекеттерді қолданудың жиілігі 2009 жылы барлық интернет-ресурстарды, әлеуметтік желілер мен блогтарды қоса алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарымен теңестірген «Ақпараттық-коммуникациялық желілер мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы (ары қарай – «Интернет туралы» ҚР Заңы) қабылданғаннан кейін артып кетті. Заңнамаға сәйкес, БАҚ-тарға елеулі шектеулер қойылады. Аталған заң интернетте сын айтуды тежеу мүмкіндігін жеңілдетіп отыр, одан өзге, ол өзіндік цензураның көбеюі, кейбір сайттарда түсіндірмелер беру қызметін алып тастау сияқты әрекеттердің себебіне айналды. Қазақстанда қылмыстық жаза ретінде қалып отырған «жала жабылды» деп айыптау – енді интернет-ресурстарға да қатысты қолданылуы мүмкін. Нақ осы интернеттің жаңа заңнамаға қарсылықтар қалыптасқан және соның көмегімен заңның

қарсыластары – онлайн-компаниялар, медиа және азаматтық қоғам ұйымдары – өздерінің күш-жігерлерін жұмылдырған және үйлестірген ақпарат платформасы болғаны – атап өтуге тұрарлық факт. Желіде саяси белсенділік жеткілікті сирек кездесетініне қарамастан, әлеуметтік және экологиялық мәселелердің айналасында қаржылай қаражат жинау және қоғамдық ұстанымдарды жұмылдыру – барған сайын кең таралған құбылысқа айналып отыр. Интернеттің көмегімен аралық топтардың, мысалы, ЛГБТ-қоғамдастықтың онлайн-қатысуы да айқындалды.

Жалпы алғанда, цифрлық форматтағы БАҚ-тар санының өсуі қоғамға және демократия үдерісіне, бір саяси партияның және оның көшбасшысының басымдығына қарамастан, шектеулі болса да пайда келтірді. Қалай болғанда да, БАҚ азат емес, ал үкіметтің араласуы қомақты дәрежеде қалып отыр.

Мемлекеттік құрылымдар өкілдерімен ықтымақтастық мүмкіндіктері шектеулі болуы себепті, осы есептеме азаматтық қоғамның ұйымдарын заңнамалық шектеулерге және БАҚ-тың реттеуші органдарға тәуелділігіне байланысты туатын қауіптер туралы азаматтардың, халықаралық қоғамдастықтың хабардарлығын көтеруге ықпал етуге үндейді.

Бұл есептеменің авторлары мемлекеттік органдармен ынтымақтастық мүмкіндіктерін үш бағытта: *жиіліктер спектрі*, *«цифрлық дивиденд»* (бұл жағдайда ашықтықты және оның әділетті бөлінуін реттейтін заңнамалық ережелер қажет), сондай-ақ *жұртшылықты хабар таратудың цифрлық форматына көшу туралы хабардар ету* бағытында көреді. Азаматтардың хабар таратудың цифрлық тәсілінің негізгі артықшылықтары мен мүмкіндіктері туралы хабардар етілуі – үкімет атқаратын міндет.

## Мәнмәтін

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жариялап, 1991 жылғы желтоқсанның 16-ында егемен мемлекет болды. Қазақстан – теңізге шығатын жолы жоқ елдердің арасындағы ең ірі және әлемде аумағының көлемі (2 724 900 шаршы шақырым)<sup>1</sup> бойынша тоғызыншы орында тұрған, халқының саны 16 миллион 878 мыңға жеткен ел. Бұнда халықтың орналасу тығыздығы 1 шаршы шақырым жерге 6 адамнан келеді. Қазақстан шығысында – Қытаймен, батысы мен солтүстігінде – Ресей Федерациясымен, оңтүстігінде бұрынғы Кеңес Одағының республикалары: Түрікменстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстанмен шектесіп, олармен бірге республикамыз тарихи да, саяси да тұрғыда Орталық Азия деп аталатын аймақты құрайды.

Қазақстан халқы зор этностық әртүрлілігімен ерекшеленеді. Орыс, украин, татар, өзбек, ұйғыр және басқа да ұлттарды қоса алғанда, оның аумағында 100-ден аса халық және этностық топ тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Еліміз тәуелсіздік алған 1991 жылы қазақтар этностық азшылықты құрайтын. Алайда қазақ емес ұлт азаматтарының 1990 жылдары басқа елдерге көптеп қоныс аударуы себепті және мемлекеттің қолдауымен «оралмандардың» елге оралуының нәтижесінде бүгінгі таңда ел жұртшылығының 63 проценті қазақтар болса, ал орыстар ірі ұлттық азшылық құрайды.<sup>2</sup>

Қазақстан – халқының 70 проценті ислам дінін, 26 проценті христиан дінін ұстанатын зайырлы мемлекет. 2011 жылы ресми танылған діни топтардың санын 46-дан 17-ге дейін қысқартқан және 2012 жылдың соңында барлық діни бірлестіктердің үштен біріне жуығын жабылу жағдайына келтірген «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң қабылданды. Бастапқыда бұл заң діни экстремизмге бақылау жасау шарасы ретінде қабылданғанмен, бірақ, қарсыластардың пікірінше, ол қойылған мақсатқа қол жеткізуге көп ықпал ете қоймайды. Керісінше, міндетті тіркеудің көмегімен аталған заң барлық діни бірлестіктерге, оның ішінде «дәстүрлі емес» діндерге де мемлекеттік бақылау<sup>3</sup> орнатады.

---

1 Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың ресми сайты <http://www.akorda.kz/ru/category/kazakhstan> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 7-сі).

2 Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі. 2009 жылғы халық санағы, [http://www.stat.kz/p\\_peperis/Pages/default.aspx](http://www.stat.kz/p_peperis/Pages/default.aspx) (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 3-і).

3 Дж.Лиллис «Қазақстан: діндер туралы заң экстремизммен күрес жолында сенімге шектеу қоя ма? EurasiaNet.org, 2012 жылғы қарашаның 12-сі, <http://www.eurasianet.org/node/66167> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 9-ы).

Мемлекет аумағы 14 облысқа және республикалық маңызы бар екі қала – Алматы және Астанаға бөлінген. 1997 жылдың желтоқсанында астана елдің ең ірі қаласы – Алматыдан Ресей Федерациясына тікелей жақын орналасқан Ақмолаға көшірілді. Еліміздің бас қаласының атауы 1998 жылдың маусымында «Астана» деп ауыстырылды. Ел астанасын көшірудің маңызды мақсаттарының бірі – ұзақ жылдар бойы экономикалық та, тілдік те тұрғыда орыс ықпалында болған және орыс жұртшылығы басымдыққа ие солтүстік аудандарға бақылау жасауды күшейту болған-ды. Бірақ бүгінгі таңда да қазақстандық медиа-кеңістікте бұрынғыша Ресейде өндірілетін орыстілді контенттің үлесі жоғары.

Қазақстан аумағының 60 процентке жуық бөлігін – шөлдер мен шөлейттер, 10 процентін таулар алып жатыр. 1950 жылдары Қазақстан далалары астықты ауқымды көлемде егіп, өндіру үшін «тың» жерлерге беріліп, бұл іс-шара Қазақстанның ауыл шаруашылығын дамытуды жалғастыруына және әлемдегі ең ірі астық өндірушілердің біріне айналуына септігін тигізді.

Қазақстанда пайдалы қазбалардың ірі ауқымды қорлары жеткілікті. 2002-2007 жылдарда жедел макроэкономикалық өсуге қол жеткізу 17 млрд. тонна қоры бар мұнайдың 5,5, млрд. тоннасын өндіру есебінен іске асты.<sup>4</sup> Сондай-ақ Қазақстан атом энергиясын, басқа да минералдық ресурстарды өндірудің негізгі шикізаты болып саналатын уран қорлары бойынша әлемнің көшбасшы елдерінің қатарында тұр.

Халықаралық мемлекеттік емес «Transparency International» ұйымы өткізетін Сыбайлас жемқорлықты зерттеу индексында (Corruption Perceptions Index, CPI) Қазақстан 174 елдің ішінде 133-орынды иеленіп, 2011 жылмен салыстырғанда, 13 орынға төмендеген.<sup>5</sup> Дүниежүзілік Экономикалық форум өткізетін Мемлекеттік басқару сапасы көрсеткіштерінің халықаралық зерттеулері Қазақстанның: жұртшылықтың саясатқа қатысуы, билік органдарының есептілігі, сыбайлас жемқорлықты бақылау, заңның жоғары тұруы және мемлекеттік органдардың тиімділігі сияқты салалардағы жетістіктерінің өте төмен деңгейде екендігін<sup>6</sup> атап көрсетіп отыр.

Өндіруші өнеркәсіптің жеткен жетістіктерінің нәтижесінде еліміз 2008 жылдың экономикалық дағдарысынан шықты. 1997 жылдың өзінде экономиканың әртараптандырылуы үкіметтің «Қазақстанның даму стратегиясы: «Қазақстан-2030»<sup>7</sup> бағдарламасы аясында іс-шаралардың басымдығының бірі ретінде жарияланғанмен, бұл мәселе әлі де шешімі табылмаған күйінде қалып отыр. Әртараптандыру стратегиялары (мысалы, импорттың орнын алмастыру, индустриялық-

---

4 «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының ақпараттық-талдамалық порталы, <http://sk.kz/page/oil-and-gaz> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қаңтардың 7-сі).

5 Transparency International, Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі 2012 <http://www.transparency.org/cpi2012/results> (қолжетімді күн: 2012 жылғы желтоқсанның 23-і).

6 Дүниежүзілік Экономикалық форум, Мемлекеттік басқару сапасының халықаралық көрсеткіштері, Ғаламдық бәсекелестікке қабілеттілік бойынша есептеме, 2011-2013 жж. Женева, 2011 ж. [http://info.worldbank.org/governance/wgi/sc\\_country.asp](http://info.worldbank.org/governance/wgi/sc_country.asp) (қолжетімді күн: 2012 жылғы қаңтардың 7-сі).

7 Н.Назарбаев, «Қазақстанның даму стратегиясы: «Қазақстан-2030», 1997 жылғы қазан, [http://mod.gov.kz/mod-ru/index.php?option=com\\_content&view=article&id=187&Itemid=149](http://mod.gov.kz/mod-ru/index.php?option=com_content&view=article&id=187&Itemid=149) (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 7-сі).

инновациялық даму, кластерлік тәсіл, озық жобалар және басқалары) әр жыл сайын бір-бірін ауыстырумен келе жатыр.

Совет заманының көлік инфрақұрылымы әлдеқашан ескірген, өйткені 2002-2007 жылдардағы «мұнай тасқыны» кезінде де ол жеткілікті инвестициялар алмаған-ды. Телекоммуникация желілерінің мемлекеттік және жеке инвестициялар есебінен жаңартылғанына қарамастан, жұртшылықты байланыс қызметтерінің қолжетімді бағасымен қамтамасыз ету үшін, әлі де көп іс-шара іске асырылуға тиіс.

1940 жылы дүниеге келген Президент Нұрсұлтан Назарбаев 1989-1991 жылдар аралығында Кеңес Одағы тарағанға дейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарған. Еліміз тәуелсіздік алған кезде ол сайлауда жалғыз үміткер бола отырып, партия көшбасшысы лауазымынан президент мәртебесіне көтерілді. Сол уақыттан бері қарай Назарбаев мырза лайықты бәсекелестің болмауы себепті әлденеше рет қайтадан президент болып сайланып келе жатыр. 2010 жылы «Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті – Ұлт Көшбасшысы туралы» 2000 жылғы шілденің 20-ында шыққан № 83-II Конституциялық Заңға түзетулер енгізілуі<sup>8</sup> нәтижесінде қолсұғылмастық құқын алып, Назарбаев мырза сонымен қатар Парламентте басым көпшілік орындарды иеленген билеуші «Нұр Отан» партиясының (ары қарай – «Нұр Отан») көшбасшысы да болды, ал Парламенттегі қалған орындарды билікке жақын басқа партиялардың мүшелері алып отыр. 2011 жылғы сәуірдің 3-інде мерзімінен бұрын өткізілген президент сайлауында Н.Назарбаев мырза электораттың 96 процентке жуық дауысын алды. Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюро (ДИАҚБ) мен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) бақылау миссияларының қорытындысы бойынша, Қазақстанда өткен сайлаулардың бірде-біреуі, – оның ішінде президенттік те, парламенттік те, – еркін және әділетті, әрі демократиялық стандарттарға сай болған емес.<sup>9,10,11</sup>

Қазақстан Конституциясы билік тармақтарының бөлінуі ұстанымына кепілдік береді, алайда президент биліктің заң шығарушылық, атқарушылық және сот ісі тармақтарында үстемдікке ие. Орталық Азия жөніндегі маман Н.Каммингстің сөзі бойынша, «президент мемлекет пен оның институттарын құруға байланысты барлық бастамалардың қақ ортасында тұрса, ал президенттің кеңсесі және атқарушы органдар биліктің басқа тармақтарында үстем болып отыр.<sup>12</sup> Оның

8 «Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті – Ұлт Көшбасшысы туралы» 2000 жылғы шілденің 20-ындағы № 83-II Конституциялық Заңға түзетулер. 2010 жылғы маусымның 14-і. <http://www.inform.kz/rus/article/2278166> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 7-сі).

9 Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ары қарай – ЕҚЫҰ), «Қазақстан Республикасында 1999 жылғы қаңтардың 10-ында өткен президент сайлауы. Миссияның қорытындысы», Варшава, 1999 жылғы ақпанның 5-і, <http://www.osce.org/odihr/elections/kazakhstan/4771> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 7-сі).

10 ЕҚЫҰ, «Қазақстан Республикасында 2005 жылғы желтоқсанның 4-інде өткен Президент сайлауы. /ЕҚЫҰ бақылау миссиясының қорытынды есеп беруі», Варшава, 2006 жылғы ақпанның 21-і. <http://www.osce.org/odihr/elections/kazakhstan/18153> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 7-сі).

11 ЕҚЫҰ, «Қазақстан Республикасында 2011 жылғы сәуірдің 3-інде мерзімінен бұрын өткізілген президент сайлауы, ДИАҚБ/ЕҚЫҰ бақылау миссиясының қорытынды есеп беруі», Варшава, 2011 жылғы маусымның 16-сы. <http://www.osce.org/odihr/elections//78714> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 7-сі).

12 С.Н.Каммингс, *Орталық Азиядағы билік және өзгерістер // Power and Change in Central Asia*, Лондон, 2002, 63-бет.

үстіне, жергілікті билік органдары сайланбайды, оларды жоғары тұрған атқарушы органдар тағайындайды. Үкімет бірнеше рет билік жүйесін ішінара реформалау және іс жүзінде «байқап көру» түрінде кейбір ауылдық аудандар мен шағын қалалардың әкімдерін сайлауды енгізуге талпыныстар жасап көргенмен, ол «тәжірибелер» нәтиже бермеді және ереже болып қалыптасып кете алмады.

**Ескерту [A1]:** «Қазақстан Республикасының жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгертулер енгізу туралы» тиісті заңына 2013 жылғы маусымның 13-інде қол қойылды. Бұл заң аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдық (селолық) округтардың, ауылдық (селолық) округтің құрамына кірмейтін ауылдардың (селолар) әкімдерінің аудандар (қалалар) мәслихаттары сайлауларының көмегімен сайланатындығын қарастырады.

2010 жылы Қазақстан алғаш рет посткеңестік республикалардың арасында ЕҚЫҰ-ның нақты төрағасы мәртебесін алып, 2012 жылы БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі Кеңесінің мүшесі болды. Халықаралық істердегі айтарлықтай елеулі жетістіктерге қарамастан, елімізге азаматтардың саяси азаттығы мен еркін сөйлеу құқықтары бойынша адам құқықтарының бұзылатындығы үшін айып тағылып жатады.

Қазақстанның медиа-кеңістігі плюрализмнің жетіспеушілігі және мемлекетке қарасты БАҚ-тардың әсіресе теле-радио хабарларын тарату саласында басымдық алуымен ерекшеленеді. Телеарналар мемлекетке, немесе шенеуніктерге, немесе билікпен біріккен бизнес-құрылымдарға тиесілі. Ашық сын айтатын жаңалықтар таратушы БАҚ-тар билік тарапынан белгілі бір қысымға ұшырайды. Елде «заң бұзушылық» деген айыптауларға жиі тап болып жүрген бірнеше оппозициялық апталық бар. Айыппұл төлету көбінесе БАҚ-тарға қысым көрсету амалы ретінде қолданылады, сондай-ақ сот шешімімен оларды жауып тастайтын жағдайлар да орын алады. Қазақстанда жала жабу – жазаға тартылатын қылмыс болып саналады.


## Әлеуметтік индикаторлар

Халық (тұрғындар саны) – 16 миллион 878 мың адам (2010 ж.)

Үй шаруашылықтарының саны – 4 391 759 (2009 ж.)<sup>13</sup>

1-диаграмма


Қала және ауыл халқы (халықтың жалпы санының %-тік көрсеткіші), 2009 ж.



**Дереккөз:** Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі, *Қазақстан Республикасы халқының 2009 жылғы Ұлттық санағы, Астана 2010.*

2-диаграмма

Этностық құрам (халықтың жалпы санының %-тік көрсеткіші), 2009 ж.




**Ескерту.** «Басқалары» санаты: корейлерді, поляктарды, немістерді, чечендерді, күрдтерді және басқа да ұлттық азшылықтарды қамтиды.

**Дереккөз:** Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі, *Қазақстан Республикасы халқының 2009 жылғы Ұлттық санағы, Астана 2010.*

<sup>13</sup> Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Үй шаруашылықтары, 2009 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындылары, 2-том, Астана, 2011 ж. <http://bit.ly/17OmFt> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 7-сі).

### 3-диаграмма

#### Қазақ және орыс тілдерін білу (халықтың жалпы саны бойынша %-тік көрсеткіш), 2009 ж.



**Ескерту.** Қазақ және орыс тілдерін жақсы меңгерген жұртшылық үлесі («еркін оқып, жазамын»).

**Дереккөз:** Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі, *Қазақстан Республикасы халқының 2009 жылғы Ұлттық санағы, Астана 2010.*

Кеңес заманы тұсында орыс тілі саясатта, бизнесте, білім беру саласы мен БАҚ-тарда басымдық алған тіл болды. Бүгінгі хал-ахуал осы мұрагерлікті айқын көрсетіп отыр. Қазақ халқының үлесі ұдайы артып отырғанына қарамастан, көпшілік жұртшылық әлі күнге дейін күнделікті өмірде, жаңалықтарды тұтынуды қоса алғанда, орыс тілін пайдалануды жөн көреді. Конституцияға сәйкес, қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілімен қатар, ресми түрде орыс тілі қолданылады. «Тілдердің жұмыс істеуі мен дамуының 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»<sup>14</sup> (Президенттің Жарлығымен 2011 жылғы маусымның 29-ында бекітілген)<sup>15</sup> қазақ тілінде сөйлейтін жұртшылық санын 95 процентке дейін арттыру мақсатын көздейді (2009 жылғы Ұлттық халық санағы деректеріне сәйкес, қазақ тілін жұртшылықтың 62 проценті меңгерген).<sup>16</sup>

Қазақстандағы көптеген ұлттық азшылықтардың, орыс немесе қазақ тілдерінен өзге, басқа да тілдерде сөйлейтініне қарамастан, іс жүзінде ол тілдерде сөйлейтін тұрғындардың саны қанша екені туралы деректер жоқ. Қазақстандағы тілдердің әралуандығы жайында мағлұмат алудың жалғыз тәсілі – мектептердегі ұлттық азшылықтарды тілдерге оқыту жөніндегі деректерге жүгіну.

14 Todey.kz, «Тілдердің жұмыс істеуі мен дамуының 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» жобасы, 2010 жылғы шілденің 29-ы, <http://www.todey.kz/ru/news/kazakhstan/2010-07-29/27249> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 7-сі).

15 Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы маусымның 29-ындағы «Тілдердің жұмыс істеуі мен дамуының 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» № 110-Жарлығы, <http://journal.zakon.kz/223537-utverzhdjena-gosudarstvennaja-programma.html> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 7-сі).


16 «Жаңалықтар-Қазақстан» ақпараттық агенттігі, «Қазақстандықтардың 60%-інен астамы – қазақ тілін, 85%-ке жуығы орыс тілін еркін меңгереді – халық санағы деректері», 2010 жылғы қарашаның 12-сі, <http://newskaz.ru/society/20101112/921425.html> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қаңтардың 7-сі).



«Білім беру туралы» ҚР Заңының 9-бабында «меншік түріне қарамастан, барлық білім беру ұйымдары оқушылардың мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, сондай-ақ орыс тілін және шетел тілдерінің бірін білуін қамтамасыз етуге тиістігі» айтылады.<sup>17</sup> Ұлттық азшылықтар үшін орта мектепте жексенбілік және факультативтік сабақтар ұйымдастыруға болады. БАҚ хабарлары бойынша 2011/2012 оқу жылында орта мектептерде оқушылардың қалауы бойынша өткізілетін қосымша сабақтарда да, оқу бағдарламасының аясында да дүнген тілін – 4 853, түрік тілін – 4 291, ұйғыр тілін 4 076, поляк тілін – 728, күрд тілін – 463, әзірбайжан тілін – 385, корей тілін – 228 және татар тілін 109 оқушы оқып үйренген.<sup>18</sup>

4-диаграмма

Дін ұстану (халықтың жалпы санының %-тік көрсеткіші), 2009 ж.



**Дереккөз:** Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі, *Қазақстан халқының 2009 жылғы Ұлттық санағы, Астана, 2010 ж.*

17 Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңы, № 319-Шот, 2007 жылғы шілденің 27-сі, [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30118747#sub\\_id=10000](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30118747#sub_id=10000) (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 7-сі).

18 Nur.kz, «Қазақстанда қазақ тілінде оқытатын – 3843, орыс тілінде оқытатын 1508 мектеп есепке алынған», 2012 жылғы қаңтардың 25-і, <http://news.nur.kz/207313.html> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 3-і).

## Экономикалық индикаторлар

1-кесте

### Экономикалық көрсеткіштер

	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012 <sup>Б</sup>	2013 <sup>Б</sup>
ЖІӨ (ағымдағы бағалармен), млрд. АҚШ долл.	57,12	81,00	103,14	135,22	115,30	148,04	186,19	200,64	220,14
Жан басына шаққандағы ЖІӨ (ағымдағы бағалармен), АҚШ доллары	3 753,4	5 261,8	6 626,2	8 570,6	7 118,5	9 008,6	11 167,0	12 021,2	13 176,2
Жалпы ұлттық табыс (ЖҰТ), жан басына шаққанда	7 880	8 690	9 550	9 720	10 080	10 620	11 310	д/ж	д/ж
Жұмыссыздық (халықтың жалпы саны бойынша %-пен алғанда)	8,1	7,8	7,2	6,6	6,5	5,7	5,4	5,4	5,3
Инфляция (өткен жылға қатысты %-пен алынған орташа жылдық мән)	7,6	8,4	18,7	9,5	6,1	7,8	7,4	5,6	6,5

**Ескерту.** Б – болжам; д/ж – деректер жоқ.

**Дереккөз:** Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) – ЖІӨ, жұмыссыздық, инфляция жөніндегі мағлұматтар; Дүниежүзілік банк – жалпы ұлттық табыс жөніндегі мағлұматтар.

# 1. Медиа-тұтыну: цифрлау факторы

## 1.1. Цифрлық технологиялардың дамуы

### 1.1.1. Цифрлық құрал-жабдық

Жұртшылықта цифрлық дабыл қабылдаудың арнаулы құралдарының бар болуы туралы статистикалық деректерге сәйкес, қазақстандықтардың электрондық БАҚ-тарға қол жеткізе алу мүмкіндігі кеңейді. Дегенмен әлі де көптеген істер атқаруға тура келеді.<sup>19</sup> Дүниежүзілік Экономикалық форумның *Желілік дайындық индексі 2012-ге*<sup>20</sup> сәйкес, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) дамыту және цифрлау бойынша Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) елдерінің ішінде Қазақстан жетекші ел (рейтингте одан кейін Ресей мен Әзірбайжан тұр) болып, жалпы рейтингтегі 142 елдің арасында 55-орынды иеленіп отыр. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларға қолжетімдіктің артуы есебінен Қазақстанның дәрежесі айтарлықтай көтерілді. Мысалы, 2005 жылы Қазақстанда 1000 адамға бар-жоғы 23 компьютерден келсе, ал 2009 жылға қарай бұл сан үш еселеп артып, 1000 адамға 62 компьютерден келетін жағдайға жетті (келесі жылдар үшін деректер жоқ).<sup>21</sup> Интернет желісін пайдаланушылар үлесі 2008 жылғы 1,1%-тен 2011 жылы 49,5%-ке көбейді.<sup>22</sup> Алайда ары қарай дамып жетілуді тежеп отырған фактор – ол саяси ахуал және заңдық орта (92-орын), атап айтқанда, тәуелсіз сот жүйесінің жоқтығы және зияткерлік (интеллектуалдық) меншіктің осал қорғалуы.

Цифрлық ақпараттық технологияларды дамыту Қазақстан үкіметі үшін ұлттық басты мақсатқа айналды. «Ақпараттық Қазақстан-2020» атты мемлекеттік бағдарламаға сәйкес, 2020 жылға қарай Қазақстанның үй шаруашылықтары АКТ-ға 100 процент қол жеткізуге тиіс; қазақстандықтардың

19 Қазақстанда сенімді статистикалық деректер табу өте қиын, өйткені осындай ақпарат жинауға жауапты ұлттық агенттіктер әрдайым толық және дұрыс ақпараттар бермей келді. Бұл маңызды үрдістерді қадағалап отыруға немесе дұрыс статистикалық салыстырулар жүргізуге тырысатын зерттеушілер үшін белгілі бір қиындықтар тудырады. Уақыт серпінінде салыстырмалы жағдайды нақты көрсету үшін қажетті ақпараттың жетіспеушілігі себепті зерттеулерде бұл қиындық өзгеше айқын көрінеді.

20 Дүниежүзілік Экономикалық форум, *Желілік дайындық индексі-2012*, [http://www3.weforum.org/docs/GITR/2012 GITROverallRankings\\_2012.pdf](http://www3.weforum.org/docs/GITR/2012%20GITROverallRankings_2012.pdf) (қолжетімді күн: 2013 жылғы сәуірдің 17-сі).

21 Қазақстан Үкіметі, *Статистикалық анықтамалық: Қазақстан Республикасындағы көлік және коммуникациялар, 2005-2009 жж.*, Астана, 2010, [http://www.stat.kz/publishing/Pages/sborniki 2010.aspx](http://www.stat.kz/publishing/Pages/sborniki%202010.aspx) (қолжетімді күн: 2013 жылғы сәуірдің 17-сі).

22 ҚР Статистика жөніндегі агенттігі, *Қазақстанның ақпараттық қоғамы*, «Интернет пайдаланушылардың 100 тұрғынға шаққандағы саны», [http://www.stat.kz/digital/inf\\_obshestvo/Pages/default.aspx](http://www.stat.kz/digital/inf_obshestvo/Pages/default.aspx) (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 3-і).

75 проценті интернет желісін пайдалануға тиіс; электрондық БАҚ-тардың цифрлық дабылдары (белгілері) ел аумағының 95 процентін қамтуы керек, ал білім беру мекемелерінің 100 проценті бірыңғай зерттеу және білім беру желісіне байланыстырылуы қажет.<sup>23</sup>

Қазақстанның Статистика жөніндегі ұлттық агенттігінің деректері бойынша, үй шаруашылықтарын телевизиялық қабылдағыштармен жабдықтау көрсеткіші жоғары: 2009 жылы ол 97 процент болған. Халықаралық электр байланысы одағы (ары қарай – ХЭБО) беріп отырған үлес салыстырмалы түрде төмен – 86,79 процент. Халықаралық электр байланысы одағы мен Қазақстанның Статистика жөніндегі агенттігінің деректері арасында айырмашылықтар болуының себебі айқын емес, бірақ ХЭБО өзіне мағлұматтарды үкімет беретінін мәлімдейді. Бүгінгі күні тек 2010 жылға дейінгі деректерді ғана ала аламыз. ХЭБО ақпараты бойынша, теледидарлары бар үй шаруашылықтарының (ҮШ) саны 2006 жылғы 1 893 542-ден анағұрлым артып, 2009 жылы 3 480 850-ге дейін жетті. Радиоқабылдағыштардың бар саны туралы деректер қаралып отырған кезең үшін жиналмаған.

*2-кесте*  
**ТВ қабылдағыштармен және дербес компьютерлермен жабдықталған үй шаруашылықтарының саны, 2006-2010 жж.**

Жабдық	2006		2007		2008		2009		2010	
	ҮШ саны (мың)	ҮШ ЖС %	ҮШ саны (мың)	ҮШ ЖС %	ҮШ саны (мың)	ҮШ ЖС %	ҮШ саны (мың)	ҮШ ЖС %	ҮШ саны (мың)	ҮШ ЖС %
Теледидарлар	1,893	49,0	д/ж	д/ж	д/ж	д/ж	3,561	86,7 <sup>24</sup>	д/ж	д/ж
Дербес компьютерлер	д/ж	д/ж	631	15,6	748	18,3	888	21,6	882	25,1

**Ескерту.** *ҮШ – жабдықпен қамтамасыз етілген үй шаруашылықтарының жалпы саны; ҮШ ЖС – елдегі үй шаруашылықтарының жалпы саны; д/ж – деректер жоқ.*

**Дереккөз:** Халықаралық электр байланысы одағы (ХЭБО), Қазақстан бойынша мағлұматтар, 2010 жылғы қаңтардың 10-ы, Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі, *Статистикалық жинақ: Қазақстан Республикасындағы көлік және коммуникация*, Астана, 2010 ж.

### 1.1.2. Платформалар

Теледидар – ең танымал және кең тараған БАҚ болып табылады. Кабельдік және жерсерігі теледидарларын пайдаланушылар саны артып келеді.

23 Қазақстан Республикасы Президентінің «Ақпараттық Қазақстан-2020» мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығы және Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы наурыздың 19-ындағы № 957 «Мемлекеттік бағдарламалардың тізбесін бекіту туралы» Жарлығына толықтырулар енгізу туралы 2012 жылғы желтоқсанның 4-індегі № 1534 Жарлығы. <http://medialawca.org/posts/24-12-2012/67995.html> (қолжетімді күн: 2013 жылғы сәуірдің 17-сі).

24 ХЭБО, 2010 жылдың желтоқсаны (ҚР Статистика жөніндегі агенттігі жоғарырақ көрсеткіштерді, яғни үй шаруашылықтарының 97 проценті теледидарлармен жабдықталғанын келтіреді).

Соңғы бірнеше жыл ішінде жерсерік және кабельдік теледидардың телевизиялық дабылдарды қабылдаудың аса кең таралған түрі – аналог хабар таратуды үлкен басымдықпен ығыстырып жатқаны байқалады. 2006 жылы телекөрсетімдердің 3/2-ге жуығы теледидарды аналог форматта көрсетсе, ал сол уақытта кабельдік және жерсерік телехабарларын 3/1 бөлігінен сәл ғана асатын көрсетімдер қарай алған-ды. Алайда 2010 жылы аналог форматта теледидар қараушылар үлесінің кабельдік және жерсерік телехабарларын көрушілермен салыстырғанда біртіндеп төмендей беруі іс жүзінде телевизиялық дабылды қабылдаудың барлық үш түрін іс жүзінде тең жағдайға келтірді (3-кестені қараңыз).

2006 жылы кабельдік платформа теледабыл қабылдау бойынша үй шаруашылықтарының 14 проценті үшін негізгі платформа болса, ал 2009 жылы бұл көрсеткіш екі есе артты. 2000 жылдардың ортасында еліміздің ірі қалаларындағы кабельдік операторлардың кейбіреулері цифрлық пакеттерді ұсына бастады. Бүгінгі таңда Алматыда кабельдік теледидардың құны бір айда 24 арна үшін 830 теңге (5,5 АҚШ доллары) болса, ал 130 арна үшін айына 2 179 теңгеге (18 АҚШ доллары) дейін өзгеріп отыр.

Жерсерік теледидарының ел арасында кең таралуын көбінесе жұртшылықтың төмен тығыздықта орналасуымен, сондай-ақ шетелдік телеарналарды таңдау мүмкіншілігінің молдығымен түсіндіруге болады. Кабельдік теледидар, әдетте, қалалық аудандармен шектеледі. Аналог хабар тарату да, дабылды алыс елді мекендерге үлкен қашықтықтардан асырып берудің қиындығына бола, қаланың айналасымен шектеледі. Тұтынушылар көбінесе бірден бірнеше дабыл қабылдауға мүмкіндік беретін ресейлік («Ямал», «Экспресс») немесе еуропалық («Eutelsat», «Hotbird») жерсерік тәрелкелерін пайдалануды дұрыс санайды, ол кезде кейіннен абоненттік ақы төленбейді, оны орнату үшін ғана ақы төлеу талап етіледі.

Қазіргі уақытта цифрлық теле-радиохабарларын тарату үдерісі дамудың ерте сатысында тұр: цифрлық кабельдік, жерсерік және IP-теледидары дамып келе жатыр, бірақ әлі де мығым орныға қойған жоқ. Интернеттің ену деңгейі елеуді дәрежеде, атап айтқанда, 2009-2011 жылдар аралығында арта түсті.<sup>25</sup> Тұтынушылардың интернетке шығу кезеңділігі қауырт өсті. Бүгінде Қазақстанда интернетке орнықты аналог немесе кеңсалалы арна арқылы ғана емес, сонымен қатар сымсыз желі, ұтқыр телефон, кабельдік модем және басқадай қолжетімді құралдар көмегімен қосылуға болады.

Соңғы жылдары цифрлық кедергіні еңсеруде алға ілгерілеу байқалады. 2011 жылы жұртшылықтың 45 проценті интернет пайдаланушыларға айналды.<sup>26</sup> Интернетті аймақтарда пайдалану – 14 облыстың 12-сінде 40 және одан да асатын процентке жетті.<sup>27</sup> Халықтың компьютерлік сауаттылығы деңгейі артып келеді. 2006 жылы дербес компьютерлерді пайдаланушылар санының

---

25 Интернеттің пайдаланылуы деңгейі бойынша статистика деректерін жинау және өңдеу барысында ХЭБО да, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі де аналог және цифрлық дабылдардың арасындағы айырмашылықтарды ажыратпайды.

26 ХЭБО-ның Қазақстан бойынша деректері, 2010 жылдың қаңтары.

27 Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі, *Қазақстанның Ақпараттық қоғамы*, «Интернет пайдаланушылардың 100 тұрғынға шаққандағы саны», (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 9-ы).

10,7 проценті ғана «тәжірибелі»<sup>28</sup> болып саналса, ал 2011 жылы бұл цифр 65,1 процентке дейін көтерілді.<sup>29</sup> Дербес компьютер пайдаланушылардың саны жұртшылықтың жалпы санының 20 процентінен асып кеткен 2010 жылдың желтоқсанында сол кездегі байланыс және ақпарат министрі Асқар Жұмағалиев цифрлық кедергіні еңсеру бойынша қазақстандық бағдарламаның табысты аяқталғанын мәлімдеді.<sup>30</sup>

Қазақстанда цифрлық кедергі мәселесі зерттелген кезде «жыныс» немесе «ұлт» сияқты әлеуметтік жағдай белгілері есепке алынған жоқ. Ұлттық интернет-провайдер «Қазтелеком» АҚ-ының (акцияларының 51 проценті – мемлекетке, 16,8 проценті мен 9,6 проценті тиісінше Нидерландыда тіркелген екі оффшорлық компанияға тиесілі, қалған акциялары қор биржасында сатылуға шығарылған) ақпараты бойынша, Қазақстанда үкіметтің басшылығымен цифрлық желілерді кеңейту «әлеуметтік факторларға тәуелсіз түрде»<sup>31</sup> іске асырылып жатыр.

### 3-кесте

#### Негізгі теледабылды қабылдау платформалары және цифрлауға көшу,\* 2006-2010 жж.

Жабдық	2006		2007		2008		2009		2010	
	ҮШ саны (мың)	ҮШ ЖС %	ҮШ саны (мың)	ҮШ ЖС %	ҮШ саны (мың)	ҮШ ЖС %	ҮШ саны (мың)	ҮШ ЖС %	ҮШ саны (мың)	ҮШ ЖС %
Аналог ТВ	1 200	63,4	д/ж	55,6	д/ж	46,0	1 210	34,0	д/ж	34,8
Кабельдік ТВ	276 378	14,6	д/ж	19,8	д/ж	25,5	1 064	29,9	д/ж	34,9
Жерсерігі ТВ	416 46	22,0	д/ж	24,6	д/ж	28,5	1 285	36,1	д/ж	30,3
IPTV	д/ж	д/ж	д/ж	д/ж	д/ж	д/ж	д/ж	д/ж	д/ж	д/ж
Барлығы**	д/ж	100,0	д/ж	100,0	д/ж	д/ж	д/ж	100,0	д/ж	д/ж

**Ескерту.** \*Цифрлар бірнеше ТВ-қабылдағыштармен жабдықталған үй шаруашылық-тарындағы теледидарлардың санын білдіреді. \*\*Цифрлар дөңгелектенген. ҮШ – жабдықпен қамтамасыз етілген үй шаруашылықтарының жалпы саны; ҮШ ЖС – елдегі үй шаруашылықтарының жалпы саны; д/ж – деректер жоқ.

**Дереккөздер:** Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі, *Қазақстан Ақпараттық қоғамы, 2006-2010*, «Үй шаруашылықтарында пайдаланылатын АКТ құрылымы», Астана, 2011 ж.

«Қазақтелеком» АҚ-ы Қазақстанның телекоммуникациялар нарығында көшбасшы болып табылады. Интернет нарығы мен ақпараттық коммуникациялардың 73 процентін иелене отырып,<sup>32</sup>

28 Танымал компьютерлік бағдарламалардың тәжірибелі пайдаланушылары, мысалы, CorelDraw, MsProject, AutoCad, SpSS.

29 Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі, *Қазақстанның Ақпараттық қоғамы*, «Жұртшылықтың компьютерлік сауаттылығының деңгейі», [http://www.stat.kz/digital/inf\\_obshestvo/Pages/default.aspx](http://www.stat.kz/digital/inf_obshestvo/Pages/default.aspx) (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 9-ы).

30 Интерфакс-Қазақстан, «Қазақстанда интернет пайдаланушыларының саны төрт жылы ішінде екі есе артты», 2010 жылғы желтоқсанның 6-сы, [http://www.interfax.kz/?lang=eng&int\\_id\\_focus&news\\_id=392](http://www.interfax.kz/?lang=eng&int_id_focus&news_id=392) (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 14-і).

31 «Қазақтелеком» АҚ-ының Жұртшылықпен байланыс жөніндегі қызметін басқарушы Ю.Исаковамен электрондық хат алмасу, 2013 жылғы қаңтардың 12-сі.

32 «Қазтелеком» АҚ-ы, «2011 жыл үшін жылдық есеп-қисап», Астана, 2012 ж. 47-бет. [http://www.telecom.kz/download/000docs/02-112012\\_GO\\_RU\\_30102012%28eng%29pdf](http://www.telecom.kz/download/000docs/02-112012_GO_RU_30102012%28eng%29pdf) (қолжетімді күн: 2012 жылғы желтоқсанның 22-сі). Ары қарай – «Қазақтелеком» АҚ-ы, «2011 жыл үшін жылдық есеп-қисап».

компания «Megaline» сауда маркасымен еліміздің барлық ірі қалалары мен облыстарында кеңсалалы интернет қызметтерін көрсетеді.<sup>33</sup> «Megaline» елдегі негізгі провайдер болып есептеледі және интернетке қолжетімдікті тікелей пайдаланушыларға да, сауда делдалдарына да ұсына отырып, ұлттық базаны пайдаланады. Компанияның мағлұматы бойынша, 2011 жылы «Megaline» абоненттерінің жалпы саны 2 697 032-ге жеткен, олардың 2 449 779-ы (91 процент) кеңсалалы интернет желісін пайдаланушылар болған.<sup>34</sup>

2011 жылы Қазақстан Республикасының қарқынды индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында «Қазақтелеком» АҚ-ы мағлұматтарды жоғары жылдамдықпен беру қызметтеріне қолжетімдікті кеңейту мақсатында жергілікті оптикалық-талшықты желі құрылысы бойынша жобаны іске қосты. Компания өкілдерінің ойынша, үкіметтің ұсынысын орындай отырып, интернетке кеңсалалы қолжетімдік мүмкіндіктері айтарлықтай артқан.<sup>35</sup>

2009 жылдың ақпанында «Қазақтелеком» АҚ-ы республиканың 14 облысының 11-інде «iD TV» маркасымен IPTV (ағылшынша – Internet Protocol Television, қазақша – интернет-теледидар) хабарларын тарату қызметтерін көрсете бастады. 2009 жылдың соңына қарай жазылушылардың саны 8 901-ге жетті (немесе ТВ-қабылдағыштармен жабдықталған барлық үй шаруашылықтарының 0,26 проценті). 2010 жылы абоненттердің саны – 33 078-ге, 2011 жылы – 85 949-ға,<sup>36</sup> 2012 жылы 159 240 адамға<sup>37</sup> өсті. SIP-телефондауды (ағылшынша – Session Initiation Protocol, қазақша – сеанс инициалдау хаттамасы) «Қазақтелеком» АҚ-ы 2009 жылдың ақпанында «iDPhone» маркасымен іске қосты. 2009 жылы бұл қызметтің 9 280 жазылушысы болса, 2010 жылы бұл сан – 28 750-ге, 2011 жылы 48 000-ға жетті.<sup>38</sup>

Кейінгі жылдары ұтқыр телефонның жедел қарқынмен енуі орын алғаны байқалады (2005 жылғы 35 проценттен 2011 жылы 155 процентке дейін көтерілді). Ол кең таралуы жағынан теледидарды айтарлықтай басып озған жалғыз байланыс құралына айналды. Бұл цифрлар статистикалық ақпаратты жинау әдістерінің дұрыс еместігін көрсетеді. Сөйтіп, ұялы байланыстың таралуы деңгейі 100 проценттен асып отыр, өйткені қолданыстағы әрбір SIM-карта бір пайдаланушыға тиесілі, кейде көптеген абоненттердің қолында 1-ден артық SIM-карта болады. Демек, ұтқыр телефон пайдалану деңгейі артқан, алайда егжей-тегжейлі ақпараттың жоқтығы себепті жұртшылықтың

---

33 «Қазақтелеком» АҚ-ы, «2011 жыл үшін жылдық есеп-қисап». 50-бет.

34 «Қазақтелеком» АҚ-ы, «2011 жыл үшін жылдық есеп-қисап». 39-бет.

35 «Қазақтелеком» АҚ-ы, «2011 жыл үшін жылдық есеп-қисап». 17-бет.

36 «Қазақтелеком» АҚ-ы, «2011 жылдың және 2012 жылғы 1-тоқсанның нәтижелері» (тұсаукесер слайдтары). 2012 ж., 7-бет. <http://www.telecom.kz/page/single/prezentatsii/dlja-investorov> (қолжетімді күн: 2012 жылғы желтоқсанның 28-і).

37 «Қазақтелеком» АҚ-ы, «2012 жылдың 9 айының қорытындылары» (тұсаукесер слайдтары). 2012 ж., 4-бет. <http://www.telecom.kz/page/single/prezentatsii/dlja-investorov>

38 «Қазақтелеком» АҚ-ы, «2011 жыл инвесторлары үшін тұсаукесер (тұсаукесер слайд). <http://www.telecom.kz/download/Presentacial.pdf> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 12-сі).

нақты қанша проценті ұтқыр телефон пайдаланатынын анықтау мүмкін емес. Интернет пен телевизиялық дабылдың енуі туралы мағлұматтарға да қатысты осыны айтуға болады.<sup>39</sup>

Ұтқыр операторлар 3G стандартын енгізуге 2007 жылдың өзінде дайын болғанмен, жылдамдығы жоғары ұтқыр интернет Қазақстанда 2011 жылдың қаңтарында енгізілді.

3G енгізудің кешігуі себептерінің бірі жиіліктерді әскери құрылымдардың бақылауындағы жеке компанияларға беру үдерісінің баяу жүруі болды. Екінші бір қиындық – ол бөлінген жиіліктерді сатып алудың үкімет ұсынған құны, ұтқыр операторлардың пікірінше, көтеріңкі көрінді.

Интернет пайдаланушылар санының артуымен бірге интернетке қосылу бағасы айтарлықтай төмендеді. ХЭБО деректері бойынша, 2006 жылы интернетті қазақстандықтардың 3 проценті ғана пайдаланған. Сол уақытта орнықты (орнатылған) сымды кең салалы байланысты пайдалану ақысы 19 900 теңге (165 АҚШ доллары) шамасында болған-ды. Бір жыл өткен соң, ол 3 800 теңгеге дейін төмендеді (32 АҚШ доллары).<sup>40</sup> Сөйтіп, интернет пайдаланушылардың саны 2008 жылы – 11 процентке дейін, 2009 жылы – 18 процентке дейін, 2010 жылы – 61,6, 2011 жылы 45 процентке дейін артты. ХЭБО мағлұматтары бойынша, 2010 жылдан бастап интернетке қолжетімдіктің аса кең таралған түрі ұтқыр оператор арқылы қосылу болып отыр. 2011 жылы елдің 100 тұрғынына интернетке 7,8 процент сым арқылы қосылу тіркелген, 100 тұрғынның 38-і кеңсалалы ұтқыр байланысты пайдаланған.<sup>41</sup> Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің деректері 2011 жылы қазақстандықтардың 78,6 проценті интернетке сым арқылы қосылу көмегімен шығып отырған, ал сол уақытта жұртшылықтың 60 проценті сымсыз байланысты пайдаланған (бұл деректердің сәйкессіздігі төменде қаралады).<sup>42</sup>

Интернет-технологиялардың кең таралуының өсуімен бірге интернетті қосу жылдамдығы да артты. Алайда интернеттің енуі деңгейі, ұтқыр байланыс пен іс жүзіндегі пайдаланушылардың саны арасындағы өзара байланыстылықты шынайы есепке алу өте қиын. Мысалы, 2011 жылы ұялы байланыстың енуі деңгейі 155,74 процент болып, ел халқының санынан айтарлықтай артып кетті. Соған ұқсас жағдай: интернет-қосылымдар жөніндегі статистика интернетті пайдаланушылар жұртшылықтың 140 процентке жуығын құрап отырғанын көрсетеді. Сөйтіп, демек, бұл – Қазақстанда интернетке қолжетімді әрбір құрылғы әрбір жеке пайдаланушыда бар деген сөз.

---

39 К.Пирс. «Шатысқан желі: технологиялардың қолданылуы туралы мағлұматтар неге пайдасыз», «Свободная Европа» радиосы/ «Свобода» радиосы, 2012 жылғы желтоқсанның 21-і. <http://www.rferl.org/content/why-technology-penetration-rates/24805097> (қолжетімді күн: 2012 жылғы желтоқсанның 28-і).

40 Цифрлар 2007 жылғы валюта бағамымен берілген: шамамен 1 АҚШ доллары үшін – 120 теңге.

41 ХЭБО, 2013 жылғы қаңтар, Қазақстандағы телекоммуникациялар нарығы бойынша деректер.

42 Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігі, *Қазақстанның Ақпараттық қоғамы*, «Байланыс техникасын интернетке қосылу үшін пайдалану, 2011» (кесте), [http://www.stat.kz/digital/inf\\_obshestvo/Pages/default.aspx](http://www.stat.kz/digital/inf_obshestvo/Pages/default.aspx) (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 9-ы).



Қазақстандықтар көбінесе интернетке үйде отырып кіреді: ондайлар интернет пайдаланушылардың жартысын дерлік құраса, үштен бірі онлайн жұмыс орнынан шығады, ал қалған үлес теңдей дерлік дәрежеде мектептер мен басқа қолжетімді орындардың үлесіне тиеді.<sup>43</sup>

#### 4-кесте

### Интернет (абоненттер саны халықтың жалпы санының %-тік көрсеткішімен) пен ұтқыр байланыстың енуі (қолданыстағы SIM-карта саны жұртшылықтың жалпы санының %-тік көрсеткішімен)

	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011
Интернет, барлығы	1,9	2,0	4,4	4,5	4,8	9,6	7,8
Оның ішінде: кеңсалалы	0,019	0,199	1,755	2,2	3,6	8,9	7,4
Ұтқыр байланыстың кеңсалалы желісі	д/ж	д/ж	д/ж	д/ж	д/ж	23,1	38,4
Ұтқыр телефонмен қамту	35,5	50,8	79,9	96,0	95,9	121,07	155,74
Оның ішінде: 3G	0	0	0	0	д/ж	д/ж	д/ж

*Ескерту.* д/ж – деректер жоқ.

*Дереккөз:* ХЭБО-ның Қазақстан бойынша деректері, 2013 жылғы қаңтар. *ХЭБО АКТ деректерінің Статистика қоры* (АКТ индикаторлары, <http://www.itu.int/ITU-D/ICTEYE/Indicators/Indicators.aspx#>) Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі, *Қазақстанның Ақпараттық қоғамы* (орнатылған орнықты сым интернеті үшін).

## 1.2. Қалаулы медиалар

### 1.2.1. Жаңалықтар мен ақпараттар тұтынуындағы негізгі өзгерістер

Жаңалықтар тұтынудың сипаты туралы жүйеленген және шынайы деректердің және оның негізгі тұтынушыларының болмауы жағдайында қазақстандықтардың өзгеріп тұратын қалауларының тікелей себебін анықтау қиын. Статистикалық деректер қаншалықты мардымсыз болса да, олар теледидардың жаңалықтар тұтынудың басты көзі болып қалып отырғанын дәлелдейді. Ал осы уақытта Қазақстанда интернет-қоғамдастық серпінді кеңейіп, сонымен бірге жаңалықтардың онлайн-ресурстарының саны да артып отыр. Интернет-ресурстардың рейтингі тым өзгермелі болса да, жаңалықтар ресурстарының бірқатары қазақстандық сайттардың кең танымалдығының есепшісі Zero.kz рейтингінің алдыңғы 25-тігі тізіміне кіреді.<sup>44</sup>

Баспа БАҚ-тарының тираждары туралы сенімді деректердің жоқтығына байланысты ақпарат көздері ретіндегі нақты газеттердің танымалдығы рейтингін анықтау да қиын. Қазақстанда БАҚ-тар есепке қоюға жатады. Баспа БАҚ-тарының рұқсат етілетін тиражы міндетті түрде берілетін (шықпа) деректерде көрсетіледі. Алайда басылып шыққан көшірмелердің саны іс жүзінде аз болуы

43 Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігі, *Қазақстанның Ақпараттық қоғамы*, [http://www.stat.kz/digital/inf\\_obshchestvo/Pages/default.aspx](http://www.stat.kz/digital/inf_obshchestvo/Pages/default.aspx) (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 3-і).

44 CountZero рейтингі, <http://Zero.kz/rating/> (қолжетімді күн: 2013 жылғы сәуірдің 17-сі).

мүмкін нақты тиражға әрдайым сәйкес бола бермейді (1.3.1-тармақты қарауыңызға болады). Одан өзге, мемлекеттік басылымдардың тираждық көрсеткіштері көбінесе «міндетті жазылу» есебінен артады. Мемлекеттік мекемелер мен мектептер өздерінің қызметкерлерін белгілі бір мемлекеттік басылымдарға жазылуды міндеттейтін тәжірибе қалыптасқан, ал бұл олардың тираждарын айтарлықтай көбейтеді (7.3-1-тармақты қараңыз). Үлкен тираждар мемлекеттік те, жеке де басылымдарға жоғары жарнамалық бағалар белгілеуге мүмкіндік туғызады.

Көптеген қазақстандық газеттер өздерінің интернет-нұсқаларын шығарады. «Голос республики» газеті әлеуметтік желілерді де кеңінен пайдаланады («Голос республики» баспа басылымы соттың шешімімен 2012 жылғы желтоқсанда жабылды. 4.1-1-тармақты қараңыз). Жаңалықтар тарататын қазақстандық телеарналар ақпарат контентінің жұмыс істеу мүмкіндіктері мен сапасы жағынан айырмашылығы бар меншікті веб-сайттарын іске қосқан; олардың көпшіліктері танымалдығы жағынан басқа бұқаралық ақпарат құралдарынан кейін қалып отыр. Қазақстандық интернет-ресурстардың рейтингінде жоғары орында тұрған «КТК» телекомпаниясы бұлардың қатарына жатпайды.<sup>45</sup> «КТК» веб-сайтының кәсіби дизайні тартымды: жаңалықтар таратудан басқа, оның телекөрсермендер форумы бар, әрі Facebook, Twitter, Vkontakte және Uou Tube телекомпанияларының беттеріне сілтеме жасау секілді қызметтер ұсынады.<sup>46</sup>

Барлық танымал радиостанциялар да (7-кестені қараңыз) интернетте хабар жүргізеді, бірақ олардың онлайн-хабарлар таратуда кең танылғандығы туралы деректер жоқ. Радиостанциялар көбінесе ойын-сауық контентіне шоғырландырылған және маңызды жаңалық көздеріне жатпайды.<sup>47</sup>

### **1.2.2. Қолжетімдік және жаңалықтар контентінің әртүрлілігі**

Жергілікті жаңалықтар үлкен алуан түрлілігімен көзге түспейді, әрі билікті сынауға бағыт ұстанбаған. Хабар тарату кеңістігі бақылауға алынған: телеарналар тікелей үкіметке бағынады немесе олар билікті қолдайтын тұлғаларға жатады. Баспа БАҚ-тарының нарығы, керісінше, сынды нысанаға алып жұмыс істейтін бірқатар газеттердің бар болуымен ерекшеленеді. Кабельдік және жерсерік теледидары шетелдік жаңалықтар бағдарламаларын көрсетеді, бірақ ол бағдарламалардың Қазақстанға арналғандары өте аз. Интернет, сөз жоқ, ақпарат таратудың ең әлеуетті көзі болып саналады, бірақ тосқауыл қою, сүзгіден өткізу және DDoS-шабуылдар (ағылшынша – Distributed Denial-of-Service) көбінесе сын садағына ілетін БАҚ-тарға қарсы жиі қолданылатын тәжірибеге айналған (7.3.1-тармақты қараңыз). Мысалы, 2012 жылдың соңында сот шешімімен бірнеше баспа және онлайн-басылым жабылды.

---

45 Ең танымал қазақстандық жаңалықтар сайттарының және БАҚ сайттарының арасында 2012 жылғы қарашаның 12-сіндегі Zero.kz рейтингінде және қазақстандық веб-сайттардың жалпы рейтингінде КТК телеарнасының сайты екінші орын иеленді. <http://Zero.kz/rating/> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 12-сі).

46 Қараңыз: <http://www.ktk.kz/> (қолжетімді күн: 2013 жылғы сәуірдің 17-сі).

47 «MediaNet» Халықаралық журналистика орталығы (ары қарай – «MediaNet» ХЖО), Қазақстандағы интернет, 2009 ж. [www.zero.kz/rating/](http://www.zero.kz/rating/) (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 16-сы), [www.alexa.com/topsites/countries/kz](http://www.alexa.com/topsites/countries/kz) (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 16-сы).

Мемлекеттің меншігіндегі және «Нұр-Медиа» ЖШС-сі медиа-конгломератының бөлігі болып табылатын теле-радио компанияларының эфирінде билікті сынауға жол берілмейді (6.1-тармағынан кеңірек біле аласыз) немесе оларды саясаттағы дегдар топтың қазіргі және бұрынғы мүшелері бақылайды. Үкімет БАҚ-тарға олардың иелері реттеп отыратын редакциялық саясаттың көмегімен ғана емес, мемлекеттік ақпараттық саясатты өткізуге тендер бөлу немесе мемлекеттік тапсырыс көмегімен де ықпал етеді.

Мемлекеттік газеттердің тираждары жеке басылымдарға қарағанда анағұрлым көп. Мемлекеттік телеарналар, жеке телеарналармен салыстырғанда, дабылдарын елдің бүкіл аумағына таратады (егжей-тегжейлірек 2-тараудан оқыңыз).

Қазақстандық баспа және электрондық БАҚ-тар әртүрлі (орыс және қазақ) тілдерінде шығып қана қоймайды, сонымен қатар әрқилы көзқарастарды көрсете отырып, әр алуан мәселелерді де көтереді. «MediaNet» Халықаралық журналистика орталығының зерттеулеріне сәйкес, қазақ және орыстілді БАҚ-тар баспа басылымдарындағы жаңалықтардың екі тілде жарияланатынын, бірақ ол кезде редакциялар арасындағы ынтымақтастық жоққа тән жағдайларды есепке алмағанда, «қатар әлемдерде» дерлік өмір сүріп жатыр.<sup>48</sup> Кеңес заманынан кейінгі кезеңде, әсіресе соңғы жылдарда қазақ тілі барлық салаларда басымдық алып отырғанына қарамастан, көпшілік адамдар үшін орыс тілі әлі де жаңалықтар тұтынуға негізгі тіл болып қалып отыр.

Қазақстан Республикасының «Теле-радио хабарларын тарату туралы» Заңы электрондық БАҚ-тардың хабар тарату уақытының 50 проценті – қазақ тілінде, 50 проценті орыс және басқа тілдерде жүргізілуін талап етеді. Оның үстіне, контенттің елеулі бөлігі Қазақстанда жүргізілуге тиіс (шетелдік бағдарламалардың таратылуы 20 проценттен аспауы керек) болғанмен, бұл талап әрдайым орындала бермейді.<sup>49</sup>

Қазақстандықтар көп жағдайларда кабельдік және жерсерік теледидарын шетелдің, бірінші кезекте, Ресейдің жаңалықтарының көзі деп қабылдайды. Сондықтан жерсеріктік және кабельдік теледидар пайдаланушылар санының артуы әртүрлі ақпарат көздеріне қол жеткізу мүмкіндігін береді деген қорытынды жасауға болады. Дегенмен жерсеріктік және кабельдік пакеттер арналардың кең тандауын ұсына алғанмен, олар аналог хабар таратылымын пайдаланатын жергілікті арналарды тарата алмай қалады, сөйтіп, бұл белгілі бір дәрежеде жергілікті контентке қолжетімдікті шектейді.

Ұлттық «OTAU TV» желісі қазақстандық жерсерігі пакетін интернет пен кабельдік теледидар қызметтерімен қатар ұсынады: оның пакетіне жергілікті де, шетелдік те арналар кіреді (2.1.2-тармақты қараңыз). Осы тұрғыда дербес компьютерлер мен интернетті пайдаланудың

---

48 «MediaNet» ХЖО, *Қазақстанның бұқара медиасы*: маңызды ойыншылар, мүмкіндіктер, қажеттіліктер мен тәуекелдер, 2010 ж, [http://www.soros.kz/en/publications/monitoring\\_and\\_researches/results-research-%E2%80%9Ckazakhstan-mass-media-key-participants-poss](http://www.soros.kz/en/publications/monitoring_and_researches/results-research-%E2%80%9Ckazakhstan-mass-media-key-participants-poss) (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 17-сі). Ары қарай: «MediaNet», *Қазақстанның бұқара-медиасы*.

49 «MediaNet» ХЖО, *Қазақстанның бұқара медиасы*.

өсуі де азаматтардың алуан түрлі жаңалықтарға қол жеткізе алуына септігін тигізеді. Алайда тұтынушылар ауқымы бойынша айқын салыстырмалы деректердің және жұртшылықтың ақпарат алуда нені көбірек қалайтыны туралы мағлұматтың болмауы бір мағыналы қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді.

## 1.3. Жаңалықтар берушілер

### 1.3.1. Жаңалықтардың негізгі көздері

#### 1.3.1.1. Баспа БАҚ-тары

Қазақстанда республикалық, облыстық, қалалық және аудандық газеттер шығады. Ең ірі мерзімдік «Время», Казахстанская правда» іспетті басылымдар Астана мен Алматыда орналасқан, бірақ олардың аймақтарда басып шығару және тарату үшін басылымның электрондық беттелуін жіберетін аймақтық өкілдіктері бар. Ондай мүмкіндіктері жоқ газеттер басылып шыққан дайын тиражды аймақтарға тікелей өздері жіберіп таратады. Ірі басылымдар кешігіп таратылғанмен, әдетте, шағын елді мекендерде қолжетімді болып табылады.

Баспа БАҚ-тарының нақты тираждары туралы мағлұматтар алу қиын. Басылымдар, алдында айтылғандай, лицензияда көрсетілген тираж деректерін жариялап отырса да, бұл цифрлар нақты жағдайды білдірмейді. Газеттер баспагерлерінің қазақстандық қауымдастығы 2006 жылы медиа-нарықтың ашықтығын көтеру және БАҚ-тар арасында әділетті бәсекені дамыту мақсатында тираждардың аудитімен және сертификациясымен айналысатын тәуелсіз қоғамдық ұйым құруды ұсынған-ды.<sup>50</sup> Алайда уақыт өте келе, ондай орган құрылмаған күйінде қалды.

Республикалық баспа БАҚ-тары, әдетте, мемлекетке немесе саяси элитаға (дегдар топқа) тиесілі. «Солтүстік Қазақстан құқықтық медиа-орталығы» қоғамдық қорының (ҚҚ) президенті Диана Окремованың пікірінше, Қазақстанда шынайы тәуелсіз республикалық баспа БАҚ-тары жоқ. Дегенмен тәуелсіз басылымдар аймақтық деңгейде бар.<sup>51</sup>

Д.Окремованың сөзі бойынша, заң тираждардың шықпа (қайда, қашан, қанша дана, қандай көлемде шыққаны жөніндегі) мәліметінде қанша тиражды, мысалы, нақты нөмірді немесе апталық екенін көрсету керектігін анық реттемейді. «Бұлардың барлығы да баспагерлер мен БАҚ иелерінің өз билігіне сатып алуына беріліп қойған, – деп санайды Д.Окремова. – Апталықтардың тираждары бойынша кейбір деректер, мысалы, оқырмандар мен жарнама берушілерді жаңылысуға келтіреді. Өздерін байқату, танымал болу және қажеттілік туғаны жайында әсер тудыру үшін,

50 Газеттер баспагерлерінің қазақстандық қауымдастығы, «Баспа БАҚ-тарының қазақстандық нарығы тираждардың аудиті мен сертификациясына дайын ба?», ZonaKZ.net. 2006 жылғы ақпанның 2-сі, <http://www.zonakz.net/articles/13715> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 16-сы).

51 «Солтүстік Қазақстан құқықтық медиа-орталығы» ҚҚ-ының президенті Диана Окремовамен сұхбат. 2012 жылғы желтоқсанның 20-сы.

мемлекеттік басылымдар тираждарды көтеруді әдетке айналдырған. Іс жүзінде бұл жетістіктерге оқырмандарды мәжбүрлеп жаздыру есебінен қол жеткізілген, ал ол басылымдардың нақты тиражы мүлдем азғантай».<sup>52</sup>

«TNS Central Asia» маркетингтік зерттеу компаниясының деректері бойынша, күн сайын шығатын ең танымал басылым жарнамалық «Из рук в руки» болып саналады. Басқа күн сайынғы жетекші басылымдардың қатарында: тираждары соңғы үш жылда көп өзгермеген екі республикалық газетті (орыс тілінде шығатын «Казахстанская правда» және «қазақ тілінде шығатын «Егемен Қазақстан»), «Вечерний Алматы» және «Нұр Отан» билеуші партиясының меншігіндегі муниципалдық мемлекеттік «Известия-Казахстан» газеттерін атай аламыз. «Время» таблоидін және сын бағытындағы қазақ тілінде шығатын «Жас Алаш» газетін қоса алғанда, алдыңғы 10-дыққа кіретін бірнеше қоғамдық-саяси газет, сонымен қатар спорт, ойын-сауық мазмұнындағы газеттер бар. Ең кең тараған газеттердің 80 проценті – орыс тілінде, 20 проценті қазақ тілінде жарық көреді.

Тираждардың санына қатысты біршама мағлұмат беру үшін, жарнамалық хабарландырулардың күн сайынғы газеті «Из рук в руки» газетін мысалға келтірейік. Соңғы үш жылда оның рейтингі 5,79 процент пен 10,07 процент арлығында өзгеріп отырды (5-кестені қараңыз). Оның республикалық тиражы 60 мың данаға жетті. Салыстыру үшін айтсақ, осы жылдарда, сол рейтингте 3,12 проценттен 6,34 процентке дейінгі аралықтағы көрсеткіштерге жетіп, екінші немесе үшінші орын иеленген мемлекеттік «Казахстанская правда» газетінің тиражы 100 мың дана болған. Тираждардың жарияланып отырған деректері «Из рук в руки» газетіне қарағанда, «Казахстанская правданың» анағұрлым танымал екендігін көрсетеді, бірақ рейтингтер кері жағдайды дәлелдейді.

5-кесте

**Күн сайын шығатын басылымдардың  
алдыңғы 10-дығының рейтингі (%-пен), 2009-2011 жж.**

2009			2010			2011		
Атауы, басылым тілі	Сипаты	Рей- тинг	Атауы, басылым тілі	Сипаты	Рей- тинг	Атауы, басылым тілі	Сипаты	Рей- тинг
«Из рук в руки» (орысша)	Хабарлан- дырулар	6,41	«Из рук в руки» (орысша)	Хабарлан- дырулар	5,79	«Из рук в руки» (орысша)	Хабарлан- дырулар	10,07
«Казахстанская правда» (орысша)	Мемле- кеттік басылым	5,45	«Время» (орысша)	Жаңалық таблоиді	2,94	«Казах- станская правда» (орысша)	Мемле- кеттік басылым	6,34
«Комсомольская правда» (орысша)	Ойын-сауық басылымы, таблоид	4,11	«Казах- станская правда» (орысша)	Мемле- кеттік басылым	3,12	«Время» (орысша)	Жаңалық таблоиді	3,52

52 Бұл да сонда.

2009			2010			2011		
Атауы, басылым тілі	Сипаты	Рейтинг	Атауы, басылым тілі	Сипаты	Рейтинг	Атауы, басылым тілі	Сипаты	Рейтинг
«Егемен Қазақстан» (қазақша)	Мемлекеттік басылым	2,0	«Комсомольская правда» (орысша)	Ойын-сауық басылымы, таблоид	2,52	«Комсомольская правда» (орысша)	Ойын-сауық басылымы, таблоид	1,93
«Pro-Sport» (орысша)	Спорттық газет (жекеменшік)	1,27	«Егемен Қазақстан» (қазақша)	Мемлекеттік басылым	1,53	«Егемен Қазақстан» (қазақша)	Мемлекеттік басылым	1,84
«Экспресс К» (орысша)	Жаңалықтар басылымы	1,23	«Вечерний Алматы» (орысша)	Муниципалдық, үкіметтік газет	1,24	«Pro-Sport» (орысша)	Спорттық газет (жекеменшік)	1,63
«Спорт Экспресс» (орысша)	Спорттық газет (жекеменшік)	1,19	«Жас Алаш» (қазақша)	Сын бағытын ұстанған басылым	0,97	«Вечерний Алматы» (орысша)	Муниципалдық, үкіметтік газет	1,59
«Вечерний Алматы» (орысша)	Муниципалдық, үкіметтік газет	1,17	«Pro-Sport» (орысша)	Спорттық газет (жекеменшік)	0,87	«Жас Алаш» (қазақша)	Сын бағытын ұстанған басылым	1,54
«Известия-Казахстан» <sup>53</sup> (орысша)	Мемлекет бақылауындағы газет	1,09	«Известия-Казахстан» (орысша)	Мемлекет бақылауындағы газет	0,75	«Экспресс Казахстан» (орысша)	Жаңалықтар басылымы	1,22
«Жас Алаш» (қазақша)	Оппозициялық газет	0,93	«Спорт Экспресс» (орысша)	Спорттық газет (жекеменшік)	0,73	«Спорт Экспресс» (орысша)	Спорттық газет (жекеменшік)	1,01

Дереккөз: «TNS Central Asia», күн сайынғы басылым: Алдыңғы 10-дық, 2009, 2010, 2011 жж.

Жетекші апталық басылымдардың қатарында жеке меншіктегі: «Караван», «Аргументы и факты», «Свобода Слова» және «Время» газеттерін атауға болады. «Свобода Слова» тым «өткір» басылым болып саналған-ды. Алайда 2011 жылғы қаңтарда бас редактор Гүлжан Ерғалиева қызметінен кеткен соң, газет материалдарының сын сипаты айтарлықтай әлсіреп қалды. Жоғарыда аталғандардан өзге, жетекші басылымдардың қатарына ойын-сауық, жарнамалық басылымдар және әйелдерге арналған басылымдар жатады. Соңғы үш жылда апталықтардың алдыңғы 10-дығына кіретін барлық басылымдар орыс тілінде шығады. Күн сайын шығатын басылымдардың алдыңғы 10-дығы сияқты, апталықтардың да алдыңғы 10-дығы осы жылдарда іс жүзінде өзгерместен қалып отыр.

53 «Известия-Казахстан» «Нұр Отан» партиясына жататын «Нұр-Медиа» холдингіне тиесілі.

## 6-кесте

## Апталық басылымдардың алдыңғы 10-дығының рейтингі, 2009-2011 жж.

2009			2010			2011		
Атауы, басылым тілі	Басылым түрі	Рейтинг	Атауы, басылым тілі	Басылым түрі	Рейтинг	Атауы, басылым тілі	Басылым түрі	Рейтинг
«Караван» (орысша)	Жаңалықтарға арналған жекеменшік газет	10,62	«Аргументы и факты» (орысша)	Жекеменшік газет (Ресей апталығының қазақстандық нұсқасы)	5,72	«Караван» (орысша)	Жаңалықтарға арналған жекеменшік газет	12,9
«Аргументы и факты» (орысша)	Жекеменшік газет (Ресей апталығының қазақстандық нұсқасы)	6,06	«Караван» (орысша)	Жаңалықтарға арналған жекеменшік газет	4,37	«Аргументы и факты» (орысша)	Жекеменшік газет (Ресей апталығының қазақстандық нұсқасы)	9,68
«Лиза» (орысша)	Әйелдер журналы	4,32	«Лиза» (орысша)	Әйелдер журналы	3,79	«Лиза» (орысша)	Әйелдер журналы	7,68
«Жизнь» (орысша)	Ойын-сауық таблоиді	3,86	«Свобода Слова» (орысша)	Оппозициялық газет	2,98	«Отдохни» (орысша)	Ойын-сауық газеті	6,95
«Время» (орысша)	Жаңалықтар таблоиді	3,79	«Время» (орысша)	Жаңалықтар таблоиді	2,94	«Моя семья» (орысша)	Отбасылық газет	5,93
«Моя семья» (орысша)	Отбасылық газет	2,77	«Отдохни» (орысша)	Ойын-сауық газеті	2,91	«Время» (орысша)	Жаңалықтар таблоиді	4,33
«Антенна» (орысша)	Жарнама және телегид	2,68	«Моя семья» (орысша)	Отбасылық газет	2,65	«Колеса» (орысша)	Автомобильдерге арналған жарнамалық басылым	3,86
«Свобода Слова» (орысша)	Оппозициялық газет	2,54	«Антенна» (орысша)	Жарнама және телегид	2,43	«Автомир» (орысша)	Автомобильдерге арналған жарнамалық басылым	3,09
«Отдохни» (орысша)	Ойын-сауық газеті	2,45	«Колеса» (орысша)	Автомобильдерге арналған жарнамалық басылым	2,27	«Антенна» (орысша)	Жарнама және телегид	2,96
«Я покупатель и собственник» (орысша)	Жарнамалық басылым	2,4	«Я покупатель и собственник» (орысша)	Жарнамалық басылым	2,18	«Свобода Слова» (орысша)	Оппозициялық газет	2,66


Дереккөз: «TNS Central Asia», күн сайынғы басылым: Алдыңғы 10-дық, 2009, 2010, 2011 жж.

### 1.3.1.2. Теледидар

Аса танымал телевизиялық жаңалықтар арналарының бірі болып акцияларының 80%-і – Қазақстан үкіметіне, 20%-і Ресей Федерациясы үкіметіне тиесілі «Бірінші арна «Еуразия» арнасы саналады.<sup>54</sup> Іс жүзінде мемлекетке қарасты бола отырып, ол Ресейдің «Бірінші арнасының» бағдарламаларын қайталап шығаруды қазақстандық түпнұсқалық контентпен үйлестіріп, коммерциялық құқықтық мәртебесі мен сипатын сақтаған. Рейтингілері жоғары апталық «Апта бейнесі» шоуы сияқты бағдарламалары бар жеке «КТК» арнасы да телекөрсермендер арасында кең танымалдыққа ие болып отыр. Басқа арналардың жаңалықтар бағдарламаларының таралу ауқымы анағұрлым тар. «Хабар», «Қазақстан» секілді мемлекеттік жетекші арналар кең танымалдыққа жете қойған жоқ (мемлекеттік арналар туралы 2.1.1-тармақта егжей-тегжейлік айтылады). Бұл үрдіс соңғы бірнеше жыл ішінде сақталып отыр: мемлекеттік жетекші телеарналардың рейтингтері жеткілікті дәрежеде төмен, ал сол уақытта коммерциялық телеарналардың таралу ауқымы анағұрлым кең.

MediaNet Халықаралық журналистика орталығы 2000 сауалнамаға жауап берушімен өткізген сұхбат қазақстандықтардың веб-сайттарда (17,4 процент) немесе газеттерде (14,5 процент) және журналдарда (2,5 процент) жарияланған, радиодан еститін (4,7 процент) ақпаратқа қарағанда, теледидардан алатын ақпаратқа анағұрлым көбірек сенетінін (44,7 процент) көрсетті. Сауалнама нәтижесінде әртүрлі қалалардың тұрғындарының тілек-қалауларында елеулі айырмашылықтар бар екені анықталды. Мысалы, Алматы тұрғындарының 39,6 проценті жаңалықтарды теледидардан қадағалап отырады және сол үшін «КТК», «Бірінші арна «Еуразия», «Хабар» және ресейлік: «НТВ», «Ресей» және «REN TV» арналарын қалайтын болса, ал Астана тұрғындарының 54 проценті: «Қазақстан», «Хабар», «Жетінші арна», «КТК» және «Бірінші арна «Еуразия» арналарының бағдарламаларына ықылас танытады.<sup>55</sup>

5-диаграмма  
Республикалық жетекші телеарналар көрсермендерінің ауқымы  
(көрсермендердің жалпы санының %-тік көрсеткіші), 2011 ж.



Дереккөз: «TNS Central Asia», Телеарналар көрсермендерінің ауқымы, 2011 ж.

54 Кабельдік операторлардың «Азия» халықаралық қауымдастығының төрағасы Антон Шинмен сұхбат, Астана, 2012 жылғы қазанның 25-і.

55 Tengrinews, «Қазақстандықтардың көпшілігі баспа БАҚ-тарына қарағанда, теледидарға көбірек сенім артады», 2012 жылғы шілденің 17-сі. <http://en.tengrinews.kz/markets/Majority-of-Kazakhstan-citizens-trust-TV-more-than-printed-media-11523/> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қарашаның 12-сі).



Елде ақпарат контентінің сапасы бойынша Батыстың танымал БАҚ-тарымен салыстыруға келетін жаңалықтар корпорациялары жоқ, дегенмен қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары арасында ойын-сауықтарға бағдарланған арналарға қарағанда, жаңалықтарға көп көңіл бөлетіндерді ажыратып қарауға болады. Сөйтіп, мысалы, рейтингте екінші орын иеленіп отырған «КТК» арнасы жаңалықтар бағдарламаларын жеткілікті дәрежеде сапалы жасайды. «Астана», 31-арна және «Жетінші арна» да сапалы жаңалықтар өндірушілер ретінде таныла бастады. Жаңалықтарды ең бір тәуелсіз жеткізуші саналып келген «31-арнаның» акцияларының 20 процентін 2008 жылы Ресейдің ойын-сауыққа бағдарланған СТС медиа-холдингі сатып алған соң, жаңалықтар блогы арнаның бағдарламалық жоспарынан шығып қалды. Алайда арнаның «Информбюро» деп аталатын танымал кешкі жаңалықтар шолуы жабылғаннан кейін бірнеше ай өткенде, көрермендердің талап етуі бойынша бұл бағдарлама эфирге қайтарылды. Бұған оның редакциясының тәуелсіздігі белгілі бір дәрежеде ықпал еткені анық. 2012 жылдың қыркүйегінде «31-арна» «Час Бендицкого» деп аталатын журналистік зерттеулердің жаңа бағдарламасын шығарды, оның продюсері де, жүргізушісі де – бұрын «Время» газетінде жұмыс істеген тілші Геннадий Бендицкийдің өзі.

Керісінше, мемлекеттік «Хабар» мен «Еларна» телеарналары көрермендер ауқымын кеңейту үшін, комедиялық және ойын-сауық шоуларын өндіруге лицензиялар сатып алуға көп ақша жұмсады. Сөйтіп, ақпараттарды беру әдісі мен мәнері бойынша олар коммерциялық арналарға көбірек ұқсап бара жатыр.

### 1.3.1.3. Радио

Қазақстанда радио жаңалықтар беруге емес, көбінесе ойын-сауыққа бағытталған бұқаралық ақпарат құралы ретінде танылған. Әдетте, радиода ойын-сауық бағдарламалары өте қысқа түрде жаңалықтар беру үшін тоқтатыла тұрады. Ол үшін көбінесе ақпарат агенттіктерінің материалдары пайдаланылады. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Баспа және электрондық БАҚ кафедрасының доценті Светлана Велитченко Медиа-құрылтай-2011-де, қазақстандық жетекші кәсіби сұхбат алаңында сөйлеп: «Радио тыңдаушыларға біз ештеңе ұсына алмаймыз. Іс жүзінде бірде-бір бағдарлама жоқ, көңіл көтеретін хабарлар мен музыка ғана бар. Кез келген беделді радиостанцияларда бар ток-шоулар Қазақстанда мүлдем жоқ», – деп мәлімдеді.<sup>56</sup>

2010 жылы іске қосылған «Tengri FM» радиостанциясы «Tengrinews.kz» «Vesti.kz» жаңалықтар сайттарымен, ұлттық «Жетінші арна» телеарнасымен және «Алаш-Медиа-Групп» медиа-холдингіне кіретін, қазақ тілінде шығатын «Алаш Айнасы» газетімен қатар, түпнұсқадағы жаңалық контентін шығарады. Бұл БАҚ-тар, ішінде «Tengri FM» де бар, жалпы ақпараттық контентті пайдаланады. Радиостанция ойын-сауық бағдарламаларының арасына қысқа жаңалықтар топтамаларын енгізу үлгісі бойынша жұмыс істейді.

«TNS Central Asia» елдегі жетекші 11 радиостанцияның тізімін келтіреді, олардың 10-ы – Қазақстанның ірі қаласы Алматыда, алтауы – аймақтарда, ал мемлекеттік «Астана» радиосы елдің

56 С.Велитченко. «Медиа-құрылтай-2011», *Қазақстандық БАҚ нарығын дамыту мәселелері жөніндегі 4-конференцияның материалдары*, «Қазақстанның медиа-нарығы: тәуелсіздікке жиырма жыл және болашаққа болжамдар», 2011 жылғы қазанның 31-і. 10-бет.

астанасында ғана хабар таратады. Станциялардың ішіндегі ең бір танымал болып отырғаны – тұрақты түрде 40 процент тыңдарманы бар, рейтингтердің тұрақты көшбасшысы «Ретро FM Қазақстан», сондай-ақ рейтингте көбінесе екінші орын «Русское Радио Азияның» үлесінде. Басқа станциялардың таралу ауқымдары айтарлықтай тар.

Аймақтардың бірқатарында елге Кеңес Одағынан мұра болып қалған, кеңес заманында хабар тарату үшін де, азаматтық қорғаныс мақсатында да пайдаланылған радионүктелер әлі күнге дейін сақталған. Бүгінгі таңда радионүктелер арқылы қазақ тілінде үкіметтік жаңалықтарды, ақпараттық бюллетеньдерді және ұлттық музыканы беретін «Шалқар радиосы» және «Қазақ радиосы» бар. Екі станция да республиканың бүкіл аумағында қазақ тілінде хабар таратады және үкіметтік жаңалықтарды, ақпараттық бюллетеньдерді, сондай-ақ қазақ ұлттық музыкасын береді. Екі станция да қарапайым хабар тарату форматында қолжетімді. Бүгінгі күні қанша үй шаруашылығының жұмыс істеп тұрған радионүктелері бар екені туралы мағлұматтар жоқ.

7-кесте

**Ай ішіндегі ауқымы бойынша Қазақстандағы радиостанциялардың алдыңғы 5-тігі (тыңдармандардың жалпы санының %-тік көрсеткіші), 2008-2012 жж.**

2008 жылдың тамызы		2009 жылдың тамызы		2010 жылдың тамызы		2011 жылдың тамызы		2012 жылдың тамызы	
Радиостанцияның атауы, түрі	Рейтинг	Радиостанцияның атауы, түрі	Рейтинг	Радиостанцияның атауы, түрі	Рейтинг	Радиостанцияның атауы, түрі	Рейтинг	Радиостанцияның атауы, түрі	Рейтинг
«Радио NS» (мемлекеттік)	77,6	«Радио NS» (мемлекеттік)	78,1	«Русское радио Азия» (жекеменшік)	69,5	«Радио Ретро FM Қазақстан» (жекеменшік)	67,7	«Радио Ретро FM Қазақстан» (жекеменшік)	68,7
«Радио Еуропа плюс Қазақстан» (жекеменшік)	76,3	«Русское радио Азия» (жекеменшік)	77,8	«Радио Еуропа плюс Қазақстан» (жекеменшік)	65,6	«Русское радио Азия» (жекеменшік)	62,0	«Русское радио Азия» (жекеменшік)	61,9
Russkoye Radio Asia (private)	76,0	«Радио Еуропа плюс Қазақстан» (жекеменшік)	76,2	«Радио NS» (мемлекеттік)	64,8	«Радио NS» (мемлекеттік)	53,2	«Радио NS» (мемлекеттік)	56,1
«Радио Ретро FM Қазақстан» (жекеменшік)	19,4	«Радио Ретро FM Қазақстан» (жекеменшік)	20,8	«Tengri FM» (жекеменшік)	35,4	«Шалқар радиосы» (мемлекеттік)	38,3	«Шалқар радиосы» (мемлекеттік)	34,6
«Hit FM Қазақстан» (жекеменшік)	18,3	«Hit FM Қазақстан» (жекеменшік)	19,6	«Радио Ретро FM Қазақстан» (жекеменшік)	13,9	«Қазақ радиосы» (мемлекеттік)	32,5	«Қазақ радиосы» (мемлекеттік)	23,8

*Дереккөз:* TNS Central Asia Қазақстан, «Радио тыңдаушылардың бір айдағы ауқымы».

#### 1.3.1.4. Онлайн

Қазақстандағы көптеген жетекші БАҚ-тар өздерінің меншікті веб-сайттарын жүргізеді, ал көпшіліктері әлеуметтік желілерде де белсенділік танытады. Танымал форумдар мен әлеуметтік желілер ақпарат жеткізу және жаңалықтарды талқылау платформалары ретінде пайдаланылады (3.12-тармақты қарауыңызға болады).

Билікке сын айтатын онлайн-ресурстар қудалауға ұшырайды. «Әділ сөз» қоғамдық қорының ақпараты бойынша, 2011 жылы 200-ден астам веб-сайттарға қолжетімдік уақытша шектелген немесе толық жабылған.<sup>57</sup> Бүкіл дүние жүзі бойынша веб-ресурстарды тоқтатып тастау мониторингін жүзеге асыратын OpenNet Initiative (ONI) саяси бағыт ұстанатын қазақстандық веб-сайттардың ішінара сүзгіден өткізілетінін мәлімдеді, сондай-ақ интернетке қолжетімдікті басқару ашықтығының төмен деңгейін атап көрсетті.<sup>58</sup> «Голос республики» және «Свободная Европа» радиосына жататын «Радио Свобода», Azattyq.org, Guljan.org, Stan.tv секілді интернет-ресурстардың меншік иеленушілері, жауып тастау мен DDoS-шабуылдарды қоса алғанда, техникалық цензураға ғана емес, сотқа тартылып, қуғындауға да ұшыраған. Сөйтіп, БАҚ-тардың өздері тоқтатылған контентке қолжетімдікті ашу жөніндегі нұсқаулықтарды жариялауға немесе ақпараттық материалдарды электрондық жолмен де, әлеуметтік желілердің көмегімен де таратуға мәжбүр.

Қазақстан жұртшылығы көбірек жүгінетін сайттар, әдетте, Ресей мен АҚШ-та тіркелген, ал сол уақытта қазақстандық сайттар кең таныла алмай отыр. Интернет-рейтингтер өте өзгермелі, бірақ көбінесе қазақстандық сайттар Alexa.com әйгілі рейтингінің танымал сайттарының алдыңғы 10-ғының тізіміне тіпті енбей қалады. Қазақстандағы көш бастаушы шетелдік сайттар – Mail.ru, Google.kz және Yandex.ru сайттары, бірақ жаңалықтар олар ұсынатын қызметтердің азғантай бөлігін ғана құрайды. Жалпы, қазақстандық жетекші сайттар болып Kolesa.kz сайты (қазір рейтингте 12-орын иеленіп отырған аттас апталық газеттің «сыңары»), сонымен қатар Nur.kz (рейтингте 13-орында) интернет-порталы саналады. Жаңалықтар сайттарының арасында кең танымал болып отырған – ол Alexa.com тізімінде 58-орынға ие Tengrinews.kz.<sup>59</sup>

Zero.kz-тегі жаңалықтар сайттарының ішінде Tengrinews.kz көш бастап, рейтингте 8-орынды иеленіп отыр. Сондай-ақ алдыңғы 10-дық тобына: «Свобода Слова» (бұқаралық ақпарат құралдары сайттары арасында – 6-орын, жалпы тізімде 19-орын) газетінің бұрынғы бас редакторы басқаратын Guljan.org, Атыраудан шығатын апталық «Ақ Жайық» (тиісінше 2 және 25-орындар) және басқа да тәуелсіз онлайн-ресурстар кіреді. Алдыңғы 10-дық топ көшбасшыларының ішінде екеуін – жаңалықтардың дәстүрлі БАҚ-тарының онлайн-нұсқаларын («КТК» телекомпаниясының

57 «Әділ сөз» қоғамдық қоры, *2011 жылы Қазақстанда сөз бостандығының бұзылуына мониторинг*, <http://www.adilsoz.kz/en/category/monitoring> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 20-сы).

58 OpenNet бастамасы, «Қазақстан», 2010 жылғы желтоқсанның 9-ы, <http://opennet.net/research/profiles/kazakhstan> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 7-сі).

59 Alexa.com, «Қазақстандағы ең танымал сайттар», <http://www.alexa.com/topsites/countries/kz>, (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 15-і).

сайттары мен «Время» таблоиді) және біреуін – «Казинформ» мемлекеттік ақпараттық агенттігінің сайтына атауға болады. Бұқаралық ақпарат құралдарының басқа түрлерінің рейтингіне қарағанда, интернет-ресурстардың рейтингтері көбірек өзгеріп тұрады. Бір жылдың ішінде танымал болған сайттар келесі жылы өмір сүруін тоқтатуы мүмкін, бірақ Казнеттің көпшілік: Kolesa.kz, Nur.kz, Zakon.kz және Tengrinews.kz секілді кең танылған сайттары рейтингтің жоғарғы орындарын тұрақты түрде иеленіп келеді.

8-кесте

**Бірегей пайдаланушылардың ай ішіндегі саны бойынша  
жаңалықтар сайттарының алғашқы 10-дығы, 2012 жылдың қазаны**

Барлық сайттар				Жаңалықтар сайттары және БАҚ сайттары		
№	Сайт	Бірегей пайдаланушылар саны	Сипаты	Сайт	Бірегей пайдаланушылар саны	Сипаты
1	Kolesa.kz	8 635 672	Автомобиль сату	Tengrinews.kz	1 118 219	Жаңалықтар сайты
2	Nur.kz	3 317 389	Көпфункционалы портал	Azh.kz	371 418	«Ақ Жайық» газетінің (Атырау) сайты
3	Zakon.kz	2 059 205	Заңға қатысты жаңалықтар	Ktk.kz	328 634	«КТК» телекомпаниясының сайты
4	Krisha.kz	1 989 817	Тұрғын үй сату	BNews.kz	307 782	Жаңалықтар сайты
5	Slando.kz	1 678 987	Жеке хабарландырулар	Inform.kz	305 984	Мемлекеттік «Казинформ» жаңалық агенттігінің сайты
6	Vse.kz	1 599 710	Форум	Guljan.org	288 493	Жаңалықтардың оппозициялық сайты
7	Kiwi.kz	1 521 329	Бейнематериалдармен алмасу	Nomad.kz	275 377	Жаңалықтар форумы
8	Tengrinews.kz	1 118 219	Жаңалықтар сайты	Today.kz	261 746	Жаңалықтар сайты
9	Kino.kz	979 957	Кинотеатрлар кестесі	Time.kz	252 410	«Время» газетінің сайты
10	Namba.kz	908 675	Өлеуметтік желі	Zona.kz	232 850	Жаңалықтар сайты

**Ескерту.** Zero.kz сайт-серіктестердің трафигін kz доменімен есепке алады.

**Дереккөз:** Zero.kz, деректер 2012 жылғы қазанның 19-ында алынған.

### 1.3.2. Телевизиялық жаңалықтар бағдарламалары

Телеарналардың рейтингтері сияқты, жаңалықтар бағдарламаларының рейтингтері де салыстырмалы түрде орнықты. «Новости», «Новости. Специальный выпуск» және «Время» бағдарламаларымен «Бірінші арна «Еуразия» рейтингтің ең жоғарғы орындарын тұрақты иеленген. Жаңалықтар тарататын көш бастаушы бағдарламалар, – «31-арна» мен «КТК» арнасындағы қазақ тілінде шығатын жаңалықтарға арналған екі бағдарламаны қоспағанда, – көбінесе орыс тілінде жүреді. Жаңалықтар топтамасы таңертең, күндіз және кешкісін шығады, алайда аса танымал жаңалық бағдарламалары, сөз жоқ, кешкі уақыттарда да беріледі.

Қазақстан Үкіметі қазақ тілінде хабар таратуды алға ілгерілету бойынша біршама шаралар қабылдады. Олардың ішіндегі алғашқы қадам, коммерциялық арналарды да қосқанда, – барлық арналардың хабар берілетін уақыттың 50 процентін қазақ тілінде жүргізуі болды. Қазақтілді жаңа арналар іске қосылды, сонымен қатар өздері өндіретін бағдарламаларды кеңінен тарату іске асырылып жатыр. Қазақ тіліндегі бағдарламалардың кейбіреулері кең танылып жүрген шоулардың қатарына жатады, алайда рейтингтерде орыстілді бағдарламалар басым болып, көш бастауды жалғастырып келеді.

*9-кесте*  
**Тұтынушыларды қамту ауқымының үлесі бойынша  
жаңалықтардың жетекші бағдарламалары, 2010-2011 жж.**

2010 жылғы маусымның 7-сінен 13-іне дейін			2011 жылғы маусымның 6-ынан 12-сіне дейін		
Бағдарлама	Арна	ОКР, %	Бағдарлама	Арна	ОКР, %
«Время»	«Бірінші арна «Еуразия»	8,00	«КТК жаңалықтары. Қорытынды хабар»	«КТК»	7,28
«КТК жаңалықтары. Қорытынды хабар»	«КТК»	4,20	«Время»	«Бірінші арна «Еуразия»	6,85
«Жаңалықтар» (қаз.)	«КТК»	1,08	«Информбюро» (қаз.)	«31-арна»/ «СТС»	3,05
«Бүгін»	«СТВ»/ «Рахат»	0,84	«Жаңалықтар» (қаз.)	«КТК»	1,67
«Новости 7»	«Жетінші арна»	0,72	«Новости 7»	«Жетінші арна»	1,35

*Ескерту.* ОКР – орташа күн сайынғы рейтинг.

*Дереккөз:* Ұлттық Медиа қауымдастығы, «Телебағдарламалар рейтингтеріне шолу»,  
<http://www.nma.kz/?p=2023>, 2010 (қолжетімді күн: 2013 жылғы сәуірдің 17-сі),  
<http://www.nma.kz/?p=4694>, 2011 (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 29-ы).

### **1.3.3. Электрондық БАҚ-тардың жаңалықтар контентіне ықпалы**

Бүгінгі таңда цифрлауға көшудің электрондық БАҚ-тарға қалай ықпал еткені турасында қандай да бір қорытынды жасауға әлі ертерек. Соңғы жылдар ішінде интернеттеудің айтарлықтай өсуі байқалса да, осы бағыттағы зерттеулердің жоқтығы себепті нәтиже бұрынғыша анық емес күйінде қалып отыр. Цифрлаудың жаңалықтар бағдарламаларының қалыптасқан стилі мен сапасын түбегейлі өзгерткенін көрсететін нақты дәлелдер жоқ. Бүгінде жаңалықтар контентіне хабар алушылардың (аудитория) қалау-ниеттері, технологиялардың дамуы, БАҚ нарығындағы жаңа бизнес-үлгілердің іске асуы емес, көбінесе не мемлекет, не өзіндік цензураның басымдыққа ие іс-тәжірибесі көбірек ықпал етеді.

## **1.4. Қорытынды**

Дәстүрлі БАҚ-тар онлайн-платформаларды баяу игереді. Олар ұсынатын мультимедиа қызметтері, Батыстың жетекші басылымдарымен салыстырғанда, озық болып есептелмейді. Дегенмен интернет пайдаланушылардың саны жедел артып келеді; дәстүрлі БАҚ-тарды қайталайтын нұсқаларға жатпайтын жаңалықтар ресурстары кең таралып жатыр.

Дәстүрлі БАҚ-тардың сайттарынан айырмашылығы – интернет-басылымдар билік тарапынан немесе олармен біріккен бизнес-құрылымдар тарапынан қатаң бақылауға ұшырамайды. Мемлекеттің көтеріңкі бақылауы мен жаңалықтар контентін жауып тастау әрекеттеріне қарамастан, интернет, қызу пікірсайыстардан өзге, әртүрлі көзқарастарға да кеңінен жол береді.

Билік органдарының бақылауындағы БАҚ-тардан айырмашылығы – интернет, сөз жоқ, балама ақпараттар көзі болып табылады. Ақпаратты мемлекеттік бақылау және БАҚ иеленушілері белгілейтін редакциялық саясаттың жаңалықтарды беру сапасына ықпал ететін шешуші факторлар болатыны даусыз. Мемлекет бұрынғыдай теледидарды бақылауда ұстауды жалғастырып келе жатса да, ол, өз кезегінде, азаматтардың жетекші ақпарат көзі болып отыр.

## 2. Электрондық БАҚ: қоғамдық және мемлекеттік хабар таратушылар

### 2.1. Қоғамдық немесе мемлекеттік институттар

#### 2.1.1. Ахуалға шолу

Қазақстанда «қоғамдық» деп атауға болатын жекеменшік те, мемлекеттік те БАҚ-тар жоқ. Сол сияқты, меншіктің қоғамдық түріне негізделген ақпараттық бағдарламалар да жоқ. Тиісінше, қазақстандық заңнама қоғамдық хабар тарату туралы ережелерді қарастырмайды.

Қазақстандық заңгер, БАҚ саласының маманы Сергей Власенко «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңда қоғамдық теледидар мен қоғамдық мүдде туралы ештеңе айтылмайтыны былай тұрсын, «қоғамдық теледидар» және «қоғамдық мүдде» деген ұғымдардың анықтамасы да жоқ екеніне сендіреді. «Қоғамдық» деген термин БАҚ-ты тіркеген кезде және шықпа, мысалы, «қоғамдық-саяси газет» деген сияқты деректерде қолданылады. Бірақ, – деп атап көрсетеді ол, – осы жағдайда «қоғамдық» түсінігі – жай ғана ресми тәртіп».<sup>60</sup>

Соңғы он жыл ішінде бірнеше рет үкіметтің қарауына қоғамдық БАҚ туралы мәселені енгізуге әрекет жасалған. Бұл әрекеттерді ЮНЕСКО (Ағарту, ұлт және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы) ЕҚЫҰ, халықаралық және жергілікті үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ), сондай-ақ оппозиционерлер мен көрнекті саясат қайраткерлері, – оның ішінде Қазақстан Президентінің қызы Дариға Назарбаева да болған, – қолдаған-ды. Ол «Хабар» агенттігін мемлекет меншігіне алынғанға дейін басқарған, әрі бір мезгілде кейіннен республикалық саяси «Нұр Отан» партиясының (қазір «Нұр Отан» партиясы) құрамына кірген, үкіметке қарасты «Асар» партиясын басқарған. Қоғамдық бұқаралық ақпарат құралдарын дамыту – «Асар» партиясының сайлауалды платформасының бағдарламалық ұсыныстарының бірі болған-ды.

Қолға алынған іс-әрекеттерге қарамастан, қоғамдық БАҚ құру туралы мәселе қосымша талқылау деңгейінде қалып қойды, оның үстіне, қандай да бір нақты ұсыныстар әзірленбеді. Қоғамдық хабар таратуды «демократияның негізгі құралдарының бірі» деп атаған ЕҚЫҰ-ның Орталық

60 Қазақстандық медиа-заңгер С.Власенкомен сұхбат. Алматы, 2011 жылғы қазанның 7-сі.

Азиядағы бұқаралық ақпарат құралдарының 10-конференциясының «Орталық Азиядағы қоғамдық теледидардың болашағы» атты мағлұмдамасы жеткілікті кең анықтаманы алға тартты, бірақ онда іс жүзіне асыру бойынша ары қарай ешқандай нақты ұсыныс жасалмады.<sup>61</sup>

ЮНЕСКО-ның «Азияда тәуелсіз және плюралистік ақпарат құралдарын дамытуға атсалысу туралы» Алматыда қабылданған мағлұмдамасына жазылушы ретінде Қазақстан азат, тәуелсіз және плюралистік БАҚ-тарды дамыту туралы өздерінің міндеттемелерін ресми түрде жариялаған басқа қатысушы елдер қатарында болды. Оның тізбесіне келесі: «Журналистика тұрғысынан тәуелсіз, қазіргі уақытта мемлекет бақылауындағы хабар тарату құрылымдарын ауыстыра алатын үкіметтік емес хабар таратудың дамуын, сондай-ақ қауымдық радионың дамуын қуаттау» деген міндеттеме енгізілген.<sup>62</sup>

Қабылданған міндеттемелерге қарамастан, оларды іс жүзіне асыруға ешқандай іс-әрекет жасалмады. Азаматтық қоғамның Қазақстанда қоғамдық БАҚ құру үлгісін қолдайтын көптеген өкілдері өздері берген сұхбаттарында үкімет сондай БАҚ құруға мүдделі болмаса, істің ілгері баспайтынын мәлімдеген.

Орталық Азиядағы «Internews Network» өкілдігінің Қазақстандағы аймақтық директоры Олег Кациев қазіргі қалыптасып отырған саяси ахуал жағдайында қоғамдық хабар таратуды құрудың болашағына шүбәлі көзқарас танытады:

*«Қазіргі таңда Қазақстанда қоғамдық БАҚ-тың дамуы мүмкін емес, өйткені үкімет оған мүдделілік танытпай отыр. Осыдан 8-10 жыл бұрын осы тақырып бойынша бірнеше пікірталас өткен. Бір кездері оппозицияның кейбір көшбасшылары бұл мәселеге мүдделілік білдірген, бірақ олардың айтқандары естілмеген күйінде қалды. Олардың ойынша, алғашқы кезеңде ең болмағанда бір қоғамдық БАҚ құру маңызды еді, бірақ үкімет бұны талқылауға дайын болмады».*<sup>63</sup>

Бірқатар сарапшылардың пікірінше, үкіметтің саяси ерік-жігерінің жоқтығы – Қазақстанда қоғамдық хабар таратуды құру жолындағы басты кедергі.

Көрермендер арасында кең танылуға жетпегеніне қарамастан, мемлекеттік БАҚ телехабар таратуда елеулі үлес алып отыр. Қазақстанда тоғыз республикалық мемлекеттік телеарна бар, олардың біреуі – шетелде де хабар тарататын жерсеріктік телеарна. Аймақтарда мемлекеттік республикалық «Қазақстан» арнасының негізгі бағдарламаларына өздерінің аймақтық хабарларын

---

61 ЕҚЫҰ, БАҚ бостандығы мәселелері жөніндегі өкілінің бюросы. «Орталық Азиядағы қоғамдық хабар таратудың болашағы және хабар таратудың цифрлық форматына көшу» мағлұмдамасы, Алматы, 2008 жылғы қазанның 16-17-сі.

62 ЮНЕСКО, «Азияда тәуелсіз және плюралистік ақпарат құралдарын дамытуға атсалысу туралы» Бас Конференция 1995 ж. 28-сессияда қабылдаған Алматы мағлұмдамасы, Алматы қ., [http://www.unesco.kz/\\_files/38\\_alma-ata%20declaration%20ru.pdf](http://www.unesco.kz/_files/38_alma-ata%20declaration%20ru.pdf) (қолжетімді күн: 2012 жылғы желтоқсанның 29-ы).

63 Орталық Азия бойынша «Internews Network» өкілдігінің аймақтық директоры Олег Кациевпен сұхбат. Алматы, 2011 жылғы шілденің 20-сы.



аздап қосып тарататын (әдетте, күніне 1-2 сағаттан) 14 филиалы жұмыс істейді. Сарапшылардың пікірі бойынша, мемлекеттік телеарналар, жалпы, қоғамның мүдделерін емес, меншік иелерінің, бұл жағдайда – үкіметтің, – тар мүдделерін білдіретіндер деп қабылданады (2.2.1-тармақты қараңыз).

Жекеменшік те, мемлекеттік те БАҚ-тар құрамына баспа және электрондық БАҚ-тар кіретін медиа холдингтерге біріктірілген. Мемлекеттік медиа-конгломераттар төмендегі телеарналарды бақылауда ұстайды:<sup>64</sup>

- Құрамына: «Хабар», Еларна» және «24.kz», «CaspioNet» (2012 жылдың қыркүйегінде атауын «Kazakh TV» деп өзгерткен) телеарналары және «Hit FM» радиостанциясы кіретін «Хабар» агенттігі. «Хабар» арнасын қабылдау мүмкіндігіне Қазақстан халқының 98,3 проценті ие болып отыр, «Еларна» арнасының тұтынушылар ауқымы – 85,7 процент. «Хабар» 2008 жылы мемлекет меншігіне өткенге дейін компанияның жеке тұлғалар иемденіп келген 50 процент үлесін мемлекет 100 млн. АҚШ долларына сатып алған-ды.<sup>65</sup> Бұрынғы иелерінің аты-жөндері ешқашан халыққа жария етілмегенмен, «Freedom House» ақпараты бойынша бұл үлестер, «жалпы пікір бойынша», Дариға Назарбаева мен оның бұрынғы күйеуі Рахат Әлиевке тиесілі болған.<sup>66</sup>
- Құрамына: «Қазақстан» ұлттық телеарнасы, «Мәдениет» (мәдениетке арналған хабарлар беретін), «Балапан» атты балалар телеарнасы және «Білім» ғылыми-көпшілік арнасы, сондай-ақ «Қазақ радиосы», «Шалқар», «Астана» радиостанциялары кіретін «Қазақстан» теле-радио корпорациясы. «Қазақстан» телеарнасының әлеуетті көрермендер ауқымы ел халқының 87,5 процентін құрайды.<sup>67</sup> 2011 жылдың қыркүйегінен бері қарай «Қазақстан» телеарнасы қазақ тілінде ғана хабар таратады.

«Нұр-Медиа» деп аталатын медиа-холдинг акцияларының 51 проценті – мемлекетке, ал 49 проценті «Нұр Отан» партиясына тиесілі. «Нұр Отан» партиясының бастамасымен құрылған холдингтің құрамына «Астана» телеарнасы, екі радиостанция («Радио NS» пен «Іскер толқын») және жалпы тиражы 440 мың көшірмесімен сегіз газет: «Страна и мир», «Дала мен қала», «Айқын», «Литер», «Нұр Астана», «Известия-Казахстан», «Түркістан», «Қазақстан теміржолы», сонымен қатар басқа журналдар мен веб-сайттар кіреді.

---

64 Қазақстанда БАҚ иелерінің аты-жөндерін ашық айтуды міндеттейтін заң нормалары жоқ.

65 М.Баюхамедова «Қазақстан мемлекеті БАҚ-қа бақылауды күшейтті», Соғыс пен бейбітшілікті зерттеу институты, 2008 жылғы сәуірдің 4-і, [http://www.isn.ethz.ch/isn/Current-Affairs/Security-Watch-Archive/Detail/?lng=en&ots627=fce62fe0\\_528d-4884-9cdf-283c282cf0b2&ots736=4888caa0-b3db-1461-98b9-e20e7b9c13d4&id=52059](http://www.isn.ethz.ch/isn/Current-Affairs/Security-Watch-Archive/Detail/?lng=en&ots627=fce62fe0_528d-4884-9cdf-283c282cf0b2&ots736=4888caa0-b3db-1461-98b9-e20e7b9c13d4&id=52059) (қолжетімді күн: 2011 жылғы қазан); «Бүгін аса ірі ақпараттық мегахолдингке 15 жыл толып отыр», [Zakon.kz](http://www.zakon.kz), <http://www.zakon.kz/187812-segodnja-krupnejshemu-informacionnomu.html> (қолжетімді күн: 2011 жылғы қазанның 5-і).

66 В. Dave, *Ұлттар транзитте: Қазақстан*, Freedom House, 2007 ж. 337-бет. <http://www.unhcr.org/refworld/pdfid/4756ad587.pdf> (қолжетімді күн: 2011 жылғы қазанның 8-і).

67 «Қазақстан» теле-радио корпорациясы, «Компания туралы», <http://www.kaztrk.kz/rus/corporation/o-korporacyi/> (қолжетімді күн: 2011 жылғы қазанның 5-і).

«Нұр Отан» партиясы – БАҚ иеленуші жалғыз саяси партия. Қоғамдық-саяси «Сайгез» ток-шоуына берген сұхбатында ел президентінің бұрынғы кеңесшісі Ермұхамет Ертісбаев соңғы парламенттік сайлау кезінде «Нұр Отан» партиясының бәсекеде артықшылығы болғанын мойындаған-ды:

*«Мен президент партиясының ақпарат өрісінде жеткілікті үлкен басымдығы болған фактісін теріске шығармаймын. [Сайлауалды науқан] басталғанда-ақ «Нұр Отан» партиясы мен басқа саяси партиялар арасындағы алиақтық өте үлкен болған. Айтпақшы, «Нұр Отан» – елде өз медиа-холдингі бар жалғыз партия: оның (медиа-холдингтің) құрамына телеарналар да, газеттер мен журналдар да, интернет-сайттар да кіреді. Тең мүмкіндіктер тұрғысынан алғанда, барлықтарын теңдей жағдайларға қалай қою мүмкін екенін көз алдыма елестете алмаймын».<sup>68</sup>*

Коммерциялық арналарға қарағанда, «Қазақстан» және «Хабар» мемлекеттік арналары телекөрсермендер арасында кеңінен танылмай отыр. 2010 жылдың қаңтарынан желтоқсанына дейін мемлекеттік «Қазақстан» телеарнасын қарайтындар ауқымының үлесі телекөрсермендердің 5 проценті ғана болған. Салыстыру үшін айтсақ, көш бастаушы коммерциялық, ішінара мемлекетке жататын «Бірінші арна «Еуразия» 30 проценттен артық көрсермендерге ие. Жекеменшік телеарналар да жеткілікті дәрежеде жақсы шептер алып отыр: «КТК» мен «31-арна» көрсермендері 15 процентке жуық ауқымды алып отырса, «НТК арнасы – 9 процентке, «Жетінші арна» 5 процентке ие.

2013 жылдың басында, білетініміздей, теле-радио хабарларын тарату нарығында активтердің елеулі үлестерін иеленіп отырған Парламент Мәжілісінің депутаты Дариға Назарбаева ақпарат саясатын жүргізуге мемлекеттік тапсырыстың бөлінуіне қатысты үкіметтің атына сын айтқан-ды. Оның сөзі бойынша, 2012 жылы мемлекеттік бюджеттің қаражатынан БАҚ-тарға 25 миллиардтан астам теңге (шамамен 167 миллион АҚШ доллары) бөлінген. «Нақты жағдай мемлекеттік, әсіресе электрондық БАҚ-тардың қазақстандық көрсермендер арасында кең танылмай, таралмай отырғанын көрсетеді», – деді Назарбаева ханым.<sup>69</sup>

2012 жылдың 18 қаңтарында қабылданған Қазақстан Республикасының № 545-IV «Теле-радио хабарларын тарату туралы» Заңы (ары қарай – Теле-радиохабарларын тарату туралы) Заң») 2012 жылдың наурызында күшіне енді (егжей-тегжейлірек 7-тараудан оқи аласыздар).<sup>70</sup> Аталған заң қоғамдық хабар таратуды дамытудың қосымша себебі бола алатын еді. Жұмыс топтарының мүшелерінің басында тұрған үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ) жетекші құқық қорғаушылары бұл

---

68 «Елдің саяси өміріндегі БАҚ-тардың рөлі», 2012 жылғы сәуірдің 8-і, «Сайгез» ток-шоуы, [http://www.youtube.com/watch?v=q\\_fChr-oQGQ](http://www.youtube.com/watch?v=q_fChr-oQGQ) (қолжетімді күн: 2012 жылғы 28 желтоқсан).

69 А.Төлекбаева, «Қазақстандық мемлекеттік БАҚ-тарды басқару тәжірибесі қайта қарауды қажет етеді», – деп санайды депутат Назарбаева, [Kaztag.kz](http://www.zonaks.net/articles/62596), 2013 жылғы ақпанның 4-і, <http://www.zonaks.net/articles/62596> (қолжетімді күн: 2013 жылғы ақпанның 5-і).

70 Қазақстан Республикасының 2012 жылғы қаңтардың 18-інде шыққан «Теле-радио хабарларын тарату туралы» № 545-IV Заңы, [http://online.zakone.kz/Document/doc\\_id=31114820](http://online.zakone.kz/Document/doc_id=31114820) (қолжетімді күн: 2012 жылғы маусымның 12-сі).

мәселені әлденеше рет көтергенмен, үкімет бұны ерекше назарға алмастан қалдырды. Бұл Заңда қоғамдық БАҚ-қа арналған баптар жоқ. Заңнамаға тиісті өзгертулер енгізілмесе, қалыптасқан жағдай сапалы түрде өзгермейді.

Ашық дереккөздерде жетекші телеарналарды бағдарламалармен толықтыруға қатысты қандай да бір ақпарат жоқ. Мемлекеттік екі: «Хабар» және «Қазақстан» арналарының тарататын хабарлары кестесіне жасалған талдау жаңалықтар контенті эфир уақытының 30 процентке жуығын алатынын көрсетті, дегенмен «Қазақстан» арнасының бұл үлесі біршама аз (6-диаграмманы қараңыз).



**Дереккөз:** Зерттеу авторлары есептеулерді «Время» газетінде жарияланған телебағдарламалардың негізінде жасаған.

Жаңалықтардың таратылуын жүйелі түрде бақылау деректерінің болмауы осы саладағы маңызды беталыстарды қадағалап отыруға мүмкіндік бермейді. Олег Кациев мырзаның пікірі бойынша, соңғы бес-алты жыл ішінде жаңалықтар хабарларын тарату көлемі іс жүзінде бұрынғы деңгейінде қалып отыр, өйткені жаңалықтар өндірісі көп шығынды қажет етеді.<sup>71</sup>

### 2.1.2. Цифрлау және жаңа мүмкіндіктер

Қазақстанда жерүсті хабар таратудың цифрлық тәсілі әлі дамудың төменгі сатысында тұрғандықтан (цифрлық хабар таратуға көшу мерзімдері туралы 7.1.1-тармақтан егжей-тегжейлі біле аласыз), жұртшылыққа әлі қандай да бір жаңа қызметтер ұсыныла қойған жоқ (мысалы, хабарлардың бағдарламалары, субтитрлер және т.б.). Дегенмен жуықта төрт жаңа телеарна хабарларын тарата бастады. Сол кездегі байланыс және ақпарат министрі Асқар Жұмағалиевтің сөзі бойынша, балаларға арналған, қазақ тіліндегі «Балапан» арнасы «жас жеткіншектердің бойында жоғары адамгершілік құндылықтарды және туған еліне сүйіспеншілік рухын тәрбиелеуге бағытталған» хабарларын таратуды 2010 жылдың қыркүйегінде бастады.<sup>72</sup> Мәдениетке және білім беруге

71 Орталық Азия бойынша «Internews Network» өкілдігінің аймақтық директоры Олег Кациевпен сұхбат. Алматы, 2011 жылғы шілденің 20-сы.

72 Казинформ, «Балаларға арналған алғашқы «Балапан» телеарнасы біржылдығын тойлайды», 2011 жылғы қыркүйектің 26-сы, <http://www.inform.kz/eng/article/2407810> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қаңтардың 29-ы).

бағыт ұстаған «Мәдениет» арнасы хабар таратуды бір жылдан кейін, 2011 жылдың қыркүйегінде қолға алды. Арна уақыттың 80%-ін – қазақ тілінде, ал 20%-ін шетел тілінде хабар беруге

арнайды.<sup>73</sup> «Білім» деп аталатын алғашқы қазақстандық ғылыми және білім беру арнасы мен алғашқы жаңалық таратушы «24 KZ» арнасы 2012 жылдың қыркүйегінде іске қосылды. «Білім» арнасы – екі министрліктің: Қазақстанның Мәдениет және ақпарат министрлігінің, Білім және ғылым министрлігінің біріккен жобасы.<sup>74</sup> Сол кезде жуық арада мемлекеттік спорт арнасы іске қосылатыны жария етілді.<sup>75</sup> 2012 жылдың қарашасында мемлекеттік: «Қазақстан», «Хабар», «Ел Арна», «Kazakh TV», «Білім», «Мәдениет», «Балапан», «24 KZ», «Астана» телеарналары, сондай-ақ жекеменшік «КТК», «НТК», «Жетінші арна» мен «31-арна» кабельдік телехабарлар таратудың (ағылш. – must-carry) міндетті пакетіне қосылды.

2011 жылдың қаңтарында «Қазтелерадио» АҚ-ы цифрлық форматта хабар тарататын жерсерік платформасы – «ОТАУ-TV-ні» іске қосты.<sup>76</sup> «Қазтелерадио» АҚ-ы теле-радио дабылын бүкіл ел бойынша тарататын құрылғыларға бақылау жасайды. Хабар тарату желісі дабылдарды 3500-ден астам құрылғыға беретін 1214 станциядан тұрады.<sup>77</sup> «ОТАУ-TV» стратегиясы республиканың шеткері аймақтарын телевизиялық дабылдармен қамтуға бағытталған. Жерсеріктік хабарларды тарату ауқымын кеңейту мақсатында тұтынушыларға төмен тарифтік жоспарлар ұсынылады (егжей-тегжейлік білу үшін 7.1.1-тармақты қараңыз).

2012 жылдың қыркүйегінде «ОТАУ-TV» бірнеше радиостанцияның және 110 телевизиялық арнаның дабылдарын стандартты және HD (high definition) форматтарында таратты. «ОТАУ-TV» жерсеріктік тәрелкелерінің бірін сатып алған көрермендер үшін, ай сайынғы абоненттік ақыны қоспағанда, негізгі пакет 39 арнаны (тоғызы – республикалық мемлекеттік, он үші – «Қазақстан» телеарнасының аймақтық филиалдары, үш мемлекеттік радиостанция, он бір жекеменшік телеарна және үш жекеменшік радиостанция) қамтиды. «ОТАУ-TV» ақпараты бойынша, бір жыл ішінде оның абоненттерінің саны 100 мыңға жеткен, ал дабылдары ел халқының жартысын қамтиды (белгіленген жоспарға сәйкес, 2014 жылы оның дабылы халықтың 95 процентіне қолжетімді болады). Абоненттердің сексен проценті «Негізгі пакетке» жазылған, ал тұрмыс жағдайы төмен төрт мың отбасы оған тегін қосылған.<sup>78</sup>

---

73 Казинформ, «Мәдениет» – күніне 16 сағат хабар тарататын арна, 2011 жылғы 26 қыркүйек, <http://www.inform.kz/eng/article/2407802> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қаңтардың 29-ы).

74 Казинформ, «Қазақстандық ғылым және білім арнасы хабар таратуды 2012 жылы бастайды», 2011 жылғы қарашаның 3-і, <http://www.inform.kz/eng/article/2416700> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қаңтардың 29-ы).

75 Казинформ, «Жақын уақыт ішінде Қазақстанда жаңа екі телеарна іске қосылады», 2011 жылғы сәуірдің 25-і, <http://inform.kz/eng/article/2374298> (қолжетімді күн: 2012 жылғы ақпанның 8-і).

76 Kazworld, «Жаңа мәдениет және ақпарат министрі алғаш рет нәтижелерді жариялап, басты міндеттерді белгіледі», 2012 жылғы ақпанның 3-і, <http://kazworld.info/?p=19522>. (қолжетімді күн: 2012 жылғы мамырдың 28-і).

77 DigiTAG (Digital Terrestrial Television Action Group, қазақша – Жерүсті цифрлық теледидарының бастамашы тобы), *Жерүсті цифрлық теледидардың бұрынғы КСРО республикаларындағы мәртебесі*, <http://www.digitag.org/MembersOnly/Reports/Post-Soviet%20Report%20Version%201.2.pdf>, 33-бет (қолжетімді күн: 2012 жылғы наурыздың 10-ы).

78 «Қазтелерадио» АҚ-ы, ОТАУ-TV, «Жерсерік теледидарына жазылушылар саны 100000-ға жетті», <http://kazteleredio.kz/rus/2012/02/17/> количество-абонентов-национального, 17 февраля 2012 г. (қолжетімді күн: 2013 жылғы сәуірдің 17-сі).

«ОТАУ-TV» стратегиясы кабельдік хабар тарату нашар дамыған елді мекендердің тұрғындарына тоғыз республикалық мемлекеттік арнаны қамтитын тегін пакет беруге бағытталған. Мемлекеттік «Хабар» және «Қазақстан» арналарын ел халқының 100 процентіне жуығы қарай алатын болса, «Бірінші арна «Еуразия» ел аумағының 80 процентін ғана қамтиды.

«Қазақстанның Ұлттық теле-радио хабарларын таратушылар қауымдастығының» (ары қарай – «Қазақстан ҰТҚ-ы») атқарушы директоры Шолпан Жақсыбаеваның пікірі бойынша, мемлекеттік БАҚ-тардың «ОТАУ-TV-нің» тегін пакетінде артықшылыққа ие жағдайы елдің медиа-кеңістігінде мемлекеттің басымдық алып отырған жүйесін нығайтып отыр.

Жақсыбаева ханымның сөзі бойынша, коммерциялық арналар да «ОТАУ-TV-нің» негізгі пакетіне енгенмен, 14 аймақтық арнаны қосқанда, онда 24 орын – мемлекеттік хабар таратушыларға, 14 орын ғана жеке меншіктегі хабар таратушыларға бөлінген. Оның үстіне, кезекті жаңа мемлекеттік арна іске қосылған кезде, барлық жұмыс істеп тұрған коммерциялық таратушылардың тегін пакеттегі өз орындарын сақтап қалатынына ешқандай кепілдік жоқ.<sup>79</sup>

Үкімет дәстүрлі БАҚ-тардың интернетке енуін кеңейтуді маңызды деп санайды. Қазақстан Республикасының 2007-2012 жылдар арасындағы бұрынғы премьер-министрі Кәрім Мәсімов, интернет кеңістігінің дамуына қарай, қазақстандық дәстүрлі БАҚ-тардың өздерінің бәсекеге қабілеттілігін көтеруге тиістігін атап көрсетті. БАҚ-тарға цифрлық қосымшаларды дамытуға үлкен назар аудару керектігін айта отырып, К.Мәсімов мырза: «Менің ойымша, үш-төрт жылдан кейін медиа-нарық, жалпы, түбегейлі өзгереді», – деп мәлімдеді.<sup>80</sup>

Мемлекеттік БАҚ-тардың көпшілігі интернетке «қоныс аударған», бірақ олардың мультимедиалық қызметінің сапасы өзгеріп тұрады. Мемлекеттік БАҚ-тар интернетте даусыз көш бастаушылар болмағанмен, бірақ пайдаланушылармен жұмыс істеудің маңызды саласы ретіндегі онлайн-кеңістікті бірте-бірте игеруді жалғастырып келеді. «Хабар» телеарнасының сайты пайдаланушыларға жаңалықтардың бейнемұрағатына кіру мүмкіндігін ғана емес, сонымен қатар қосымша интербелсенді контентті: блогтарда журналистермен қарым-қатынас орнату, меншікті блогтар құру, форумда ағымдық жаңалықтар мен телебағдарламаларды талқылау мүмкіндігін де ұсынады. Оның сайтында RSS таратылымымен жаңалықтар таспасы бар. Пайдаланушылар жаңалықтардың материалдарына өздерінің түсініктемелерін тікелей сайтта қалдыра алмағанмен, оларды форумда талқылай алады. Аталған сайттың үш: қазақ, орыс, ағылшын тілінде нұсқасы бар.

Сонымен қатар «Хабар» арнасының «Vkontakte» (2,5 мың адамнан артық) және Facebook («достарының» саны 5 000-нан астам), Twitter (5 000-ға жуық «фолловер») секілді әлеуметтік желілерде бірнеше белсенді аккаунты бар: оларда жаңалықтар көріністеріне тұрақты түрде сілтемелер жарияланып тұрады. «Хабардың» қазақстандық Yvision блог-платформасында

---

79 Қазақстанның Ұлттық теле-радио хабарларын таратушылар қауымдастығының атқарушы директоры Шолпан Жақсыбаевамен сұхбат, Алматы, 2012 жылғы ақпанның 15-і.

80 «Қазақстандық дәстүрлі БАҚ-тар онлайн-медиадан айырылып қалуы мүмкін», – премьер-министр 10 января 2011 г., [http://www.interfax.kz/?lang=eng&int\\_id=in\\_focus&news\\_id=425](http://www.interfax.kz/?lang=eng&int_id=in_focus&news_id=425) (қолжетімді күн: 2012 жылғы ақпанның 8-і).

аккаунты жоқ, бірақ танымал тележүргізушілері өздерінің жеке беттерінде тұрақты түрде хабарларын жазып отырады.

«Қазақстан» телеарнасының сайтында бейне-контенттерді көрсетіп отыру қызметтері жақсы дамыған, әрі «Қазақстан» теле-радио корпорациясына кіретін RSS таратылымы мен БАҚ-тарға сілтемелер бар. Сайтта материалдарға түсініктемелер беретін опция да жоқ. Әлеуметтік желілерде аккаунттардың бар екеніне қарамастан, Twitter мен Facebook көбінесе көрермендермен қарым-қатынастың қосымша құралы ретінде емес, бейне-материалдарды таратудың балама әдістері ретінде пайдаланылады.

Вақ.kz жаңалықтар порталы мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылып отырса да, – мемлекеттік медиа-конгломераттардың бірде-біреуімен байланысы жоқ портал. «ВАQ» қазақтілді 94 БАҚ контентін біріктіреді.<sup>81</sup> (Оның атауы – қазақ тіліндегі «бұқаралық ақпарат құралдары» деген сөз тіркесінің қысқарған түрі).

Қазақтілді БАҚ-тарды біртұтас онлайн-платформада біріктіру идеясы қазақ тіліндегі жаңалықтар контентін онлайн-алға ілгерілетуге және оның танымалдығын арттыруға бағытталған. Алайда бұл сайттың нақ осы үдерістерге ықпалы әзірше соншалықты айқын көрініп тұрған жоқ: 2012 жылғы наурыздың 16-сында Вақ.kz сайты аса танымал қазақстандық онлайн-ресурстардың рейтингінде 76-орынды алып, ал дәстүрлі қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары сайттарының арасында 20-орынға ие болды.<sup>82</sup>

### 2.1.3. Цифрлау: мемлекеттің қатысуы

Мемлекеттің цифрлық тәсілмен хабар таратуға көшуге байланысты жоспарлары туралы егжей-тегжейлі ақпарат халыққа жария етілмеді. «Қазтелерадио» АҚ-ының 2012 жылғы қаңтарда өткізген «Қазақстанда цифрлық теле-радио хабарларын таратуды дамытудың болашағы» атты тұсаукесер таныстыруы ғана жоспарланған инвестициялар жайында біршама мағлұмат береді. Келтірілген деректерге сәйкес, үкімет хабар тарату желісін дамытуға 51,358 млрд. теңге (шамамен 340 млн. АҚШ доллары) бөлген, оның ішінде 25,8 млрд. теңге (17,2 млн. АҚШ доллары) жерсеріктік антенналар мен мультиплекстердің құрал-жабдықтарына жұмсалатын болады.<sup>83</sup>

Мемлекеттен демеуқаржы<sup>84</sup> алатын БАҚ-тардың онлайн дерекқорын құрған «Солтүстік Қазақстан Құқықтық медиа орталығы» қоғамдық қорының (ҚҚ) деректері бойынша, 2012 жылдың шілдесінде бөлінген 152 млн. доллар қаражаттың аса қомақты бөлігі – 133 млн. доллардан астамы үш ұлттық: «Хабар», «Қазақстан» және «Мир» телеарналарының арасында бөлінген.<sup>85</sup>

81 Қараңыз: <http://www.baq.kz> (қолжетімді күн: 2013 жылғы сәуірдің 17-сі).

82 Қараңыз: <http://www.zero.kz> (қолжетімді күн: 2012 жылғы наурыздың 16-сы).

83 «Қазтелерадио» АҚ-ы, «Қазақстанда келешекте цифрлық теле-радио хабарларын таратуды дамыту», Алматы қаласындағы конференцияда таныстыру, 2012 жылғы қаңтардың 10-ы (баспа нұсқасына рұқсат берілген).

84 Қараңыз: <http://legalmediacenter.kz/2012-04-10-02-31.html> (қолжетімді күн: 2013 жылғы сәуірдің 17-сі).

85 Т.Михайлова, «Мемлекеттік тапсырыс БАҚ-тарға бұйрық ретінде беріледі», «Республика», 2012 жылғы тамыздың 15-сі, <http://respublika-kz.com/news/politics/24645> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 1-і).

#### 2.1.4. Қоғамдық БАҚ және хабар таратудың цифрлық тәсіліне көшу

Мемлекеттік БАҚ-тарды дамыту туралы қолымызда санмен көрсетілген деректер болмағанмен, олардың әлеуетті көрермендерінің саны елдің медиа-кеңістігінде жаңа телеарналардың пайда болуы себепті ғана артып отырмағанын, сонымен қатар олардың интернетте де берік шептер алып отырғанына да байланысты көбейіп жатқанын пайымдауға болады. Жетекші мемлекеттік телеарналар дабылы Қазақстан аумағының кем дегенде 85 процентін қамтиды. Енді жерсеріктік «OTAU-TV» арқылы елдің шалғай аймақтарында да телекөрермендер телехабарлар көру мүмкіндігіне ие болды (2.1.2-тармақты қараңыз).

### 2.2. Қоғамдық мүдделердің қамтамасыз етілуі

#### 2.2.1. Қоғамдық теледидар құрудың болашағы

Азаматтардың Қазақстанда қоғамдық теледидар құруға көзқарастарын білдіретін қоғамдық пікірлердің әлеуметтік зерттеулері жоқ. Соған байланысты біз жетекші медиа-сарапшылармен бірқатар сұхбаттар өткізуге, сонымен қатар осы мәселе бойынша БАҚ-тардағы материалдарға талдау жасауға мәжбүр болдық. Сарапшылардың пікірлері бойынша, қазақстандықтардың көпшілігі үшін қоғамдық хабар тарату тұжырымдамасы түсініксіз. Одан өзге, міндетті абоненттік ақы төлеуді олар қисынсыз санайды. О.Кациев мырза бұл мәселеге қоғамдық мүдделіліктің үлкен емес екенін айтады:

*«Жалпы, қоғамдастық осындай БАҚ құруға мүдделі емес, өйткені одан қандай да бір пайда көріп тұрған жоқ. Осы мәселеге қатысты қоғамдық пікірсайыстарға, әдетте, оппозиция, үкімет, үкіметтік емес ұйымдар және журналистер ғана қатысады. Алайда үкімет оған өздігінен мүдделілік танытпайды, өйткені ондай БАҚ-тардан өзінің ақпараттық саясатына, президенттің айналасындағыларға қауіп-қатер төнетіндей көреді. Теледидар – ол Қазақстандағы ақпараттың негізгі көзі, ал әлдекімге бірдеңе айтуға мүмкіндік беру, әрі ол кезде оны бақыламау – олар үшін қорқынышты.»<sup>86</sup>*

Бізбен әңгімелескендердің бірі шенеуніктердің қоғамдық хабар таратудың дүние жүзінде бар үлгілері жайында мағлұматтары аз екенін айтты. «Internews Kasakhstan» атқарушы директоры Маржан Елшібаева қоғамдық БАҚ құрудың болашағы туралы 2012 жылдың мамырында өзінің Мәдениет және ақпарат министрлігінің үлкен лауазымды өкілімен болған әңгімесі жайында былай деді:

*«Біз оған тікелей қоғамдық теледидар туралы сұрақ қойдық, ал ол: «Жоқ», – деп жауап берді. Әрі: «Біз, әрине, көпшілікке танымал көптеген тұлғаларды, азаматтық қоғамның өкілдерін қоғамдық ТВ құруға шақыра аламыз, бірақ бұл, шын мәнінде, алдау болмақ», –*

---

<sup>86</sup> Орталық Азия бойынша «Internews Network» өкілдігінің аймақтық директоры Олег Кациевпен сұхбат. Алматы, 2011 жылғы шілденің 20-сы.

*деген жауап алдық. «Өкінішке қарай, бүгінгі таңда оған саяси ерік-жігер жоқ», – дегенді қоса айтты М.Елшібаева ханым.<sup>87</sup>*

Қазақстанда қоғамдық теледидар құру туралы ресми тұлғаларға жүгінген сәтсіз әрекеттерден кейін, медиалық үкіметтік емес ұйымдар – «Internews Kazakhstan», «MediaNet» Халықаралық журналистер орталығы, «Әділ сөз» қоғамдық қоры және Қазақстан Ұлттық теле-радио хабарларын таратушылар қауымдастығы – бұл мәселеде саяси ерік-жігердің жоқ екені туралы пікірлеріне беки түсті.

### **2.2.2. Коммерциялық БАҚ-тар негізінде қоғамдық хабар тарату**

Қазақстанда қоғамдық хабар тарату қызметін реттеп отыратын заңнамалық база жоқ. Тиісінше, коммерциялық БАҚ-тарға өздерінің негізінде қоғамдық теледидар құруға мүмкіндік беретін қандай да бір ережелер де жоқ.

Бірақ бәрібір осындай нормалардың қолданылып жүрген заңнамаға енгізілуін жақтаушылар бар. Ш.Жақсыбаева ханымның ойынша, қазіргі қалыптасып отырған жағдайда коммерциялық телеарналарға дербес қоғамдық БАҚ құруға әрекеттенгеннен гөрі, қоғамдық бағдарламалар өндіріп, таратқандары үшін мадақтау жүйесін ұсыну ақылға қонымдырақ болар еді. Ол: «Менің ойымша, бұл үлгі – мейлінше іске асыруға тұрарлық үлгі. Егер қоғамдық хабар тарату коммерциялық теледидардың негізінде құрылатын болса, мемлекет контентпен көмектесер еді, ал бұл бүкіл қоғамға пайдалы болмақ», – деді.<sup>88</sup>

## **2.3. Қорытынды**

«Теле-радио хабарларын тарату туралы» Заңның қарсыластарының ойынша, цифрлау электрондық БАҚ-тарды бақылауды күшейтудің себебіне айналды. Жерсеріктік хабар таратуға орасан көп қаражат салынып, мемлекеттік телеарналардың көпшілігі артықшылықтарға ие болған пакеттер құрылды. Мемлекеттің тікелей қатысуымен салалық телеарналардың теңдессіз көп саны іске қосылып, олар нарықтың басқа ойыншыларын ығыстырып, сол бойда міндетті пакеттің (ағылшынша – must-carry) құрамына кіріп үлгірді.

Плюрализмнің дамуына лицензия беру ережелеріндегі жаңа өзгертулер кедергі жасай алуы мүмкін. Бұл, сірә, шетелдік және коммерциялық БАҚ-тардың жұмысын қиындатар, әрі іс жүзінде телекөрсетімдердің көруіне қолжетімді бағдарламаларды қысқартуы да кәміл. Аналог хабар тарату дәуірінде коммерциялық БАҚ-тарға соттың шешімімен ғана қайтарылып алынуы мүмкін

---

87 «Internews Kazakhstan» атқарушы директоры Маржан Елшібаеваның сұхбаты, Алматы қаласы, 2012 жылғы мамырдың 24-і.

88 Қазақстан Ұлттық теле-радио хабарларын таратушылар қауымдастығының атқарушы директоры Ш.Жақсыбаевамен сұхбат, 2012 жылғы ақпанның 15-і.



мерзімсіз лицензиялар берілетін. Цифрлау заманында бұл лицензиялар есепке қою куәліктерімен ауыстырылатын болады.

Қазақстанда қоғамдық хабар таратуды заңнамалық тұрғыда реттеу жоқ. Мемлекеттік БАҚ-тарды қоғамдық БАҚ-тарға ауыстырудың мүмкіндіктері осы мәселе көтерілген 10 жыл бұрынғы мүмкіндіктерге қарағанда аз. Саяси ерік-жігердің болмауы себепті қазіргі қалыптасып отырған жағдайда медиалық ҮЕҰ (үкіметтік емес ұйымдар) Қазақстанда қоғамдық хабар таратудың құрылу мүмкіндіктеріне шүбәланып қарайды.

## 3. Электрондық БАҚ және қоғам

### 3.1. Пайдаланушылық контент

#### 3.1.1. Пайдаланушылық контентке шолу

Пайдаланушылық контент (ағылшынша user-generated content – UGC) қазақстандық интернет пайдаланушылар ерекше ықылас танытатын шетелдік те, жергілікті де сайттарда орасан көп беріледі. Дүние жүзіндегі ең танымал сайттардың барлығында қандай да бір дәрежеде пайдаланушылық контент бар, ал олардың тең жартысы толықтай UGC-сайттар болып табылады.<sup>89</sup> Сол сияқты, ең көп пайдаланылатын домен.kz-тің 10 сайтында пайдаланушылық контенттің елеулі үлесі бар.

Соңғы бірнеше жыл ішінде де, есептемені жариялау кезінде де қазақстандық интернет пайдаланушылар арасында кең танылған сайттардың алғашқы 10-дығында, Alexa.com рейтингінің деректері бойынша, шетелдік UGC-сайттар басым; олардың ішінде: ресейлік Mail.ru, америкалық Google басқаратын 5 іздестіру машинасы: ресейлік Yandex іздестіру жүйесі; америкалық бейне-хостинг YouTube және үш әлеуметтік желі – Vkontakte, Odnoklassniki, Facebook бар. Алдыңғы 10-дықтың ішінде әр кездері қазір 11 орында тұрған Wikipedia.org жиі-жиі көрініп жүр.

Аса танымал 10 сайттың бесеуін америкалық компаниялар басқарады немесе солармен біріккен, қалған бесеуі – ресейлік компаниялар. Google.kz пен Yandex.kz қазақстандық домен атауын пайдаланғанмен, америкалық және ресейлік иеленушілерге тиесілі. Google мен Yandex қазақстандық пайдаланушыларды .com сайты доменінен .kz доменіндегі өздерінің сайттарына автоматты түрде қайтадан жолдай қояды, сондықтан іс жүзінде қанша пайдаланушысының Google.com-ға емес, нақ осы Google.kz-ке енгісі келетінін анықтау мүмкін емес. Өз кезегінде, бұл ақпарат Казнеттің пайдаланушыларының ақпараттық таңдауларын зерттеуде ерекше қызығушылық тудырады. Alexa.com рейтингінде 12 және 13-орындарды иеленіп отырған танымал қазақстандық екі сайт – Kolesa.kz пен Nur.kz аса танымал сайттардың ондығына кірмейді.<sup>90</sup>

---

89 Қазақстандық пайдаланушылар кіретін сайттардың онлайн-трафик статистикасы, <http://www.alexa.com/topsites/countries/kz> (қолжетімді күн: 2011 жылғы наурыздың 29-ы).

90 Alexa.com. <http://www.alexa.com/topsites/countries/kz> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 15-і).

Қазақстаннан кіретін ең көп пайдаланылатын 10 сайттың жетеуі, электрондық поштасымен қоса, көпсалалы қызметтер, пайдаланушылық контент және біріккен жаңалық таспасы болып табылады. Жергілікті пайдаланушылардың онлайн-тілектері жайында ақпараттың жетіспеушілігі себепті интернет-трафикте пайдаланушылық контенттің ықпал ету дәрежесін бағалау қиын. Біздің мағлұматтарымыз бойынша, Қазақстанда соған ұқсас зерттеулер жүргізілмеген. Алайда UGC-сайттардың кең танылып отырғанына қарамастан, олардың материалдарының қомақты үлесі – пайдаланушылардың басқа ақпараттық ресурстардан алған постингтері.

Қазақстандық интернет-ресурстар әлі де даму үдерісінде тұр және әзірге жергілікті интернет пайдаланушылар арасында жетекші америкалық және ресейлік сайттарға тән танымалдыққа жете қойған жоқ. Казнеттің кеңеюімен бірге олардың қажеттілігі артып келеді, алайда Kiwi.kz пен Yvision.kz сайттарының<sup>91</sup> негізін салған Станислав Игнатовтың пікірінше, қазақстандық ең танымал сайттар да UGC-ті кеңінен пайдаланады.

Мысалы, ол – 2012 жылғы қазанның 19-ында Zero.kz-тің рейтингінде бірінші орын алған Kolesa.kz. Онда жарнамалық хабарландырулар көп жарияланады және түсініктемелер таспасы жүргізіледі.

#### 10-кесте

#### Бірегей пайдаланушылардың ай ішіндегі саны бойынша, қазақстандық интернет-ресурстардың алғашқы 10-дығы, 2012 ж.

Сайттың атауы	Сайттың сипаты	Қазақстандық сайттар рейтингіндегі орны (Zero.kz)	Қазақстаннан айдаланушылар кіретін сайттардың жалпы рейтингіндегі орны (Alexa.com)	Қазақстаннан кіретін бірегей пайдаланушылар саны (Zero.kz)
Kolesa.kz	Жеке жарнамалық хабарландырулар (UGC)	1	12	8 635 762
Nur.kz	Жаңалықтар порталы (UGC)	2	13	3 317 389
Zakon.kz	Жаңалықтар порталы (UGC)	3	36	2 059 205
Krishka.kz	Жеке жарнамалық хабарландырулар (UGC)	4	84	1 989 817
Slando.kz	Жеке жарнамалық хабарландырулар (UGC)	5	27	1 678 987
Vse.kz	Форум (UGC)	6	38	1 599 710
Kiwi.kz	Бейнехостинг (UGC)	7	26	1 521 329
Tengrinews.kz	Жаңалықтар порталы (ең аз пайдаланушылық контент, жаңартылатын түсіндірмелер)	8	53	1 118 219
Kino.kz	Кино жарнамалары (UGC)	9	144	979,957
Namba.kz	Әлеуметтік желі (UGC)	10	43	908,675

**Ескерту.** Бұл кесте Қазақстаннан ең көп пайдаланылатын, Zero.kz-те тіркелген ең танымал сайттардың 10-дығы рейтингіне негізделіп жасалған. Есепке 2012 жылдың қыркүйегіндегі бірегей пайдаланушылардың саны алынған. Салыстыру үшін сол сайттардың рейтингі Alexa.com деректеріне сай келтірілді.

**Дереккөздер:** Zero.kz, Alexa.com – деректер 2012 жылғы қазанның 19-ында алынған.

91 К.Гумарова, «Маған Қазнет жаса», Капитал, 2011 жылғы желтоқсанның 29-ы, <http://www.profit.kz/articles/1727-Sdelaj-mne-Kaznet/#.UIP8gmfhcS9> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 23-і).

Дәстүрлі БАҚ-тармен байланысы жоқ, жаңалықтарға арналған сайттардың төмендегілерді: Nur.kz (Zero.kz рейтингінде – 2-орын), Zakon.kz (3-орын), Tengrinews (8-орын), Resurs.kz (16-орын), Nomad.su (28-орын), Todey.kz (31-орын) және Gazeta.kz (36-орын) қоса алғанда, барлығында материалдарға түсініктемелер, форумдағы талқылаулар, әлеуметтік желілер арқылы жаңалықтардың кросс-постингтері бар.

Бұл жаңалықтар порталдарының, әдетте, дәстүрлі БАҚ-тардың сайттарына қарағанда, пайдаланылушылығы жоғары. Бұған «Время» газетінің (Time.kz, 31-орын) және «КТК» телеарнасының (КТК.kz, 21-орын) сайттары жатпайды, олар онлайн-БАҚ-тармен бірге Zero.kz. рейтингінің алғашқы 50-лік тобына кіреді. Келесі танымал онлайн жаңалықтар порталы ZonaKZ (Zona.kz.net, 34-орын) Zero.kz. рейтингінің алғашқы 25-тігіне кіреді.

Жетекші жаңалықтар сайттары пайдаланушыларға жаңалықтарды түсіндіру мүмкіндігін береді, форумдар немесе пайдаланушылармен қарым-қатынас орнатудың сенімдірек түрлерін ұсынады. Бұл ережеге жаңалықтарды ғана жариялайтын: «Казахстанская правда» газетінің (Kazpravda.kz, 78-орын) және мемлекеттік ақпараттық «Казинформ» агенттігінің (Inform.kz) сайттары жатпайды. Баспа басылымдарының онлайн нұсқаларының кейбіреулері 2009 жылы БАҚ туралы заңға бірқатар түзетулер енгізілгеннен кейін өздерінің сайттарында түсіндірмелер беру қызметін алып тастады. Қалғандары, олардың пікірінше, адамдық та, уақыттық та қосымша шығындар талап ететін жанартушылыққа қатысты алаңдаушылық білдірді (бұл жайында егжей-тегжейлі 7.1.2-тармақтан оқуға болады).

UGC-тің елеулі үлесін алып отырған кең танымал қазақстандық сайттардың бірі – Kiwi.kz (Zero.kz рейтингінде 7-орын) – көрсететін қызметтері жағынан YouTube қызметіне көбірек ұқсайды. Сонымен қатар Kiwi.kz-те жетекші телеарналар мен радиостанциялардың интернет-беттері бар. Namba.net (10-орын) блогтар мен файлдар хостингтерін және басқа да қызметтерді қамтиды. Kino.kz (10-орын) Қазақстанда көрсетілетін кинофильмдерге жарнамаларды, шолуларды және олардың рейтингтерін жариялайды. Кино туралы Kinomir.net (17-орын) сайты онлайн көрсетілім және торренттің көмегімен кинофильмдер мен телебағдарламаларды көшіріп алу, сондай-ақ көрермендердің киноны форумда талқылауы мүмкіндігін ұсынады. Бұрын «Центр тяжести» форумы ретінде танылған Vse.kz (6-орын) азаматтық белсенділікті білдіру, өзекті мәселелер мен оқиғаларды кең талқылау мүмкіндігін беретін алаңға айналған.

Қазақстандықтар UGC мүмкіндіктерінің кең ауқымын ойын-сауық немесе сауда-саттық үшін ғана пайдаланбайды. Түпнұсқадағы немесе шеттен алынып пайдаланылатын клиптер өте танымал. Интернет пайдаланушылар өз пікір-түсіндірмелерін форумдарда, жаңалықтар сайттарында, әлеуметтік желілерде белсенді түрде қалдырып отырады, жеке блогтарын жүргізіп, қоғамдастықтар құрады.

### **3.1.2. Әлеуметтік желілер**

Қазақстанда соңғы жылдары әлеуметтік желілерді пайдаланушылардың саны анағұрлым артты. Мысалы, 2011 жылдың наурызында Facebook-та 268 160 қазақстандық пайдаланушы тіркелсе,

2012 жылдың сәуірінің өзінде олардың саны 435 020-ға дейін көбейді, ал жарты жыл өткенде олардың саны 616 120-ға жетті. Сөйтіп, 18 ай ішінде Facebook-та қазақстандықтардың ауқымы екі еседен артық болды.<sup>92</sup> Әлеуметтік желілер қарым-қатынас жасау және көңіл көтеру үшін ғана емес, кәсіби тұрғыда ақпарат алмасу, сондай-ақ жаңалықтарды жариялау, талқылау үшін де кеңінен пайдаланылады (3.1.3-тармақты қараңыз). Барлық веб-сайттардай, бірнеше қазақстандық ресурс та кең танылып, таралып жатқанмен, Қазақстаннан пайдаланылатын әлеуметтік желілердің көпшіліктері АҚШ-та немесе Ресейде орналасқан.

### 11-кесте

#### Қазақстандық интернет пайдаланушылар арасында танымал әлеуметтік желілердің алғашқы 10-дығы, 2012 жылғы тамыз<sup>93</sup>

Атаулар	Ел	Қазақстандағы пайдаланушылар саны	Қазақстандағы пайдаланушылар арасындағы Alexa.com рейтингі	Қазақстандағы интернет пайдаланушылардың жалпы саны, %-пен
Moi Mir (Mail.ru)	Ресей	2,500,000 <sup>94</sup>	1	39.2
Odnoklassniki.ru	Ресей	1,250,000 <sup>95</sup>	8	25.2
Vkontakte (Vk.com)	Ресей	2,500,000 <sup>96</sup>	5	23.3
Youtube.com	АҚШ	дерек жоқ	3	20.7
Facebook.com	АҚШ	616,120 <sup>97</sup>	9	14.5
Twitter.com	АҚШ	дерек жоқ	16	7.37
Fotostрана.ru	Ресей	дерек жоқ	23	5.95
Kiwi.kz	Қазақстан	483,304 <sup>98</sup>	26	5.48
Centr Tyazhesti (Ct.kz)	Қазақстан	324,210 <sup>99</sup>	126	2.84
My-hit.ru	Ресей	дерек жоқ	108	2.77

**Дереккөздер:** Kazcontent.kz, «2012 жылдың тамызындағы әлеуметтік желілердің алдыңғы 10-дығы» (қамту); Alexa.com (Қазақстан үшін елдер рейтингі); Б.Қисықов, «Қазақстандық емес интернет», Власть.kz, <http://vlast.kz/?art=407> (қолжетімді күн: 2013 жылғы сәуірдің 17-сі); SocialBakers, «Қазақстанда Facebook-ты пайдалану статистикасы», <http://www.socialbakers.com/facebook-statistics/kazakhstan> (қолжетімді күн: 2013 жылғы сәуірдің 17-сі); Kiwi.kz; Центр тяжести (ct.kz).

92 «Қазақстанда Facebook-ты пайдалану статистикасы», SocialBakers, <http://www.socialbakers.com/facebook-statistics/Kazakhstan> (қолжетімді күндер: 2011 жылғы наурыздың 31-і, 2012 жылғы сәуірдің 11-і және 2012 жылғы қазанның 20-сы).

93 11-кестеде Қазақстанда 2012 жылы көбірек пайдаланылған әлеуметтік желілердің танымалдығы рейтингтері Казконтент АҚ-ының пайдаланушыларды қамту жөніндегі деректеріне сәйкес беріліп отыр. [http://kzcontent.kz/rus/top\\_10\\_socialnyh\\_setey\\_za\\_avgust\\_2012/](http://kzcontent.kz/rus/top_10_socialnyh_setey_za_avgust_2012/) (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 29-ы). Қосымша деректер көздері сілтемелерде көрсетілген.

94 Б.Қисықов, «Қазақстандық емес Қазнет», Власть.kz, 2012 жылғы мамырдың 11-і. <http://vlast.kz/?art=407> (қолжетімді күн: 2013 жылғы сәуірдің 17-сі). (ары қарай – «Қазақстандық емес Қазнет»).

95 Б.Қисықов, «Қазақстандық емес Қазнет».

96 Б.Қисықов, «Қазақстандық емес Қазнет».

97 «Қазақстанда Facebook-ты пайдалану статистикасы», SocialBakers, <http://www.socialbakers.com/facebook-statistics/kazakhstan> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 21-і).

98 «Белсенді пайдаланушылар саны», «Статистика» Kiwi.kz, <http://kiwi.kz/statistics/> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 21-і).

99 Центр Тяжести, <http://ct.kz> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 21-і).

Әлеуметтік желілерді пайдаланатын қазақстандықтардың саны туралы деректерді салыстыра отырып, әртүрлі дереккөздердің цифрларын біріктіру керек болды. Оның үстіне, ол мағлұматтар әрдайым жаңартыла бермейді. Дегенмен елде қандай әлеуметтік желілердің өзгеше кең танылып үлгіргендері туралы айқын білуге болады.

Әлеуметтік желілердің ішіндегі көбірек танымалдыққа жеткендері, әдетте, сайттардың алдыңғы 30-дық тобына кіреді. Alexa.com деректері бойынша, Mail.ru «Мой Мир» әлеуметтік желісімен (аптасына – 2,5 млн. пайдаланушы)<sup>100</sup> аса танымал интернет-ресурстардың бірінші жолында тұр. Алайда бұл сайт трафиінің көлемі, жинақтала келгенде, Mail.ru-дың барлық қызметтерін пайдаланушылар санын білдіреді. «Менің әлемім» («Мой мир») бойынша жеке статистика берілмейді.

Әлеуметтік желі Vkontakte.ru көп жағдайда Facebook-пен ұқсас және орыстілді пайдаланушылар арасында ең танымал интернет-ресурстардың қатарына жатады. Vkontakte-ге тіркелген қазақстандықтардың саны шамамен 1 320 000-ға жеткен, оның 46 проценті белсенді пайдаланушы болып отыр.<sup>101</sup> Facebook тәрізді, Vkontakte де пайдаланушыларға өз «достарының» тобын құруға, топтарға қосылуға, хабарламалар жолдауға, ойындар ойнауға және т.б. мүмкіндік береді. Екі сайт та, әдетте, Alexa.com-ның алдыңғы 10-дық тобына кіреді.

Ресейлік әлеуметтік желі Odnoklassniki.ru әлеуметтік жаңалықтарды таратуда немесе талқылауда үлкен рөл атқармайды, дегенмен онда 3 миллионға жуық пайдаланушы тіркелген, олардың ішінде 40 проценті – белсенді аккаунттар.<sup>102</sup> Yandex-тің «Мой круг» әлеуметтік желісі тіркелген 73.000 пайдаланушысы барын хабарлағанмен, бірақ олардың қаншасының белсенді екенін нақтыламайды. «Мой мир» сияқты, «Мой круг» та Yandex-тің электрондық поштасына біріктірілген.

Иеленушісі ресейлік азамат болып отырған америкалық блог-платформа Livejournal орыстілді пайдаланушылар арасында күшті шептерді сақтаған. Екі жыл уақыт жабылып қалған ол 2011 жылдың басында Alexa.com рейтингінің алдыңғы 20-лығы тобында қайтадан пайда болды. Бұрын Livejournal блогерлер саяси мүдделері бойынша қоғамдастықтар құрған, географиялық бағыттары бойынша бірігіп, жергілікті жаңалықтар мен мәселелерді талқылаған, Қазақстандағы ең алдыңғы, әрі ең танымал интернет-ресурс болған-ды. Алайда бүгінгі күні Livejournal сайтта орналастырылған жекелеген саяси блогтарға бола қайтадан тоқтатылуына байланысты онлайн-платформалардың алдыңғы 10-лығына кірмейді (егжей-тегжейлі 7.1.2.2-тармақтан қарауыңызға болады).

Twitter жеткілікті дәрежеде жылдам танымалдық алып келе жатыр және Alexa.com рейтингіне сәйкес Қазақстаннан ең көп пайдаланылатын сайттардың алдыңғы 20-лығы тобына кіреді. Қазақстандықтар аккаунттарының тұрақты артып отырған саны арасында: саясаткерлердің

---

100 Mail.ru PR-менеджері Я.Морозовамен электрондық пошта арқылы сұхбат, 2011 жылғы наурыздың 28-і.

101 Қазақстандағы Vkontakte және Odnoklassniki порталдарының өкілі Михаил Ковалевпен электрондық пошта арқылы сұхбат, 2011 жылғы қаңтардың 11-і.

102 Бұл да сонда.

(мысалы, Президент Әкімшілігінің басшысы Кәрім Мәсімов, парламент депутаты Мұрат Әбенев), қоғамдық қайраткерлердің (тележурналист Ержан Сүлейменов), шоу-бизнес жұлдыздарының (тележүргізуші және әнші Динара Сәтжан) аккаунттары, сондай-ақ үкіметтік мекемелер мен сауда-саттық ұйымдарының аккаунттары бар.

Twitter-дегі соңғы үрдістердің бірі – саясаткерлерді немесе мемлекеттік органдарды келемеждейтін жалған аккаунттардың пайда болуы. Олардың арасында Мәсімов мырзаның, президент Назарбаевтың және басқаларының жалған аккаунттары бар.<sup>103</sup> Tengrinews-тің хабарламасы бойынша, Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігінің Жол полициясы комитеті Twitter-дегі өзінің жалған аккаунтын жабуға және жоюға қол жеткізген.<sup>104</sup>

Шетелдік әлеуметтік желілердің Казнет пайдаланушыларының арасында кең танылып, таралғаны айқын байқалады, сонымен қатар қазақстандық онлайн-платформаларды пайдаланушылар ауқымы да артып келеді. Қазақстандық әлеуметтік желілердің арасында бүгінгі күні көш бастап отырған – ол Kiwi.kz. бейнехостингі. Екінші бір танымал платформа – Yvision.kz – әлеуметтік желі блогингі қызметтерін біріктіреді. 2011 жылдың алғашқы үш айында ғана пайдаланушыларының саны 26 процент артып, оның 100-ден төмен тұрған орыннан Alexa.com тізіміндегі алдыңғы 20-ның тобынан орын тебуіне мүмкіндік туғызды.<sup>105</sup> 2011 жылы сайт 21 000 тіркелген бірегей пайдаланушысы бар, ал оның 18000-19000-ы белсенді пайдаланушылар екені туралы хабарлады.<sup>106</sup> 2012 жылы Yvision.kz Alexa.com рейтингінде 46-орынға төмендеп кетті, бәлкім, бұл сайттың коммерциялық контентпен толығып кетуінен туған шығар.

Тізімдегі басқа екі – әлеуметтік желі On.kz және әлеуметтік «Мой нур» (Moi Nur) желісі бар ақпараттық интернет-портал Nur.kz барлық орыстілді және қазақтілді контенті бар пайдаланушылық аккаунттарға ықпалдастырылған. Рейтингтерде жоғарғы орындар иелене қоймаған басқа да қазақтілді платформалар: Abai.kz интернет-басылымы және жаңа әлеуметтік желі – Kerekinfo.kz пайда болды.

### 3.1.3. Әлеуметтік желілер арқылы жаңалықтар тарату

Хабарлар тұтыну үшін әлеуметтік желілерді пайдалану немесе дербес байланыстарды пайдалану арасындағы арақатынастар туралы айқын статистика жоқ. Алайда сарапшылар жаңалықтармен алмасу және оларды талқылау үшін әлеуметтік желілер мен блогтарды пайдалану үрдісінің артып келе жатқанын көрсетіп отыр. Бұл арақатынас шамамен 70 процентке тиісінше 30 процентті

---

103 И.Глушенко, «Қазақстандық Твиттердің жалғандықтары». <http://yvision.kz/post/129041> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 31-і).

104 Л.Буран, «Жол полициясы комитеті Twitter-дегі @zholpolice аккаунтын жауып тастауға қол жеткізді», Tengrinews.kz, 2011 жылғы қарашаның 7-сі, [http://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/komitet-dorojnoj-politsii-kazakhstan-dobilsya-blokirovki-akkaunta-zholpolice-203286/](http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/komitet-dorojnoj-politsii-kazakhstan-dobilsya-blokirovki-akkaunta-zholpolice-203286/) (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 31-і).

105 Alexa.com, <http://www.alexa.com/siteinfo/yvision.kz>, (қолжетімді күн: 2011 жылғы наурыздың 31-і).

106 Yvision.kz негізін салушы Самсон Безмятежныймен электрондық пошта арқылы сұхбат, 2012 жылғы қаңтардың 13-і.

құрайды.<sup>107</sup> Қазақстанда танымал басқа шетелдік әлеуметтік желілерден өзге, Yvision.kz өзекті оқиғаларды талқылауға арналған жетекші қазақстандық платформа болып табылады.

Сонымен қатар қазақстандық жаңалықтар БАҚ-тарының әлеуметтік желілерді пайдалануының артып отырғаны – айқын факт. Кейде бұл әлеуметтік желілердің сілтемелерін бас бетке орналастырумен шектеледі. «InterNews Kazakhstan-ның» блогтардағы постылар топтамасы түрінде жарияланған ресми емес зерттеуінің деректері бойынша, көптеген журналистер мен БАҚ-тар әлеуметтік желілерді ақпарат алмасу және тарату немесе кәсіби онлайн-қоғамдастықтарда әріптестер арасындағы нетуоркинг\* үшін пайдаланады.<sup>108</sup>

Жергілікті басылымдардың тілшілері әлеуметтік желілер мен блогтарды жаңалықтардың көзі ретінде пайдаланады. Сөйтіп, енді БАҚ-тар материалдарын блогерлерден бұрын жариялауға ұмтылады. Журналистердің блогтардағы белсенділігі айтарлықтай артты: басылымдар өздерінің баспа нұсқаларында блогтардан алынған материалдар мен түсіндірмелерді ықыласпен пайдаланатын болды. Зерттеуде жергілікті блогерлердің журналистерден үйренетіні, олардың жаңалықтар материалдарын дайындау шеберліктерін арттырып отырғаны айтылады.

Tengrinews, Guljan.org, және Ktk.kz және басқа да жетекші сайттар әлеуметтік желілерді өздерінің жаңалықтар контентін алға ілгерілету үшін пайдаланады. Алайда бұл барлық БАҚ-тарға тән емес, өйткені баспа басылымдарының барлығында интернет-нұсқалар жоқ.

Билік органдарын сынағаны үшін орынсыз шабуылдарға тап болып жататын «Голос республики» газеті, «Взгляд» апталығы және «Stan.TV» онлайн-телеарнасы секілді жаңалықтар БАҚ-тары, керісінше, интернет пен әлеуметтік желілерді белсенді түрде пайдаланады. «Stan.tv» телеарнасының бейнематериалдары орналастырылған «Республика» порталы бір жыл бойы жабылып қалуы себепті қазақстандық интернет пайдаланушыларға қолжетімді болмады. Газет өзінің материалдарын әлеуметтік желілерде, оның ішінде Facebook пен Livejournal-да және Twitter-де жариялап жүрді. Жоғарыда аталған БАҚ-тың үшеуіне де соттың шешімімен 2012 жылғы желтоқсанда таратылуға тыйым салынды. Соған қарамастан, «Голос республики» газеті әлі күнге дейін әлеуметтік желілерде және өзінің шетелде тіркелген веб-сайтында кеңінен таралып отыр.

## 3.2. Онлайн-белсенділік

### 3.2.1. Онлайн-платформалар азаматтық белсенділікті таныту құралы ретінде

Дау жоқ, интернеттің назарды әлеуметтік-саяси мәселелерге аудару және мемлекеттің әлеуметтік саясатына ықпал ету құралы ретінде пайдаланылатынын көрсететін мысалдар бар. Азаматтық

107 «ТВ-обмен» жобасының менеджері Ольга Каплинамен сұхбат, InterNews Kazakhstan, 2011 жылғы қаңтардың 14-і.

\* Нетуоркинг – достар мен таныстардың көмегімен өмірдегі күрделі міндеттерді жылдам және тиімді шешуге бағытталған әлеуметтік және кәсіби қызмет. – Аудармашының түсіндірмесі.

108 InterNews Kazakhstan, «Қазақстандық интернет-БАҚ-тар әлеуметтік желілерде», 2009 жылғы желтоқсанның 14-і, <http://www.internews.kz/newsitem/14-12-2009/9945> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қарашаның 1-і).



белсенділік тікелей немесе басым жағдайда осы мақсаттар үшін пайдаланылмайтын әртүрлі онлайн-платформаларда көрініс береді.

2006 жылдың соңында Қазақстан үкіметі елге шетелден оң жақ рулі бар автомобильдер әкелуге тыйым салатын ниетін жария етті. (Қазақстанда жолдардағы көліктер оң жақпен жүреді, бірақ рулі оң жақтағы автомобильдер де қолданыста бар). Соған байланысты болашақта оң рулді автомобильдерді пайдалануға тыйым салатын заң жобасы әзірленді. Бұндай тыйым салушылық рулі оң жақтағы көліктер иелерінен машиналарын заңды негізде жүргізу үшін, олардың рульдерін сол жаққа ауыстыруды талап ететін-ді.

Бұл шешім «Центр тяжести» (ct.kz) интернет-форумында қызу пікірталас тудырып, соңынан қарсылық білдірудің бірқатар бейбіт акцияларына ұласты. Сондай акциялардың бірінің барысында рульдері оң жақтағы автомобильдер Алматыдағы «Республика» алаңымен ақырын жылжи отырып, өздерінің қарсылықтарын үздіксіз гуілдету арқылы білдірді. Пікірталастар басқа да онлайн-платформаларда (Friends.kz, V Kontakte.ru, «Мой мир») өтті. Белсенділер тобы акция кезінде тіпті өз сайтын құрды. Қарсылық акциялары туралы БАҚ-тарда айтарлықтай дәрежеде материалдар жарияланды, соның нәтижесінде үкімет заң жобасын кері қайтарып алуға шешім қабылдады.

### **3.2.2. Интернетті реттеу: жұртшылықтың сыны**

2008 жылы үкімет интернетті реттеу туралы заң жобасын халыққа жария етті: соған сәйкес интернет-сайттардың бұқаралық ақпарат құралдарына жатқызылғаны оларды сол бойда электрондық баспа БАҚ-тарына қатысты қолданылатын қатаң реттеу нысанына айналдырды. Интернет-ресурстың меншік иесіне бұл заң жобасы сайтта орналастырылған түсіндірмелер мен пайдаланушылық контент үшін жауапкершілік жүктеді (егжей-тегжейлі 7.1.2-тармақтан қарауға болады). Онлайн-белсенділер, онлайн-бизнес құрылымдарының өкілдері, БАҚ және үкіметтік емес ұйымдар, мемлекеттік органдармен келіссөздер жүргізуді қоса алғанда, әртүрлі әдістерді пайдалана отырып, бұл заң жобасына белсенді түрде қарсы тұрды.

Бұл мәселе төңірегінде интернетті әлеуметтік қарсылықтың құралы ретінде пайдаланған белсенділердің екі бірлестігі (біреуі оппозициялық «Голос Республики» газетімен тығыз байланыс ұстаған-ды) пайда болды. Электрондық және SMS-хабарламалар, әлеуметтік желілерде мүдделі тұлғалардың қоғамдастықтарын құру, қарсылық акцияларынан алынған бейне-материалдарды тарату арқылы қазақстандықтар оқиғалардың барысын қадағалап отырды. Осындай жағдайда интернет қарсылықтың басқа түрлеріне қосымша құрал ретінде пайдаланылды және медиа-қоғамдастықтарды жұмылдыруға, сонымен қатар азаматтардың назарын акцияның өзіне аударуға септігін тигізді.

Бұл заң жобасына жоғарыда аталған бірлестіктерге қатысушылар ғана қарсы шыққан жоқ. Жекелеген азаматтар өздерінің көзқарастарын ұйымдардың блогтарында, сайттарында және әлеуметтік желілердегі жеке беттерінде білдірді. Онлайн-белсенділік көріністерінің бірі 2009

жылғы мамырдың 13-інде өткен қарсылық акциясы болды: оның барысында қарсылық білдірушілер [domen.kz](http://domen.kz)-тегі сайттарын пайдаланудан бір сағат бойы бас тартты. Акцияға қатысушылар әлеуметтік желілердегі сайттары мен жеке беттерінде өздерінің қарсылығын білдіретін логотип орналастырды. Бұл жайында жергілікті оппозициялық қана емес, бірқатар шетелдік БАҚ-тар да (оның ішінде АҚШ пен Ұлыбританиядан да) көп жазды. Бұндай жарияланымдар үлкен дәрежеде қарсылықтың оффлайн-акцияларын көрсетті. Алайда, жұртшылықтың сынына қарамастан, аталған заң жобасы бәрібір қабылданып, бірнеше жыл өткен соң, ақпараттық-коммуникациялық желілерді реттеу мәселелері бойынша заңнама қабылдаудың салдарлары конференцияларда да, БАҚ-тарда да пікірталастар тақырыбына айналды.

Қазақстандағы экономикалық дағдарыс зардаптарының бірі – тұрғын үй нысандарының құрылысын тоқтата тұру болды. Бұл жағдай Алматы мен Астанада бірқатар қарсылық акцияларының өтуіне түрткі болса, ал аталған тақырып БАҚ-тарда кеңінен талқыланды. «Центр тяжести» форумында қызу пікірталас орын алып, құрылыс компаниялары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасындағы «келіссөз алаңына» айналды.

Тағы бір мысалды алматылық Дмитрий Поташовтың блогы береді. Ол 2010 жылғы маусымның ішінде мемлекет белгілеген ең төменгі күнкөріс деңгейі – 13.000 теңгемен (86 АҚШ долларына жуық) өмір сүре отырып, өзінің осы әлеуметтік тәжірибесіне Yvision-дағы блогында түсініктеме берді.<sup>109</sup> Блог тез арада кеңінен танылып, көптеген түсіндірмелердің берілуіне, теледидардан себеп болды. Ол туралы жергілікті баспа және онлайн-басылымдарында жазылып, теледидардан хабарланды. Кейіннен осындай тәжірибені Қырғызстанның азаматы да қайталады. Бұл үкіметтің саясатында қандай да бір айқын өзгерістерге келтірмегенмен, аталған оқиға интернетте азаматтық белсенділіктің жақсы үлгісі болды. Дмитрий Поташов өзінің блогында әлеуметтік-экономикалық мәселелерге түсініктеме бере отырып, оны жүргізуді жалғастырып келеді.

2010 жылдың мамырында журналист, блогер және медиа-сарапшы Ержан Сүлейменов әлеуметтік желілерді, оның ішінде Yvision мен Facebook-ты Алматы циркінде өнер көрсеткен «Дельфинарий» шоуына қарсы флеш-моб ұйымдастыру үшін пайдаланды. Шоудың басты жұлдыздары Алматыға Ресейден автобуспен ішінде су бар кішкентай контейнерде әкелінген екі дельфин болды. Флеш-моб цирк ғимаратынан қашық емес жерде өтті, қатысушыларды көп жинай алмаса да, бірақ кейіннен әлеуметтік желілерде қызу пікірталас тудырды, солардың беттерінде флеш-мобтың бейнематериалдары да таралды. Сондай-ақ ол жетекші БАҚ-тарда да жарияланды.

Азаматтық белсенділер қызметінің табысты салаларының бірі – дәрігерлік немесе басқадай жәрдемге зәру балаларға көмек көрсету мақсатында интернетте қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру. Сөйтіп, мысалы, 2006 жылы «Центр тяжести» онлайн-форумы белсенділері «Ерікті «Қайырымдылық» («ҮЙ») қоғамын» құрды. Бұл «ҮЙ» жетімдер мен ауыр науқаспен ауыратын балаларды емдеуге қаражат табуға көмектеседі. Ұйым өзінің [Detdom.kz](http://Detdom.kz) сайтында қаржылай

---

109 Дмитрий Поташовтың блогы, [dmitrius.yvision/kz](http://dmitrius.yvision/kz).

көмекке зәру балалардың суреттері мен өмірбаяндарын орналастырады. Ақшалай қаражатты ұйымның есепшотына немесе балалардың ата-аналарына тікелей жолдауға болады. «ҮЙ» өзінің сайтында жиналған қаражат туралы есептеме жариялап отырады. 2012 жылдың қазанында қоғам белсенділері балаларға жасалатын хирургиялық операциялардың ақысын төлеу үшін ғана 300 млн. теңге (2 млн. АҚШ доллары) жиналғанын мәлімдеді. Соған ұқсас акциялар әлеуметтік желілерде де өтеді.

Казнеттегі азаматтық белсенділіктің басқа мысалдарының қатарында қарағандылық NV.kz жаңалықтар порталында орналастырылған Doroga.nv.kz сайтына атауға болады. Бұл бастама – Ұлыбританиядағы танымал Fixmystreet.com сайтына ұқсас: онда пайдаланушылар жолдардың қандай бөліктерінде жөндеу талап етілетіні жайында хабарламалар орналастыра алатын карта бар.<sup>110</sup>

Екі сайт – K-zh.kz пен GreenSalvation.org – және әлеуметтік желілердегі олармен байланысты топтар Алматы түбіндегі «Көк жайлау» ұлттық паркінде тау шаңғысы курортын салу жоспарларына қарсы әрекеттер туралы жұртшылықты хабардар етіп отыру үшін құрылған.

Қайырымдылық акциялары, әртүрлі қоғамдастықтардың бастамалары интернет пайдаланушыларды жұмылдырудың аса табысты тәсіліне айналды. Сөз жоқ, саяси белсенділік бар және, шын мәнінде, тиімді бола алады, бірақ, жалпы алғанда, қазақстандықтар саяси тұрғыдағы акциялардан аулақ жүруді жөн көреді. Алайда әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған белсенділік пен тікелей мемлекеттік саясатқа ықпал ететін белсенділік арасындағы шек тым жақын. Танымал пікірталастар алаңы талқылауларға қатысуға мүмкіндік береді. Азаматтық белсенділіктің басты платформаларының бірі «Центр Тяжести» форумы болған және солай болып қалып отыр. Интернеттің Қазақстанда пайдаланылуы туралы академиялық зерттеулердің бірінің авторлары «Центр Тяжести» платформасын адамдардың күнделікті өмірдегі қам-қарекеттерінен бастап саяси мәселелерге дейін талқылайтын «жасырын саяси» алаңы ретінде сипаттайды.<sup>111</sup> Тәуелсіз журналист және блогер Асхат Еркімбаидың пікірінше, интернет кеңістіктің бұл «жасырын саяси» табиғаты қазақ тілінде жазатын блогерлер мен интернет пайдаланушыларға әсте тән емес: онда адамдар, керісінше, «саясатты ашық талқылайды». Мысал ретінде Еркімбаи мырза Abai.kz, Jaqsy.kz және Azattyq.org секілді сайттарды атап берді.<sup>112</sup>

Соңғы жылда қазақстандық интернет-қоғамдастықтың қоғамдық-саяси белсенділігінде біршама өзгерістер орын алды. Журналист, азаматтық белсенді және «Қазақстанның жастарға арналған ақпараттық қызметі» қоғамдық қорының бас директоры Ирина Медникова екі жыл бұрын интернетте аз көрінетін жастар ұйымдарының әлеуметтік желілерді «қабылдағанын» айтып өтті:

---

110 «Черная дыра», <http://doroga.nv.kz> (қолжетімді күн: 2013 жылғы сәуірдің 17-сі).

111 И.Шкловский, В.Валтыссон, «Жасырын-саяси: Қазақстандағы онлайн-пайдаланушылардың азаматтық белсенділігі», *Journal of Broadcasting and Electronic Media*, № 56 (3), 1012 ж. 417-433-беттер.

112 Журналист және блогер Асхат Еркімбаимен электрондық пошта арқылы сұхбат, 2012 жылғы қазанның 30-ы.

*«Өткен жыл ішінде әлеуметтік желілердегі топтарға қатысушылардың саны екі есеге дерлік өсті, жастардың белсенділігі артты. Интернет арқылы біздің жобаларымыз туралы біліп, олар ұйымымыздың еріктілеріне айналды. Әлеуметтік желілерде, әсіресе әлеуметтік-саяси контенттің таралуы тұрғысынан, Facebook-пен салыстырғанда енжарлау болған Vkontakte-де осы жылы мен студенттер арасында әлеуметтік-саяси белсенділіктің кенет көтерілгенін байқадым».*<sup>113</sup>

Мысалы, Жаңаөзен қаласында<sup>114</sup> орын алған тәртіпсіздіктерден кейін Facebook-та пайда болған «Қазақстандағы келіспеушілер» («Несогласные Казахстана») тобын айтуға болады. 2011 жылдың желтоқсанында мұнай компаниясының жұмысшылары өмір сүру деңгейін жақсартуды және жалақыны көтеруді талап етіп, ереуіл жариялады, ал жауап ретінде ереуілшілерді жұмыстан шығару орын алды. Жұмысшылардың қарсылық білдіру шаралары жаппай тәртіпсіздіктерге және полициямен қақтығысқа келтіріп, ереуілшілер және полиция тарапынан 15 адам қаза тауып, 100-ден аса адам жараланды. YouTube-ке шығарылған бейнетаспадан көргеніміздей, полицияның қарусыз қарсыласушыларға зорлық-зомбылық көрсеткені жұртшылықты дүрліктіріп, әлеуметтік желілерде пікірталастар тудырды. «Қазақстандағы келіспеушілер» тобы пікірталастар үшін де, кейінірек Алматыда өткен рұқсатсыз қарсылық акцияларына қатысушыларды тарту мақсатында да пайдаланылды. Қарсылық акцияларын ұйымдастырғаны үшін ұсталған немесе түрмеге жабылған бірқатар оппозиционерлер мен азаматтық белсенділердің арасында Facebook-тағы топтың белсенді қатысушысы Бақытжан Төреғожина да болды.<sup>115</sup> Онлайн-қоғамдастық әлі күнге дейін бар және 7.000-нан астам тіркелген қатысушыларды қамтиды.

### **3.2.3. Азаматтық бастамалар үшін интернет-технологиялар**

Жоғарыда келтірілген жағдайлардың көпшілігінде азаматтардың көңіл күйлеріне және мінез-құлықтарына онлайн-белсенділіктің ықпалын шамалау қандай қиын болса, дәл осы интернеттің қандай да бір нақты мәселенің айналасында қоғамның белсенділігін тудырғанына сендіру де қиын. Онлайн-белсенділер, әдетте, басқа салаларда да іске тартылған, әрі байланыс құралдарын азаматтарды ақпараттандыру құралы ретінде ғана пайдаланады. Олардың іс-әрекеттері кенет онлайн-белсенділікті тудырған не болмаса мемлекеттік саясатта өзгерістерге келтірген жағдайларда, интернет бар-жоғы ашық пікірсайыстар алаңы ғана болған-ды.

Біз әңгімеге тартқан азаматтық белсенділердің көпшілігі интернеттің адамдарды саяси акцияларға қатыстыруға жұмылдыратын қозғаушы күш ретіндегі қызметіне көбінесе шүбәланып қарайды. Көп жағдайда азаматтардың жария акцияларға қатысуы факторы елдегі жалпы ахуалға, яғни құқықтар мен еркіндіктер ресми түрде танылғанмен, іс жүзінде шектелетін жайттарға байланысты.

---

113 «Қазақстанның жастарға арналған ақпарат қызметі» қоғамдық қорының бас директоры Ирина Медниковамен электрондық пошта арқылы сұхбат, 2012 жылғы қазанның 27-сі.

114 «Қазақстандағы келіспеушілер», Facebook-тағы топ, <http://www.facebook.com/groups/nesoglasnyekz> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қарашаның 9-ы).

115 Azattyq радиосы, «Азаматтық белсенді Бақытжан Төреғожина ұсталды», 2012 жылғы наурыздың 24-і, <http://rus.azattyq.org/content/news/24525721.html> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қарашаның 1-і).

*«Қазақстан азаматтарының елдің қоғамдық, әсіресе саяси өміріне қатысу мүмкіндіктері заң тұрғысынан шектеулі», – деп санайды Медникова ханым. – Мысалы, бейбіт жиналыстарға деген құқық азаматтардан алдын ала жергілікті билік органдарынан рұқсат алуды талап ететін заңмен шектеулі. Азаматтық белсенділер тобының қандай мәселені көтеретініне байланысты, азаматтар құқық қорғау органдары тарапынан қудалау нысанына айналуы мүмкін».*<sup>116</sup>

Белсенділер интернетті азаматтық бастамаларды алға ілгерілету құралы деп санайды:

*«Онлайн-коммуникациялар қазақстандық азаматтарды жұмылдыру мүмкіндігін кеңейтті. Адамдар енді мүдделері бойынша топтарға біріге де, онлайн-талқылауларға қатыса да, қиындықтарды хабарлай да, онлайн-талаптар ұйымдастырып, қол қоя да алады», – дейді Медникова ханым.*<sup>117</sup>

### **3.3. Қорытынды**

Қазақстандықтар интернеттің қызметтерін белсенді пайдаланады: әлеуметтік желілер жұртшылық арасында ақпарат тарату үшін ғана емес, елдің әлеуметтік, саяси және мәдени өмірін талқылау үшін де пайдаланылады. Жетекші БАҚ-тар үшін де әлеуметтік желілер өздерінің тұрақты пайдаланушылары бар маңызды коммуникациялар арнасына айналды. Алайда интернетке енудің салыстырмалы төмен деңгейіне байланысты, қоғамдық маңызы бар ақпаратты тарататын онлайн-қоғамдастықтардың кең ауқымды пайдаланушыларының интернетке қолжетімдігі дәрежесі тым шектеулі.

Оның үстіне, қазіргі жағдайдың қоғамның ақпараттандырылуына қаншалықты септігі тиетінін бағалау қиын. Әлеуметтік желілер өздерінің пайдаланушыларының шептерін біріктіре отырып, сөз жоқ, өзекті жаңалықтарға жол ашады. Қазақстанда азаматтық журналистика әлі де нашар жетілгенмен, ақпараттық технологиялардың дамуының нәтижесінде пайдаланушылар жаңалықтарды кросс-постингтің көмегімен тарата бастады, сол арқылы жаңалықтарды талқылау дағдысын қалыптастыратын болды.

Қазақстандық блогерлер мен белсенділер әлеуметтік, әсіресе саяси мәселелерді көбірек талқылайды, бірақ қарым-қатынас орнатумен ғана шектелмейді. Кейбір азаматтық белсенділер көбінесе интернет-ресурстарды пікірлестерді біріктіру және жұртшылықтың назарын өзекті: интернетті заң тұрғысынан реттеуден – мұқтаждарға қаражат іздестіру, күн тәртібіндегі көкестесті міндеттерді талқылауға дейінгі мәселелерге аудару үшін пайдаланады. Әлеуметтік желілердің тікелей ықпал етуі дәрежесінің қаншалықты екенін анықтау қиын, өйткені онлайн-ортадан өзге, өзекті мәселелер де баспа және электрондық БАҚ-тарда талқыланады. Соған байланысты

---

<sup>116</sup> «Қазақстанның жастарға арналған ақпарат қызметі» қоғамдық қорының бас директоры Ирина Медниковамен электрондық пошта арқылы сұхбат, 2012 жылғы қазанның 27-сі.

<sup>117</sup> Бұл да сонда.

маңызды саяси және әлеуметтік мәселелердің шешіміндегі нәтижелерді қандай да бір нақты онлайн-ресурсқа жатқызу оңай емес. Интернет-технологиялардың азаматтық бастамаларды алға ілгерілетудегі айқын қатысуының мысалдары ретінде ең алдымен тікелей интернетте басталып, содан кейін ғана офф-лайн ортада қоғамдық толқу тудырған акцияларды атауға болады.

Цифрлық теңсіздік жағдайында интернет пайдаланушылардың көпшілігі жастар және ірі қалалардың тұрғындары болып отыр. Азаматтық белсенділер, әдетте, белгілі бір шамада шүбәлана отырып, қоғамның нақты іс-әрекеттерге баруына онлайн-белсенділіктің түрткі болатынына сенеді, өйткені қазіргі қалыптасып отырған саяси жағдайда азаматтық белсенділіктің кез келген түрі шектеулі.

## 4. Цифрлық медиа және журналистика

### 4.1. Журналистер және жаңалықтар редакциялары

#### 4.1.1. Журналисты

Мультимедиа қызметтері журналистердің кәсіби қызметінің бөлінбес бөлшегіне айналды: жұмыс тәжірибесі әртүрлі, тіпті 20 жылға дейін жететін 12 қазақстандық журналиспен жүргізілген сауалнама қорытындысы осындай.

Сауалға тартылғандардың бірқатары цифрлық технологиялардың журналистерге жаңалықтарды жинау, өңдеу және тарату ісінде көп көмегі тиетінін атап өтті. Тележурналист Әйгерім Ағылтаеваның пікірі бойынша, «көбірек көңіл бөлуге болатын адамдардың өмірінен алынған қиындықтар туралы баяндайтын блогерлердің арқасында біз елдегі хал-ахуал жайында көбірек білетін болдық».<sup>118</sup> Басқаша айтқанда, блогерлер қазақстандықтардың жетекші БАҚ-тарда көрініс таппаған қиын мәселелері туралы қосымша ақпарат та, балама түсіндірме де береді. Зерттеу барысында сауалнамаға қатысушылар цифрлық технологиялардың бір мезгілде журналистердің жұмысына көмектесетін, әрі бір мезгілде олардың материалдарының қажетті сұранысқа ие болуын көтеретін қызметімен келісетіндіктерін білдірді. Біріншіден, журналистердің ақпаратты әртүрлі дереккөздерден қашықта отырып-ақ жинап алуына болады. Екіншіден, жаңа технологиялар материалдарды жылдам жазу, түзету және жолдау, үшіншіден, жедел түрде оқырмандар мен сарапшылар арасынан пікірсайыс алаңын ұйымдастыру мүмкіндігін береді. Сонымен қатар журналистерде ақпаратты тұтынушыларға дәстүрлі және онлайн-платформалар (UGC-ресурстарды қоса алғанда) арқылы жеткізу, сондай-ақ ақпаратты онлайн-мұрағатта сақтау сияқты көптеген мүмкіндіктер пайда болды.

Журналистер, еңбектерінің жеңілдеуімен қатар, жаңа қиындықтарға тап болады. «Радио NS-тің бас редакторы Татьяна Раудың ойынша, ақпаратты қашықтан жинап және сұхбат алғанда, олардың материалдары жүзбе-көз қарым-қатынас орнату факторынан айырылады:

---

118 «Қазақстан» телеарнасының негізін салушылардың бірі, редактор және диктор Ә.Ағылтаевамен сұхбат, Алматы, 2012 жылғы қазанның 12-сі.

*«Менің пікірімше, цифрлық технологияларға көшу біз құратын медиа өнімнің: бағдарламалардың, сұхбаттардың, жарияланымдардың сапасын нашарлатты, – дейді Рау ханым. – Бұрын, сұхбат өткізу үшін, біз оның кейіпкерімен тікелей кездесуге тиіс болатынбыз, адамды сезіне және онымен ашық бола алатын немесе бола алмайтынымызды шеше алатынбыз. Жеке қарым-қатынас, адам факторы – журналистиканың аса маңызды элементі, ал цифрлық медианы кең қолданған, сұхбаттың электрондық пошта немесе телефон арқылы жүргізілуі мүмкін кезде, бұл фактор жоғалады. Менің ойымша, ақпарат іздеудің цифрлық технологиясын пайдаланып, журналист материалға сірә да өзінің ақпаратын қосады немесе анық болмауы мүмкін ақпаратты интернеттен алып пайдаланады. Сөйтіп, ақпаратты беру жылдамдығы оның сапасы мен сенімділігінен жоғары тұрады».<sup>119</sup>*

Тікелей ақпаратқа деген қажеттілік өз ережелерін талап етеді. Журналист жұмысының көлемі айтарлықтай артты. Онлайн-редактор Айжан Түгелбаеваның күн сайын 16-ға жуық материал даярлауына тура келеді, олардың 4-еуі «ара адамның қатысуынсыз, тікелей тура дереккөзден» алынуға, ал қалған 12-сі қосымша дереккөздердің түпнұсқалық өңделуі болуға тиіс.<sup>120</sup> Медиа-зерттеулер және журналистерді оқыту саласындағы үкіметтік емес ұйымды басқарушы, журналист және блогер Кәмила Жүсіпова атап өткендей, «бүгінгі күні тұтынушыларды күту мүлдем басқа – оқырмандар күніне 20 мақалаға дейін оқи алады, ал журналистер үшін соншама көп жазу қиын».<sup>121</sup> Сұхбатқа қатысушылардың басқаларының пікірінше, цифрлық технологиялар журналистерге ақпаратты жылдам жинаудың жаңа тәсілдерін ашып берді, бірақ сонымен бірге көлемдері үлкен, тақырыптары мен дереккөздері алуан түрлі материалдар даярлауға деген талаптар да жоғарылады.

Белгілі қаржы шолушысы Төлеген Асқаровтың ойынша, журналистер ұйымында қызметкерлерді басқаруды журналист еңбегінің нақты құнын анықтау қиындатады: «Медиа-бизнестегі мамандар саясатының бүгінгі таңдағы ең үлкен қиындығы – журналиске қанша ақы төлеу керектігі, өйткені енді ол журналист қана емес. Ол бір мезгілде блогер, суретке түсіруші және бейнеоператор болып отыр. Бұл рөлдердің әрқайсысын қалай бағалай аламыз?»<sup>122</sup> Асқаров мырзаның пікірі бойынша, мультимедиа машықтары және Алматы қаласында бес жылға жуық жұмыс тәжірибесі бар журналист бір мың немесе тіпті бір мың жарым доллар жалақыға үміт арта алады – бұл екі тарап: жұмыс беруші үшін де, қызметкер үшін де әбден ақылға қонымды жалақы.<sup>123</sup>

---

119 Радио NS-тің бас редакторы Т.Раумен сұхбат, Алматы, 2011 жылғы наурыздың 1-і.

120 TengriNews-тің редакторы, тілшісі А.Түгелбаевамен сұхбат, Алматы, 2011 жылғы 5 наурыз.

121 «Медиа стандарттар институты» қоғамдық қорының атқарушы директоры К.Жүсіповамен сұхбат, Алматы, 2012 жылғы қазанның 6-сы.

122 «BizMedia» Іскерлік журналистика орталығы» қоғамдық қорының президенті Т.Асқаровпен сұхбат, Алматы, 2011 жылғы наурыздың 25-і.

123 «BizMedia» Іскерлік журналистика орталығы» қоғамдық қорының президенті Т.Асқаровпен сұхбат, Алматы, 2011 жылғы наурыздың 25-і.



Үлкенірек жастағы немесе жастау, бірақ цифрлық технологиялармен жұмыс істеп үйренбеген журналистердің техникалық тұрғыда жақсы жаттыққан әріптестерінен артта қалып отырғаны анық. Бүгінде іс жүзінде барлық журналистер компьютерді, жоқ дегенде, материалды жинау, жазу және жолдау үшін пайдалана алады, ал кейбір жастау журналистер мультимедиалық құралдардың кеңірек ауқымын пайдалануға қабілетті. Жүсіпова ханым: «Қазіргі заманның технологиялары – жасы үлкенірек журналистер үшін ең қиын мәселе, алайда, менің ойымша, бүгінгі таңда журналистік нарық оларды жаңа нәрселерді меңгеруге мәжбүр етеді», – дейді.<sup>124</sup> Тәжірибесі мол кәсіби мамандар жұмыстарында электрондық поштаны, жаңалықтарды интернеттен іздеуді, басқа да онлайн-құралдарды игеруді үйреніп жатқан уақытта, жас журналистер әлеуметтік желілерді және өзге де ақпараттық инновацияларды сенімді түрде пайдаланады. Жасы үлкен журналистердің кейбіреулері жана платформалардың меншікті басылымдарын, телеарнасын немесе радиостанциясын пайдалануды әзірше жете бағалай алмай отыр. Олар, әдетте, мультимедиа қызметтеріне және олардың БАҚ-тың тұтынушылармен өзара қарым-қатынас жасау тәсілдеріне сапалы түрде ықпал ете алатын қабілеттеріне сенімсіздікпен қарайды.

Мақсаты жаңа медиа-құралдарды меңгеруде журналистерге көмек көрсету болып табылатын «Internews Kazakhstan» Newreporter.org жобасының үйлестірушісі болған Гүлім Әмірханова: «БАҚ-тарды басқарып отырған адамдар әлі күнге дейін кертартпа ойдан арылмаған. Көбінесе олар – үлкен жастағы адамдар. Интернетті ойын-сауықтар құралы ретінде көріп үйренген оларға оны мультимедиа журналистикасы үшін платформа деп қабылдау қиын».<sup>125</sup> Жақын келешекте «цифрлық теңсіздіктің» қысқартатыны айқын. Жүсіпова ханымның ойынша, алдағы жылдарда «цифрға дейінгі» дәуірдің журналистері зейнеткерлікке шығып, бұл цифрлық технологиялар пайда болғанға дейін және одан кейін оқыған журналистердің біліктігіндегі айырмашылықтарды азайтады».<sup>126</sup>

Сараптамашылар айтып өткен тағы бір мәселе – үлкен қалаларда жұмыс істейтін журналистер мен алыс жерлерде жұмыс істейтін журналистер арасында алшақтық артып отырғаны байқалады, өйткені жаңа құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілу және кеңсалалы интернеттің енуі үлкен қалаларда әлдеқайда жоғары.

Оқырмандардың қалаулары ақпарат көлемінің айтарлықтай қысқаруына келтірді. Сала құлаш ұзын материалдар оқырмандардың көпшілігі үшін тартымды емес. Жүсіпова ханымның пікірінше, журналистер тақырыптардың үлкен ауқымы бойынша қысқа мақалалар дайындауға тиіс: «Енді олардың анағұрлым көп жазуы керек. Оқырмандар, сірә, шағын мақалаларды оқиды, бірақ бұл журналистер жалқауланып кетті дегеннен емес. Бүгінгі күні оқырмандар өзгерді».<sup>127</sup> Интернетте оқуға қолжетімді көптеген материалдар және пайдаланушылардың бір сайттан екіншісіне жылдам

---

124 «Медиа стандарттар институты» қоғамдық қорының атқарушы директоры К.Жүсіповамен сұхбат, Алматы, 2012 жылғы қазанның 6-сы.

125 Internews Kazakhstan, New Reporter жобасының үйлестірушісі Г.Әмірхановамен сұхбат, Алматы, 2012 жылғы мамырдың 28-і.

126 «Медиа стандарттар институты» қоғамдық қорының атқарушы директоры К.Жүсіповамен сұхбат, Алматы, 2012 жылғы қазанның 6-сы.

127 Бұл да сонда.

ауысу мүмкіндігі, сөз жоқ, цифрлық технологиялардың осы үрдістің маңызды бөлшегі екенін көрсетеді.

Алайда журналистикадағы соңғы өзгерістердің барлығы дерлік цифрлаудан туған жоқ. Кейбір сарапшылар, ақпараттық технологиялардың үдемелі қарқынмен дамуына қарағанда, өзгермелі сұраныс пен саяси қысымның журналистерге қойылатын талаптарды көтеруге аз ықпал етпейтінін атап көрсетті.

Балама БАҚ-тардың іс-тәжірибесі экономикалық, технологиялық және саяси мәселелердің Қазақстандағы журналистикаға ықпал етуге қабілетті екенін көрнекі түрде көрсетіп бере алады. «Голос республики» газеті бас редакторының бұрынғы орынбасары Оксана Макушинаның айтуы бойынша, бастапқыда онлайн-форматқа көшу идеясы тікелей бизнес-шешім болған, содан кейін ғана бұл саяси прессингке байланысты қажеттілікке айналды. Тираждар тәркіленіп, баспаханаларға қысым көрсетілді, аталған газетке қарсы сот істері қаралып, ақыр соңында, олар газеттің жабылып, басқа атаумен шыға бастауына келтірді. Осындай жұмыс шарттарына бейімделудің нәтижесі «Голос республики» газетінің онлайн-БАҚ режиміне көшуі болды.<sup>128</sup> «Голос республикідің» бұрынғы бас редакторы Татьяна Трубачеваның пікірі бойынша, интернеттің пайда болуымен бірге, цензурамен күресу оңайырақ бола бастады. «Қазір интернеттің көмегімен «Голос республики» газетінің үнін өшіру мүмкін емес».<sup>129</sup>

«Голос республики» және басқа да жаңалықтардың балама ресурстары 2012 жылдың аяғында үкіметтің талап-арызы бойынша жабылды. Баспа нұсқасы енді басылмағанмен, бұл газет сервері бар веб-сайтта Қазақстаннан тыс жерлерде және әлеуметтік желілердегі аккаунттар арқылы қолжетімді болып отыр.

Журналистикаға ықпал ететін экономикалық факторлар – ол бәсекенің көтерілуі, артып отырған сұраныс, жарнамаға шығыстардың қысқартылуы және тағы басқалары. БАҚ-тарға бақылау жасау әрекеттері күшейіп келеді, коммерциялық БАҚ-тардың иеленушілері мен саяси партиялардың құқықтары теңелді (6.1-тармақты қараңыз), бұл әсіресе «Нұр Отан» партиясына қатысты. Қалыптасып отырған жағдай келесі үрдісті білдіреді: оппозициялық және тәуелсіз саяси партиялардың саны қысқарғаны, олардың қызметі (әсіресе оң, дұрыс қызметі) туралы ақпараттың таралуы шектелгені байқалады.

#### **4.1.2. Этикалық ұстанымдар**

2012 жылғы қазанның соңында «Қазақстан Республикасының журналист этикасы кодексі» қабылданды. Бұндай құжат әзірлеудің қажеттігі туралы идеяны алғаш рет президент Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: жалпыға бірдей еңбек қоғамына қарай жиырма қадам» атты мақаласында жария еткен-ді. Кейіннен заңдық күші жоқ болуына қарамастан,

---

128 «Голос республики» газеті бас редакторының орынбасары Оксана Макушинамен сұхбат, Алматы қ., 2011 жылғы сәуірдің 11-і.

129 «Голос республики» газеті бас редакторы Т.Трубачевамен сұхбат, Алматы қ., 2012 жылғы желтоқсанның 29-ы.

аталған кодексті журналистердің бір тобы қабылдады.<sup>130</sup> Мемлекеттік БАҚ-тардың мәлімдеуі бойынша, бұл құжат медиа-қоғамдастықтың кең қолдауына ие болған, алайда басқалары оны карама-қайшылықсыз емес деп санаған. Орталық Азия мен Кавказдағы қиындығы бар мәселелер туралы сын материалдар жариялайтын Registan.net ақпаратына сәйкес, аталған кодекс жұмыс тобы құрамында тәуелсіз журналистердің болмауы себепті сенімсіздік тудырады. «Кодекс президенттің жарлығы бойынша әзірленгендіктен, тайсалмай тура баяндайтын материалдармен күрес жүргізудің күн ілгері істелетін шарасына айналуы мүмкін».<sup>131</sup>

Сарапшылардың ойынша, журналистердің этикалық мінез-құлқындағы өзгерістер көп жағдайда БАҚ-тардың редакциялық саясатына меншік иелері немесе үкімет тарапынан қысым көрсетілуінен туады. Ақпарат өндеуде журналистерден жеделдікті талап ететін технологиялардың дамуы кейбіреулердің этикалық ұстанымдарды көзге ілмеуінің түпкі себебі емес. «Время» газеті редакторының бұрынғы орынбасары, қазір «Forbes Kazakhstan» порталының редакторы болып отырған Вадим Борейко айтқандай, «егер журналист жас кезінде әділдіктің негізгі ұстанымдарына, алаламайтын риясыздық пен этикаға үйренбеген болса, онда қазіргі заманғы технологиялардың осы мағынада оның мамандығына, сірә, көмегі тие қоймас».<sup>132</sup>

Сарапшылар жаңа медиа-құралдардың өздігінен ақпарат беруде қателіктердің орын алуына себеп бола алмайтынын, қателіктердің пайда болуы ықтималдығын журналистерді солай жұмыс істеуге мәжбүр етіп отырған жылдамдық арттыратынын атап айтты. Одан өзге, материалдар көбінесе сайттарда тікелей, ыждағатты редакторлық тексеріссіз жарияланады.<sup>133</sup> Nur.kz-тің редакторы Жанна Прашкевичтің ойынша, материал интернетте жарияланғаннан кейін қателікті жою қиын, өйткені ақпарат желі бойынша өте жылдам тарайды.<sup>134</sup>

Жүсіпова ханым: Өкінішке қарай, қателіктер өте көп, өйткені әртүрлі деректер, оның ішінде сыбыстар да көп», – деп келіседі.<sup>135</sup> Сонымен қатар ол фактілердің егжей-тегжейлі тексерілмейтінін атап өтті:

*«Жазбас бұрын журналистер ақпаратты басқа дереккөздердің көмегімен тексеріп алуға тиіс, бірақ олар оны мүлдем істемейді. Фактілер соншалықты мұқият тексерілмейді, өйткені ақпараттың ықтимал көздерінің барлығы бірдей пайдаланылмайды. Бұрын біздің*

---

130 CaspioNet, «Қазақстанда журналист этикасы кодексі қабылданды», 2012 жылғы қазанның 30-ы, [http://caspio.net/kz/eng/general/Code\\_of\\_journalism\\_ethics\\_adopted\\_in\\_Kazakhstan\\_1351662884.html](http://caspio.net/kz/eng/general/Code_of_journalism_ethics_adopted_in_Kazakhstan_1351662884.html) (қолжетімді күн: 2013 жылғы сәуірдің 17-сі).

131 К.Рэнсон, «Қазақстанның Журналистер одағы мен Бас редакторлар клубы Этика кодексін қабылдады, Registan, 2012 жылғы қарашаның 1-і, <http://registan.net/2012/11/01kazakhstans-union-of-journalists-and-head-editors-club-adopt-ethics-codex/> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қарашаның 2-сі).

132 «Время» газеті редакторының бұрынғы орынбасары, қазір «Forbes Kazakhstan» порталының редакторы Вадим Борейкомен сұхбат, Алматы қ., 2011 жылғы наурыздың 9-ы.

133 TengriNews редакторы және тілшісі Айжан Түгелбаевамен сұхбат, Алматы, 2011 жылғы наурыздың 5-і.

134 «GOOD» жарнама агенттігінің PR-маманы, Nur.kz-тің редакторы Жанна Прашкевичпен сұхбат, Алматы, 2011 жылғы наурыздың 14-і.

135 «Медиа стандарттар институты» қоғамдық қорының атқарушы директоры К.Жүсіповамен сұхбат, Алматы, 2012 жылғы қазанның 6-сы.

*бір-екі, көп дегенде, үш дереккөзді тексеруіміз қажет болатын, ал бүгінде дереккөздер анағұрлым көп».*<sup>136</sup>

Ж.Прашкевич журналистің этикасы мен біліктілігіне қатысты тағы бір көкейтесті мәселені атап көрсетті – ол өз материалдарында пайдалану үшін мәтінді басқа дереккөздерден көшіріп алу (ағылшынша – copy-paste). Онлайн-технологиялар осы үдерісті тым оңай етеді. Көбінесе бұл журналистерден әртүрлі тақырыптардағы ақпараттың үлкен көлемін қысқа мерзім ішінде жинау талап етілген жағдайда орын алады. Алайда Прашкевич ханымның ойынша, бұл – уақытша қиындық:

*«Тұтынушылар көшіріліп алынған материалдарға әбден «тойып болғанда», оның басқа бір нәрсеге көңілі ауады. Меншік иелері редакторлардан өңделген құрғақ материалдарды емес, тунұсқалық материалдарды дайындауды талап ететін болады. Интернет-журналистика SEO-технологияларды (ағылшынша – search engine optimization), яғни іздестіру жүйелерін оңтайландыру технологияларын ескермей тұра алмайды. Іздестіру жүйесі сайтта көшіріп алынған материалдарды тапқан кезде, оларды ол іздестіру нәтижелерінің соңына орналастырады. Тунұсқалық материалдар есебінен іздестіру жүйесі сайттың рейтингін дереу көтереді. БАҚ-тардың «өңдеуінен» құтылу қиын, бірақ бұл оларға жетістік әкелмейді. Ақпарат өнімінің сапасын көтеру үшін, жұмыс істеу тәсілдерін қайта қарау қажеттігі туды».*<sup>137</sup>

Сарапшылар, сөз жоқ, мағлұмдалып отырған этикалық нормалар мен журналистер ұстанатын этикалық нормалар арасында елеулі айырмашылық бар екенімен келісетіндіктерін білдірді. БАҚ-тардың меншік иелері материалдардың дайындалуы барысында өздерінің мүдделері есепке алынуын қадағалап отырады. Сөйтіп, олардың жеке немесе кәсіби мүдделерінің пайдасына жүретін ақпарат жарық көреді де, ал оларға қарсылар шықпайды (егжей-тегжейлірек 7.3-тармақтан оқуға болады). Сарапшылардың ешқайсысы цифрлық ақпараттық технологиялардың журналистиканы меншік иелерінің мүдделерін ілгерілету құралы дейтін кең таралған пікірді өзгертуге қабілетті екеніне сенбейді.

Тағы бір этикалық мәселе – ол жасырын жарнама орналастыру немесе «тапсырыс»<sup>138</sup> деп аталатын тәжірибе. Кейбір қазақстандық БАҚ-тар тәжірибесінде жаңалықтарда жағымды жағынан көрсете айтылуы немесе материалдың өзінің жариялануы баспагерге немесе БАҚ иесіне белгілі бір ақы төлеу арқылы іске асады. Блогтардың пайда болуына байланысты бұл үлгінің қаншалықты өзгеретіні немесе нарықтағы жағдайға бейімделіп алған соң сақталатыны белгісіз. Жаңа медиаларда редактор тарапынан бақылау мүлдем азайған, бұл материалдар үшін ақша өндіріп

136 «Медиа стандарттар институты» қоғамдық қорының атқарушы директоры К.Жүсіповамен сұхбат, Алматы, 2012 жылғы қазанның 6-сы.

137 «GOOD» жарнама агенттігінің PR-маманы, Nur.kz-тің редакторы Жанна Прашкевичпен сұхбат, Алматы, 2011 жылғы наурыздың 14-і.

138 Бұл жерде: орыс тіліндегі «заказать» сөзінен алынып, «тапсырысты орналастыру» деген мағынада қолданылып отыр.

алу ықтималдығын төмендетеді.<sup>139</sup> Блогерлер өздеріне жарнама берушілер өтінішпен келген, тіпті әуелі өздерінің жеке беттерінде орналастырған материалдар үшін ақы алған жағдайлар болғанын айтады. Сөйтіп, «тапсырыстарды» онлайн-ортаға енгізу бойынша іс-қадамдар қолға алынып жатыр (кеңірек 7.3.1-тармақтан біле аласыз).

## 4.2. Журналистік зерттеу

Сарапшылар журналистік зерттеудің, – сөздің Батыста қолданылатын мағынасында, – қазақстандық БАҚ-тарда жүргізілмейтінімен келіседі. «Журналистік зерттеу жанрының Қазақстанда күні біткен деуге болады, – деп мәлімдеді Медникова ханым. – Осы жанрға мамандандырылған және тұрақты түрде журналистік зерттеулерді жариялап отыратын ресурстар жоқ».<sup>140</sup>

Вадим Борейконың пікірінше, бүкіл елде нағыз журналистік зерттеулермен айналысатын жалғыз журналист – Геннадий Бендицкий. Ол сұхбат берілген кезде Борейко мырзамен бірге «Время» газетінде жұмыс істеген. Бүгінде Г.Бендицкий «31-арнада» «Час Бендицкого» деп аталатын журналистік зерттеулердің апта сайынғы телевизиялық шоуын жүргізеді.<sup>141</sup> «Свобода слова» және «Голос республики» газеттері зерттеулер жүргізеді, бірақ олар, В.Борейконың пікірінше, сенім тудырмайды. «Бұлардың материалдары әлдебір жасырын атпен келетін хаттарға немесе тіпті электрондық хаттарға негізделеді. Ондай материалдар жай ғана сыбыстар немесе сенімсіз фактілер болуы мүмкін, ал олар үшін – жариялауға жеткілікті негіздеме».<sup>142</sup>

Әдетте, жетекші БАҚ-тар журналистік зерттеулерді жарияламайды. Үкіметтік бақылауды және ықпалы зор меншік иелерінің мүдделерін ескеріп, басылымдар қиындықтары көп мәселелерді сирек зерттейді. Егер басылым зерттеуге бел шешсе, онда белгілі бір қысымға ұшырайды. Журналистердің бірі құпиялылықты сақтау шартымен төмендегіні айтты:

*«Үкіметтік телеарнада жұмыс істеген кезде, өзімнің бағдарламамда мен әлеуметтік мәселелерді баяндайтынмын. Әділдік, шынайылық мақсатында мен ақпаратты қарсы тараптан алмақ едім, бірақ қиындыққа тап болдым: материалыма тәуелсіз түсіндірмелер мен қарсы пікірлер қосқаным меншік иесіне ұнамады. «Бұлай істеуіңізге болмайды», – деп ашық айтудың орнына, менің басқа топтардың жарнамасы мен PR-ын жасағаным айтылды, бірақ іс жүзінде олай емес еді. Біз шын мәнінде үкіметтің мүдделерін ғана алға ілгерілетуге тиіс болдық».*

139 «BizMedia» Іскерлік журналистика орталығы» қоғамдық қорының президенті Т.Асқаровпен сұхбат, Алматы, 2011 жылғы наурыздың 25-і.

140 «Қазақстанның жастарға арналған ақпарат қызметі» қоғамдық қорының бас директоры Ирина Медниковамен электрондық пошта арқылы сұхбат, 2011 жылғы наурыздың 13-і.

141 «Время» газеті редакторының бұрынғы орынбасары, қазір «Forbes Kazakhstan» порталының редакторы Вадим Борейкомен сұхбат, Алматы қ., 2011 жылғы наурыздың 9-ы.

142 Бұл да сонда.

Қазақстанда кез келген сын материалы тәуекелдікті қажет етеді. «Менің журналистік зерттеулердің жай-күйіне беретін бағам – жанр нашар дамып жатыр. Бұл әбден мүмкін, себебі журналистер бұл жанрда жұмыс істеуден қорқады: зерттеуді талап етпейтін әлдебір жаңалықтар материалдарын жазу анағұрлым оңай»,<sup>143</sup> – дейді жаңалықтардың онлайн-редакторы Айжан Түгелбаева.

Журналистік зерттеулердің құқықтық негіздемесіне «Қазақстан Республикасының ақпарат және коммуникациялық желілер мәселелері бойынша бірқатар заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы ықпал етті. Ол интернет-ресурстарды БАҚ-тарға теңдестіріп, оларды реттеу механизмін қатайтты<sup>144</sup> (бұл туралы егжей-тегжейлі 7.1.2.1-тармақтан оқуыңызға болады). 2012 жылдың шілдесінде қабылданған «Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заң ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету деген желеумен шенеуніктер тарапынан БАҚ-тарға тікелей бақылау жасау мүмкіндіктерін кеңейтіп отыр.<sup>145</sup>

«Әділ сөз» қоғамдық қорының заң қызметтерін басқарушы Ганна Красильникованың пікірі бойынша, зерттеулермен айналысатын журналистер заң тұрғысынан айтарлықтай қауіп-қатерлерге тап болады. БАҚ-тардың жұмысын реттейтін заңнама да, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелері де журналистердің қауіпсіздігіне кепілдік бере алмайды. Өшкерелеудің кез келген түрі «жала жабу әрекеті» деп айыпталуға ұрындырады. Халықаралық стандарттар бұл жерде қолданылмайды».<sup>146</sup>

Прашкевич ханым да, нарықтың қысымын Қазақстандағы журналистік зерттеулер үшін кедергі ретінде ерекше атап өтті: «Ондай зерттеулер жүргізу – БАҚ-тар мен баспа үйлері үшін арзан нәрсе емес. Зерттеуші журналистиканың ілесе жүретін қауіп-қатерлеріне өзге, ол көп уақытты сарп етуді талап етеді».<sup>147</sup> Жаңа технологиялар зерттеулер жүргізу үшін қосымша мүмкіндіктер ашқанмен, оны пайдаланатындар аз.

#### 4.2.1. Мүмкіндіктер

Қазақстанда дәстүрлі БАҚ-тар журналистік зерттеулерді аз жүргізетін болса да, цифрлау ол үшін бұл жанрдың дамуына септігін тигізе алатын жаңа құралдар берді. Технологиялар ақпараттың саны көп көздеріне және билік органдары тарапынан аз дәрежеде бақыланатын мультимедиа қызметтерінің көмегімен оқырмандармен қарым-қатынас жасаудың жаңа тәсілдеріне жол ашты (бұл туралы 4.2.3-тармақтан оқи аласыз).

---

143 Tenginews редакторы және тілшісі Айжан Түгелбаевамен сұхбат, Алматы, 2011 жылғы наурыздың 5-і.

144 Comport.region.kz/, «Қазақстанда интернетті реттеу туралы Заң», 2009 жылғы қаңтардың 22-сі, <http://comport.region.kz/forum/viewtopic.php?p=19960> (қолжетімді күн: 2013 жылғы 17 сәуір).

145 Қазақстан Республикасының 2012 жылғы қаңтардың 6-ындағы № 527-IV «Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңы, [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31106860](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31106860) (қолжетімді күн: 2013 жылғы сәуірдің 17-сі).

146 «Әділ сөз» қоғамдық қорының заң қызметтерін басқарушы Г.Красильниковамен сұхбат, Алматы қ., 2012 жылғы қарашаның 4-і.

147 «GOOD» жарнама агенттігінің PR-маманы, Nur.kz-тің редакторы Жанна Прашкевичпен сұхбат, Алматы, 2011 жылғы наурыздың 14-і.

Цифрлау журналистік зерттеулер үшін материалдар іздестіруді жеңілдетті, алайда даулы және карама-қайшы тақырыптар (мысалы, шенеуніктердің асырапайдаланушылық фактілері) бойынша ақпарат тауып алу жеткілікті дәрежеде қиын. Журналистер фактілерді интернетте орналастырылған деректер қорларынан ала алады, бірақ бұлар бойынша сапалы зерттеу жүргізу қиын.

«Солтүстік Қазақстанның құқықтық медиа-орталығы» қоғамдық қорының жобасы журналистік зерттеу жүргізу үшін ақпараттық себеп болды. Ол ақпарат саясатын жүргізуге мемлекеттік тапсырыс алатын БАҚ-тардың деректер қорын құрған-ды.<sup>148</sup>

«Солтүстік Қазақстанның құқықтық медиа-орталығы» қоғамдық қорының президенті Диана Окремованың сөзі бойынша, журналистер, өкінішке қарай, зерттеулер жүргізу үшін бұл ақпаратты осы уақытқа дейін пайдаланған жоқ.<sup>149</sup>

#### 4.2.2. Қоқан-лоқылар

Қазақстанда интернет пікірсайыстар мен азаматтық белсенділік үшін еркін тұғыр ғана емес (3.2-тармақты қараңыз), ол сонымен қатар БАҚ-тарды тарату арнасы да болып отыр. Үкімет, өз кезегінде, өзіне жағымсыз контентті сүзгіден өткізу арқылы ақпараттық кеңістіктің осы сегментіне бақылау орнату шараларын қабылдады. Сотқа шағым түсіру және қысым көрсетудің басқа да түрлері қудалаудың қосымша әрекеттері болып табылады (бұл туралы кеңірек 7.3-тармақтан біле аласыз).

Занда көзделген шектеулер мен басқа да қысым тәсілдерінен өзге, «Голос республики» газетін, Azattyq радиосын, Guljan.org сайтын қоса алғанда, тәуелсіз немесе балама БАҚ-тар тосқауыл қою немесе DDoS шабуылдардың нысанасына айналады. Осындай әрекеттердің бастаулары мен уәждерін дәл анықтау қиын болса да, кейде ықтимал дәлелді интернет-ресурстың тоқтатылған уақыты (айы-күні) көрсетеді. Жаңалықтар сайты Zona.kz 2007 жылы саяси көшбасшылар арасында болған телефондағы сөйлесулерден кейін жабылды.<sup>150</sup> 2011 жылы Guljan.org-тың редакторы Гүлжан Ерғалиева билік құрылымдары туралы сын мақалалар жариялағанына жауап ретінде өзінің сайтына DDoS шабуылдары жасалғанын мәлімдеді,<sup>151</sup> 2011 жылғы президенттік сайлау науқаны кезінде мемлекеттік интернет-провайдерлер – «Қазақтелеком» АҚ-ы мен «Нұрсат» Azattyq радиосына («Свободная Европа», Радио Свобода» радиоларының қазақша қызметі) тосқауыл қойды.<sup>152</sup>

148 «Солтүстік Қазақстанның құқықтық медиа-орталығы» қоғамдық қоры, БАҚ-та мемлекеттік тапсырыс алушылардың деректер қоры, <http://legalmediacenter.kz/2012-10-04-10-02-31.html> (қолжетімді күн: 2012 жылғы желтоқсанның 29-ы).

149 «Солтүстік Қазақстанның құқықтық медиа-орталығы» қоғамдық қорының президенті Д.Окремовамен сұхбат, Алматы қ., 2012 жылғы желтоқсанның 19-ы.

150 Р.Ван Хорн, «Орталық Азия: Цензура 3.0 және онлайн сөз бостандығы үшін күрес», Eurasianet, 2011 жылғы қарашаның 7-сі, <http://www.eurasianet.org/node/64461>. (қолжетімді күн: 2013 жылғы сәуірдің 17-сі).

151 «Әділ сөз» ҚҚ, «Гүлжан Ерғалиеваның веб-сайтына Қазақстандағы DDoS шабуылдардың нәтижесінде тосқауыл қойылды», 2011 жылғы шілденің 21-і, <http://www.adilsoz.kz/en/newsen/website-of-guljan-ergalieva-was-blocked-by-kazakhstan-ddos-attacks/> (қолжетімді күн: 2013 жылғы сәуірдің 17-сі).

152 «Свободная Европа/Радио Свобода» радиосы, «Қазақстанда президент сайлауы науқаны басталар тұста «Свободная Европа» радиосының сайтына тосқауыл қойылды, 2012 жылғы наурыздың 4-і, [http://www.rferl.org/content/press-release\\_rfe\\_websites\\_blocked\\_kazakhstan/2326174.html](http://www.rferl.org/content/press-release_rfe_websites_blocked_kazakhstan/2326174.html). (қолжетімді күн: 2013 жылғы сәуірдің 17-сі).

Журналистік зерттеулердің дамуы жолындағы ескірген, қарабайыр кедергі – ол қоғамда маңызды сипаты бар толық, әрі айқын деректердің ашық, қолжетімді болмауы. Олардың пайда болуы Қазақстанда журналистік зерттеулер жанрын дамыту бойынша маңызды қадам бола алар еді.

### 4.2.3. Жаңа платформалар

Блогтарды журналистік зерттеулердің дереккөздері ретінде пайдалану туралы сарапшылардың пікірлерін айтсақ, мысал ретінде кейбіреулері Yvision.kz Newreporter.org платформаларын ауызға алады, бірақ олардың материалдарын көбінесе дәстүрлі БАҚ-тарда көрініс таппайтын азаматтық оқиғалар журналистикасына жатқызуға болады. Осындай мысалдардың бірі журналистика факультетінің деканын қызметінен босату туралы хабар болды.

Интернеттегі зерттеулер дереккөздерінің арасында журналист Ирина Медникова «Азаттық» радиосы» сайтындағы «Блогистан» блогын атаған-ды, бірақ сол уақытта ол атышулы журналистік зерттеулердің мысалдарын келтіруге қиналды:

*«Кейде мен қиындығы бар мәселелерді және оларға жасалған талдауларды Әлішер Елікбаев, Ольга Каплина, Марат Шибұтов, Роман Райфельд және Алексей Гончаров сияқты журналистер мен блогерлердің сайттарынан көріп қаламын. Бірақ тіпті осындай жағдайларда да біз шын мәнінде журналистік зерттеу деп атауға болмайтын материалдарға кез боламыз».*<sup>153</sup>

Негізгі себеп мынада: бірқатар себептерге байланысты Қазақстанда журналистік зерттеулер жүргізу қиын. Төлеген Асқаровтың пікірінше, дәстүрлі БАҚ-тарға қарағанда, бұл блогерлер үшін қиындау. «Бұл олардың қолдарынан келмейтіндігінен немесе ниеттері жоқтықтан емес, бәлкім, қаржылай қолдау көрсете алатын, материалды дайындау барысында материалға анық сенімділік қосатын, әрі қорғауға қабілетті институттық байланыстар жетіспей жатқан шығар», – дейді Асқаров мырза.<sup>154</sup> Блогерлер: ақпаратқа қол жеткізу үшін үкіметті қолдау немесе ресми дереккөздерге күмән келтіре отырып, ақпаратқа қол жеткізе алмау, тосқауылға тап болу іспетті дәстүрлі әдетке (дилемма) тап болады.

### 4.2.4. Жаңалықтар тарату

Сарапшылардың көпшілігі цифрлық платформалардың жаңалықтарды таратуға және тұтынушылар ауқымын кеңейтуге, сол арқылы қоғамдық маңызы бар алуан түрлі тақырыптар бойынша пікірсайыстарға қатысушылардың санын арттыруға көмегі тигенін атап өтті.

Сарапшылар журналистік зерттеулерге маманданып жатқан интернет-ағандарды атауға қиналса да, олар интернет пайдаланушы қазақстандықтардың интернет-форумдарды («Центр тяжести», «Все

---

153 «Қазақстанның жастарға арналған ақпарат қызметі» қоғамдық қорының бас директоры Ирина Медниковамен электрондық пошта арқылы сұхбат, 2011 жылғы наурыздың 13-і.

154 «BizMedia» Іскерлік журналистика орталығы» қоғамдық қорының президенті Т.Асқаровпен сұхбат, Алматы, 2011 жылғы наурыздың 25-і.



вместе»), интернет-сайттарды (Azattyq.kz, Yvision.kz, Voxropuli.kz) және әлеуметтік желілерді (Facebook, YouTube, Kiwi) ақпараттық дәлелдемелерді іздестіру үшін белсенді пайдаланатынын атап көрсетті.

Мысалы, журналист-зерттеуші Геннадий Бендицкий «Время» газетіндегі басылым сайтында өзінің бетін жүргізді. Оның өте-мөте танылған материалдарын қарағандар саны 10 мыңнан артық.<sup>155</sup> Басқа мысалдардың арасынан Ардақ Бөкееваның қазақстандық «ҚазМұнайГаз» мұнай компаниясында грузиндік «Боржоми-Дикани» санаторийін қайта құру барысында орын алған сыбайлас жемқорлық әрекеттері туралы жүргізген журналистік зерттеуін бөліп айтуға болады. Материал «Голос республики» газетінде жарияланды, өйткені басқа БАҚ-тар оны жарыққа шығарудан бас тартты.<sup>156</sup>

Қазақстанда өкілдіктері бар халықаралық үкіметтік емес ұйымдар ақпаратты жинау және тарату ісінде салыстырмалы еркіндікке ие. Сол арқылы олар жергілікті және халықаралық қоғамдастықтардың өзара ықпалдастығын орнату арнасына айналады.

### 4.3. Әлеуметтік және мәдени әртүрлілік

#### 4.3.1. Қиын мәселелер

Қазақстан – көпұлтты, көптілді, көпконфессиялы ел: онда 130-ға жуық этностық топ өкілдері өмір сүріп жатыр. Олардың ішіндегі ең ірілері – қазақтар, орыстар, өзбектер, украиндар және ұйғырлар («Мәнмәтінді» қараңыз). Бұл – Орталық Азия аймағындағы ең бір экономикасы дамыған, халқы көп, еңбек мигранттары ағылып келетін ел. Иммиграциялық бақылауға (жұмыс беруші тарапынан міндетті қолдау болуын талап ету, қатаң шекаралық және визалық бақылау, көші-қон қызметінде міндетті тіркелу сияқты) қарамастан, Қазақстанда жұмыс істеуге көптеген жұмыскерлер, әсіресе Өзбекстаннан – өзбектер және Қытайдың солтүстік-батысынан ұйғырлар келеді. Қазақстандық қоғамның көпұлтты этностық құрамы мен көпконфессиялылығын назарға алғанда, ұлттық сәйкестік мәселелері мемлекеттік саясаттың көкейтесті тақырыптарының қатарында тұр.

Үкімет этносаралық және мәдениетаралық үйлесімдікке ұмтылатынын ресми түрде жариялап отыр. Елде «Қазақстан халқы бірлігінің мерекесі» (1 мамыр) белгіленді. Астанада тұрақты түрде діни плюрализм мәселелеріне арналған «Дүниежүзілік және дәстүрлі діндер конгресі» өтіп тұрады.

Алайда шын мәнінде жағдай мемлекеттік шенеуніктердің баяндамаларындағыдай емес. 2010 жылы БҰҰ-ның тәуелсіз сарапшылары комиссиясының баяндамасында сарапшылардың

---

155 Г.Бендицкий, «Кровавый кордон», Время, <http://www.time.kz/index.php?module=news&search=c2e7ff1611400c0a71865794892345f16> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қарашаның 1-і).

156 А.Бөкеева «ҚазМұнайГаз ақшаны қалай Боржомиге апарып көмді», Голос республики, 2012 жылғы қаңтардың 27-сі, <http://www.facebook.com/notes/газета-республика/как-казмунайгаз-зарывал-деньги-в-боржоми/318501358192031> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қарашаның 1-і).

алаңдаушылығын тудыратын әлеуметтік азшылықтардың бірқатар мәселелері жария етілді.<sup>157</sup> Атап айтқанда, бұл – елдің жалпы саяси көрінісінде әлеуметтік азшылықтар өкілеттіктерінің төмен болуы, тіл саясатына тірелетін мәселелердегі қиыншылық, діни азшылықтарға, әсіресе дәстүрлі емес (мысалы, «Ехоба куәгерлері» сияқты) діндерге қысым көрсету, жекелеген этностық топтарды қабылдаудағы таптаурындық және этносаралық зорлық-зомбылық оқиғаларының орын алуы іспетті мәселелер.

ЛГБТ\* және олардың қоғамдастықтарына қатысты төзімділікті қоғам қабыл алмайды деуге болады. Тәуелсіздік алғаннан кейін көп кешікпей-ақ гомосексуализм қылмыстық іс санатынан шығарылғанмен, ЛГБТ-қоғамдастықтарының мәселелері туралы БАҚ-тарда сирек жазылады. Дәстүрлі қазақ мәдениеті еркектердің үстемдігіне негізделген. Көбінесе оның себебі исламның баяғыдан бергі бұлжымас қағидаларына негізделген діни дәстүрлерде жатыр. Одан өзге, кеңес заманынан қалған мирас та күшін жойған жоқ (КСРО-да гомосексуализмге тыйым салынған, ал гомосексуалистер қатты қуғын-сүргінге ұшырайтын). Нәтижесінде, гомосексуализм іштей шеттетіледі, ал сырттай көбінесе еленбейді. Бұл азды-көпті бірдей дәрежеде биліктің барлық деңгейлеріне, жалпы қоғамға және БАҚ-тарға, сондай-ақ басқа да әлеуметтік сәйкестік бағыттарына тән көрінеді. ЛГБТ мәселелеріне төзімділікті көтеру бойынша бірізді сабақтас күш-жігер жұмсау шаралары аз қабылданады.

#### 4.3.2. «Өткір» мәселелердің БАҚ-тарда көрініс табуы

«Өткір» тақырыптарды жариялауда цензура қолданылмағанмен, үкімет реті келгенде БАҚ-тарға ұсыныстар береді, нәтижесінде, БАҚ-та өзіндік цензураның дамуына ықпал етеді. Сөйтіп, БАҚ-тар әлеуметтік мәселелердің ұлтаралық сипатына баса назар аудармауға, оларды жай ғана тұрмыстық қақтығыстар деп жариялауға тырысады.

БҰҰ есеп-қисабының деректері бойынша, «БАҚ-тарда этносаралық қақтығыстарды жариялауға үкімет тарапынан шектеу қою жағдайлары орын алғаны туралы хабарланады. Биліктегілердің қолымен жасалып отырған этносаралық үйлесімдік бейнесіне залал келтірмеу үшін, үкімет этносаралық шиеленіс деңгейін жасыру саясатын қолданатынын азаматтық қоғам өкілдері растап отыр.<sup>158</sup> Сонымен қатар есептемеде кейде БАҚ-тардың өздерінің этносаралық шиеленістің күшеюіне себеп болатыны айтылған: «Ұлтаралық үйлесімдіктің сақталуын қамтамасыз ету үшін, сырт көзге көрінбейтін, «алға бір қадам да жылжымай жатқан» мәселелер ашық талқылануға тиіс. Ұлтшылдықтың озбыр көрінісіне және нәсілдік немесе діни жеккөрушілікке азғыруға жауап ретінде БАҚ-тарда да, қай жерде болса да, тиісті шаралар қабылдануы керек».<sup>159</sup>

---

157 БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі Жоғары комиссарының кеңсесі (ОНЧР), *Тәуелсіз сарапшының азшылықтар мәселелері бойынша баяндамасы*, Қазақстанға миссия, <http://www.ohchr.org/EN/countries/ENACARegion/Pages/KZIndex.aspx> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қарашаның 1-і) (ары қарай – ОНЧР, «Азшылықтар мәселелері бойынша баяндама», Қазақстанға миссия).

\* ЛГБТ – лесбиянкалар, гомосексуалистер, бисексуалдар, транссексуалдардың қысқарған атауы.

158 ОНЧР, «Азшылықтар мәселелері бойынша баяндама», Қазақстанға миссия, 18-бет.

159 ОНЧР, «Азшылықтар мәселелері бойынша баяндама», Қазақстанға миссия, 21-22-беттер.

БАҚ-тың этносаралық мәселелерді жариялауына үкіметтің араласуына заң жүзінде мынадай: мемлекеттің тұтастығын бұзуға әрекет жасау, экстремизмді насихаттау, ұлтаралық, әлеуметтік және басқадай өшпенділік отын тұтату, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіру жағдайларында рұқсат етілген. Сонымен қатар келелі мәселелер көтеретін материалдардың жариялануына тосқауыл қоятын басқа да заңдар мен әдістер қолданылады.<sup>160</sup> Бұл нормалар сын тұрғысындағы материалдар интернетте де (Posit.kz), теледидарда («АРТ ТВ», Қарағанды) да шығып тұратын БАҚ-тарды тыю үшін көп рет пайдаланылған. Екі жағдайда да ақпараттық дау-дамай тақырыбына айналған контентті журналистер емес, пайдаланушылардың өздері тудырған-ды.

Жалпы айтқанда, қазақстандық БАҚ-тар этностық топтарға қатысты келісім мен төзімділіктің ресми саясатын ұстанады. Қазақстанда қандай да бір этностық топқа қатысты айқын тысқары пікір немесе қате түсінік жоқ. Алматы мен Павлодар секілді кейбір қалаларда бұрын орыс жұртшылығы басым болатын, ал қазір тұрғындардың көпшілігін қазақтар құрайды. БАҚ-тар, өз кезегінде, этностық және мәдени өзіндік сәйкестіктің жағымды, оң қырларын баяндап отырады. Этностар арасындағы шиеленіс көбінесе тұлғалар арасында жасырын (байқалмайтын) деңгейде көрініс береді. «MediaNet» халықаралық журналистика орталығының 2011 жылы жариялаған есептемесінде мемлекеттің ықпал етуімен әлеуметтік азшылықтардың мәселелерін жариялауда БАҚ-тардың шектеліп отырғаны айтылады.<sup>161</sup> Зерттеу барысында анықталғандай, азшылықтар өкілдерінің, БАҚ-тардың және азаматтық қоғамның пікірлері бойынша, азшылықтар мәселелерін БАҚ-тар «бейтарап» (сауалға жауап бергендердің 55%-і) жариялайды; респонденттердің 20%-і жарияланымдарды – «оң», 25%-і «теріс» деп бағалайды.

### 4.3.3. Қоғамдық пікірді білдіру

Соңғы үрдістер БАҚ-тардың цифрландырылуы әлеуметтік азшылықтардың қоғамдық үнін білдіру кеңістігін елеулі түрде кеңейтуге қабілетсіз екенін дәлелдейді. Орыс тілінде хабар тарату шептері әлі де мығым болып отырғанмен, қазақ тілінде хабар тарату мемлекеттің қуатты қолдауымен қарқынды түрде дамып келеді.

Алайда БҰҰ-ның деректері бойынша этностық азшылықтардың тілдерінде хабар тарату айтарлықтай қысқарып кеткен. БҰҰ баяндамасында айтылғандай, 1998 жылы қазақстандық мемлекеттік телеарналар аптасына үш сағат ұйғыр тілінде хабар таратса, ал 2010 жылы бұл көрсеткіш 15 минутқа дейін қысқартылған.<sup>162</sup> Ал сол уақытта православиелік ресейлік және жергілікті исламдық телеарналар кабельдік желілерде хабарларын еркін таратып жатқанда, басқа діни азшылықтардың эфирге шығатын мүмкіндігі жоқ.

---

160 БАҚ-қа халықаралық қолдау, «Қазақстан мен Қырғызстанның мысалдары: Орталық Азиядағы саяси экстремизм, терроризм және медиа», «Әділ сөз» ҚҚ-мен ынтымақтастықта (Алматы қ., Қазақстан) және «Журналистер» Ашық қоғамы (Бишкек қ., Қырғызстан), Копенгаген қ., 2008 жылғы тамыз, 17-бет. <http://www.is.dk/files/publications/1353%20CentralAsia%20GB/veb.pdf> (қолжетімді күн: 2013 жылғы сәуірдің 17-сі).

161 «MediaNet», «Қазақстан Республикасында азшылықтардың жағдайын жариялаудағы БАҚ-тардың үндестілігі», Алматы, 2011 ж., <http://www.mediaalliance.kz/70> (қолжетімді күн: 2013 жылғы сәуірдің 17-сі).

162 OHCHR, «Азшылықтар мәселелері бойынша баяндама», Қазақстанға миссия.

Прашкевич ханымның пікірі бойынша, түсіндірмелер азшылықтардың мәселелерін талқылау үшін маңызды функционалдық мүмкіндік және қоғамның көзқарастарын өлшеу индикаторы болып табылады:

*«Онлайн-БАҚ-тар бәрібір цензураға ұшырайды, олардың өздерінің редакциялық саясаты бар. Журналистер қалайтындай, толық сөз бостандығы жоқ. Мен қоғамның әлеуметтік азшылықтарға қатысты көзқарасына интернет пайдаланушылардың түсіндірмелері бойынша ғана тұжырым айта аламын. Тіпті түсіндірмелердің белгілі бір дәрежеде тежелгеніне (модерация) қарамастан, олар көп нәрселер туралы айта алады. Қырғызстанда ұйғыр ұлты өкілдерімен орын алған қақтығыстар туралы дәстүрлі және онлайн-БАҚ-тар жазғанда, түсіндірмелерден ол жағдайдың қазақстандықтарды қатты алаңдатқаны байқалды. Ондай кезде түсіндірмелерге тек дұрыс талдау жасалуы қажет».*<sup>163</sup>

ЛГБТ-қоғамдастықтарының «Амulet» атты тобы – жыныстық ықылас-ниеттерге байланыссыз, құқықтардың теңдігін насихаттайтын, сол аттас алматылық үкіметтік емес ұйым. Олар «Мой Мир» (250-ден астам қатысушысы бар жабық топ), Facebook, Twitter, V Kontakte әлеуметтік желілеріндегі аккаунттарға жалғанған өздерінің Amuletgbt.kz сайты жүргізеді. Прашкевич ханымның сөзі бойынша, ЛГБТ-қоғамдастық онлайн-кеңістікте тым белсенді, бұл, бір жағынан, олардың қоғамдағы тысқары жағдайының өтемі іспетті.<sup>164</sup>

## 4.4. Саяси әртүрлілік

### 4.4.1. Сайлаулар және саяси тақырыптардың жарыққа шығуы

Қазақстандағы сайлауларды реттейтін негізгі заң – ол 1995 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заң. Соңғы өзгертулер оған 2007 жылы енгізілген.<sup>165</sup> Цифрлық тәсілмен хабар таратуға көшу – өзгертулер енгізудің себебі ретінде тікелей аталған жоқ, бірақ интернет құқықтық реттеудің маңызды түрі болып табылады. Зерттеу авторлары үкіметшілік талқылауларға қол жеткізе алмағанмен, бірақ ақпарат өрісінде де, саяси пікірсайыстарда да интернеттің бірегей рөлі және артып отырған маңызы айқын.

Біріншіден, кейбір танымал үкіметтік шенеуніктер әлдеқашан интернетті саяси мақсаттарға пайдаланудың мүмкіндіктерін қарастырып қойған (4.4.2-тармақты қараңыз). Екіншіден, БАҚ-тарды реттейтін заңдардың кейінгі уақытта қабылданған топтамасы интернеттің рөлін мойындайды: бұл интернеттің тәуелсіздігін үкіметтің қатаң бақылауға алынған дәстүрлі БАҚ-тардың дәрежесіне дейін азайтуға бағытталған әрекеттерін білдіреді. Ол заңдар бұрын қызметі

163 «GOOD» жарнама агенттігінің PR-маманы, Nur.kz-тің редакторы Ж.Прашкевичпен сұхбат, Алматы, 2011 жылғы наурыздың 14-і.

164 «GOOD» жарнама агенттігінің PR-маманы, Nur.kz-тің редакторы Ж.Прашкевичпен сұхбат, Алматы, 2011 жылғы наурыздың 14-і.

165 Қазақстан Республикасының 1995 жылғы қыркүйектің 28-індегі № 2464 «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заңы. <http://www.akorda.kz/ru/page/440> қолжетімді күн: 2013 жылғы сәуірдің 28-і).

журналистермен және БАҚ-тармен қатар ерекше заңдық реттеуге ұшырамаған блогерлерге де құқықтық жауапкершілік жүктейді (7-тарауды қараңыз).

#### **4.4.2. Саяси байланыс**

Саяси партиялардың көпшілігінің корпоративтік веб-сайттары бар, ал бірқатар саясаткерлер әлеуметтік желілерде беттерін жүргізіп, Twitter мен блогтарды тиімді пайдаланады. Кәрім Мәсімовтің Twitter аккаунттары ерекше назар аударуға тұрарлық. Оның орыстілді аккаунтында – 69 895 фолловер, ағылшын тіліндегі аккаунтында 6 308 фоллевер бар (бұл – 2013 жылғы ақпанның 4-індегі деректер). Өзінің танымалдығына қарамастан, Мәсімов мырзаның твиттері – ол көбінесе мерекелермен құттықтау болып келеді, ал маңызды твиттері аз. Мәсімов мырза 2012 жылғы қыркүйекте премьер-министр лауазымынан босатылғаннан кейін оның аккаунттарының белсенділігі азайды.

Саяси онлайн-байланыстардың тиімділігі өзгеріп тұрады. Билеуші «Нұр Отан» партиясының веб-сайты – Ndp-nurotan.kz, мысалы, мультимедиалық онлайн-қызметтерге аз көңіл аударады. Сайттың жаңалықтар таспасы партия мен үкіметтің қызметі туралы ақпараттық хабарлармен және басқа да оқиғаларды баяндаумен жаңартылып тұрады. Сонымен қатар сайтта партияның құрылымы, оған қабылдану ережелері және тағы басқалар жайындағы ақпараттар орналастырылады. Бұл партияның саясаттағы биік тұрған жағдайы бұлжымастай болса, тиісінше, тиімді онлайн-байланыстарға деген ерекше ынтасы жоқ сияқты әсер қалдырады.

Қазақстанның Коммунистік халықтық партиясы – Knpk.kz те инновациялық веб-дизайннің үлгісі емес, бірақ сайт әлеуметтік желілермен біріккен. Оның сурет және бейне, RSS-жолдаулары бар.

Оппозициялық жастар ұйымының «Рух пен тіл» – Rukhpentil.org. сайты да осыған ұқсас түрде құрылған: онда соңғы оқиғаларды бейнелейтін суреттердің слайд-шоуы, бейне-көріністері, пайдаланушылар форумы және Facebook-тағы, Yvision-дағы беттерге және басқаларына сілтемелер бар.

Тысқары немесе оппозициялық топтар мен ұйымдар, өздерінің қарсыластарына қарағанда, мультимедиалық қызметтерді тиімді пайдаланады. Интернет-технологиялар таңдамалы тұтынушылардың ауқымын елеулі түрде кеңейтуге мүмкіндік туғызғанмен, қазіргі қалыптасып отырған саяси ахуалда жаңа ойыншылардың пайда болуының ықтималдығы тым аз.

#### **4.5. Қорытынды**

Қазақстанда интернеттендіру бірқатар қарама-қайшы нәтижелерге келтірді. Оң нәтижелерге: оның журналистерге де, тұтынушылардың өздеріне де, үкіметтің бақылауындағы дәстүрлі БАҚ-тарға қарағанда еркіндеу интернет-алаңдардың көмегімен ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігінің кеңейгенін жатқызуға болады. Ақпарат жинаудың және таратудың төмен шығындылығы да,

ақпарат тұтынушылармен интербелсенді қарым-қатынас та тиісті рөл атқарды. Оқырман ақпаратты енжар пайдаланушы болса да, енді журналистік контентті айқындық пен жеделдік бойынша бағалайтын ақпарат беруші бола отырып, пікірсайысқа белсенді тартылатын болды.

Асырапайдаланушылықтар мен әшкерелеулер қандай да бір шамада жария етілетін ақпараттық ресурстардың саны артты. Блогтар мен әлеуметтік желілерде жарияланған көптеген материалдар, журналистік зерттеулер деп атауға келмесе де, үкіметке құлықты БАҚ-тардың балама жарияланымдары бола алады. Күнібұрын анықталмаған, болжаммен жүргізілген журналистік зерттеулердің сот арқылы қудалану және жала жабылды деп айыпталу қаупі бар.

Екінші жағынан, жаңа ақпараттық технологиялар ақпаратты ұрлап алу қаупін де айтарлықтай көтеріп отыр. Жаңалықтар редакцияларының өздерінің тұтынушыларының «барлығы туралы дәл қазір» дейтін сұраныстарын орындауы телефон және электрондық пошта арқылы дереккөздермен жеке байланыстар орнатуына келтірді. Енді журналистерден ақпаратты көбірек өңдеу және тіпті кейде материалдың тереңдігі мен сапасын құрбан етіп, күн сайын бірнеше материал әзірлеу талап етіледі.

Коммуникациялар арналарының өздерінің және олардың қоғамдық пікірге ықпалының кеңеюімен бірге, журналистерге қатысты саяси қысым ауқымы енді онлайн-кеңістікке де көшті.

Саяси қайраткерлер интернетті өздерінің сайлаушылар топтарымен (электорат) қарым-қатынас орнатудың ақпараттық алаңы ретінде пайдалана бастады. Мемлекеттік БАҚ-тар мультимедиалық журналистика жағынан өздерінің саяси бәсекелестерінен артта қалған. Сол сияқты, билеуші партия, ұсағырақ саяси ойыншылармен салыстырғанда, цифрлық құралдарды пайдалануға аса шебер емес.

Дәстүрлі БАҚ көбінесе көзге ілмейтін ЛГБТ-қоғамдастықты қоса алғанда, интернет әлеуметтік азшылықтарға өздерін көрсетуге және байланыстар жасауға мүмкіндіктер ашып берді.

## 5. Цифрлық медиа және технологиялар

### 5.1. Жиіліктік хабар тарату шоғыры (спектрі)

#### 5.1.1. Жиілік шоғырын бөлу саласындағы саясат

Қазақстанда хабар таратудың цифрлық әдісіне көшу үдерісі бастапқы кезеңнен асқан жоқ: оның заңдық ауқымдары ғана белгіленген, ал арнаулы реттеу әзірлену үстінде. Цифрлық тәсілмен жерүсті хабар таратуды іске қосу 2012 жылдың шілдесінде бес қалада: Алматы, Астана, Қарағанды, Жезқазған және Жаңаөзенде басталды. 2011 жылдың желтоқсанында адам өліміне жеткізген тәртіпсіздіктер және полициямен қақтығыстар орын алған (3.2.1-тармақты қараңыз) Жаңаөзен бастама жобаға 2012 жылдың мамырында енгізілді.

Хабар таратудың аналог жүйесі заманында жиілік шоғырын бөлуге жауапты уәкілетті орган Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағаттар комитеті (ары қарай – Комитет) болған-ды. Ол Жерүсті теле-радио хабарларын таратуға құқық алу конкурстарын өткізу жөніндегі комиссияның (ары қарай – Комиссия) қызметін қадағалау міндеттерін атқарды. Аталған Комиссия хабар тарату компанияларына лицензиялар беретін. Алғаш рет Комиссия 2002 жылғы ақпанның 11-інде ҚР Үкіметінің қаулысымен құрылған-ды.<sup>166</sup> Бұл органның құрамы мен құрылымы сол уақыттан бері қарай көп рет өзгерді, бірақ жұмысының басынан-ақ оның мүшелерін сайлауда күнібұрын кесіп-пішіп қойған әлдебір қате түсінік сақталды. Комиссияны басқару және оның мүшелерін тағайындау – министрдің құзырындағы іс. Комиссия мүшелерінің белгіленген саны жоқ, бірақ ол 16 мен 23 адам арасында өзгеріп тұрған-ды. Комиссияның құрамында азаматтық қоғамның екі өкілі – «Қазақстанның Ұлттық теле-радио хабарларын таратушылар қауымдастығының» (ары қарай – «Қазақстан ҰТҚ-ы») атқарушы директоры Шолпан Жақсыбаева мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Намазалы Омашев болған. Кейіннен үкімет Комиссия мүшелерінің санын 23-ке дейін көбейтуге шешім қабылдап, үкіметтік емес ұйымдар үшін жеті орын бөлген.

<sup>166</sup> Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасында жерүсті теле-радио хабарларын тарату құқық алуға конкурстар өткізу бойынша комиссия құру туралы» 2002 жылғы ақпанның 11-індегі № 203-Қаулысы, <http://medialawca.org/document/2409> (қолжетімді күн: 2013 жылғы сәуірдің 24-і).

2011 жылы аталған Комиссия «Теле-радио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссия» болып өзгертілді. Оның құрамына үміткерлерді Мәдениет және ақпарат министрлігі (2012 жылғы қаңтарға дейін – Байланыс және ақпарат министрлігі) ұсынып, үкімет бекітті.

Медиалық үкіметтік емес ұйымдар Комиссияда азаматтық қоғам өкілдерінің санын арттыруды талап етті: бұл Комиссияның тәуелсіз мәртебесін қамтамасыз ететін-ді.

Алайда бұл ұсыныс Қазақстан Республикасының 2012 жылғы қаңтардың 18-інде шыққан «Теле-радио хабарларын тарату туралы» № 545-IV Заңының (ары қарай – «Теле-радио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңы) ережелерінде ескерілмеді.<sup>167</sup>

Қазіргі таңда Комиссия жиілік шоғырын бөлу бойынша ұсыныстар әзірлеп, мемлекетке тиесілі цифрлық мультиплекстерді анықтау үстінде. Комиссияның шешімі үкіметтің түбегейлі бекітуіне жатады.

Қазақстанда аналог хабар тарату заманында «жерүсті теле-радио хабарларын тарату бойынша қызметті іске асыру құқын» алу іс-шарасы екі кезеңді қамтитын. Жиілік алу конкурсына қатысу үшін, үміткер заңды тұлғаның тіркелуі туралы құжаттарды, барша техникалық, қаржылық және шығармашылық ерекшеліктерімен қоса, жиілікті пайдалану жоспарын, сондай-ақ бизнес-жоспарын табыс ететін. Келесі кезеңде «теле-радио хабарларын тарату қызметін жүзеге асыруға» жеке лицензия жеңімпаздарға ғана берілетін.

Аналог хабар тарату заманында мерзімсіз лицензиялар берілетін. 1990 жылдары жеке хабар таратушылар белгілі бір елді мекенде хабар тарату құқын беретін лицензия алу үшін 50 мыңнан 80 мыңға дейін АҚШ долларын (7,5 млн. теңгеден 12 млн. теңгеге дейін) төлейтін.<sup>168</sup> Нақты белгіленген кесімді баға да, оны есептеудің айқын әдістемесі мен ашық механизмі де болмады. Бағалар бір станция мен екінші станция арасында өзгеріп, жұртшылық үшін қолжетімді болмады. Қарағандыдағы жекеменшік «Новое ТВ» станциясының бастығы, 90 жылдардың соңында лицензиялау үдерісінен өткен Руслан Никонович: «Белгілі бір жарна төлеген соң, бізге жиілікті белгілі бір мерзімде пайдалану құқына құжаттар беретін-ді. Бірақ бұл жарналардың қалай есептеліп шығарылғанын мен білмеймін», – деді.<sup>169</sup>

2011 жылдың соңына қарай хабар таратушылардың аналог жиіліктерден айырылып қалу ықтималдығы биліктегілер мен жетекші медиалық ҮЕҰ («Қазақстан ҰТҚ-ы», «Әділ сөз» қоғамдық қоры, «Internews Kazakhstan») мен пікірсайыстарға қатысқан жеке хабар таратушылар арасындағы негізгі қарама-қайшылықтардың біріне айналды.

---

167 Қазақстан Республикасының 2012 жылғы қаңтардың 18-інде шыққан «Теле-радио хабарларын тарату туралы» № 545-IV Заңы, [http://online.zakone.kz/Document/?doc\\_id=31114820](http://online.zakone.kz/Document/?doc_id=31114820) (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 8-і).

168 «Қазақстан ҰТҚ-ы» атқарушы директоры Ш.Жақсыбаевамен сұхбат, Алматы қ., 2012 жылғы қаңтардың 8-і.

169 «Новое ТВ-нің» бас директоры Р.Никоновичпен электрондық пошта арқылы сұхбат, 2013 жылғы қаңтардың 9-ы.



Пікірталастар барысында «Қазақстан ҰТҚ-ы» бұл мәселені шешудің төмендегідей төрт тәсілін ұсынды:

- 1) өздерінің меншікті, жеке мультиплексін құру үшін, хабар таратушылардың жиілікті өздерінде сақтауына болады немесе мүдделі тараптарға сата алады;
- 2) үкімет хабар таратушылардың шығыстарын өтей отырып, жиілікті сатып алады;
- 3) үкімет жиілікті алып қойып, лицензияның күшін жояды, бірақ алынған лицензияның жалпыұлттық немесе жергілікті болуына байланысты, хабар таратушының мультиплекске мерзімсіз қатысуына кепілдік береді;
- 4) теле-радио хабарларын таратушылар өздерінің аналог жиілігінің орнына «Қазтелерадио» АҚ-ының акционерлік капиталына қатысу құқын алады.

Үкімет қандай да бір өтемдік үлгілерді құптамағанмен, ол аналог лицензиясы бар әрбір хабар таратушыға өтпелі кезең уақытында (бұл уақыт аяқталған соң, жаңа конкурс өткізу көзделген) мультиплексте арнаны тегін беруге келісті.

«Теле-радио хабарларын тарату туралы» Заңға сәйкес, алғашқы жалпыға бірдей қолжетімді мультиплекстің құрамын Теле-радио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссия үш жылда бір рет<sup>170</sup> жасақтайтын болса (7.1.1.3-тармақты қараңыз), ал сол уақытта еркін қолжетімдік пакеттеріне конкурс «үш жылда кемінде бір рет» өткізілетін болады.<sup>171</sup>

Ережелердегі айқын емес анықтамалар заңның дұрыс түсінілмеуі ықтималдығын тудырады деп санайтын Жақсыбаева ханымды мардымсыз болып көрінетін айырмашылық алаңдатады:

*«Бұл бірнеше затты білдіруі мүмкін. Біріншіден, конкурсты үш жылда бір реттен жиірек өткізуге болады. Екіншіден, іске қосылуы жақын болашаққа белгіленіп отырған мемлекеттік салалық арналар жұмыс істеп тұрған жекеменшік аймақтық арналарды еркін қолжетімді мультиплекстің құрамында ауыстыра алады».*<sup>172</sup>

«Теле-радио хабарларын тарату туралы» Заңға сәйкес, цифрлауға толық өтіп болғаннан кейін аналог хабар тарату лицензиялары жұмысын тоқтатады, әрі бір жыл ішінде телеарналар уәкілетті органда тіркелетін болады.<sup>173</sup> Қазіргі уақытта БАҚ-тарды Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі реттеп отыр.

### 5.1.2. Ашық айқындық

Лицензия беру үдерісі – Қазақстанда БАҚ-тар тап болып отырған шектеулердің кең жүйесінің бір бөлігі ғана. 1990 жылдары, мемлекеттік ұлттық арналардың саны артып отырғанына қарамастан, хабар тарату нарығына Қарағандыдағы «АРТ ТВ» (қазіргі уақытта – «Новое ТВ»), Шымкенттегі

170 «Теле-радио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңының 12-бабы, 6-тармағы.

171 «Теле-радио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңының 13-бабы, 2-тармағы.

172 Ұлттық теле-радио хабарларын таратушылар қауымдастығының атқарушы директоры Ш.Жақсыбаевамен сұхбат. Алматы, 2012 жылғы қарашаның 8-і.

173 «Теле-радио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңының 42-бабы, 3-тармағы.

«Отырар ТВ», Семейдегі «ТВК-6» және Қостанайдағы «Алау ТВ» секілді жергілікті тәуелсіз ойыншылар кірді. БАҚ-тарға мемлекеттік бақылау күшейген соң, лицензия беру іс-шараларының ашық болуы азайды. 1990 жылдардың соңындағы қайталама конкурстар топтамасынан кейін тәуелсіз телеарналар мен радиостанциялардың бірқатары – «Тотем», «Радио Макс», «ТВ-М» лицензияларынан айырылып қалды. Нәтижесінде, олардың барлығы жабылуға мәжбүр болды.<sup>174</sup>

Сол уақыттан бастап ақпарат кеңістігі, әсіресе теле-радио хабарларын тарату саласындағы, үкімет пен бейтарап топтардың саны көп емес адамдары, олардың ішінде Қазақстан президентінің отбасына жақын жүретіндер басымдық алған дегдар топтың арасында бөліске түскен. Сөйтіп, мысалы, Дариға Назарбаева мен Рахат Әлиевтің отбасылық одағы 2007 жылға дейін: танымал «Еуропа Плюс Қазақстан», «Русское Радио Азия», «Hit FM Қазақстан» және «Радио Караван» радиостанцияларын, сондай-ақ «Караван» және «Новое поколение» газеттерін бақылауда ұстады.<sup>175</sup> Бұндай жағдайда лицензия үшін жауапты органның бір топқа залал келтіре отырып, екінші топқа ерекше ықылас танытатыны туралы сөз қозғаудың өзі қиын, өйткені үміткерлердің бәрі дерлік билеуші топпен байланысқан.

Лицензия берудің ашық емес әдістері орын алған жағдайлар болды. Мысалы, 2008 жылғы тамызда Астананың қалалық «Эра ТВ» телеарнасы жалпыұлттық лицензия алды (кейіннен ол «Жетінші арна» ребрендингінен өтіп, қазіргі уақытта жалпыұлттық хабар таратуды жүзеге асырып отыр). Конкурс 18 қалада өткізілді, әрі «Эра ТВ» арнасынан басқа, олардың үшеуінде ғана өзге үміткерлер болған. Жақсыбаева ханымның ойынша, қатысушының біреуі ғана болуы әділетті бәсеке ұстанымына және конкурс ережелеріне қайшы.<sup>176</sup>

Сол сияқты, 2009 жылдың сәуірінде «Елорда тынысы» телеарнасы, жиілікпен қоса, Қазақстанның 18 ірі қаласында хабар тарату құқына ие болды.<sup>177</sup> Бірақ жиілік алғанға дейін-ақ «Елорда тынысы» хабар таратудың бас лицензиясын иеленіп үлгірген-ді, ал бұл конкурс ережесіне қайшы. Бұл жағдай іріктеу шараларының ашықтығы жөнінде сұрақтар туғызады.<sup>178</sup>

Қазіргі уақытта ашық дереккөздерде теле-радио хабарларын таратуға бөлінген жиіліктердің саны туралы ақпарат жоқ. Медиалық үкіметтік емес ұйымдар да үкіметтен цифрлық дивидендтердің бөлінуі жоспары жайында жауап ала алмады.<sup>179</sup> Сондықтан тендер өткізу үдерісінің ашықтығын бағалау қиын.

---

174 Tol.org, «Цифрға көшу: саяси ойындар», 2012 жылғы қарашаның 1-і, <http://www.tol.org/client/article/23443-going-digital-playing-politics.html> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 15-і).

175 BBCNews, «Елдегі профайл: Қазақстан», [http://news.bbc.co.uk/2/hi/asia-pacific/country\\_profiles/1298071/stm](http://news.bbc.co.uk/2/hi/asia-pacific/country_profiles/1298071/stm) (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 15-і).

176 «Қазақстан ҰТҚ-ы» атқарушы директоры Ш.Жақсыбаевамен сұхбат, Алматы қ., 2012 жылғы қарашаның 8-і.

177 Қазинформ, «Мәдениет және ақпарат министрлігінде Қазақстан Республикасында жерүсті теле-радио хабарларын тарату құқы үшін конкурстар өткізу жөніндегі комиссия отырысы өтті», 2009 жылғы сәуірдің 29-ы, <http://www.zakon.kz/kazakhstan/138929-v-mki-sostojalos-zasedanie-komissii-po.html> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 4-і).

178 «Қазақстан ҰТҚ-ы» атқарушы директоры Ш.Жақсыбаевамен сұхбат, Алматы қ., 2012 жылғы қарашаның 8-і.

179 Сонда.

### 5.1.3. Жиіліктер үшін бәсеке

Жиіліктерді бөлу іс-шарасын үкімет бақылап отырған жағдайда Қазақстанда нарықтық бәсекенің орнауы ықтималдығы тым мардымсыз. Қазіргі қалыптасып отырған саяси ахуалда жаңалықтардың әртүрлілігіне үміт арту қиын. Билеуші топтың саяси қарсыластары және оның сыншылары іс жүзінде 2000 жылдардың басында хабар тарату БАҚ-тарынан шеттетілді. Теле-радио хабарларын таратудың цифрлық тәсілін іске қосу – орталықтандырылған үдеріс болып табылады. Оны ұлттық та, жергілікті де деңгейде дабыл берудің жерсерік және жерүсті желілерінде үстемдік етіп отырған, теле-радио хабарларын таратудың ұлттық операторы «Қазтелерадио» АҚ-ы жүзеге асырады. Оның үстіне, «Теле-радио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңы «Қазтелерадио» АҚ-ына жиіліктерді конкурс өткізбей-ақ пайдалану құқын беріп отыр.<sup>180</sup>

## 5.2. Цифрлық платформаларға қолжетімдік

### 5.2.1. Техникалық стандарттар

Хабар таратудың цифрлық тәсіліне көшу бойынша тұжырымдаманың болмауына қарамастан, 2010 жылдың сәуірінде құрамында мемлекеттік шенеуніктердің, бірқатар сарапшылар мен Қазақстан ұлттық теле-радио хабарларын таратушылар қауымдастығының (ҰТҚ) 21 өкілі бар жұмыс тобы жерүсті хабарларын таратудың DVB-T2 форматын ұсынды.<sup>181</sup> Нәтижесінде, ТМД елдерінде (Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан) қабылданған DVB-T форматын енгізудің бұрынғы жоспарлары алынып тасталды.

Жұмыс тобының отырысын басқарып өткізген сол кездегі байланыс және ақпарат министрі Сәкен Сәрсенов таңдауды «цифрға көшу 2012-2014 жылдары іске асатындықтан, қазіргі заманға сай форматты енгізудің дұрыстығымен» түсіндірді.<sup>182</sup>

2010 жылдың қарашасында Алматы мен Астанада DVB-T форматына тестілеу жүргізілді, бірақ DVBT-2-ні тестілейтін негізгі аймақ болып өзінің әр алуан географиялық рельефіне байланысты Қарағанды облысы таңдалып алынды.<sup>183</sup> 2010 жылғы желтоқсанның 27-інде жерүсті теле-радио хабарларын тарату жөніндегі комиссия DVBC-2 форматын – кабельдік, DVB-T2/MPEG-4 форматын – жерүсті, ал DVBS-2 форматын жерсерік арқылы хабарлар тарату үшін мақұлдаған.<sup>184</sup>

180 «Теле-радио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңының 42-бабы, 6-тармағы.

181 «Қазақстан ҰТҚ-ының» 2010 жылғы қаңтардың 8-індегі сараптамасы (көшірмесі «Қазақстан ҰТҚ-ы» атқарушы директоры Ш.Жақсыбаевадан алынды, 2013 жылғы қаңтардың 13-і).

182 Астана қаласындағы 2010 жылғы сәуірдің 9-ындағы кездесу туралы ақпарат, «Қазақстан ҰТҚ-ының пресс-релизі (көшірмелері Ш.Жақсыбаевадан алынды).

183 «Қазақстан ҰТҚ-ы» атқарушы директоры Ш.Жақсыбаевамен сұхбат, Алматы қ., 2012 жылғы қарашаның 8-і.

184 Жерүсті теле-радио хабарларын тарату жөніндегі комиссияның 2010 жылғы желтоқсанның 27-індегі №007-934, 07-121-хаттамасы (көшірмесі «Қазақстан ҰТҚ-ы» атқарушы директоры Ш.Жақсыбаевадан алынды).

## 5.2.2. Цифрлық платформалардың гейткперлері

Цифрлық форматта хабар тарату бастапқы сатысында тұрғандықтан және оның көптеген егжей-тегжейлері анық болмағандықтан, мультиплекстерге қолжетімдік беретін ұйымдардың құрылымы, олардың хабар таратушылармен өзара қарым-қатынастарының ұстанымдары, сондай-ақ бұл тәжірибенің аналог заманында болғаннан айырмашылықтары қандай болатыны туралы айту қиын. Алғашқы екі мультиплекстің құрамын үкіметтің бақылауына жататын комиссияның ұсыныстары негізінде үкімет әзірлейтін болғандықтан, сірә, міндетті пакеттің құрамын (ағылшынша – must-carry) және еркін қолжетімдік мультиплексін (ағылшынша – FTA-package) техникалық мәселелерге жауапты «Қазтелерадио» АҚ-ымен бірге үкімет бақылауға алатын болар. Бүгінгі күні, егер жеке меншіктегі хабар таратушылар өздерінің мультиплекстерін іске қосуды ойластырса, үкіметтің сол жеке хабар таратушылардың қызметіне қандай дәрежеде бақылау жасауға тартылатынын бағалау қиын.

## 5.2.3. Дабыл беруші желілер

Аумағының үлкен көлемдері және жерүсті цифрлық хабар таратудың балама желісін құруға жұмсалатын орасан көп шығын Қазақстанда жалпыұлттық деңгейде немесе елдің көпшілік облыстарында жұмыс істейтін балама операторлардың пайда болуы ықтималдығын азайтады. Бұл «Қазтелерадио» АҚ-ын дабылдар беру саласындағы табиғи монополиске айналдырады. Алайда «Қазтелерадио» АҚ-ы басқармасының төрағасы Абай Қадыралиев Қазақстанның монополияға қарсы заңнамасының дабыл беруші желілерге қолжетімдіктің жоғары тарифтерін белгілеуге жол бермеу үшін пайдаланылатынын айтады.<sup>185</sup>

Бүгінгі күні аймақтық хабар таратушылардың дабылдар берудің жергілікті желілерін құра алатыны анық болмай отыр. «Қазтелерадио» АҚ-ының Стратегиялық даму департаментінің төрағасы Валентина Ключникова толықтай мемлекет меншігіндегі «Қазтелерадио» АҚ-ының конкурстық негізде өздерінің желілеріне мультиплекстің жеке операторына қолжетімдікті «мемлекеттің ақпарат саясатына және заңнамасына қарсы келмейтін шартпен» бере алатынын жоққа шығармайды.<sup>186</sup>

Кабельдік және жерсеріктік хабар таратудың артып отырғанын ескере келгенде, жерүсті хабар тарату желісі алдағы уақытта танымалдығынан айырылып қалуы ықтимал.

---

185 Internews Kazakhstan, «Қазақстан хабар таратудың жаңа форматына көшуге дайындалуда. Бұның қалай іске асатыны жайында С.Сәрсенов пен А.Қадыралиев айтып берді». 2012 жылғы мамырдың 11-і, <http://www.internews.kz/newsitem/11-05-2012/18527> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 19-ы).

186 «Қазтелерадио» АҚ-ының Стратегиялық даму департаментінің төрағасы В.Ключниковамен сұхбат, Алматы қ., 2013 жылғы қаңтардың 10-ы.

## 5.3. Телекоммуникациялар

### 5.3.1. Телекомдар мен жаңалықтар

Телекоммуникациялар секторындағы негізгі ойыншы – «Қазақтелеком» АҚ-ы 2010 жылдың жазында IPTV қызметтерін іске қосты. Ол қызметтер iD TV маркасымен көрсетіледі және бүгінгі күні нарықтағы жалғыз IPTV-қызметтер болып қалып отыр. Осы кезде GSM-оператордың үшеуі де – Kcell, Beeline және Tele-2 – 3G қызметтерін ұсынады, бірақ олардың біреуі де әзірше ұтқыр теледидарды іске қоса қойған жоқ.

Қазақстанда 134 кабельдік оператор – өздерінің пакеттерінде шетелдік, ең алдымен, ресейлік телеарналарға ықылас білдіретін жеке компаниялар. Кабельдік операторлардың ішіндегі негізгі ойыншылар – «Алма-ТВ», «Digital TV» және «ICON». 2000 жылдардың ортасында операторлар Алматы қаласында және бірқатар басқа қалаларда интернет қызметтерін көрсете бастады. Олардың кейбіреулері жаңалықтар контентімен емес, көбінесе ойындар мен сауық-сайран контентімен алмасу үшін өз хабтарын құрған-ды. Операторлардың ешқайсысы жаңалықтардың меншікті онлайн-БАҚ-тарын немесе кабельдік телеарналар құрмады.

Соңғы жылдары кабельдік желілер бойынша таратылатын жергілікті, белгілі бір дәрежеде шектеулі арналардың қарқынды өскені байқалды. Бұлар – жеке меншіктегі спорттық, музыкалық және діни арналар. Мемлекеттік «Мәдениет» және «Балапан» тақырыптық арналары жерсерік арқылы хабар таратудың «OTAU TV» ұлттық желісі және көбінесе кабельдік операторлар бойынша таратылады. Жеке меншіктегі аймақтық телеарналар, әдетте, олар таратылатын ауданда кабельдік операторлар ұсынатын пакеттерге енгізіледі, ол кезде реттеуші құжаттарда ондай талаптар болмайды.

### 5.3.2. Телекоммунациялық операторлардың жаңалықтар берушілерге қысым жасауы

Бұрын заңнама кабельдік операторлардан өз пакеттеріне жалпыұлттық арналарды енгізуді талап етпеген, сондықтан кейбір мемлекеттік арналар олардан бағдарламаларын таратқаны үшін ақы төлеуді талап ететін. Кабельдік операторлардың пайымдауынша, бұл контенттің ақысын салық төлеушілер әлдеқашан төлеп қойғандықтан, енді тегін берілуге тиіс.<sup>187</sup> Сонымен қатар кейбір кабельдік операторлар арналардан олардың бағдарламаларын таратқаны үшін ақы төлеуді талап еткен. Сөйтіп, мысалы, «Алма-ТВ» операторы бір коммерциялық арнадан айына 1,2 млн. теңге (8 мың АҚШ доллары) сұраған.<sup>188</sup>

Кабельдік операторлардың «Азия» Халықаралық қауымдастығы басқармасының төрағасы Антон Шин айтқандай, кабельдік операторлар мен телеарналар арасындағы өзара заңдық қарым-

187 Кабельдік операторлардың «Азия» Халықаралық қауымдастығы басқармасының төрағасы Антон Шинмен сұхбат, Алматы қ., 2013 жылғы қаңтардың 4-і.

188 Tengrinews.kz, «Қазақстандық телеарналар «Алма-ТВ-да» бағдарлама орналастыру бағасын жоғары деп санайды», 2012 жылғы қыркүйектің 7-сі, [http://tengrinews.kz/ru/kazakhstan\\_news/220311](http://tengrinews.kz/ru/kazakhstan_news/220311) (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 17-сі).

катынастар әрбір жеке жағдайда жүргізілетін келіссөздердің нәтижесіне байланысты. Кейде хабар таратушылар операторларға олардың арналарын пакетке енгізгені үшін ақы төлеген, басқа жағдайларда оператор оны өз пакетіне енгізгені үшін арнаға ақы төлеген.<sup>189</sup> Әдетте, ойыншы (кабельдік оператор немесе арна) қаншалықты ірі болса, контентті бергені немесе таратқаны үшін ақы талап ету ықтималдығы көбірек болады. Мысалы, міндетті қолжетімдік пакеті (ағылшынша – must-carry) арналарының тізбесі бекітілген 2013 жылғы қаңтарға дейін, төрт мемлекеттік – «Хабар», «Қазақстан», «Ел Арна» және «Kazakh TV» арналарының пакеті үшін аймақтық кабельдік оператор айына 22 мың теңге (145 АҚШ доллары) төлеген.<sup>190</sup>

2010 жылы дау-дамай парламентке дейін жетіп, парламент депутаты Дарья Клебанова үкіметті кабельдік операторлардың қызметіне бақылау жасауға шақырды.<sup>191</sup> Сөйтіп, 2013 жылғы қаңтарда үкімет кабельдік желілерде таратылатын міндетті телеарналардың тізбесін бекітті (7.1.1.3-тармақты қараңыз).

Бірқатар жағдайларда кабельдік операторлар шетелдік контентті сүзгіден өткізіп отырды. Мысалы, елде ресми түрде тыйым салынбағанмен, Қазақстанның Сыртқы Істер министрлігінің компания-дистрибуторларды «жауапкершілік танытуға» және «Борат: Қазақстанның даңқты ұлтының пайдасына Американы мәдени зерттеу» атты «қорлайтын кинофильмді» елде көрсетпеуге шақырған ескертуінде айтылып өтті.<sup>192</sup> Бұл фильмді цензураға (бақылауға) алу туралы ресми ұйғарымның жоқтығына қарамастан, Шин мырзаның жорамалы бойынша, бұл жағдайда кабельдік операторлардың өзіндік цензурасы немесе фильмді қайталап көрсетуге авторлық құқықтың болмауы орын алған. Нақ осы өзіндік цензура операторларды өз пакеттеріне белгілі бір арналарды енгізуден бас тартуға мәжбүр етеді. «Бірақ авторлық құқық мәселесі көбінесе бағдарламалық пакеттен тұтас арналарды немесе бағдарламаларды алып тастауға әкеліп соқтырады», – дейді Шин мырза.<sup>193</sup>

«БАҚ туралы» және «Жарнама туралы» ҚР Заңдары<sup>194,195</sup> шетелдік телеарналардағы жарнамалық хабарламалардың мазмұнына (мысалы, ішімдік, темекі және тағы басқаларының теледидарда жарнамаланылуына) шектеулер қояды, бірақ, Шин мырзаның айтуынша, олардың сақталуын қадағалап отыру қиын. Егер келісім-шартта рұқсат етілсе, кабельдік операторлар жергілікті

---

189 Кабельдік операторлардың «Азия» Халықаралық қауымдастығы басқармасының төрағасы Антон Шинмен сұхбат, Алматы қ., 2013 жылғы қаңтардың 4-і.

190 «Қазақстан ҰТҚ-ы» атқарушы директоры Ш.Жақсыбаевамен сұхбат, Алматы қ., 2012 жылғы қарашаның 8-і.

191 Tengrinews.kz, «Депутат мемлекетті кабельдік арналарды бақылауға алуға үндейді», 2010 жылғы қарашаның 12-сі, [http://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/68815/](http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/68815/) (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 7-сі).

192 Gazeta.ru, «Көшпенді» – Бораттың жауы», [http://www.gazeta.ru/culture/2006/0925/kz\\_857491.shtml?kz857491](http://www.gazeta.ru/culture/2006/0925/kz_857491.shtml?kz857491) (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 19-ы).

193 Кабельдік операторлардың «Азия» Халықаралық қауымдастығы басқармасының төрағасы Антон Шинмен сұхбат, Алматы қ., 2013 жылғы қаңтардың 4-і.

194 Қазақстан Республикасының 1999 жылғы шілденің 23-індегі № 451-І «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңы (2012 жылғы қазанның 7-індегі өзгертулермен және толықтырулармен). Ары қарай – «Бақ туралы» ҚР Заңы. [http://www.online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1013966](http://www.online.zakon.kz/Document/?doc_id=1013966) (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 7-сі).

195 Қазақстан Республикасының 2003 жылғы желтоқсанның 19-ындағы № 508-ІІ «Жарнама туралы» Заңы, [http://www.online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1045608](http://www.online.zakon.kz/Document/?doc_id=1045608) (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 7-сі).

заңнамамен тыйым салынған жарнаманы өз жарнамаларымен ауыстырады. «БАҚ туралы» ҚР Заңына сәйкес, мерзімдік басылымдар өз қызметтерін бастамас бұрын, жергілікті атқару органдарын эротикалық сипаттағы материалдардың жарияланатыны туралы хабардар етуге тиіс.<sup>196</sup>

## 5.4. Қорытынды

Қазақстанда жиіліктер үшін нақты бәсеке 1990 жылдардың басынан бері болмаған. Бәсекеден азат саяси жүйенің орнатылуымен бірге, электрондық БАҚ-тар үкіметтің тікелей бақылауына түсті, ал кейбір тәуелсіз хабар таратушылар нарықтан ығыстырылып шығарылды. Хабар тарататын БАҚ-тар бүгінгі таңда үкіметке немесе функционерлерге және билеуші топқа жақын бизнес-құрылымдарға тиесілі. Соңғы бес жылда нарықта пайда болған жаңа телеарналар мен радиостанциялар да биліктің бақылауына жатады деп саналады.

Он жылдан астам уақыт бойы жиіліктерге тәуелсіз үміткерлер болмады, ал жиілік шоғырын бөлу үдерісі мемлекеттің араласуынсыз өтпейді. Конкурстардың өткізілуіне жауапты теле-радио хабарларын дамыту мәселелері жөніндегі комиссияны, сірә, қазіргі уақытта реттеуші болып отырған Мәдениет және ақпарат министрлігіне бағынатын саясаттанған институт деуге болатын шығар.

Дегенмен жерүсті хабар таратуға, атап айтқанда, кабельдік және жерсерік арқылы хабар таратуға балама болып табылатын платформалардың пайда болуы – белгілі бір дәрежеде мемлекеттің саясатында жиіліктер шоғырын бөлу бойынша шектеулерді азайтты.

Шамасы, жиіліктерді бөлу ережелері аналог хабар тарату заманында қолданыста болған ережелерге ұқсас болап қалар. Теле-радио хабарларын цифрлық форматта таратуға көшу барысында қоғамның мүдделері, сірә, ескеріле қоймас. Дәл қазіргі уақытта әлі күнге дейін «цифрлық дивидендтің» қалай бөлінетіні айқын емес.

Егер электрондық БАҚ-тармен жұмыс істеудің қалыптасқан іс-тәжірибесі сақталатын болса – әсіресе жиіліктер шоғырын бөлу мәселесінде – азаматтық қоғам мен бизнестің шешімдер қабылдау үдерісіне қатысуы үлесі тым мардымсыз болмақ. Теле-радио хабарларын таратуды дамыту жөніндегі комиссия құрамындағы саяси шарттан туған қателік биліктің үкіметтік емес ұйымдардың қатысуын кеңейтуге құлықсыз екенін дәлелдейді.

Қоғамның теле-радио хабарларын цифрлық тәсілмен таратуға көшу жөнінде өте-мөте нашар хабардар болуына байланысты, жоғарыда аталған мәселелердің кең де ашық талқылануы ықтималдығы тым аз.

---

196 «БАҚ туралы» ҚР Заңының 14-бабы, 2.1-тармақ.

## 6. Цифрлық дәуірдегі медиа-бизнес

### 6.1. БАҚ-қа меншік құқы

#### 6.1.1. Заңнамадағы өзгертулер

Қазақстанда бұқаралық ақпарат құралдарына меншік құқын реттейтін жекелеген заңдар немесе заң нормалары жоқ. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңның («БАҚ туралы» Заң) 5, 7 және 8-баптары: БАҚ-тардың меншік иелерінің, редакторлардың, баспагерлердің, журналистердің, таратушылардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды.<sup>197</sup> Бір мезгілде жеке тұлға немесе заңды тұлға иелене алатын басылымдар саны шектелмеген. Тікелей иеленушілерді атап көрсетуді міндеттейтін заң нормаларының болмауы себепті, БАҚ нарығында ашық айқындық жоқ.<sup>198</sup>

БАҚ-тардың иелері меншік құқықтарын қорғау тұрғысында қолданылып жүрген заңнамаға бағынады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (ары қарай – Азаматтық кодекс) сәйкес, барлық иеленушілер (медиа-бизнестің ғана емес, ұйымдардың да), жеке тұлғалар салық заңнамасын және монополияға қарсы заңнаманы қатаң сақтауға тиіс. Азаматтық кодекс сондай-ақ меншік иелерін БАҚ иеленушінің<sup>199</sup> үстемдік немесе басқадай басымдық жағдайынан (заңда басымдыққа ие жағдайдың анықтамасы жоқ) залал шегуі мүмкін жеке тұлғаның және мемлекеттің құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді міндеттейді. БАҚ-тарды осы жағдайды бұзғаны үшін айыптау болған емес.

2004 жылы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі «Қазақстан Республикасындағы сөз бостандығына кепілдіктер беру туралы» Заң жобасын әзірлеуге бастама көтерді. Бұл заң жобасының 16-бабына сәйкес, медиа-компаниялар жыл сайын олардың иелері және меншік құрылымындағы

---

197 Қазақстан Республикасының 1999 жылғы шілденің 23-індегі № 451-І «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңы (2012 жылғы қазанның 7-індегі өзгертулермен және толықтырулармен; ары қарай – «БАЭҚ туралы» ҚР Заңы), [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1013966](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1013966) (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 7-сі).

198 Сонда. 6-баптың 1,2-тармақтары.

199 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, 188-бап, <http://www.pavlodar.com/zakon/index.html?dok=00002> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 3-і)



барлық өзгертулер туралы жариялап отыруға тиіс болған-ды. Аталған заң жобасы парламенттің қарауына берілмеді де, оны талқылау 2005 жылы тоқтап қалды.<sup>200</sup>

БАҚ-тардың меншіктерін шоғырландыруға арнаулы шектеулердің болмауы Қазақстанның медиа-нарығында азғантай ықпалды адамдардың басымдық алуына жеткізді. Қазақстанның медиа-альянсының төрағасы Әділ Жәлилов көпшіліктің медиа-нарықты көбінесе «бәсекелес емес, әрі пайда келтіруі неғайбыл» нарық ретінде сипаттаған пікірімен келіседі.<sup>201</sup> «Медиа-стандарттар институты» қоғамдық қорының сарапшысы Ержан Сүлейменовтің сөзі бойынша, көпшілік БАҚ иеленушілері медиа-бизнеспен ақша табу мақсатында айналыспайды: «Олар – саясаттағы немесе өнеркәсіп саласындағы танымал тұлғалар, сондықтан медиа саласындағы ірі жобалардың көпшілігіне саяси мүдделер түрткі болады».<sup>202</sup>

Онлайн-БАҚ-тардың меншік иелерімен жағдай тіпті айқын емес. Қолданылып жүрген заңдарда интернет-ресурстың иеленушісінің кім екені: домендік атаудың немесе сервердің меншік иесі туралы дәл анықтама жоқ. Бұл жағдай 2010 жылы, Қазақстанда мейлінше танымал ST.kz («Центр тяжести») онлайн-форумының екі иеленушісі осы интернет-ресурсқа деген өз құқықтарын сотта даулаған кезде айқын байқалды. Дмитрий Зимин бұл форумды 2000 жылы құрған, бірақ 2007 жылы жобаға Ержан Исабаевты шақырған. Олар бірлесіп «New Line Media» ЖШС-ін құрып, оған домен және «Центр тяжести» деген сауда маркасын тіркетті. 2009 жылы Д.Зимин «Центр тяжести» сауда маркасын өз атына қайтадан тіркегісіп, Е.Исабаевты серіктестіктен шығарды. 2011 жылы, ұзаққа созылған сот істерінен кейін, тараптар келісімге қол қойып, соған сәйкес Е.Исабаевтың меншік құқы толығымен қайтарылды.<sup>203</sup> Бұл жағдай онлайн-ресурстарға меншік құқықтарына қатысты нарыққа қатысушылардың барлығының: үкіметтің, жеке тұлғалардың, интернет пайдаланушылардың және БАҚ-тардың өздерінің арасында түсіністіктің жоқтығын көрсетті.

БАҚ-тарға меншік құқықтарын реттейтін заңнаманы жетілдіру мәселелері жария түрде сирек талқыланады. «Теле-радио хабарларын тарату туралы» Заңды<sup>204</sup> талқылау барысында 2010-2011 жылдары медиа саласындағы мемлекеттік емес ұйымдар БАҚ-тар нарығын жеке-дара иемдену, яғни монополиялау мәселесін көтерген-ді. 2012 жылы, ЕҚЫҰ-ның бағалауы бойынша, «БАҚ саласындағы меншіктерді шоғырландыру мәселесін қарамайтын»<sup>205</sup> заң қабылданғаннан кейін, азаматтық қоғам осы ережелердің қабылдануы үшін күресуді жалғастырды. Жақсыбаева

200 Қазақстан Республикасының 1999 жылғы шілденің 23-індегі «Қазақстан Республикасында сөз бостандығына кепілдіктер туралы» Заң жобасы, [http://www.natkaz.kz/doc/zp\\_svs.pdf](http://www.natkaz.kz/doc/zp_svs.pdf) (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 9-ы)

201 Қазақстанның Медиа одағының (альянс) төрағасы Әділ Жәлиловпен сұхбат, Алматы, 2010 жылдың қарашасы.

202 «Медиа стандарттар институты» қоғамдық қорының сарапшысы Ержан Сүлейменовпен сұхбат, Алматы, 2010 жылдың қарашасы.

203 Nur.kz, «Центр тяжести» айналасындағы дау-дамай аяқталды», 2011 жылғы наурыздың 15-і, <http://news.nur.kz/178890.html> (қолжетімді күн: 2011 жылғы наурыздың 29-ы).

204 Қазақстан Республикасының «Теле-радио хабарларын тарату туралы» 2012 жылғы қаңтардың 18-індегі № 545-IV Заңы, [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31114820&mode=all](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31114820&mode=all) (қолжетімді күн: 2012 жылғы маусымның 12-сі).

205 А.Рихтер, Қазақстан Республикасының «Теле-радио хабарларын тарату туралы» Заңының жобасына түсіндірмелер (2011 жылғы сәуір, сол жылғы қыркүйектегі толықтырулармен), 26-бет, <http://www.osce.org/fom/85484> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 3-і).

ханымның ойынша, «Теле-радио хабарларын таратуды дамыту жөніндегі комиссияның жұмысы туралы ережеге БАҚ-тардың бір қолда шоғырландырылуын шектеуге қатысты негізге алынатын нормалар енгізілуге тиіс».<sup>206</sup> Оның пікірінше, «бүкіл ел бойынша 18-20 теле-немесе радиожиилікті жеке компанияға беріп қою – шектен шыққан ақылсыздық».<sup>207</sup>

БАҚ-тардың шоғырландырылуына жол бермеуге бағытталған іс-шаралардың маңыздылығы 2012 жылғы мамырдың 30-ында «Қазақстанның ұлттық теле-радио хабарларын таратушылар қауымдастығы» ұйымдастырған «Қазақстандағы теле-радио хабарларын таратуды қоғам мен медиа саласы үшін реттеу» деп аталатын конференция барысында атап өтілді. Конференцияға қатысушылардың (медиа-сарапшылар, теле-радио компанияларының қызметкерлері және үкіметтік емес ұйымдардың белсенді өкілдері) 30-дан аса ұсынысының арасында үкіметке бағытталған «теле-радио хабарларын тарату саласында меншіктердің шектен тыс шоғырландырылуына тосқауыл болатын және плюрализмнің дамуына ықпал ететін нормативтік-құқықтық акт әзірлеу» туралы үндеу болды.<sup>208</sup> Осы зерттеу жариялауға дайындалып жатқан уақытта үкімет бұл ұсыныстарға жауап қатпады, заңнамаға монополияға қарсы ережелер енгізілмеді.

### **6.1.2. Жаңалықтар БАҚ-тары нарығындағы жаңа ойыншылар**

Жаңалықтар беру нарығында соңғы бес жылда ең танымал жаңа ойыншылар «Елорда тынысы» ЖШС-і (ары қарай – Елорда тынысы») және «Алаш медиа тобы» ЖШС-і (ары қарай – «Алаш медиа тобы») болып шықты. Бұл компаниялар өздерінің жеке меншіктерінде бар хабар тарататын және баспа БАҚ-тардан өзге, бірнеше жаңа интернет-жобаны іске қосты. Сарапшылардың ойынша, ол жобалар бұрынғы премьер-министр Кәрім Мәсімовпен (2012 жылдың қыркүйегінен бері қарай – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшысы) біріккен тұлғалар тобына тиесілі. Бұл жайында БАҚ-тарда жазылғанмен,<sup>209</sup> соған қатысты тікелей дәлелдер жоқ.

2008 жылы Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс агенттігі теле-радио жиіліктерін бөлу бойынша тендер<sup>210</sup> өткізді (7.2.3-тармақты қарауыңызға болады). Соның қарсаңында «Алаш медиа тобы» жеке меншіктегі «Эра ТВ» телеарнасын – бұрын саяси топтарға бірікпеген телеарнаны сатып алған-ды. Астаналық «Эра ТВ» арнасы нақ осы жаңалықтар хабарларын таратуға ерекше көңіл бөлген-ді. «Алаш медиа тобы» екі – Астана үшін жергілікті бір және «Эра ТВ» негізінде құрылған «Жетінші арна» үшін жалпыұлттық екінші жиілік алуға қол жеткізді.

---

206 Комиссияның мәртебесі мен мандаты «Теле-радио хабарларын тарату туралы» Заңда атап өтілді, бірақ оның қызметінің реттелуі үкіметтің қаулыларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің шешімдерінде егжей-тегжейлі қаралған.

207 Zakon.kz, «Тұншықтыру құралы ретіндегі заң», <http://www.zakon.kz/4468835-zakon-kak-sredstvo-udushenija.html> (қолжетімді күн: 2012 жылғы маусымның 21-і).

208 Internews, Kazakhstan «Қазақстандағы теле-радио хабарларын таратуды қоғам мен медиа саласы үшін реттеу», <http://www.internews.kz/newsitem/13-06-2012/18863> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 10-ы).

209 I-News.kz, «Тегіне тартпай тұра ма...», <http://i-news.kz/news/2011/02/15/4073438.html> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 10-ы).

210 Кәрім Мәсімовтің «Жаңа дәуірі», «Свобода слова», 2008 жылғы тамыздың 21-і. <http://izdatel.kz/news/digest/1176120677-svoboda-slova-novaja-jera-karima.html> (қолжетімді күн: 2011 жылғы тамыздың 29-ы).

Көп кешікпей, БАҚ нарығында жаңа ойыншылар – күн сайын шығатын «Фокус» газеті, жалпыұлттық «Жетінші арна» телеарнасы, жаңалықтар беретін Vesti.kz интернет-сайты, жалпыұлттық «Tengri FM», қазақ тілінде күн сайын шығатын «Алаш айнасы» және басқалары пайда болды. Барлық осы компаниялар бір ғимаратқа орналасқан және «Елорда тынысына» немесе «Алаш медиа тобына» жатады.

Қазақстандық сегментте жұмыс істейтін жалғыз шетелдік медиа-компания болып, сірә, 2007 жылы жеке меншіктегі телекомпания – «31-арнаның» 60 проценттік үлесін сатып алған, 1993 жылдан бастап хабарлар таратып келе жатқан ресейлік «СТС Медиа» саналады. 2011 жылдан бері қарай арна барлық облыс орталықтарында хабар таратады. Қазақстан заңдары бойынша, шетелдік заңды тұлға қандай да бір қазақстандық медиа-компанияның 20 проценттен артық үлесін иемдене алмайды. Акциялардың 50 проценттен астам бөлігін бақылау үшін, «СТС Медиа» өзінің бақылау пакеттері бар біріккен компаниялар арқылы әрекет етеді.<sup>211</sup> Бұл мәміленің жай-жапсарын нақтылау жүргізілмеді, соның өзі-ақ заңнамада кемшіліктер бар екенін дәлелдейді. Ойын-сауық контентіне бағытталған «СТС Медиамен» серіктес болуының нәтижесінде, «31-арна» бірқатар талдамалық бағдарламаларынан, атап айтқанда, «Состояние. Kz» және «В центре внимания» ток-шоу элементі бар апталық талдау бағдарламасынан айырылды. Олардың орнына көбінесе «СТС Медиа» өндіретін көңіл көтеретін шоулар мен «көпіршік опералар» эфирден түспейтін болды. Алайда 2012 жылдың қыркүйегінде «31-арна» саяси оқиғалар мен журналистік зерттеулерге арналған «Час Бендицкого» атты апталық жаңалықтар бағдарламасын іске қосты.

### 6.1.3. БАҚ меншіктерінің шоғырландырылуы

Қазақстандық медиа-нарықта активтердің шоғырландырылуы ақпарат плюрализміне залал келтірді. Саясат жаңалықтары мен сараптама елеулі дәрежеде телеэкрандардан, радиодан және газеттер беттерінен еркіндіктің үлкен дәрежесіне ие интернетке көшіп қонды. Бірақ тіпті интернет-басылымдар да әділетті кәсіби журналистика үлгісін сирек көрсетеді.

Нарықтың дамуындағы көбірек байқалатын үрдіс – ол БАҚ активтерінің мемлекет қолында шоғырландырылуы. «Нұр-Медиа» холдингін құрып, мемлекет елдің ақпарат кеңістігінде өзінің шептерін нығайтты. 2008 жылы «Нұр Отан» партиясы құрған бұл холдингке партиялық, мемлекеттік баспа және электрондық БАҚ-тардың бірқатары енген. Олардың кейбіреулері бұрын «Рауан медиа топтары» тобына – «ҚазМұнайГаз» ұлттық мұнай компаниясы иелік ететін медиа-холдингіне тиесілі болған.<sup>212</sup> «Нұр Отан» «Нұр-Медианың» 49 процентін бақылауға алса, 51 проценті «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорына<sup>213</sup> (толығымен мемлекетке жататын және елдегі ірі компанияларда мемлекеттің үлестерін басқаратын акционерлік қоғам) тиесілі. Оған кірген БАҚ-тардың көпшілігі бұрындары үкіметке жылы қабақ танытатын қаржы-өнеркәсіп

211 «СТС Медиа» қазақстандық «31-арнаның» 60 проценттік үлесін сатып алу туралы келісімге қол қойды, 2008 жылғы ақпанның 4-і, <http://www.zonakz.net/articles/?artid=20874> (қолжетімді күн: 2011 жылғы наурыздың 29-ы).

212 Т.Трубачева, «Жеті газет, екі радиостанция және арна», 2009 жылғы ақпанның 2-сі, <http://nomad.su/?a=10-200902020028> (қолжетімді күн: 2011 жылғы наурыздың 29-ы).

213 Толықтай мемлекеттің бақылауындағы және елдің ірі компанияларында мемлекеттің үлесін басқаратын акционерлік қоғам.

топтарына жататын. Жаңа иеленуші тұсында редакциялық саясат бұрынғы қалпында қалды, бірақ бұл қосылу ұлттық медиа-нарықта мемлекеттің шептерінің мықты бекуіне мүмкіндік туғызды.

БАҚ-тарды мемлекет тарапынан бақылауға алудың екінші бір әрекеті – ол Мәдениет және ақпарат министрлігіне есеп беретін «Арна медиа» ұлттық медиа-холдингінің құрылуы болды.<sup>214</sup> Үкіметтік БАҚ-тардың бәсекеге қабілеттілігін көтеру мақсатында құрылған холдинг 2008 жылдан 2010 жылдың наурызына дейін өмір сүрді.<sup>215</sup> 2009 жылдың желтоқсанында республикалық бюджеттің орындалуына бақылау жүргізу жөніндегі Есеп комитеті өзінің жыл сайынғы есептемесінде холдингтің еншілес компанияларының «бюджет қаражатын өте тиімсіз пайдаланатынын» атап көрсетті. Сонымен қатар хабар тарату желісін дамытуға бөлінген қаражаттың мақсатына сай жұмсалмағаны да расталды.<sup>216</sup> Сөйтіп, 2010 жылдың наурызында холдинг жұмысын тоқтатты, ал оған тиесілі БАҚ-тар Мәдениет және ақпарат министрлігінің тікелей бақылауына өтті.

#### **6.1.4. Телекоммуникациялық бизнес және БАҚ**

IPTV-нің іске қосылуын есепке алмағанда, елдің телекоммуникациялық компаниялары әзірше медиа-нарыққа қатысушыларға айнала қойған жоқ. Елдегі ең ірі, 51 процент үлесі мемлекетке тиесілі<sup>217</sup> телекоммуникациялық «Қазақтелеком» АҚ-ы «GSM Қазақстан» компаниясының 49 процент үлесін иемденіп, басқа GSM-оператордың – «NEO» компаниясының құрылтайшысы болды. 2010 жылдың наурызында шведтік «Tele2» компаниясы «Қазақтелеком» АҚ-ының «NEO»-дағы 51 проценттік үлесін 76,8 миллион АҚШ долларына сатып алды, қалған 49% «Asianet Kazakhstan» жеке компаниясына тиесілі.<sup>218</sup> 2011 жылдың желтоқсанында «Қазақтелеком» компаниясы «GSM Қазақстанның» өзіне тиесілі 49 процент акцияларын «Telia Sonera» атты фин компаниясына 1,5 млрд. АҚШ долларына (шамамен 227 млрд. теңге) сатты.<sup>219</sup> Алайда бұл мәмілелер қазақстандық БАҚ-тардың қызметіне ықпал ете қойған жоқ.

#### **6.1.5. Медиа-активтер: ашықтық мәселелері**

БАҚ-тардың меншікті иелерінің тізілімі, сөз жоқ, уәкілетті орган – қазіргі Мәдениет және ақпарат министрлігінде бар, бірақ бұл ақпаратқа қалың жұртшылық қол жеткізе алмайды. «БАҚ туралы» Заң меншік иесі туралы мағлұматты баспа басылымдарынан – әр нөмірде, хабар таратушылардан – эфирге шыққан сайын, ал үздіксіз хабар бергенде тәулік ішінде кем дегенде

---

214 Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Ұлттық ақпараттық «Арна» холдингі», «Ұлттық ғылыми-техникалық «Парасат» холдингі», «Ұлттық ақпараттық-коммуникациялық «Зерде» холдингі» акционерлік қоғамдарын құру туралы» 2008 жылғы шілденің 3-індегі № 668-қаулысы, [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30192375&sublink=0#SUBO](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30192375&sublink=0#SUBO) (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 3-і).

215 [Zakon.kz](http://www.zakon.kz/118621-naznachen-rukovoditel-kholdinga-ama.html), «Арна Медиа» холдингінің басшысы тағайындалды», <http://www.zakon.kz/118621-naznachen-rukovoditel-kholdinga-ama.html> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 3-і).

216 [Vesti.kz](http://vesti.kz/media/35080/), «Арна Медиа» ұлттық холдингі мемлекеттік активтерді тиімсіз пайдаланғаны үшін айыпталды», <http://vesti.kz/media/35080/> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 3-і).

217 «Қазақтелеком» АҚ-ының тұсаукесері, «Қазақтелеком» АҚ-ы – Қазақстан Республикасындағы байланыстың ұлттық операторы», 2011, <http://www.telecom.kz/download/Presentacial.pdf>, 22-бет (қолжетімді күн: 2012 ж. 24 қаңтар).

218 [Vesti.kz](http://vesti.kz/economy/43928/), шведтік «Tele2» қазақстандық ұялы «NEO» операторын сатып алды, 2010 жылғы наурыздың 17-сі. <http://vesti.kz/economy/43928/> (қолжетімді күн: 2012 ж. 6 маусым).

219 [Nur.kz](http://news.nur.kz/204394.html), «Қазақтелеком» шведтік компанияға Kcell-дегі үлесін сатты», 2011 жылғы желтоқсанның 22-сі, <http://news.nur.kz/204394.html> (қолжетімді күн: 2011 жыл, 6 маусым).

4 рет жариялап отыруды талап етеді.<sup>220</sup> Медиа компаниялар бұл талапты орындайды, алайда ресми ақпарат шындыққа сай келмейді: ресми иеленушілер іс жүзінде бұл БАҚ-тарды қаржыландыратын және бақылайтын тұлғалар емес. Басқаша айтқанда, тікелей иеленушілердің аты-жөндері жұртшылыққа жария етілмейді.

Біраз уақыт бұрын БАҚ-тардың шынайы иелерінің кім екенін анықтау үшін бірнеше сәтсіз әрекет жасалған-ды. Сөйтіп, мысалы, 2001 жылы «Internews Network» мақала жариялап, онда президенттің қызы Дариға Назарбаева мен оның күйеуі Рахат Әлиевтің медиа холдингінің иелері екені айтылған болатын. Р.Әлиев ондай мәлімдемені жалған, ал мақаланы жала деп тауып, ар-ожданы мен беделін қорғау туралы ұйымға қарсы талап-арыз берген. Талап-арыз арызданушының пайдасына қанағаттандырылды. Лингвистика саласының құжаттар мен ақпаратқа қатысты даулар жөніндегі сарапшылар бірлестігінің тәуелсіз қорытындысы қаралған мақалада жала деп түсінуге болатын сөздер таппады, бірақ сот арызданушының ар-ожданы мен беделіне моральдық залал келтірілген деп шешті.<sup>221</sup> Бірнеше жыл өткен соң, Әлиев мырза өзі де, әйелі де іс жүзінде апталық «Караван» газетін, «Хабар» және «КТК» телеарналарын және «Kazakhstan Today» ақпараттық агенттігі секілді БАҚ-тардың бірқатарында үлестер иеленгендерін ашық мойындады.<sup>222</sup>

Нарықтың ашық еместігі сақталып отырған қазіргі жағдайда жетекші БАҚ-тардың иелерінің аты-жөндері медиа-қоғамдастықта жасырын болса да, бәрібір жұртшылық арасында белгілі. Ондай ақпарат әртүрлі дереккөздерден, оның ішінде инсайдерлерден және БАҚ контентіне талдау жасайтын сарапшылардан түседі. Алайда қалың көпшілік бұл тұрғыда өз болжамдарын ғана құра алады. Әр кездері оппозициялық баспада ықтимал медиа-алпауыттардың аты-жөндері аталатын материалдар жарық көріп қалады, бірақ журналистер мен олардың дереккөздері тікелей дәлелдер болмауы себепті сақтық жасайды.<sup>223</sup>

Зерттеуді дайындау барысында үкіметтік үмес ұйымдар осы саладағы ашықтықты көтеру жолында ірі ақпараттық науқандарға бастама көтермеді.

## 6.2. БАҚ-тарды қаржыландыру көздері

### 6.2.1. Мемлекеттік және жеке қаржыландыру

БАҚ-тарды жеке қаржыландыру 2007 жылға дейін қарқынды жүрді, бірақ жаһандық қаржы дағдарысының салдарынан күрт қысқарып қалды да, содан кейін мемлекеттік қаржыландыру тез

---

220 «БАҚ туралы» ҚР Заңның 15-бабы.

221 «Internews Kazakhstan», «Интерньюс Қазақстан» Алматы қаласы сотының Рахат Әлиевтің талап-арызы бойынша шығарған шешімімен келіспей, Жоғарғы соттың Азаматтық істер жөніндегі коллегиясына шағым-арыз берді», 2002 жылғы маусымның 6-сы, <http://old.internews.kz/rus/bulletin/138page01.htm> (қолжетімді күн: 2011 жылғы наурыздың 29-ы).

222 [Zakon.kz](http://www.zakon.kz), «Рахат Әлиевтің «тікелей интернет-желі сұрақтарына берген жауаптары», 2007 жылғы ақпанның 23-і, <http://www.zakon.kz/83052-otvety-rakhata-alieva-na-voprosy.html> (қолжетімді күн: 2011 жылғы наурыздың 29-ы).

223 [Countur.kz](http://countur.kz), «Мәсімов назардан тыс қалды», 2010 жылғы тамыздың 16-сы, <http://countur.kz/node/1419> (қолжетімді күн: 2011 жылғы наурыздың 29-ы).

есе бастап, 2008 жылмен салыстырғанда, 2010 жылдың аяғына қарай екі есе артты. Жарнаманың жалпы айналымы 2007 жылғы ең жоғарғы көрсеткіш – 305 млн. доллардан 2009 жылы 150 млн. долларға (тиісінше 4,6 млрд. теңгеден 2,2, млрд. теңгеге) дейін азайып кетті.<sup>224</sup>

2010 жылы «Панорама» бизнес-апталығы барлық дерлік БАҚ – баспа және электрондық БАҚ – «қиын-қыстау уақыттың залалдарын толық көлемде сезінгенін хабарлады: олардың жарнамалардан түсетін кірістері айтарлықтай төмендеп кеткен».<sup>225</sup> Басылым «TNS Gallup Media Asia-ның» бас директоры Татьяна Старцеваның барлық тұрпаттағы БАҚ-тардың 40-45 процент қысқарғаны туралы айтқан сөзін келтірген.

2009 жылдың соңында БАҚ иелері мен баспагерлерге сауалнама өткізген Қазақстан баспасөз клубының президенті Әсел Қарауылова:

*«Аталған сауалнама деректеріне сәйкес, медиа-нарық ойыншыларының 58 процентінің ойынша, нарықта қалыптасқан жағдай нашар, бірақ үмітсіз де емес. Оған: қаржы дағдарысы және үкіметтің материалдардың мазмұнына ықпал етуді күшейткені, БАҚ-тардың «холдингтерге айналдырылуы», БАҚ-қа сенімнің азаюы және БАҚ саласында мемлекеттік сатып алулардың артып отырған үлесі теріс әсер етті», – деп мәлімдеді.*

Жарнамадан түсетін табыстар 2010 жылы, дағдарыстан шыға бастаған кезде, бірте-бірте өсті. Оның үстіне, Әсел Қарауылова атап өткендей, дағдарыс БАҚ-тардың жұмыс істеу әдістерін өзгертті. Енді олар жарнамадан түсетін табыстарға негізделген қаржыландырудан гөрі, тікелей мемлекеттік қаржыландыру жолдарын іздестіруге кірісті.<sup>226</sup>

Соңғы бес жыл ішінде БАҚ-тарды қаржыландырудың артықшылық алған түрі – үкімет басымдыққа ие деп жариялаған мәселелер бойынша мемлекеттік саясатты ілгерілету мақсатындағы мемлекеттік тапсырыстар болды және солай болып қалып отыр. Уәкілетті министрлік (қазіргі уақытта – Мәдениет және ақпарат министрлігі, ал бұрын бұл іспен таратылған Байланыс және ақпарат министрлігі айналысқан) әлеуметтік маңызы зор тақырыптардың кең ауқымында мемлекеттік саясатты, оның ішінде президенттің халыққа жолдауларын насихаттау бойынша, БАҚ үшін жылына кем дегенде бір рет ашық конкурстар ұйымдастырады. Әкімдіктер де ондай тендерлерді жергілікті БАҚ-тар үшін өткізеді. «MediaNet» Халықаралық журналистика орталығының 2010 жылы жүргізген зерттеуінің деректері бойынша, мемлекеттік тапсырыс алатын БАҚ-тардың үлесі 2008 жылдан бері қарай 33 проценттен 65 процентке дейін өскен.<sup>227</sup> Сөйтіп, екі жыл ішінде елдегі БАҚ-тардың 70 процент дерлігі кем дегенде бір мемлекеттік тапсырыс алған.

---

224 Д.Рахимов. Қазақстан және әлемдік медиа-жарнама нарығы», 2011 жылғы қарашаның 12-сі, [http://www.pressclub.kz/images/rahimov\\_kr10.pdf](http://www.pressclub.kz/images/rahimov_kr10.pdf) (қолжетімді күн: 2011 жылғы 29 наурыз).

225 А.Шатерникова, «Нарықтар», <http://panoramakz.com/archive/2010/01.htm>, (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 8-і).

226 Қазақстанның Баспасөз клубының президенті Әсел Қарауыловамен сұхбат, Алматы, 2010 жылдың қарашасы.

227 «Medianet» ХЖО, «Қазақстан БАҚ-тарындағы мемлекеттік тапсырыс», 2010 жылғы қазанның 20-сы, <http://www.internews.kz/newstitem/22-10-2010/13038> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қазанның 11-і).

«Солтүстік Қазақстанның құқықтық медиа-орталығы» қоғамдық қоры 2012 жылы жүргізген сауалнама сауалға тартылған қазақстандық аймақтық газеттердің 23-інің ішінен 15-і мемлекеттік тапсырыс арқылы қаржыландыру алғанын көрсетті<sup>228</sup> (7.3.1-тармақты қараңыз).

2009 жылы министрлік, жалпы алғанда, баспа БАҚ-тарына – 13 миллионға жуық АҚШ долларын (1,9 млрд. теңге), электрондық БАҚ-тарға 2 миллионға жуық АҚШ долларын (302 млн. теңге) бөлген.<sup>229</sup> 2012 жылы мемлекеттік сатып алу жоспары «мемлекеттік саясатты жүргізу мақсатында» мемлекеттік «Қазақстан» телеарнасына – 67 млн. доллар (шамамен 1 млрд. теңге), «Хабар» телеарнасына 66 млн. доллар (0,9 млрд. теңге) бөлуді қарастырған.<sup>230</sup>

«BizMedia» «Іскерлік журналистика орталығы» қоғамдық қорының президенті Төлеген Асқаров:

*Қаржы және жарнама дағдарыстары көпшілік БАҚ-тардың редакциялық саясатына елеулі ықпал етті. Медиа саласындағы үлкен өзгерістердің екінші бір көзі – жарнамадан түсетін кірістердің бір бөлігін (айтарлықтай болмаса да) келтіретін, жедел дамып жатқан онлайн-БАҚ-тар. Ең ірі жарнама беруші – ол БАҚ-тарды мемлекетті сынау мүмкіндіктерінен айыратын мемлекеттік тапсырыстың көмегімен медиа-нарықтың барлық сегменттеріне ықпал етіп отырған үкімет», – дейді.<sup>231</sup>*

## 6.2.2. Қаржыландырудың басқа көздері

Талдау жасалып отырған кезеңде қаржыландырудың жаңа көздері пайда болмады. Қазақстанда БАҚ-тардың оқырмандарға немесе телекөрсермендерге қаржылай қолдау көрсету туралы ұсыныспен жүгінуі тәжірибесі таралмаған. Қазақстанда жұмыс істейтін халықаралық демеуші ұйымдар тәуелсіз БАҚ-тарды өз қаражаттарын салу нысаны ретінде қарастырмайды.

## 6.3. БАҚ-тардың бизнес-үлгілері

### 6.3.1. Бизнес-үлгілердің өзгеруі

Қоғамның бұқаралық ақпараттың ұлттық құралдарына сенімсіздігі, БАҚ-тағы меншіктердің бір қолға шоғырландырылуы, үкіметтің нарыққа қатысуының нығаюы, қаржы дағдарысы, журналистерге қатысты тұрақты түрде артып отырған қысымшылық (егжей-тегжейлі 7.3-тармағынан оқуға болады) – осының бәрі бірігіп, БАҚ-тардың дамуын тежеді.<sup>232</sup> Сарапшылар дағдарыстың алдында, 2007 жылы, қазақстандық БАҚ-тар жалпы қабылданған бизнес-үлгілер

228 «Солтүстік Қазақстанның құқықтық медиа-орталығы» қоғамдық қоры, «Қазақстандағы БАҚ редакторлары мен баспагерлерінің сараптамалық сауалнамасының нәтижелері», Астана қ., 2012 ж., <http://legalmediacenter.kz/2012-10-04-11-17-13/html> (қолжетімді күн: 2013 жылғы сәуірдің 24-і).

229 Құқықтық медиа-орталық, «Сараптамалық сауалнаманың нәтижелері».

230 Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі, [http://www.mk.gov.kz/index.php?lang=rus&id\\_open\\_public=805](http://www.mk.gov.kz/index.php?lang=rus&id_open_public=805) (қолжетімді күн: 2012 жылғы маусымның 12-сі).

231 «BizMedia» «Іскерлік журналистика орталығы» қоғамдық қорының президенті Т.Асқаровпен электрондық пошта арқылы сұхбат.

232 Қазақстанның Баспасөз клубының президенті Әсел Қарауыловамен сұхбат, Алматы, 2011 жылғы қаңтардың 21-і.

бойынша жұмыс істей бастағанын, бірақ экономикалық дағдарыс ол үдерістің жолын бастала салғанда-ақ кескенін атап көрсетті. Нәтижесінде, көптеген басылымдар банкроттыққа ұшырады, ал қалғандары өздерінің бәсекеге қабілеттілігі мен тәуелсіздіктеріне залал келтіре отырып, жан сақтауды үйренді.

Біріншіден, маркетинг пен жарнама бөлімдері көп қысқартылды. Бүгінгі күні жарнамадан түсетін табыстар БАҚ-тардың жалпы бюджетінің 15 проценттен 40 процентке дейінгі көлемін құрайды.<sup>233</sup> 2009 жылы 60 республикалық және аймақтық басылымның бас редакторларының пікірлеріне жасалған шолу БАҚ иелерінің маркетинг бөлімдері қызметкерлерінің 50 процентке жуығын, ал жарнама бөлімдерінің қызметкерлерін 70 процентке дейін қысқартқандарын мәлімдеді.<sup>234</sup> Бұл қысқартулар бизнес-үлгілердегі өзгерістерді дәлелдейді. Жарнамадан түсетін табыс азайып кеткендіктен, БАҚ-тар қаржыландырудың басқадай, орнықтырақ көздеріне – мемлекеттік тапсырыстарға немесе ірі мемлекеттік және жеке ірі компанияларға, сондай-ақ БАҚ-тардың аттары аталмайтын жасырын иеленушілеріне жүгіне бастады.

Ақысы төленген материалдарға тәуелді болудың артуы – қазақстандық БАҚ-тардың бизнес-үлгілеріндегі екінші бір елеулі өзгеріс. Көбінесе жарнама материалдарының үлкен бөлігі БАҚ-тарға орналастырылғанда жарнама ретінде көрсетілмейді. Қарауылова ханым БАҚ-тардың жарнамаларды орналастырған кезде демеушілік материалдар мен басқа контент арасындағы айырмашылықты ескермейтініне алаңдаушылық танытады:

*«Ақысы төленген, ерекше ескерту белгілері жоқ жарияланымдар тәжірибесі БАҚ-тардың негізгі активіне, яғни олардың беделіне нұқсан келтіреді. Әрі бұл ақпарат тұтынушыларды жаңылыстырады. Мемлекеттік тапсырыстар негізінде орналастырылған материалдар редакциялық материалдар ретінде емес, арнаулы таңба-белгілерімен жариялануға тиіс».*<sup>235</sup>

## 6.4. Қорытынды

Соңғы жылдары орын алған өзгерістердің екі маңызды бағыты – үлкен активтердің саяси шағын топпен біріккен азғантай иеленушілердің қолдарында шоғырлануы және БАҚ-тардың мемлекеттік тапсырыстарға тәуелділігінің артуы болып отыр. БАҚ-тарға меншік құқықтарының сақталып отырған ашық айқынсыздығымен бірге, бұл еркін нарықтың қаржы дағдарысына дейін әбден айқын көрінген дамуын тежеді.

Бүгінгі күні медиа-нарықта үкімет немесе билікке жақын топтар басымдық алып отыр. Көпшілік БАҚ-тар қаржыландыруды мемлекеттік тапсырыс түрінде алады. Мемлекеттік тапсырыс алудың

233 Қазақстан Баспасөз клубының президенті Ә-Қарауыловамен сұхбат, Алматы қ., 2011 жылғы қаңтардың 21-і.

234 Қазақстанның медиа нарығын дамытудың «Медиа құрылтай-2009» деп аталатын 2-конференциясының материалдары, 2009 жылғы қарашаның 25-і, Алматы қ., 2010, 9-бет.

235 Қазақстан Баспасөз клубының президенті Ә-Қарауыловамен сұхбат, Алматы қ., 2011 жылғы қаңтардың 21-і.



шарты – ол мемлекеттік саясатты қолдау болып саналады, ал бұл журналистердің зерттеулер жүргізуге және «өткір» тақырыптарды көтеруге деген кәсіби ынтасын жояды. Қоғамдық ұйымдар мемлекеттік тапсырысты бірауыздан бұқаралық ақпарат құралдарындағы тәуелсіздікті және плюрализмді құртушы деп санайды.

Зерттеу жүргізілген кезеңде Қазақстанның медиа-нарығында сапалы жаңалықтар контенті өндірісін ынталандыратын жаңа бизнес-үлгілер пайда бола қойған жоқ.

БАҚ-тарды интернетке көшіру – БАҚ-тар мен олардың меншік иелерінің арасындағы өзара қарым-қатынастар өзгешелігінің айтарлықтай өзгерістеріне келтірмеді. Дәстүрлі БАҚ-пен салыстырғанда, онлайн-БАҚ меншігінің құрылымы реттеуге аз ұшырағанмен, ашық емес. Жаңалықтарға арналған интернет-ресурстар да мемлекеттік тапсырыстар алушылар болып табылады.

## 7. Саясат, заңнама және реттеу

### 7.1. Мемлекеттік реттеу

#### 7.1.1. Теле-радио хабарларын цифрлық форматта таратуға көшу

«Женева-2006» (GE06) келісіміне қол қойылғаннан кейін, цифрлық форматта хабар таратуға көшу үдерісі Қазақстанда оншалықты қарқынды жүре қоймады.<sup>236</sup> 2010 жылдың жазына дейін цифрға көшудің тәртібін белгілейтін екі бағдарламалық құжат қана: «Қазақстан Республикасының ақпарат кеңістігінің бәсекеге қабілеттілігін дамытудың 2006-2009 жылдарға арналған тұжырымдамасы»<sup>237</sup> және «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі даму стратегиясы» қолданыста болды. Олар эфирлік жерүсті цифрлық хабар таратуға көшуді 2015 жылға дейін аяқтауды көздейді.<sup>238</sup>

2011 жылы үкімет «Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігінің 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын» бекітті: онда ел аумағының 95 процентін қамтитын цифрлық форматта жерүсті теле-радио хабарларын таратуға көшу жоспары белгіленген.<sup>239</sup> Бұл құжат цифрлауға көшу үшін жауапкершілік екі реттеуші орган: Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Көлік және коммуникациялар министрлігіне жүктелген 2012 жылдың қаңтарында күшін жойды. Ол министрліктердің әрқайсысы кейіннен өз стратегияларының тізбесін әзірледі.

Цифрлық теле-радио хабарларын таратуға көшу үдерісінің басты негіздемелік құжаты болып 2012 жылы қабылданған «Теле-радио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңы саналады.<sup>240</sup> Азаматтық

---

236 PTForum, «2006 жылғы Женева келісіміне (GE06) шолу», Осло қ., 2006 жылғы қазанның 16-сы, <http://www.nettvett.no/ikbViewer/Content/Jan-Doeven-CEPT.pdf/?documentID=50378> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 15-і).

237 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының ақпарат кеңістігінің бәсекеге қабілеттілігін дамытудың 2006-2009 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» 2006 жылғы тамыздың 18-індегі № 163-Жарлығы, <http://www.zakon.kz/kazakhstan/141566-ukaz-prezidenta-respubliki-kazakhstan.html> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 8-і).

238 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі даму стратегиясы» туралы 2010 жылғы ақпанның 1-індегі № 922-Жарлығы, <http://www.zakon.kz/162098-strategicheskijj-plan-razvitija.html> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 8-і).

239 Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» 2011 жылғы қаңтардың 29-ындағы № 43-қаулысы. [http://www.kazpravda.kz/\\_pdf/feb11/120211\\_decision.pdf](http://www.kazpravda.kz/_pdf/feb11/120211_decision.pdf) (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 8-і).

240 Қазақстан Республикасының 2012 жылғы қаңтардың 18-індегі № 545-IV «Теле-радио хабарларын тарату туралы» Заңы, [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31114820](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31114820) (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 8-і).

қоғамның өкілдері оның мазмұнына және қабылдануының асығыстығына қатысты өздерінің алаңдаушылықтарын білдірді.

ARTICLE 19 Халықаралық құқық қорғау ұйымы аталған заң жобасына талдау жасай келе, оның «үкіметтің араласуына көз жұма қарайтынын және жеке құқықтардың қамтамасыз етілуіне кепілдік жоқтығын, сондай-ақ «хабар тарату туралы заңнаманы қолдануға қатысты дискрециялық\* өкілеттіктерді қоса беріп, үкіметті реттеушіге айналдырып, «хабар тарату саласында мемлекеттік бақылауды күшейтетінін» атап көрсетті.<sup>241</sup>

Есептемеде «үкіметтің хабар таратуды басқару мен бақылау саласындағы бұл өкілеттіктері Қазақстанның БАҚ бостандығын алға ілгерілету және қорғау жөніндегі міндеттемелеріне қарамақайшы болып отырғаны» атап көрсетілген.<sup>242</sup> Сарапшылардың пікірінше, заң жобасындағы негізгі кемшіліктер төмендегідей: хабар тарату саласындағы бақылау жасау өкілеттіктерінің үкіметтік органға берілуі; уәкілетті органның қоғам алдындағы есептілігін талап етудің болмауы; плюрализмнің хабар таратуды реттеудің негізгі ұстанымы ретінде танылмауы; редакциялық тәуелсіздікті қорғау кепілдіктерінің жоқтығы; хабар таратушылар үшін теңдей мүмкіндіктерге кепілдік беретін ережелердің болмауы; шетелдік БАҚ-тарды бақылау бойынша кең өкілеттіктер; мемлекеттік хабар таратудың басымдық алуы және қоғамдық БАҚ туралы заң нормаларының болмауы.

«Интерфакс-Қазақстан» ақпараттық агенттігіне берген сұхбатында Қазақстанның Медиа одағының, БАҚ мүдделерін қорғау жөніндегі үкіметтік емес ұйымдар коалициясының төрағасы Әділ Жәлилов:

*«Бұл заңның салдарлары қазақстандық теледидар үшін де, қазақстандық көрермен үшін де, күллі индустрия үшін де қауіпті. Жалпы алып қарағанда, оны әзірлеушілердің жалғыз ғана мақсаты – қазақстандық теледидарды мемлекеттік және мемлекетті қолдаушы, «қолға үйретілген» етіп шығару», – деп мәлімдеді.*

Ол ел президенті Н.Назарбаевтың бұл заңға 2012 жылдың қаңтарында қол қойғанын, бірақ түпкілікті редакциясының әлі жарияланбағанын көрсете келе, заң қабылданған кезде шешімдердің ашықтығының, айқындығының төмен дәрежеде болғанын сынға алды. Жәлилов мырза сонымен қатар заңда қоғамдық теледидар туралы ережелердің де жоқтығын көрсетіп, қоғамға есеп берушіліктің болмағанына налитынын білдірді:

*«Бізде заң бойынша теле-радио хабарларын тарату мәселелері жөнінде комиссияның болуы көзделген, бірақ оның кеңес беру және кеңесу сияқты ғана қызметтері бар, бәрібір онда мемлекет жеке-дара үстемдік етеді». Қорыта келе, Жәлилов мырза бұл заңның*

\* Дискреция – лауазымды тұлғаның немесе мемлекеттік органның өз қарауы бойынша шешім қабылдауы.

241 ARTICLE 19, «Қазақстан: «Теле-радио хабарларын тарату туралы» Заң жобасы, 2011 жылдың қыркүйегі, 2-т., <http://www.article19.org/data/files/medialibrary/2733/11-09-14-Kazakhstan-legal-analysis-RUS.pdf> (қолжетімді күн: 2013 ж. 10 қаңтар). (Ары қарай – Article19, «Қазақстан: «Теле-радио хабарларын тарату туралы» Заң жобасы»).

242 Article19, «Қазақстан: «Теле-радио хабарларын тарату туралы» Заң жобасы».

*«отандық теленарықтың сапасы жағынан нашарлап, айтарлықтай қысқаруына» себеп болатынын айтты: «Жеке меншіктегі телеарналар да, плюрализм мен сын да азаяды, теледидарда шығармашылық, инновациялық жобалар да аз болады. Есесіне, жалпы, паралардың саны артады».*<sup>243</sup>

Басқа қарсыластар 43 баптан тұратын және заңдық күші бар 20-дан астам актіні қарастыратын «Теле-радио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңының тым күрделі екенін айтады. Жақсыбаева ханым заңды «өте-мөте жалпылама» деп атайды: «Теле-радио хабарларын тарату туралы» Заңның азаматтық қоғамның сараптамалық пікірін ескеріп әзірленгеніне қарамастан, заңдық күші бар актілер оның қатысуынсыз жасалады».<sup>244</sup> Белгілі медиа-заңгер Игорь Лоскутовтың ойынша, «уақыт бұл заңды нағыз сынаққа алады. Қазір оның ықпалы туралы айту ертерек, өйткені заңдық күші бар актілер әлі қабылданған жоқ».<sup>245</sup>

### **7.1.1.1. Қол жеткізу және қолжетімдік**

2010 жылы үкімет цифрлық форматта хабар таратуға көшудің бірнеше сатыда жүзеге асырылатынын, оның үстіне, алдымен жерсерік арқылы хабар таратуды енгізу басталып, екінші сатыда жерүсті хабар тарату инфрақұрылымы орнатылатынын, ал үшінші сатыда цифрлық арналар мен бағдарламаларға жалпыхалықтық қолжетімдік болатынын жариялады. Бірінші саты 2009-2010 жылдары жерсеріктік теледидардың жекеменшік операторы «Кателко Плюс» дабыл берудің жерүсті желісінің ұлттық операторы болып табылатын «Қазтелерадио» АҚ-ымен біріккен кезде басталды. «Қазтелерадио» АҚ-ы кейіннен «Отан TV» деп аталатын жаңа брендті іске қосып, алыс ауылдық жерлерде жалпыұлттық телеарналарды қабылдауды қамтамасыз ету міндетін алдына қойды (2.1.2-тармақты қараңыз). Цифрлық форматта теле-радио хабарларын таратуға көшудің бірінші кезеңінің аяқталғаны 2011 жылғы қаңтарда ресми түрде жарияланды.<sup>246</sup>

Көлік және коммуникациялар министрлігінің ақпараты бойынша, 2012 жылдың қарашасында «Отан TV-ға» жазылушылардың саны сол жылдың мамырындағы 130 мыңнан асып, 200 мыңға жеткен.<sup>247</sup> Бұл – бұрын ұлттық арналардың дабылдарын қабылдамаған 617 елді мекендегі қосымша 5 500 үй шаруашылығы деген сөз.<sup>248</sup>

---

243 «Интерфакс-Қазақстан», Қазақстанның Медиа одағының төрағасы Әділ Жәлілов: «Бұл заңның салдарлары қазақстандық теледидар үшін де, қазақстандық көрермен үшін де, күллі индустрия үшін де қауіпті», 2012 жылғы қаңтар, [http://www.interfax.kz/?lang=rus&int\\_id=13&category=exclusive&news\\_id=140](http://www.interfax.kz/?lang=rus&int_id=13&category=exclusive&news_id=140) (қолжетімді күн: 2013 жылғы ақпанның 11-і).

244 Қазақстан ұлттық теле-радио хабарларын таратушылар қауымдастығының атқарушы директоры Ш.Жақсыбаевамен сұхбат. Алматы, 2012 жылғы маусым.

245 Медиа-заңгер, «ЮрИнфо» ЖШС-інің директоры И.Лоскутовпен сұхбат, Алматы қ., 2013 жылғы қаңтардың 14-і.

246 Khabar.kz, «Назарбаев жерсерік арқылы хабар таратудың ұлттық желісін іске қосты». 2011 жылғы қаңтардың 18-і, [http://www.khabar.kz/rus/politics/Nursultan\\_Nazarbaev\\_zapustil\\_nationaljnuju\\_seti\\_sputnikovogo\\_veshtanija.html](http://www.khabar.kz/rus/politics/Nursultan_Nazarbaev_zapustil_nationaljnuju_seti_sputnikovogo_veshtanija.html) (қолжетімді күн: 2012 жылғы маусымның 12-сі).

247 Otantv.kz, «Қазақстанның 420 елді мекені цифрлық теледидарға қол жеткізді», [http://otantv.kz/?page\\_id=51&id=743](http://otantv.kz/?page_id=51&id=743) (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 8-і).

248 Kaztelradio.kz, «Отан ТВ» абоненттерінің саны 130 мың адамнан асты», 2012 жылғы мамырдың 31-і, <http://kaztelradio.kz/rus/2012/05/31/> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 9-ы).

Цифрлық форматта теле-радио хабарларын тарату – «Қазақстан Республикасында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дамыту бойынша 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламадағы» салалық басым міндеттердің бірі болып белгіленген.<sup>249</sup> «Қазтелерадио» АҚ-ы 2012 жылы теле-радио хабарларын цифрлық форматта таратуға көшудің төмендегідей төрт кезеңін жария етті:<sup>250</sup>

1. Цифрлық форматта жерүсті хабарларын таратуды бес: Алматы, Астана, Қарағанды, Жезқазған және Жаңаөзен қалаларында 2012 жылдың екінші тоқсанына қарай іске қосу (2012 жылғы шілдеде аяқталды);<sup>251</sup>
2. 2012-2013 жылдарда – 14 облыстың 56 процентін қамту;
3. 2013-2014 жылдары – шекараға жақын аудандардың 80 процентін қамту;
4. Ішкі аймақтардың 95 процентін 2015 жылға қарай қамту.

2011 жылғы тамыздың 27-інде қаржы министрі Болат Жәмішев үкіметтің 2012-2014 жылдарда жерүсті теле-радио хабарларын цифрлық таратуды дамыту үшін 57 миллиард теңге (шамамен 387 млн. АҚШ доллары) бөлгені туралы хабарлады.<sup>252</sup> Аталған уақыт шектеріне жоспарланған жобаның жалпы құнын бағалай келе, «Қазтелерадио» АҚ-ы 51 миллиард 358 миллион теңге (340 млн АҚШ долларына жуық) сомасын көрсетті.<sup>253</sup>

«Қазтелерадио» АҚ-ы басқармасының төрағасы Абай Қадыралиевтің сөзі бойынша, цифрлық жерүсті теле-радио хабарларын тарату шамамен 30 арнаға қол жеткізуге жол ашады, ал 2012 жылы цифрлық теледидарды қосқанға дейін жұртшылықтың 50 проценттен астамы төрттен аспайтын арнаны ғана қарай алатын.<sup>254</sup>

«Теле-радио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңы қазақстандық ақпараттық контентті өндіруді ынталандырғанмен, ол шетелдік телеарналарға қолжетімдікті шектейді: аталған арналар үшін 2012 жылғы наурыздың 2-інен кейін, яғни заңның ресми күшіне енуі күнінен кейін уәкілетті министрлікте бір жыл ішінде міндетті тіркелу шарты белгіленген.<sup>255</sup> Бұл тіркелуден өтпеген телеарналар 2013 жылғы наурыздың 2-інен кейін Қазақстан аумағында хабар таратпауға тиіс болған-ды.

---

249 ҚР Үкіметінің «Қазақстан Республикасында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту бойынша 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» 2010 ж. 29 қыркүйектегі № 983-қаулысы, <http://kzcontent.kz/fi/les/zan/postanovlenie.doc> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 9-ы).

250 «Қазтелерадио» АҚ-ы басқармасының төрағасы А.Қадыралиевтің «Қазақстанның теле-радио хабарларын таратуды қоғам мен индустрия мүдделері үшін реттеу» конференциясындағы «Қазақстанда цифрлық хабар таратуды дамыту» атты таныстыруы, Алматы қ., 2012 жылғы мамырдың 30-ы.

251 Kaztelradio.kz, «Қазақстанның 5 қаласында цифрлық эфирлік теледидар хабар беруді бастады», 2012 жылғы шілденің 16-сы, <http://kaztelradio.kz/rus/201/07/16/v-пяти-городах-казахстана-начало-веща/қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 12-сі>.

252 Gazeta.kz, «Қазақстан алдағы үш жылда цифрлық хабар таратуды дамытуға 57 млрд. теңге бөлетін болады», <http://news.gazeta.kz/art.asp?aid=347568> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 9-ы).

253 «Қазтелерадио» АҚ-ы, «Қазақстанда цифрлық форматта хабар таратудың болашағы» таныстырылымы, Алматы қ., 2012 жылғы қаңтардың 10-ы (кошірмесі бар).

254 Kaztelradio.kz, «Эфирлік телехабар таратудың цифрлық желісі 2015 жылға қарай Қазақстан жұртшылығының 95%-ін қамтитын болады», <http://kaztelradio.kz/rus/2012/08/23/> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 9-ы).

255 «Теле-радио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңының 42-бабы, 7-тармағы.

Бұл жайт 80 процентке жуығы шетелдік телеарналармен толыққан кабельдік пакеттердің тізбесін кемітіп тастауы мүмкін.<sup>256</sup> 2013 жылдың ақпанындағы ахуал бойынша Қазақстанда таратылатын шетелдік телеарналардың 70 проценттейі тіркелмеген болып шықты.<sup>257</sup> Дәл қазіргі уақытта бір арналардың басқа арналарға залал келтіре отырып тіркелгені жайында ақпарат жоқ.

Цифрлық дабылдың қолжетімдігі мәселесі үш тәсілмен шешіледі. Біріншісі – дабылды ел аумағына түгел тарату – бұрын бар-жоғы бірнеше арна хабар таратқан аймақтарда ақпаратқа қол жеткізуді кеңейтеді. Екінші тәсіл – тұрмыс жағдайы нашар отбасыларын «Otau TV-ның» тегін құралдарымен жабдықтау. Үшіншісі – «Otau TV-ның» қабылдаушы құрал-жабдығын иеленушілерге қазақстандық арналарды абоненттік ақысыз қарау мүмкіндігін беру.

### **7.1.1.2. Қабылдаушы құрал-жабдықтарға демеуқаржы**

«Теле-радио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңы жұртшылықты цифрлық дабылдар қабылдауға арналған құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету механизмін белгілеп, эфирлік теле-радио хабарларын цифрлық форматта таратуға толық көшу Қазақстан Республикасының барша жұртшылығын дабылдарды қабылдау мүмкіндігімен қамтамасыз еткен жағдайда ғана жүзеге асатынын қарастырады.<sup>258</sup>

Аталған Заңның 42-бабының 9-тармағына сәйкес, Астана, Алматы қалаларында және 14 облыста жергілікті атқару органдары эфирлік теле-радио хабарларын цифрлық форматта таратуға толық көшкенге дейін «жұртшылықтың әлеуметтік тұрғыда қорғалатын» топтарын теледидардың қосымша құралдарымен қамтамасыз етуге тиіс. Бірақ бұл талаптың орындалуы тәртібі әлі жария етілген жоқ.

### **7.1.1.3. Қоғамдық мүдделерді құқықтық реттеу**

«Теле-радио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңында да, Қазақстанның басқа негізгі заң актілерінде де «қоғамдық мүдде» деген термин жоқ. Балама ретінде заңда «әлеуметтік маңызы бар ақпарат» деген сөз тіркесі және кеңінен танымал шетелдік (негізінен, ресейлік) арналарда бәсекеге түсуге тура келетін «отандық теле- және радио арналары» деген сөз тіркесі аталады.

«Теле-радио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңына сәйкес, міндетті арналардың тізбесі [азаматтардың] «ақпаратқа, сөз бостандығына, өз пікірін білдіруге және пікірлердің плюрализмін дамытуға деген құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында» қажетті «әлеуметтік маңызы бар

---

256 Almatv.kz, «Бағдарламалар пакеті», <http://www.almatv.kz/almaty/services/digitaltv/channels/> (қолжетімді күн: 2013 жылғы ақпанның 7-сі).

257 Zakon.kz, «Шолпан Жақсыбаева: «Өз ақшамызға теледидарымызға құлпы салып, ал кілтті «Қазтелерадиодан» сатып алуды ұсынады», 2013 жылғы қаңтардың 28-і, [http://www.zakon.kz/top\\_news/4537867-sholpan-zhaksybaeva-za-nashi-zhe-dengi.html](http://www.zakon.kz/top_news/4537867-sholpan-zhaksybaeva-za-nashi-zhe-dengi.html) (қолжетімді күн: 2013 жылғы ақпанның 12-сі).

258 «Теле-радио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңы, 42-бап, 2-тармақ.

ақпараттар» жиынтығынан тұруға тиіс.<sup>259</sup> Міндетті пакет «конкурстық негізде үш жылда бір рет» жасалуға және үкіметтің қаулысымен бекітілуге тиіс.<sup>260</sup> 2013 жылғы қаңтардың 9-ында<sup>261</sup> мақұлданған алғашқы осындай пакет сегіз мемлекеттік және жалпыұлттық тарату үшін міндетті деп белгіленген алты жекеменшік арнадан тұрады.<sup>262</sup> Бұл арналарға 18 арнаға дейін сыйдыратын DVB-T2 стандартының алғашқы мультиплексіне қосу үшін басымдық берілетін болады.

Азаматтық қоғамның өкілдері міндетті пакетке аймақтық жеке арналарды қосу идеясын қызу қуаттап, алға ілгерілеткенмен, олардың бірде-біреуі міндетті арналардың тізбесіне енгізілмеді. Оның үстіне, мультиплекстің сыйымдылығы оған мүмкіндік те береді.

Аймақтық арналарды мультиплекске қосудың іс-шараларын бөлек қараған жөн. 2011 жылғы ақпанның 25-інде байланыс және ақпарат вице-министрі Нұрай Оразов Астана қаласында Қазақстан ҰТҚ-ы ұйымдастырған дөңгелек үстелде, ұлттық арналармен және олардың жергілікті филиалдарымен салыстырғанда, жеке аймақтық арналардың бәсекеге қабілетінің төмендігіне бола, оларды мультиплексе құрамына енгізуге үкіметтің кепілдік бермейтінін мәлімдеді. Олардың ары қарай нарықта қатысуын шешудің бір жолы, Оразов мырзаның сөзі бойынша, – кабельдік желілерге немесе интернетке толықтай көшу.<sup>263</sup>

«Үкімет, тұтынушылардың қалау-ниеттеріне қарамастан, жергілікті телеарналарды цифрлық мультиплекске қосуда қаламайды», – дейді Жақсыбаева ханым.<sup>264</sup> 2011 жылғы наурызда Қазақстан ҰТҚ-ы жариялаған сауалнама телекөрсермендердің (сауалға тартылған 500 адамның 73 проценті) жергілікті телеарналарды қарағанды жөн көретінін және оларды аймақта болып жататын оқиғалар туралы сенімді ақпарат көздері деп санайтынын көрсетті.<sup>265</sup> Жергілікті жаңалықтар контенті болып отырған жергілікті телеарналардың, республикалық мемлекеттік арналарға қарағанда, көбірек еркіндігі бар екенін айту керек. Егер теле-радио хабарларын цифрлық форматта таратуға көшудің нәтижесінде жергілікті телеарналардың географиялық ауқымда қамтуы қысқарып кетсе, онда бұл тәуелсіз хабар таратушыларға соққы болып, ақпарат көздерінің әртүрлілігіне әсер етеді.

2011 жылдың маусымында Байланыс және ақпарат министрлігі «Теле-радио хабарларын тарату туралы» заң жобасына аймақтық теле-радио хабарларын таратушылардың мультиплекске енгізілуіне кепілдік беретін ереже ұсынғанда, күрт өзгерістің орын алғаны анық.<sup>266</sup> Үкіметтік

259 «Теле-радио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңы, 12-бап, 1-тармақ.

260 Сонда. 12-бап, 2, 6-тармақтар.

261 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы желтоқсанның 28-індегі № 1713 «Міндетті теле-радио арналарының тізбесін бекіту туралы» қаулысы (көшірмесі Қазақстан ҰТҚ-ының атқарушы директоры Ш.Жақсыбаевадан алынды).

262 Azattyq.org, «14 телеарна «өзара есепке алу» шартымен хабар таратуға мәжбүр», 2013 жылғы қаңтардың 10-ы, <http://rus.azattyq.org/content/tv-channels-list-to-broadcast-free-ocharge/24819433.html> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 10-ы).

263 Azattyq.org, «Аймақтық телеарналар цифрлық форматқа көшуде сактық танытады», 2011 жылғы ақпанның 28-і, [http://rus.azattyq.org/content/television\\_kazakhstan\\_media/2323148.html](http://rus.azattyq.org/content/television_kazakhstan_media/2323148.html) (қолжетімді күн: 2012 жылғы маусымның 12-сі).

264 Қазақстан ҰТҚ-ының атқарушы директоры Ш.Жақсыбаевамен сұхбат, 2012 жылғы наурыз.

265 Қазақстан ҰТҚ-ы, «Жергілікті телеарналардың рөлі және цифрлық желіге көшудің қоғамдық тұрғыда түсінілуі», Алматы қ., 2011 жылғы наурыз (көшірмесі бар).

266 «Теле-радио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңы, 42-бап, 4-тармақ.

емес ұйымдар бұны жетістік деп қабылдады, өйткені жергілікті телеарналардың бөтен контентті қайталап беруге тікелей тәуелді болуы себепті, басынан-ақ мемлекет оларды бәсекеге қабілетсіз деп санаған-ды. Олар қайталап беретін контенттің көлемдері туралы ақпарат жұртшылыққа жетпейді. Алайда жергілікті телеарналардың бірінің іс-тәжірибесіне сүйене отырып, қарама-қарсы қорытынды жасауға болады. Шымкенттегі жеке «Отырар ТВ» телеарнасының атқарушы директоры Вячеслав Шварцтың айтуынша, оның телеарнасының қайталап беретін контентінің үлесі 20 проценттен аспайды. Аптаның жеті күнінде тәулігіне 24 сағат хабар тарата отырып, бұл станция күн сайын эфирге жаңалықтардың тоғыз бағдарламасын шығарады. Қайталап берілетін материал – құжаттамалық фильмдер және Ресейдің «REN TV» телеарнасының өндірісіне жататын ғылыми фантастика – негізінен, эфирге демалыс күндері жіберіледі.<sup>267</sup>

#### 7.1.1.4. Қоғамдық талқылаулар

2009 жылы Мәдениет және ақпарат министрлігі жанындағы жұмыс тобы «Қазақстан Республикасында теле-радио хабарларын цифрлық форматта таратуды енгізудің және дамытудың 2009-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасын»<sup>268</sup> әзірлеуді бастады. Онда цифрлаудың техникалық талаптары егжей-тегжейлі қаралуға тиіс-тін. Естеріңізге салсақ, бұл жұмыс тобына азаматтық қоғамның бір ғана өкілі – Қазақстан ұлттық теле-радио хабарларын таратушылар қауымдастығының атқарушы директоры Жақсыбаева ханым кірген.

Жақсыбаева ханымның сөзі бойынша, 2008-2010 жылдары бұл тұжырымдаманың оншақты жобасы қаралған. Бірақ құжат мәтініне жұмыс тобы мүшелерінің ұсыныстарын кіргізудің орнына, министрлік әр жолы тұжырымдаманы нөлден бастап жасап отырды.<sup>269</sup> Құжаттың аяқталған нұсқасы қабылданбаған күйінде қалды.

«Теле-радио хабарларын тарату туралы» заң жобасын әзірлеуге жұртшылық белсендірек қатысты. 2011 жылдың көктемінде Байланыс және ақпарат министрлігі жұмыс тобына: Қазақстан ҰТҚ-ының атқарушы директоры Шолпан Жақсыбаеваны, «Әділ сөз» қоғамдық қорының президенті Тамара Калееваны, «Internews Kazakhstan» атқарушы директоры Маржан Елшібаеваны және Кабельдік операторлардың «Азия» Халықаралық қауымдастығы басқармасының төрағасы Антон Шинді шақырды. Калеева ханым жұмыс тобының Астанадағы кездесулеріне өзінің әрдайым шақыру алып отырғанын айтты және соңында: «Азаматтық қоғам өкілдерінің шешімдер қабылдау үдерісіне қатысуына әрең-әрең рұқсат етіледі», – деді.<sup>270</sup>

Үш мемлекеттік емес ұйым: «Әділ сөз», «Қазақстан ҰТҚ-ы» және «Internews Kazakhstan» одағы бірлесіп, ұсыныстардың сегіз пакетін табыс етті. Үкіметтік емес ұйымдардың заң жобасының

267 «Отырар ТВ» телеарнасының атқарушы директоры В.Шварцпен телефон арқылы сұхбат, 2013 жылғы ақпанның 6-сы.

268 Natkaz.kz, «Қазақстан Республикасында цифрлық теле-радио хабарларын таратуды енгізудің және дамытудың 2009-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы», [www.natkaz.kz/doc/DTV\\_concept.doc](http://www.natkaz.kz/doc/DTV_concept.doc) (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 14-і).

269 Қазақстан ҰТҚ-ының атқарушы директоры Ш.Жақсыбаевамен сұхбат, 2011 жылғы қарашаның 21-і.

270 «Әділ сөз» қоғамдық қорының президенті Тамара Калеевамен сұхбат, Алматы, 2012 жылғы мамырдың 14-і.



түбегейлі нұсқасына енгізілген кейбір ұсыныстары ауыспалы кезеңде жеке теле-радио хабарларын таратушыларды қолдауға бағытталған.

Үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерінің ойынша, кейбір маңызды мәселелер бойынша олардың уәждерін министрлік енжар қабылдаған. Заң жобасын Мәжіліс қарайтын тұста, 2011 жылғы қыркүйектің 6-сында, жоғарыда аталған ҮЕҰ өкілдері парламенттегілерге өздерін Мәжіліс жанындағы жұмыс тобына қосу туралы өтініш айтқан-ды. Олар цифрлық дабылдар беру нарығындағы мемлекеттік монополиямен келіспейтіндіктерін білдіріп, Теле-радио хабарларын тарату мәселелері жөніндегі комиссияның жұмысын онда ҮЕҰ өкілдерінің аз болуы себепті сынға алды. ҮЕҰ өкілдері сыбайлас жемқорлық тәуекелдіктерін азайту және мемлекеттік бақылауды шектеу мақсатында аталған заң жобасын талқылау үдерісіне азаматтық қоғамның белсенді қатысуға тиістігін атап көрсетті.

2011 жылдың қарашасында жоғарыда аталған белсенділер Мәжіліс жанындағы жұмыс тобына кірді. Алайда жұмыс тобының бірде-бір отырысы болмады, өйткені көп ұзамай-ақ Мәжіліс таратылды. ҚР Парламенті Сенатында жұмыс тобының бес отырысы өткізілді, бірақ ҮЕҰ одағының өкілдері 2011 жылғы желтоқсанның 5-інде өткен үшінші отырысқа ғана шақырылды. Ресми түрде азаматтық қоғам негіздемілік құжаттарды әзірлеуге ғана қатысты, бірақ ҮЕҰ-ның қатысуы да, түпкілікті нәтижеге ықпалы да шектеулі болды.

Цифрлық теле-радио хабарларын таратуға көшу туралы жұртшылықтың хабардар болуын көтеруге бағытталған ақпараттық науқандардың кең таралған өрісі болмады. Жақсыбаева ханым: «Ұлттық теледидардағы бірнеше 30 секундтық жарнама ролигін есептемегенде, ақпарат науқаны көп айналымға жете алмады», – дегенді айтты.<sup>271</sup>

## 7.1.2. Интернет

### 7.1.2.1. Интернеттегі жаңалықтар контентін реттеу

2009 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев ресми емес түрде «Интернет туралы» ҚР Заңы деп аталған, ақпараттық-коммуникациялық желілер мәселелері бойынша заң актілеріне енгізілген бірқатар түзетулерді мақұлдады.<sup>272</sup> «Веб-сайт» ұғымының анықтамасы кеңірек «интернет-ресурс» түсінігіне ауыстырылды, нәтижесінде, әлеуметтік желілер мен дербес блогтарды қоса алғанда, барлық интернет-ресурстар бұқаралық ақпарат құралдарына теңестірілді. Сөйтіп, пайдаланушылық контент БАҚ өндіретін контенттермен қатар мемлекеттік реттеуге ұшырады.<sup>273</sup> Жоғарыда аталған түзетулерге сәйкес, блогерлер мен комментаторлар, интернет-ресурстардың меншік иелері кәсіби БАҚ-тармен қатар әкімшілік немесе қылмыстық

271 Қазақстан ҰТҚ-ының атқарушы директоры Ш.Жақсыбаевамен сұхбат, Алматы, 2011 жылдың қазаны.

272 Қазақстан Республикасының «Ақпараттық-коммуникациялық желілер мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы шілденің 10-ындағы № 178-IV Заңы. [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30447840](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30447840) (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 10-ы).

273 Журналистерді қорғау жөніндегі комитет, «Баспасөз бостандығын көзге ілмей, Қазақстан ЕҚЫҰ ұстанымына нұқсан келтіріп отыр», <http://crj.org/tu/2010/09/post-17.php> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қарашаның 1-і).

заң бұзушылықтар үшін жауапкершілікке тартылады. «БАҚ туралы» ҚР Заңының 25-бабының 2-1-тармағына сәйкес, меншік иесі немесе бас редактор: «конституциялық құрылысты күштеп өзгертуді, Қазақстан Республикасының тұтастығын бұзуды, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсат келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, сословиелік және ру-тайпалық артықшылықты, қатыгездік, зорлық-зомбылық және порнографияны насихаттаудан немесе үгіт жүргізуден тұратын хабарламалар мен материалдарды таратқаны үшін», олардың қандай дереккөздерден алынғанына қарамастан, жауапкершілік көтереді.

Аталған Заң Қазақстан ЕҚЫҰ-да төрағалық міндетін атқаратын тұста қабылданды және осы ұйым, азаматтық қоғам, халықаралық бақылаушылар мен бұқаралық ақпарат құралдары тарапынан қатаң сынға ұшырады.<sup>274</sup> «Интернет туралы» ҚР Заңының қарсыластары президент Н.Назарбаевты заңға тыйым салуға үндеді, өйткені ол интернет пен БАҚ-тың бостандығын шектей отырып, Қазақстанның демократия жағына қарай қабылдап отырған барша күш-жігерін жоққа тән етеді.<sup>275</sup>

### 7.1.2.2. Онлайн-контент үшін құқықтық жауапкершілік

«Интернет туралы» ҚР Заңы интернет-ресурстың меншік иесіне, бас редакторға немесе пост, түсіндірме авторына заңдық (азаматтық, әкімшілік немесе қылмыстық) жауапкершілік жүктейді. Медиа-заңгер Юрий Лоскутовтың пікірі бойынша, сайттың меншік иесінің өзін пайдаланушылық контентке қатысты тағылған айыптаулардан қорғайтын бірнеше тәсілі бар: «Меншік иесі түсіндірмелер қызметін алып тастауға, өзінің сайтында форумдар, блогтар мен чаттар құрмауға немесе әділетті цензура енгізуге тиіс».

Сот әрбір нақты жағдайда дербес жауапкершілік дәрежесін белгілейді. Меншік иесі мен бас редактор ақпарат көзіне, талқыланып жатқан түсіндірменің немесе материалдың авторына қарамастан жауапкершілік көтереді. «БАҚ туралы» ҚР Заңында көрсетілген ерекше жағдайлар мемлекеттік органдар тарататын ақпаратқа, шенеуніктердің немесе азаматтардың жұртшылық алдындағы сөйлеген сөздеріне және тікелей эфирде жасалған мәлімдемелерге қатысты.<sup>276</sup>

Бұл Заң интернет-ресурстың меншік иесінің мәртебесін айқын реттемейді. Әлеуметтік желілердің күн санап артып келе жатқан танымалдығы бұл мәселенің шешілуін қиындатып отыр. Сөйтіп, мысалы, заң әлеуметтік желі сайтының меншік иесі мен дербес аккаунт иесінің арасындағы айырмашылықты ажыратпайды. Лоскутов мырзаның ойынша, заңда кемшіліктердің болуы интернет терминологиясын және онлайн-журналистиканың қитұрқы айла-әдістерін заң шығарушылар мен үкіметтің жеткілікті дәрежеде түсінбеуіне байланысты.<sup>277</sup>

---

274 А.Рихтер, «Қазақстан Республикасының «Ақпараттық-коммуникациялық желілер мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасына түсіндірмелер», <http://www.osce.org/tu/fom/36861> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қарашаның 1-і).

275 ЕҚЫҰ, «ЕҚЫҰ-ның БАҚ бостандығы жөніндегі өкілі Қазақстан президентін интернет туралы заңға тыйым салуға үндейді», 2009 жылғы маусымның 25-і, <http://www.osce.org/tu/fom/51085> (қолжетімді күн: 2012 жылғы маусымның 12-сі).

276 «БАҚ туралы» ҚР Заңының 26-бабы.

277 Медиа-заңгер, «ОрИнфо» ЖШС-інің директоры И.Лоскутовпен сұхбат, Алматы қ., 2013 жылғы қаңтардың 15-і.

«Интернет туралы» ҚР Заңы қабылданбастан бұрын-ақ мемлекет онлайн-контентті реттеуге тырысқан. 2007 жылы сайттарды жауып тастау сыбайлас жемқорлық істері туралы ақпараттың таралып кетуін тоқтату шарасы ретінде қолданылған. «Әділ сөз» қоғамдық қорының ақпараты бойынша, 2007 жылдың қазанында «Қазтелеком» АҚ-ы жоғары орындарда отырған шенеуніктердің телефонмен сөйлескен сөздерін жазып алып таратқан төрт ірі: Zonakz.net, Kub.kz, Geo.kz және Inkaz.info сайты жауып тастады.<sup>278</sup> Бұл фактілердің жұртшылыққа ашық әшкереленуі билікті өз атына сын айтылуының жолын кесу үшін заңнамалық шаралар қабылдауға мәжбүр етті.

Атап айтқанда, Kub.kz заңдық негіздерде жабылды. Мемлекеттік реттеуші Kub.kz-тің тіркелуі қазақстандық домен сайтының сервері шын мәнінде елдің шекарасынан тыс жатқаны себепті кері қайтарылды: қазақстандық заңда бұған тыйым салынған.<sup>279</sup> 2008 жылдың шілдесінде сайтта жарияланған материалға берілген түсіндірме үшін Posit.kz-ті жабу оқиғасы орын алды. Бұл түсіндірме ұлтаралық араздық тудыру фактісі ретінде бағаланды.<sup>280</sup>

Соған ұқсас мысал – танымал блог-платформа LiveJournal алғаш рет 2008 жылы «Интернет туралы» Заң әлі күшіне енбей тұрғанда жабылған.<sup>281</sup> 2010 жылдың қарашасында сайт әкімшілігі Рахат Әлиевтің жоғарғы орындарда отырған қазақстандық шенеуніктердің телефон арқылы сөйлескен сөздерін жазып алып, сыбайлас жемқорлық фактілерін әшкерелейтін құжаттарды жариялаған блогын «тоқтатып» тастады.<sup>282</sup>

2011 жылғы тамызда LiveJournal-ға кіру мүмкіндігі тағы да, бірақ бұл жолы сот шешімімен, жабылып қалды. Сот кейбір аккунттардың діни-экстремистік бағыттағы ақпарат таратқанын айыптады.<sup>283</sup> LiveJournal-дың баспасөз хатшысы Светлана Иванникова «компанияның нақты қандай эккаунттардың экстремистік екенін көрсететін және оларды алып тастауды талап ететін ешқандай ресми хабарламалар алмағанын» мәлімдеді.<sup>284</sup>

Заңгер Әбділмәжит Жұмағұловтың пікірі бойынша, БАҚ-қа қарсы сотқа талап-арыз берместен бұрын, арызданушы сайттың әкімшілігіне жағдайды түсіндіріп хабарлама жолдауға және заңға

278 «Әділ сөз» қоғамдық қоры, «Интернеттің жай-күйіне мониторинг және Қазақстанда 2007 жылдың қазанында интернет пайдаланушылардың құқықтарының бұзылуы», 2007 жылғы қазан, <http://old.adilsoz.kz/index.php?lan=russian&id=702> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 13-і).

279 Freeas.org, «Қазақстанда Бораттың артынан КУБ-қа тыйым салынды», 2007 жылғы қазанның 23-і, <http://www.freeas.org/index/stats.php?nid=7468> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 13-і).

280 Zacon.kz, Бас прокуратураның баспасөз-релизі, 2008 жылғы шілденің 4-і, <http://www.zakon.kz/115515-o-priostanovlenii-sajjta-www.posit.kz.html> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 13-і).

281 Lenta.ru, «Қазақстанда ТЖ-ға қолжетімдік тоқтатылды», <http://lenta.ru/news/2008/10/09/kazakh/> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 13-і).

282 Ә.Нұрмаков, «Қазақстан: LiveJournal екі жылғы тоқтаудан кейін іске қосылды», GlobaVoicesOnline, 2010 жылғы қарашаның 17-сі, <http://globalvoicesonline.org/2010/11/17/kazakhstan-livejournal-unblocked-after-2-years-of-filtering/> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қарашаның 1-і).

283 Neweurasia.net, «Қазақстан діни экстремизммен күресу мақсатында сайттарды жауып жатыр», 2011 жылғы қыркүйектің 9-ы, <http://www.neweurasia.net/media-and-internet/kazakhstan-blocks-websites-to-battle-religious-extremism/> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қаңтардың 24-і).

284 IFEX, «LiveJournal порталы және бірнеше блог тоқтатылды», 2011 жылғы қыркүйек, [http://www.ifex.org/kazakhstan/2011/09/02/Livejournal\\_suspended/](http://www.ifex.org/kazakhstan/2011/09/02/Livejournal_suspended/) (қолжетімді күн: 2013 жылғы сәуірдің 17-сі).

қайшы контентті алып тастауды өтінуге тиіс. Егер бұл талап орындалмаса, ол сайттың меншік иесіне немесе домендік есімге сұрау сала алады. Келесі қадам ҚР Бас Прокуратурасы немесе ҚР Ішкі істер министрлігі сияқты құқық қорғау орындарына шағымдану болмақ.<sup>285</sup>

2012 жылдың сәуірінде Астана қаласының Есіл ауданының соты азамат Анатолий Утбановтың арызын қарау барысында сайтты жауып тастаудың заңдылығын растады. Аталған азаматтың айтуынша, бүкіл сайтты жауып тастау дұрыс шешім емес, өйткені соттың шешімі блог-платформа аккаунттарының біріне ғана қатысты болған. Сот тыңдалымдары барысында Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілі осындай іс-әрекеттердің себебі ретінде жекелеген аккаунттарды сүзуден өткізудің және алып тастаудың техникалық мүмкіндіктерінің жоқтығын айтып өтті, бірақ сонымен бірге ондай мүмкіндік 2012 жылдың шілдесінде пайда болуға тиіс екенін де хабарлады.<sup>286</sup>

Әлі күнге дейін ондай технологияның іске қосылған-қосылмағаны туралы ресми мәлімдемелер жарияланбады. ҚР Қауіпсіздік кеңесінің өкілі Тәңірберген Бапанұлының сөзі бойынша, 2011 жылдың қазанында экстремистік мазмұны болғаны үшін 125 сайт жабылған.<sup>287</sup>

Медиалық үкіметтік емес ұйымдардың құқық қорғаушыларын интернет пайдаланушылардың «де-факто» (іс жүзінде) журналистерге теңестірілуі ерекше алаңдатып отыр, ал «де-юре» (заң жүзінде) бұл екі терминнің айтарлықтай айырмашылықтары бар. «БАҚ туралы» ҚР Заңы журналисті материалдар жинау, өңдеу және дайындау үшін БАҚ-қа жұмысқа алынған жеке тұлға ретінде айқындайды. Құқық қорғаушылардың қаупі бекер болмай шықты: 2013 жылдың қаңтарында интернет пайдаланушылардың екеуі «жала жапты» деген айыппен бір жылға шартты мерзіммен сотталды. 2012 жылдың маусымында Алматы қаласы Жетісу ауданының Салық басқармасының екі қызметкері ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитетінің төрағасы Әнуар Жұмаділдаевтің блогында өздерінің басшыларын сыбайлас жемқорлық үшін айыптап, жасырын хабар жариялаған. Тексеру барысында құқық қорғау органдары интернет-кафеде орналасқан компьютердің (хабарлама сол компьютерден жарияланған) IP-мекен-жайын анықтаған. Хабарлама авторларын табу үшін интернет-кафенің бақылау камерасының бейнежазбалары тексерілген.<sup>288</sup>

«Интернет туралы» ҚР Заңының заңға қайшы контенттен тұратын БАҚ-тардың Қазақстан аумағында таратылуын сот шешімімен тоқтататын екінші бір маңызды ережесі жұртшылықтың назарын оншалықты аударма қоймады. Бұл ереже шетелдік сайттардың ақпаратпен толығын отандық сайттармен қатар бақылауға мүмкіндік береді.

---

285 Nomad.su, «Интернеттегі жала жабу», 2013 жылғы қаңтардың 30-ы, <http://www.nomad.su/?a=13-2013года01300007> (қолжетімді күн: 2013 жылғы ақпанның 6-сы).

286 Zakon.kz, «Сот ТЖ-ның жабылуының заңдылығын растады», 2012 жылғы сәуірдің 18-і, <http://www.zakon.kz/4485779-sud-podtverdil-zakonnost-blokirovki-zhzh.html> (қолжетімді күн: 2012 жылғы маусымның 6-сы).

287 Tengrinews.kz, «Қазақстан 125 сайтты жауып тастады», 2011 ж. қазанның 1-і, [http://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/198106/](http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/198106/) (қолжетімді күн: 2012 жылғы қаңтардың 24-і).

288 Nomad.su, «Интернеттегі жала жабу», 2013 жылғы қаңтардың 30-ы, <http://www.nomad.su/?a=13-2013года01300007> (қолжетімді күн: 2013 жылғы ақпанның 6-сы).

Заңнамада дауларды соттан тыс реттеу механизмі көзделмеген ( БАҚ теріске шығарып, жалған екенін баспасөзде жариялауға келісетін жайттарды есепке алмағанда). Сот шешімі күшіне енген сәттен бастап, сайттың жұмысы үш ай мерзімге дейін тоқтатыла тұруы немесе кейіннен құқық бұзушылықтың ауырлығына қарай немесе құқық бұзушылық жойылмаған жағдайда жабылуы мүмкін. Сайт үшін бұл тұрақты тұтынушыларының елеулі үлесінен айырылып қалу дегенді білдіреді.<sup>289</sup>

Лоскутов мырзаның айтуынша, меншік иелері мен пайдаланушылар арасындағы жауапкершілікті ажырату мәселесі заңнамада да, соттағы іс тер барысында да қаралмаған, сондықтан әлі күнге дейін кімнің жауапкершілік көтеретіні айқын емес.<sup>290</sup> Алайда кейбір меншік иелері мен сайттардың редакторлары құқықтық жауапкершілікті ажыратуға әрекет жасап көрген-ді. «ZonaKZ» интернет-газетінің бас редакторы Юрий Мизинов «Интернет туралы» ҚР Заңы қабылданғаннан кейін сайтта жарияланған пайдаланушылық контент үшін жауапкершілікті ажыратуды қажет ететін пайдаланушылық келісім енгізді.<sup>291</sup> Бұндай іс-тәжірибенің сотта пайдаланылған пайдаланылмағаны белгісіз.

2009 жылы құқық қорғаушылар хостинг-компаниялардың өзіндік цензураны елеулі түрде күшейткенін және контентті сүзгіден өткізгенін атап өтті. Көптеген интернет-ресурстар дереу түсіндірмелер беру қызметін тоқтатты,<sup>292</sup> ал онлайн-контентті берушілердің көпшілігі сотқа шағымдануды болдырмау үшін, тежеуді (модерация) күшейтті.

2010 жылдың шілдесінде «Ұлт көшбасшысы туралы» ҚР Заңына Бірінші Президентті ашық балағаттау және беделіне нұқсан келтіру жағдайлары бойынша құқықтық жауапкершілік көздейтін өзгертулер енгізу туралы шешім қабылданған соң,<sup>293</sup> өзіндік цензураның деңгейі айтарлықтай көтерілді. Пайдаланушылық контенті басымырақ сайттар, мысалы, Yvision блог-платформасы, штаттағы модераторлардың санын көбейтіп, өз пайдаланушылары арасында жауапкершілікті ажыратудың әртүрлі үлгілерін тестіледі.<sup>294</sup>

---

289 В.Фомичева, «Қазақстандағы интернет», Алматы қ., 2010 ж., 70-114-беттер, <http://www.mediaalliance.kz/download/253/IssledovanieinternetVKazakhstaneKazakhstanskiy-KontentKazakhstanskayaInternet-ekonomikaKazakhstanskoeInternetpravoKazakhskoyazychniySegment.pdf> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қарашаның 1-і).

290 Медиа-заңгер, «ЮрИнфо» ЖШС-інің директоры И.Лоскутовпен сұхбат, Алматы қ., 2013 жылғы қаңтардың 15-і.

291 Zona.kz, «Пайдаланушылық келісім», <http://www.zonakz.net/blogs-lisense.php> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 15-і).

292 К.Шрек, «Қазақстан блогерлерге қысым көрсетеді», «The National», 2009 жылғы тамыздың 25-і, <http://www.thenational.ae/apps/pbcs/dllarticle?AID=/20090825/FOREIGN/708249847/1140> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қарашаның 1-і).

293 «Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті – Ұлт көшбасшысы туралы» 2000 жылғы маусымның 14-індегі № 83-ІІ ҚР Конституциялық Заңына түзетулер, <http://www.inform.kz/rusarticle/2278166> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 13-і).

294 Yvision.kz сайтының меншік иесі С.Игнатовпен сұхбат, Алматы қ., 2010 ж., қарашаның 2-сі.

## 7.2. Реттеушілер

### 7.2.1. Контентті реттеудегі өзгерістер

Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабы сөз бостандығына және шығармашылық бостандығына кепілдік береді және цензураға тыйым салады, азаматтарға кез келген заңды жолмен ақпарат алу және тарату құқын береді.<sup>295</sup>

Конституция барлық БАҚ-тарға мемлекеттік құпия болып саналмайтын және ұлттық заңнамаға қайшы келмейтін ақпаратты жинауға және таратуға құқық береді. Алайда 1999 жылы «БАҚ туралы» Заң қабылданғаннан кейін Қазақстанда баспа және электрондық БАҚ-тардың ақпаратпен толығын реттейтін ондаған заңнама актілері мен жарлықтар қабылданды және түзетулер енгізілді. Өзгертулердің басым көпшілігі сөз бостандығын шектеуге бағытталған.

Соңғы сегіз жыл ішінде «БАҚ туралы» ҚР Заңына ғана бес рет өзгертулер енгізілді.

2005 жылғы президент сайлауынан кейін үкімет БАҚ-тарды бақылауды күшейтетін бірқатар заңдар қабылдады. «БАҚ туралы» ҚР Заңының үш жана (4-1, 4-4 және 4-5) ережесі жергілікті атқару органдарына бұқаралық ақпарат құралдарын жоспарлы түрде және жоспарсыз да тексеру жүргізуге мүмкіндік туғызды. Сондай-ақ Заңға мемлекеттік тіркеуден өтпеген кезде БАҚ-қа ақпарат таратқаны үшін айыппұл салатын түзетулер де енгізілді.

Жаңа ережелерге сәйкес, электрондық БАҚ-тар тілдік теңгерімді сақтауға: эфир уақытының 50 процентін – қазақ тілінде, ал 50 процентін орыс тілінде хабар беруге арнауға тиіс. Сонымен қатар: меншік иесі, редактор, ұйымдастырушылық-құқықтық формалар, сондай-ақ БАҚ атауы, басылым тілі, таралу аумағы, тақырыптық бағыттылығы және басылымның шығатын мерзімділігі ауысқан жағдайда, барлық БАҚ-тардың қайтадан тіркелуден өтуге тиістілігі міндеттелді.<sup>296</sup>

Соңғы бірнеше жыл ішінде уәкілетті органдардың құрылымы әртүрлі өзгертулерге жиі-жиі ұшырады. 2012 жылдың қаңтарындағы соңғы реформалардың нәтижесінде БАҚ жұмысының технологиялық мәселелері үшін жауапкершілік жаңадан құрылған Көлік және коммуникациялар министрлігіне (ары қарай – ККМ) жүктелді, ал ақпарат өрісін реттеуге жауапты болып Мәдениет және ақпарат министрлігі белгіленді. Сол уақытқа дейін екі міндетті де таратылған Байланыс және ақпарат министрлігі (ары қарай – БАМ) атқарып келген. Оның басшысы Асқар Жұмағалиев кейіннен интернеттің цифрлануы мен инфрақұрылымына жауап беретін ККМ-ді басқарды.

Ресми тұлғалардың жұрт алдындағы мәлімдемелеріне сәйкес, бұл құрылымдардың атқаратын қызметтерінің бірі – ақпараттық-коммуникациялық технологиялардан келетін қауіп-қатерлермен

---

295 Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайтына қараңыз, «1995 жылғы тамыздың 30-ындағы «Қазақстан Республикасының Конституциясы» (2011 жылғы ақпанның 2-інде енгізілген түзетулермен), <http://www.akorda.kz/ru/category/konstituciya> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 13-і).

296 [Medialaw.kz](http://medialaw.kz), «БАҚ туралы» Заң үшін қабылданған түзетулер қолданысқа 2007 жылдың 1-қаңтарынан енгізіледі», <http://medialaw.kz/index/php?r=85&c=2074> (қолжетімді күн: 2013 жылғы ақпанның 13-і).

күрес. Бұл қызмет зиян келтіретін контент (вирустар, фишинг үшін бағдарламалық жасақтама және т.б.) тарататын, заңға қайшы ақпараттан (порнографиялық, экстремистік, лаңкестік және т.б.) тұратын интернет-сайттардың мониторингін білдіреді: ондай сайттарды интернет-провайдерлердің немесе жүйелі мемлекеттік әкімшілік мекемелердің жауып тастауы үшін «қара тізімдер» жасалады, яғни «қалыпты құрылысты бұзатын мазмұнмен» және «саяси экстремизммен» күресті білдіреді.<sup>297</sup>

Хабар тарату саласын реттейтін органдар – екі министрлік: Мәдениет және ақпарат министрлігі – контент және мультиплекстер құру үшін жауап береді. Осындай шешімдер қабылдайтын Теле-радио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссия соның құрамында қалдырылды. Көлік және коммуникациялар министрлігі хабар таратудың техникалық жағына және цифрлауға көшу мәселесіне жауапты.

Айқындықтың ары қарайғы қадамы ретінде Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі БАҚ мәселелері жөніндегі Кеңес (ары қарай – Кеңес) құруға бастама көтерді. Оның құзыретіне мәселелердің кең ауқымы бойынша ұсыныстар әзірлеу кіреді, алайда Кеңестің шешімдерінің сипаты көбінесе кеңес беру және ақылдасу-кеңесу іспетті. Мәдениет және ақпарат министрі басқаратын Кеңеске министрліктің тағы үш жоғары лауазымды өкілі кіреді. Одан өзге, Кеңестің құрамында: билікке жақын мемлекеттік телеарналардың, жаңалықтар агенттіктерінің, газеттер мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері бар. Тәуелсіз дауыстардың қатарында: Қазақстанның Журналистер одағы басқармасының төрағасы Сейітқазы Матаевты, «Әділ сөз» қоғамдық қорының президенті Тамара Калееваны және Орталық Азиядағы «Internews Network-тың» аймақтың директоры Олег Кациевті атауға болады.

### 7.2.2. Реттеушілердің тәуелсіздігі

Реттеушілердің мемлекетке және саяси партияларға тәуелсіздігін қамтамасыз ететін механизмдер жоқ. Алдында айтылып өткендей, БАҚ-тың жұмысын Мәдениет және ақпарат министрлігі реттейді. Министрді ел президенті тағайындайды және босатады, министрдің орынбасарларын премьер-министр тағайындайды, оны, өз кезегінде, президент тағайындап, Парламент бекітеді. Парламентте президент басқаратын «Нұр Отан» партиясы үстемдікке ие (107 депутаттың 83-і).<sup>298</sup>

Жиырма үш мүшеден тұратын Теле-радио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссия, алдында айтылғандай, кеңес беру және ақылдасу органы болып табылады, әрі шешімдері көбінесе ұсыныстық сипатта болып келеді. Комиссияның ұсыныстарына қарамастан, премьер-министрдің орындалуы міндетті шешімдерді қабылдау құзыреті бар.

---

297 Nur.kz, «Қазақстанда дұрыс емес сайттарды «тексеру» басталды», 2010 жылғы наурыздың 1-і, <http://www.parlam.kz/ru/history> (қолжетімді күн: 2013 жылғы ақпанның 6-сы).

298 Парламенттің [Parlam.kz](http://www.parlam.kz/ru/history) ресми сайтына қараңыз: «Қазақстанда парламентаризмнің дамуы тарихы», <http://www.parlam.kz/ru/history> (қолжетімді күн: 2013 жылғы ақпанның 6-сы).

### 7.2.3. Хабар таратушылардың лицензиялануы

Қазақстанда хабар таратуға лицензия алу екі сатыда өтеді:

- 1) «Лицензиялау туралы» ҚР Заңына<sup>299</sup> сәйкес, Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеу арқылы телевизиялық немесе радио хабарларын таратуға лицензия беру;
- 2) цифрлық мультиплекстерде орын алу үшін жарияланатын ашық конкурстардың нәтижелері бойынша хабар таратуға рұқсат (яғни жиілік пайдалануға құқық) беру.<sup>300</sup> Екі шараға да Мәдениет және ақпарат министрлігі бақылау жасайды.

Лицензиялау саласындағы өкілеттіктер мен бақылау толығымен министрліктің құзыретіне берілгенмен, «де-юре», яғни заң жүзінде бір немесе басқа ұйымға немесе тұлғалар тобына артығырақ көңіл бөлінеді деуге болмайды. Лицензия беру шарасының үміткерді саяси көзқарасына бола кемсітті дейтіндей дәлелдер жоқ, дегенмен басқарушы билікке жақын емес топтардың теле-немесе радио компанияларын құру мүмкіндіктері аз. Ондай әрекеттер, негізінен, болған жоқ, өйткені қазіргі қалыптасып отырған жағдайда лицензия алу мүмкіндігі тым мардымсыз.

### 7.2.4. Өзін-өзі реттеу механизмдерінің рөлі

Қазақстанда БАҚ-тардың өзін-өзі реттеуі мәселесі қызу талқыланғанмен, бұл тақырыпқа арналған пікірталастар алысқа ұзай қойған жоқ, өйткені мәселенің өзі тіпті де даусыз емес. Өзін-өзі реттеу үдерісіне ұқсатып, үкіметке бейіл орган құруға болады, бірақ ол іс жүзінде, керісінше, БАҚ-қа қарсы мемлекеттік қысымды күшейтіп жіберуі мүмкін. Оның бір мысалы – 2012 жылғы қазанда қабылданған «Қазақстан Республикасының журналист этикасы кодексі» (ары қарай – Кодекс). Аталған кодексті мемлекеттік және үкімет мүдделерін көздейтін БАҚ журналистерінің бір тобы жазған. Бұл құжат сын дауысының қатысуынсыз жазылғаны себепті сын садағына ілінген-ді. Осы уақытқа дейін заңдық күші жоқ Кодекстің БАҚ қызметіне ықпал еткенін көрсететін дәлелдер жоқ (егжей-тегжейлі 4.1-2-тармақтан оқуға болады).

## 7.3. Мемлекеттің бақылауы

2008 жылы үкімет БАҚ-тарға мемлекеттік тендерлер (мемлекеттік тапсырыс) бере бастады. Мәдениет және ақпарат министрлігі жыл сайын БАҚ-тар арасында маңызды саяси және әлеуметтік мәселелерді баяндау бойынша ашық конкурстар жариялайды. Соған ұқсас конкурстарды жергілікті БАҚ үшін жергілікті әкімдіктер ұйымдастырады.

«Солтүстік Қазақстанның құқықтық медиа-орталығы» қоғамдық қорының электрондық бюллетенінің деректері бойынша, 2013 жылдың басынан бері қарай мемлекеттік тапсырыс

---

299 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы қаңтардың 11-індегі «Лицензиялау туралы» Заңы. <http://www.zakon.kz/141150-zakon-respubliki-kazakhstan-ot-11.html> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 15-і); [Zakon.kz](http://www.zakon.kz), «Талап-арыз – игі іс пе?», 2009 жылғы қыркүйектің 16-сы. <http://www.zakon.kz/147367-samoreguljacija-smi-vkazakhstane-jeto/html> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 15-і).

300 «Теле-радио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңының 42-бабы.



аясындағы конкурстар арқылы БАҚ-тарға 48 млн. теңге (320 мың АҚШ доллары) бөлінген, жалпы сомасы 31 млн. теңге (207 мың АҚШ доллары) құрайтын өтінімдер үкіметтің мақұлдауын күту үстінде.<sup>301</sup>

2013 жылдың ақпанында жаңадан тағайындалған мәдениет және ақпарат министрі Мұқтар Құл-Мұхаммет БАҚ-тарға мемлекеттік тапсырыстар бөлудің бағалау өлшемдері мен іс-шараларын қайта қарауды ұсынды. «Мемлекеттік емес БАҚ-тардың көп санын тарту үшін, тарифтер (жаңалықтарды шығаруға арналған) жоғары болуға тиіс», – деді Құл-Мұхаммет мырза. Қазіргі уақытта үкімет телевизиялық бағдарламаның бір сағаты үшін 120 мың теңге (800 АҚШ доллары) төлейді. Бұл, министрдің сөзі бойынша, ұлттық телеарналардың контент өндіру шығындарын толық өтемейді.<sup>302</sup>

2012 жылдың өзінде ғана ақпарат саясатын өткізу үшін «Қазақстан» теле-радио корпорациясына, «Хабар» және «Мир» телеарналарына арналған мемлекеттік сатып алулардың жылдық бюджеті 20 346 000 теңге (136 млн. АҚШ доллары) немесе демеуқаржының 22 666 000 теңге (150 млн. АҚШ доллары) сомасын құрайтын бүкіл бюджетінің 89 проценті болған.<sup>303</sup>

Медиа-нарыққа оңай соққы болмаған қаржы дағдарысы кезеңінде «MediaNet» Халықаралық журналистер орталығы жүргізген сауалнамаға тартылған редакторлар мен журналистердің көпшілігі олардың жан сақтап қалуына мемлекеттік демеуқаржылардың көп көмегі тигенімен келісетіндіктерін айтады (6-2-тармақты қараңыз).<sup>304</sup> Мемлекеттік бағдарламаның кемшіліктерін атап көрсете отырып, сауалға жауап бергендер биліктердің, әсіресе аймақтардағы биліктердің, мемлекеттік БАҚ-тарға көбірек ықпал танытатынын айтады. Оның үстіне, бұл үдерістің мүлдем айқын да ашық еместігі атап өтілді: жеңімпазды таңдау өлшемдері анық белгіленбеген; БАҚ-тардың қаржыландырылуы туралы ақпарат толық жарияланбайды, ал ашық дереккөздерде бар мағлұматтар бір жүйеге келтірілмеген.

«MediaNet» ХЖО-ның талдауы мемлекеттік тапсырыстар өзіндік цензураның дамуына ықпал ететінін көрсетті. Зерттеу барысында сауалға тартылған редакторлар мен журналистер үкіметтен ақша алу – басылымдардың үкіметке қатысты сын үлесі бар оқиғалар туралы баяндаудан бас тартуға келтіретінін мойындайды.<sup>305</sup>

---

301 «Солтүстік Қазақстанның құқықтық медиа-орталығы» қоғамдық қоры, БАҚ үшін мемлекеттік демеуқаржы туралы электрондық бюллетень, 2013 жылғы ақпанның 7-сі, электрондық тарату бойынша қолжетімді.

302 Интерфакс Қазақстан, «Қазақстан-МММ-Медиа-Мемтапсырыс», 2013 жылғы ақпанның 4-і (жазылу арқылы қолжетімді көшірмесі бар).

303 «Солтүстік Қазақстанның құқықтық медиа-орталығы» қоғамдық қоры, «БАҚ-тарға мемлекеттік демеуқаржы туралы зерттеу», <http://legalmediacenter.kz/2012года-10-04-11-17-13.html> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 15-і).

304 «MediaNet» ХЖО, «Қазақстанда БАҚ нарығындағы мемлекеттік сатып алулар: жақсы ма әлде жаман ба?», [http://www.mediaalliance.kz/download/135/AnaliticheskiyObzorMezhdunarodnogoTsentraZhurnalistiki\\_MedianetgoszakazVSmiKazakhstanPol'zaIliVred.pdf](http://www.mediaalliance.kz/download/135/AnaliticheskiyObzorMezhdunarodnogoTsentraZhurnalistiki_MedianetgoszakazVSmiKazakhstanPol'zaIliVred.pdf) (қолжетімді күн: 2012 жылғы қарашаның 1-і).

305 «Известия-Қазақстан» газетінің бас редакторы Э.Поletaевпен, «MediaNet» ХЖО-ның негізін салушылардың бірі Э.Жәлиловпен сұхбат, Алматы қ., 2010 жылғы қарашаның 10-ы.

### 7.3.1. Реттеуші

Оппозициялық БАҚ-та жұмыс істейтіндердің айтуынша, үкіметтің қысымы көбінесе билікке қарсы шығатын БАҚ-тарға бағытталған. Салық тексерулері кейде олардың жұмысының берекесін кетіру үшін қолданылады. Мысалы, Stan.TV бейне-порталын салық органының тексеруі шамамен алты айға созылды: сол уақыттың ішінде штаттағы тілшілер түсініктеме беру үшін салық органына әлденеше рет шақырылды.<sup>306</sup>

Кей жолы реттеуші органдар журналистермен ресми кездесулерді және ресми мәлімдемелерді БАҚ-тағы өзіндік цензура механизмін іске қосу үшін пайдаланады. Ондай механизмді пайдаланудың жарқын мысалы президенттің бұрынғы күйеубаласы Рахат Әлиев жазған «Өкіл әке» кітабынан үзінділер келтіруге байланысты болды. 2009 жылы жарияланған бұл кітап Қазақстанның жоғарғы билік топтарындағы сыбайлас жемқорлық туралы баяндайды.<sup>307</sup> Кітап басылып шыққан бойда ҚР Бас Прокуратурасы барлық БАҚ-тарға арнап, Әлиев мырза таратып отырған кез келген жарияланымға сілтеме жасау, үзінді келтіру немесе жариялау іспетті әрекеттерден сақтандырып, ресми ескерту шығарды. «Әділ сөз» қоғамдық қоры 2009 жылдың мамырында Алматы қаласының прокуратурасы «Республика» және «Взгляд» газеттерінің редакторларын әңгімеге шақырғанынан хабардар етті. Кездесуде Алматы қаласы прокурорының орынбасары Бағбан Тайымбетов редакторларды Р.Әлиевтің «Өкіл әке» кітабынан кез келген ақпаратты жариялаудан тартынуды ұйғаратын ресми құжаттармен таныстырды.<sup>308</sup>

Соңғы ұлттық сайлауалды науқаны барысында Бас Прокуратура мен Орталық сайлау комиссиясының тұрақты іс-тәжірибесі БАҚ-тар үшін «әлеуметтік-саяси ахуалды ушықтырмауды»<sup>309</sup> талап еткен бірлескен ескертулерді жариялау болды, бұл сайлауалды кезеңде өзіндік цензураның артуына келтірді.

### 7.3.2. Бақылаудың басқа түрлері

Сөз бостандығының бұзылуы мониторингін өткізетін «Әділ сөз» қоғамдық қорының деректері бойынша, журналистердің кәсіби қызметтерін атқаруына кедергі келтіру жағдайларының саны артып отырғаны байқалады. 2009 жылы ондай оқиғалардың саны алдыңғы өткен жылмен салыстырғанда екі есе артқан.<sup>310</sup>

Журналистерге қатысты күш қолдану оқиғалары да орын алады. Аталған қордың мағлұматтары бойынша, жылына орташа есеппен журналистерге шабуыл жасаудың 15-16 оқиғасы болып

---

306 Azattyq.org, «Stan.tv журналистері билік тарапынан артып отырған қысымға наразы», [http://rus.azattyq.org/content/stantv\\_Alexander\\_Gabchenko\\_218958.html](http://rus.azattyq.org/content/stantv_Alexander_Gabchenko_218958.html) (қолжетімді күн: 2012 жылғы қарашаның 1-і).

307 Fergananeews.com, «Қазақстан: Р.Әлиевтің тыйым салынған кітабынан келетін үлкен қауіп жоқ», 2009 жылғы мамырдың 26-сы, <http://enews.fergananeews.com/articles/2537> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 15-і).

308 «Әділ сөз» қоғамдық қоры, *Қазақстандағы бұқаралық медиа: заңдар, кикілжіңдер, құқық бұзушылықтар. 2009 жыл қорытындысы*, мониторингтің нәтижелері туралы баяндама, 6-бет, [http://www.adilsoz.kz/book\\_pdf/28.pdf](http://www.adilsoz.kz/book_pdf/28.pdf) (қолжетімді күн: 2013 жылғы 17 сәуір).

309 Бұл да сонда.

310 «Әділ Сөз» қоғамдық қорының президенті Тамара Калеевамен сұхбат, Алматы, 2010 жылдың қарашасы.

тұрады.<sup>311</sup> 2011 жылдың қазанында Батыс Қазақстанға мұнайшылардың ереуілі туралы материал дайындау үшін барған іссапары барысында Stan TV-нің тілшілері мен операторына бейсбол таяқтарымен қаруланған белгісіз біреулер шабуыл жасаған.<sup>312</sup> Билік органдары бұл оқиғаны тексеруді қолға алып, кейіннен полиция іздеу жариялаған екі күдіктіні анықтады.<sup>313</sup>

«Шекарасыз тілшілер» 2011 жылдың «Баспасөз бостандығы индексында» Қазақстанды 179 орынның ішінен 162-орынға орналастырды. Есептемеде журналистерге қатысты жасалған бірқатар аяусыз шабуылдарға кінәлілерді іздестіруде мемлекеттің «өзінің дәрменсіздігін көрсеткені» атап айтылды.<sup>314</sup>

Шенеуніктен түсетін «телефон құқығы» деп аталатын қоңырау – қысым жасаудың басқа бір түрі. Мысалы, қазақстандық баспаханалар екі жылға жуық уақыт «Голос республики» газетін басып шығарудан бас тартып келді, сондықтан ол «өзіндік баспа» форматында (газет нөмірлері кеңселеріндегі құрал-жабдықтарда басылды) шыға бастады.<sup>315</sup> Бірақ 2011 жылдың соңынан бері газета Ресейде басылып, Қазақстанға тасылып әкелінетін болды.<sup>316</sup>

Бұл басылымға қысым жасау БТА банк «Голос республики» газетіне (ол кезде басылым «Республика» атауымен шығатын) қарсы сотқа талап-арыз берген 2009 жылы айқын сипат алды. Акцияларының 97 проценті мемлекетке тиесілі БТА банк «жала жапты» деген айыппен газеттен 400 мың АҚШ долларын өндіріп алды. Бұл жерде сөз ақпараттық дау тақырыбына айналып, банктің депозиттерінен миллиардтаған теңгенің жылыстап кетуіне келтірген-міс қаржылық қиындықтарын жазған мақала туралы болып отыр. Сол кезде «Голос республики» газетінің бас редакторы болған Татьяна Трубачева жеке сұхбатында бұл жағдайдың мемлекет тарапынан газетті жауып тастау әрекеті екенін атап көрсетті.<sup>317</sup> Басқа басылымдар да бұл тақырып туралы жазғанмен, Трубачева ханымның жорамалы бойынша, оның газеті ғана үкіметтің атына ары қарай сын айтудың жолын кесу нысанасына айналған.<sup>318</sup>

Баспаханалардың газеттер тираждарын басып шығарудан бас тартқан басқа да мысалдарын келтіруге болады. Батыс Қазақстан облысында шығатын аймақтық апталық «Орал аптасы» газеті

---

311 Бұл да сонда.

312 Kaztag.kz, «Stan TV журналистеріне жасалған шабуыл олардың кәсіби қызметіне байланысты», 2009 жылғы қазанның 27-сі, <http://www.kaztag.kz/en/top-news/71426> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қарашаның 1-і).

313 Aktau-News, «Stan TV журналистеріне шабуыл жасаған екі күдіктіге іздеу жарияланды», 2011 жылғы қарашаның 9-ы, <http://aktau-news.kz/?p=7600> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қаңтардың 24-і).

314 «Шекарасыз тілшілер», Қазақстан, <http://en.rsf.org/report-kazakhstan>, 112.html (қолжетімді күн: 2012 жылғы қарашаның 1-і).

315 Дж.Лиллис, Д.Кокс, EurasiaNet.org, «Қазақстан баспасөзге қысым жасауды жалғастырып отыр», 2011 жылғы наурыздың 29-ы, <http://www.eurasianet.org/node/63182> (қолжетімді күн: 2013 жылғы қаңтардың 12-сі).

316 Қараңыз: <http://cpj.org/reports/2010/09/disdaining-press-freedom-kazakhstan-undermines-osc.php> (қолжетімді күн: 2013 жылғы сәуірдің 17-сі).

317 «Голос республики» газетінің бұрынғы бас редакторы Т.Трубачевамен сұхбат, Алматы қ., 2012 жылғы желтоқсанның 29-ы.

318 Бұл да сонда.

және Қарағандыдан шығатын «Молодежная газета» 2010<sup>319</sup> және 2011<sup>320</sup> жылдары баспаханалармен дәл осындай қиындықтар көрген.

Билікті сынайтын БАҚ-тарға қарсы сот үдерістері – Қазақстанда жиі болып тұратын іс-тәжірибе. «БАҚ туралы» Заң, Қазақстан Республикасының Азаматтық және Қылмыстық кодекстері БАҚ-тарға қарсы талап-арыздардың ықтимал бастамаларының кең ауқымын білдіреді. Мысалы, ар-ождан, қадір-қасиет және іскерлік беделді қорғау туралы талап-арыздар билікке айтылатын сынды азайту үшін кеңінен қолданылады.

Трубачева ханымның айтуынша, сын бағытын ұстанған басылымдарға көрсетілетін қысым түрлері уақыт өте келе өзгерген. 2001 жылға дейін қорқыту ретінде кеңселерге от қою немесе редакторларға жерлеу рәсімдеріне арналған гүл шоқтарын жолдау сияқты заңға қайшы әдістер қолданылатын. «Кейіннен қылмыстық қудалау және талап-арыздар үйреншікті іске айналды. Ал газет интернетке кеткен бойда DDoS-шабуылдар басталды», – дейді Трубачева ханым.<sup>321</sup>

## 7.4. Қорытынды

Хабар таратудың цифрлық тәсіліне көшу үдерісі тіпті ол үшін әзірленген құқықтық негіздердің болмауы жағдайында да қарқын ала бастады. Көптеген шешімдер үкіметтік дәліздерде көбінесе ашықтық пен айқындықтың төмен дәрежесінде қабылданады. Цифрлық тәсілге көшудің бастапқыда әзірленген жоспары былайша: жерүсті теле-радио хабарларын цифрлық форматта таратуға көшудің бірінші дайындық кезеңі жаңа, яғни жерсерік арқылы жерүсті хабар таратудың бұрын жоспарланбаған дербес құрамдас бөлшегіне айналды. Нормативтік-құқықтық база асығыс қабылданды, ал көзге түсетін ең маңызды оқиға – «Теле-радио хабарларын тарату туралы» Заң болды. Азаматтық қоғам бұл заңның жобасын әзірлеуге қатысқанмен, заңның түпкілікті мәтініне оның ықпалы шектеулі болды. БАҚ саласындағы негізгі үш үкіметтік емес ұйым – «Әділ Сөз», «Internews Kazakhstan» және «Қазақстан ұлттық теле-радио хабарларын таратушылар қауымдастығының» өкілдері, азаматтық қоғам өкілдерін министрліктің жұмыс тобы құрамына қосқанына қарамастан, үкіметтік органдармен өзара қарым-қатынастың тиімділігі аздығын айтты.

Цифрлық мультиплекстер арналарының пакеттерін қалыптастыру бәсеке негізінде өтеді, бірақ осы шара үшін үкімет бақылауындағы «Теле-радио хабарларын таратуды дамыту жөніндегі комиссия» жауапты болғандықтан, аталған іс-шараның айқын да ашық болатынына және қоғам алдында есеп беретініне есеп жасау қиын.

319 Bibo.kz, «Полиграфсервис» баспаханасы «Орал аптасы» газетін басып шығарудан бас тартып отыр, 2010 жылғы сәуірдің 30-ы, <http://internet.bibo.kz/395942-tipografija-poligrafservis-otkazyvaetsja-pechatat.html> (қолжетімді күн: 2012 жылғы қарашаның 1-і).

320 Guljan.org, «Кішкентай газеттің үлкен қиындықтары», 2011 жылғы тамыздың 8-і, <http://www.guljan.org/news/informblok/2011/August/391> (қолжетімді күн: 2012 жылғы маусымның 12-сі).

321 «Голос республики» газетінің бұрынғы бас редакторы Т.Трубачевамен сұхбат, Алматы қ., 2012 жылғы желтоқсанның 29-ы.

БАҚ қызметін реттейтін заңнамадағы соңғы өзгертулер көбінесе шектеулі сипатта болып отыр және, пайдаланушылық контентті қоса алғанда, контент үшін журналистер мен басылымдарға қосымша құқықтық жауапкершілік жүктейді. БАҚ бостандығы пайдасына шешілген азғантай жақсаруды халықаралық қысымның, әрі Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы төрағалығы қарсаңындағы биліктердің жұмсаруының нәтижесі деп санауға болады. Жалпы, реттеу өзінің негізінде репрессиялық қалпында қалып отыр, сондықтан жақын келешекте бұл жағдайдың жақсы жағына қарай өзгеруіне саяси ерік бар деп үміттенуге негіз жоқ.

Хабар тарататын БАҚ нарығы жеке-дара иелікке өткен және мемлекет пен билікке жақын топтар арасында бөлінген (аймақтарда ғана бірнеше тәуелсіз телеарна сақталған). Соған байланысты барлық ұлттық арналарды міндетті пакетке (ағылшынша – *must-carry package*) қосу туралы шешімді жаңалықтардың плюрализмін қамтамасыз ету жолындағы оң қадам деп қарау қиын. Одан өзге, «Қазтелерадио» АҚ-ының қызметіндегі, сондай-ақ «Katelco», «Хабар» немесе «Бірінші арна «Еуразия» іспетті ұйымдардағы меншік құрылымындағы ашықтық дәрежесінің төмендігіне байланысты көптеген мәселелер түсініксіз күйінде қалып отыр. Цифрлық тәсілмен хабар таратуды дамытудың қымбат тұратын үдерісіне бөлінетін мемлекеттік қаржыны пайдалану саласында да ашық айқындық жоқ.

БАҚ қызметін реттеу соңғы бес жыл бойы мемлекеттің интернетке және жаңа медиаларға мұқият көңіл бөлетін мәселесіне айналды. БАҚ-тарға қысым көрсету: қайыршылық күйге түсіретін сот істерінің нәтижесінде банкроттыққа жеткізу, сондай-ақ үкіметке бейіл БАҚ-тарды мемлекеттік тапсырыс жүйесі арқылы марапаттау жолымен іске асырылады.

## 8. Қорытындылар

### 8.1. БАҚ бүгінгі таңда

Қазақстандық БАҚ пен журналистиканың бүгінгі жай-күйі айтарлықтай дәрежеде бір саяси тұлға мен бір партияның үстемдігімен, сондай-ақ қоғамдық пікірсайыстар үшін тарылып бара жатқан кеңістікпен және ақпарат бостандығын шектейтін заң бастамаларымен сипатталатын елдегі саяси ахуалмен айқындалады. Қазақстанның медиа-нарығына бұрынғыдай: меншік құқықтары саласындағы ашықтықтың төмен дәрежесі, сондай-ақ елдің ақпарат өрісін қатаң үкіметтік бақылау тән болып отыр.

#### 8.1.1. Оң өзгерістер

2007 жылы олигарх және саясаткер, Қазақстан президентінің бұрынғы күйеубаласы Рахат Әлиев саяси алаңнан кетіп, оған тиесілі болған жетекші БАҚ-тардың бірқатары кейіннен мемлекет меншігіне берілді немесе басқа иеленушілердің қолына өтті. Бұл өзгерістер медиа-нарықта жаңа ойыншылардың пайда болуына келтірді, бірақ ақпараттың плюрализмі үшін жағдайды түбегейлі өзгерте қоймады, жұмыс істеп тұрған БАҚ-тардың тәуелсіздігін нығайтқан да жоқ.

Нарықтың жаңа ойыншылары билеуші саяси дегдар топпен біріккен. Соңғы жылдарда Қазақстанда жаңалықтар беретін бірде-бір тәуелсіз жаңа БАҚ ашылмады. Жаңа ойыншылар ешқашан сын бағытын ұстанбағанмен, бұл олардың өздерін мемлекеттік БАҚ-тардың немесе «Нұр-Медиа» холдингіне кіретіндердің бәсекелесі деп көрсетуіне кедергі жасамайды. Нарықтың жаңа қатысушылары түпнұсқадағы ақпарат форматтарын пайдалану үшін белсенді іс-әрекеттер қабылдайды. Өздерінің алдыңғы орындағы міндеттерінің арасынан олар бастапқыда сапалы жаңалықтар контентін құруды жариялайды, бірақ уақыт өте келе, олар ойын-сауық бағдарламаларына қарай ойысады.

Мұнай бағаларының көтерілуінен, оны өндірудің артуынан және жылжымайтын мүлік құнының ақтауға болмайтындай қымбаттауынан туған елеулі экономикалық өсу кезеңі 2008 жылдың соңында салдарлары бүгінгі күні де айқын сезіліп отырған қатал дағдарысқа ұласты. Соған қарамастан, экономикалық дүрбелең жылдарында жергілікті компаниялар коммуникациялық инфрақұрылымды жақсартып, жаңа стандарттарға көшуге, қызметтердің сапасын жақсартуға,

бағаларды төмендетуге қол жеткізді. Бұл, өз кезегінде, жұртшылықтың кабельдік және жерсеріктік хабарлар алу мүмкіндігін кеңейтіп, сонымен қатар интернет-технологиялар нарығында қызметтердің жаңа ауқымдарына қол жеткізуге жағдай туғызды.

БАҚ-тар да, тұтынушылар да бірте-бірте интернетке көшіп жатыр, алайда ақпараттық онлайн-контент әлі де жұтаң. Кәсіби интернет-БАҚ-тардың өсуі мультимедиалық қызметтері технология тұрғысынан өзгеріп тұратын баспа басылымдарының онлайн-нұсқаларының пайда болуымен ілесе жүреді. Жаңа медиалардың қазақстандық БАҚ-тардың іс-тәжірибесіне енгізілуін бұрынғы премьер-министр Кәрім Мәсімов бірінші кезекте атқарылатын міндет ретінде белгіледі. Алайда көптеген белгілі БАҚ-тар интернетке оларға іс жүзінде қысым көрсетілуіне байланысты көшті. Сөз жоқ, интернет сын айтатын дауыстарға пікірлерін білдіретін платформа береді, бірақ күні бүгінге дейін инновациялық құралдарды пайдалана отырып сапалы журналистика жасауға қабілеті бар беделді онлайн-БАҚ-тар аз. Блогерлердің, азаматтық журналистердің және терең пікірлі тілшілердің қатарлары бірте-бірте жаңа белсенділермен толығып келе жатқанмен, олардың қоғамдастықтары көп емес.

БАҚ-тардың мүдделерін қорғайтын белгілі құқық қорғау ұйымдарының күш-жігерлері кейбір жетістіктерге жетуге мүмкіндік бергенмен, азаматтық қоғамның мемлекеттік шешімдерге ықпалы мардымсыз күйінде қалып отыр. Сонымен қатар салыстырмалы түрде еркін пікір сайыс алаңы болып отырғанына қарамастан, интернеттің қоғамдастықтың назарын бірқатар маңызды әлеуметтік мәселелерге, оның ішінде интернетті реттеу мәселесінің өзіне де аударуға көмегі тигенмен, ақпараттық технологиялардың ықпалы да шектеулі.

### **8.1.2. Кері өзгерістер**

Өзіндік цензура кең таралған: билікті, президенттің жеке басын және отбасы мүшелерін, жоғары лауазымды тұлғалардың сыбайлас жемқорлығын сынауға қатысты тыйым салынған тақырыптардың белгілі бір ауқымы бар. Аймақтарда журналистер республикалық БАҚ-тардағы редакциялық саясатты ұстанады. Оппозиция демеушілік көрсететін газеттер оқырмандарға оқиғаларды әділетті талдауға немесе журналистік зерттеулерге негізделген сапалы сын материалдарын беріп отырған жоқ.

Сынға жол бермеудің жалғасып отырған тәжірибесі (тіпті Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-да төрағалық еткен кезінде де) өзіндік үлкен цензураға мүмкіндік туғызады. Диффамация (біреулерді ғайбаттайтын мәлімет тарату) желеуімен сот шешімі арқылы жосықсыз көлемде айыппұл салғызатын талап-арыздар – билікті сынайтын басылымдарды банкроттыққа дейін жеткізудің негізгі тәсілдерінің бірі.

Соттар оппозициялық БАҚ-тардың жұмысын тоқтата тұру немесе жауып тастау туралы шешім шығарады, бұл олардың меншіктерінің тәркіленіп, баспаханаларға кіре алмауына және тираждарының алынуына келтіреді. Журналистер мен редакторларды сот арқылы қудалау,

сондай-ақ оларға шабуыл жасау орын алады, дегенмен бұндай әрекеттер 2000 жылдардың басымен салыстырғанда азайды.

БАҚ-тар 90 жылдардың соңында үкіметтің және биліктің айналасындағы топтардың қатаң бақылауына қойылған-ды. Цифрлауға көшкеннен көп нәрсе өзгере қойған жоқ. Теле-радио жиіліктерін бөлу шаралары ашық айқындықты талап етеді. Теле-радио хабарларын цифрлық форматта таратуға көшу үдерісі, алдында айтылғандай, ерте сатыда тұр және қоғамдастықтың шектеулі қатысуымен іске асырылып жатыр.

Жаңалықтар берудің сапасы ресми насихаттың ақпарат кеңістігінде қаншалықты үлкен орын алуы ретіне қарай төмендей береді. Билікке жақын БАҚ-тармен бәсекелес дейтіндей компаниялар іс жүзінде көңіл көтеретін ойын-сауық контентіне көбірек бағытталады.

Заң тұрғысынан реттеу сөз бен БАҚ бостандығын шектеу жағына қарай бет алуы жалғастырып келеді. «Теле-радио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңын және оның заңдық күші бар актілерін еркінше түсіндіру мүмкіндігі белгілі бір қауіп тудырады. Заңдардың бірқатары сөз бостандығына қосымша шектеу қояды. Сонымен қатар үкіметтің интернет-контентті сүзгіден өткізуіне мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық желілерді реттеу бойынша бірқатар заңдарға енгізілген түзетулердің де белгілі бір қауіпі бар. Әртүрлі интернет-ресурстарды провайдерлердің, атап айтқанда, ұлттық оператор «Қазтелеком» АҚ-ының өз еркінше тежейтін әрекеттері орын алады.

Медиа-нарық мемлекеттік тапсырыстың бекіп орныққан жүйесінің салдарынан бизнес заңы бойынша жұмыс істемейді. Үкіметке жатпайтын немесе оның қырағы бақылауындағы БАҚ-тар меншік иесінің немесе демеушінің қаржыландыруына ғана сенім арта алады. Кері жағдайда, егер мемлекеттік тапсырысқа сенім артпаса, онда олар PR-материалдар мен жасырын жарнаманың басқа түрлерінің көмегімен табыс табады. Бұндай іс-тәжірибелердің ешқайсысы да БАҚ-ты редакциялық тәуелсіздікке жеткізбейді және қоғамдық пікірдің айналасында ақпараттың плюрализмін көтермейді.

## **8.2. Ертеңгі БАҚ: алдағы мүмкіндіктер**

Қазақстандық БАҚ-тардың саяси ахуалдың тұтқыны болып қалатын ықтималдығы басым. Парламенті осал, өзі күшті биліктің басымдығы, жұртшылықтың шешімдер қабылдауға елеусіз ғана қатысуы және шектеу қоятын заңнама – осының бәрі елдің ақпарат кеңістігінде үлкен еркіндікке және плюрализмге деген саяси ерік-жігердің жоқтығын дәлелдейді.

БАҚ өзінің қызметін реттейтін заңдардың әртүрлі оқылуынан зардап шегуі әбден мүмкін. Медиа-заңнаманы талдауға салалық үкіметтік емс ұйымдардың қатысуы қазір үкімет үшін үлкен дәрежеде ресми ғана сипат алып отыр, әрі болашақта да солай болып қалуы ықтимал. Медиа



саласындағы өзгерістердің көпшілігі, әкімшілік шешімдер мен меншік иелерінің құрамындағы өзгерістерді қоса алғанда, сірә да бұрынғыдай саяси уәждерге негізделетін болады.

Саяси тоқыраудың мүмкіндігі медиа-активтерді өз меншіктеріне сатып алып жатқан таңдаулы топтардың нығаюы аясында елеулі тосқауыл болып табылады. Көпшілік жағдайларда БАҚ-тар үкіметтің бақылауында бола отырып, биліктің жаршысы міндетін жалғастыра береді немесе, ең жақсы дегенде, бейтарап ұстаным ұстанады. Алайда аймақтарда жағдай басқаша қалыптасуы мүмкін. Үлкен саяси еркіндік жағдайында тұтынушылар саясаттанған жалпыұлттық контенттен гөрі, жергілікті өзекті жаңалықтарды құп көреді.

Цифрлауға көшу үдерісі 2015 жылға қарай аяқталуға тиіс, бірақ нормативтік-құқықтық базаны әлі де дұрыстап жасап, өңдей түсу қажет. Қазіргі жағдай үкіметтің ақпарат кеңістігін бақылауда ұстауды сақтап қалатын ниетін көрсетеді. Цифрлау, өз кезегінде, жаңалықтар контентін берушілерге бақылау орнату үшін үкіметтің күш-қуатын нығайта түседі. Оның үстіне, қоғамдық мүдденің ескерілуі ықтималдығы аз: оның анықтамасын қазақстандық заңнама әлі күнге дейін ұғым деңгейінде бекіткен жоқ.

Кабельдік желілерде, IPTV-да және жерсеріктік хабар таратуда қолжетімді шетелдік, бірінші кезекте, ресейлік БАҚ-тар Қазақстанның ақпарат кеңістігіндегі өздерінің берік шептерін сақтап қалады. Сонымен қатар үкімет жергілікті, әсіресе қазақ тіліндегі контентті дамытуға инвестиция салуды мемлекеттік БАҚ-тарды тікелей қолдау арқылы да, мемлекеттік тапсырыс желісі бойынша конкурстар арқылы да жалғастыра береді.

Дау жоқ, интернеттің енуі дәрежесі ұшқыр қарқынмен арта бермек. Жаңа медиа-жобалар пайда болады, алайда қазіргі саяси ахуал сақталған жағдайда, БАҚ-тардың азғантайлары ғана ақпаратты теңгерімді түрде беруді қамтамасыз ете алады. Интернет, қоғамдық пікірталастардың мейлінше еркін платформасы бола отырып, өзінің өзекті және жедел жаңалықтардың көзі ретіндегі рөлін күшейтеді.

## 9. Ұсыныстар

### 9.1. САЯСАТ

#### 9.1.1. БАҚ-қа қатысты саясат

##### 9.1.1.1. Заңнама және цифрлауға көшуді реттеу

###### *Қиындық*

Теле-радио хабарларын цифрлық тәсілмен таратуға көшу үдерісін реттейтін басты негіздемелік құжат, алдында айтылғандай, 2012 жылы қабылданған «Теле-радио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңы болып табылады, бірақ онда азаматтық қоғамның тұжырымдамалық ұсыныстары есепке алынбады. Бұл Заңда қоғамдық мүдде теле-хабарларын цифрлық форматта таратуға көшу кезінде айқындаушы бағалау өлшемі болып отырған жоқ. Кезінде бұл нормативтік құжат екіұшты түсіну қаупін тудыратын «тым жалпылама» құжат ретінде азаматтық қоғамның сынына ұшыраған еді, енді, бір жағынан, қатаң мемлекеттік реттеу нысанасына айналуы мүмкін.

###### *Ұсыныс*

Мемлекет цифрлауға көшу туралы заңдық күші бар актілерді әзірлеуге азаматтық қоғамның қатысуын қамтамасыз етуге тиіс. Заңдық күші бар бұл актілер қоғамдық мүдденің негізге алынатын түсінігін тәртіпке келтіруге тиіс; мемлекет БАҚ-тар тәуелсіздігінің белгілі бір кепілдіктерін беруге, сонымен қатар нарықтың барлық қатысушыларына қатысты теңқұқылы және әділетті бәсеке ұстанымын сақтауға тиіс. ҚР Парламенті жанынан цифрлауға көшу мониторингін жүзеге асыру мақсатында үкіметтік емес ұйымдардың, салалық ойыншылардың және техникалық сарапшылардың қатысуымен кеңес беретін орган құрылуы қажет.

##### 9.1.1.2. Теле-радио хабарларын цифрлық тәсілмен таратуға көшу туралы жұртшылықтың хабардар болуын көтеруге арналған ақпараттық науқандар

###### *Қиындық*

Эфирде теле-радио хабарларын цифрлық тәсілмен таратуға толық көшуді 2015 жылға қарай аяқтау жоспарланған. Осы уақытқа дейін жұртшылықпен жұмыс істеу үшін толық көлемді ақпараттық науқандар жүргізілмеді, сондай-ақ барлық мүдделі тараптардың қатысуымен өткен

пікірталастар да кең қоғамдық толқу тудырмады. Қоғамның алдағы өзгерістерден, олардың мақсаттарынан, қарқындары мен нәтижелерінен хабардар болуы және түсінуі тым жеткіліксіз.

### ***Ұсыныс***

Жұртшылықты цифрлауға көшудің негізгі артықшылықтары және цифрлық құрал-жабдықтарды пайдалану бойынша нақты кеңестер берілетіні туралы хабардар ету мақсатында, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің жұртшылық арасында түсіндіру науқанын өткізгені маңызды. Министрлік цифрлауға көшу туралы ақпаратты әртүрлі ақпараттық платформалардың, әлеуметтік желілердің және арнаулы тақырыптық веб-сайттардың көмегімен таратуға тиіс.

## **9.1.2. ЖИЛІК СПЕКТРІН БӨЛУ САЯСАТЫ**

### **9.1.2.1. Теле-радио жиіліктерін бөлудегі айқындық**

#### ***Қиындық***

Бірқатар саяси шектеулерге байланысты аналог дәуірінде хабар таратуды лицензиялаудың айқын бағалау өлшемдері болмады, ал көбінесе нарықтың үкіметке жақын ойыншыларына артығырақ ықылас көрсетілді. Заңдар мен теле-радио хабарларын цифрлық жолмен тарату үдерісі толықтай үкіметтің бақылауында болғандықтан, цифрлау дәуірінде мемлекеттік телеарналардың және билікке жақын тұлғалардың өздерінің ұтымды артықшылықтарын пайдаланып қалуы әбден ықтимал.

#### ***Ұсыныс***

Цифрлау заманында «Теле-радио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңына теле-радио жиіліктерін бөлудің бағалау өлшемдері мен іс-шараларының ашықтығына кепілдік беретін түзетулер әзірленуі керек. Конкурстардың шарттары мен өтінімдердің түрлерін Теле-радио хабарларын таратуды дамыту жөніндегі комиссия ашық дереккөздерде жариялауға тиіс.

### **9.1.2.2. Цифрлық дивидендті бөлу кезіндегі ашықтық шаралары**

#### ***Қиындық***

Үкіметтің «*цифрлық дивидендтің*» (теле-радио хабарларын таратудың цифрлық жүйесіне көшу нәтижесінде босап қалатын жиілік спектрі) қалай бөлінетіні туралы ақпарат жарияламағаны сияқты, қоғамдық игілік деп танылған бұл ресурстың бөлінуі тақырыбына арналған кең қоғамдық пікірталастар да болмады.

#### ***Ұсыныс***

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі азаматтық қоғам мен осы саланың өкілдерін пікірсайыстарға қатысуға шақыра отырып, цифрлық дивидендті бөлу туралы ұсынысты жұртшылыққа жария етуге тиіс.

## **9.2. БАҚ-ТЫ ЗАҢ ТҰРҒЫСЫНАН РЕТТЕУ**

### **9.2.1. РЕТТЕУ**

#### **9.2.1.1. Реттеуші органның тәуелсіз болуы**

##### ***Қиындық***

Реттеуші органның үкіметке тәуелді болмауын қамтамасыз ететін механизмдер жоқ. Теле-радио хабарларын таратуды мемлекеттік реттеуді тәуелсіз орган емес, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің бақылауындағы Теле-радио хабарларын таратуды дамыту жөніндегі комиссия жүзеге асырады. Қоғамда сонымен қатар тәуелсіз реттеуші органға көшудің қажеттігі туралы пікірсайыстар да өтпейді.

##### ***Ұсыныс***

Медиалық үкіметтік емес ұйымдар бұл мәселеге қоғамдық мүддені көтеру мақсатында бірқатар адвокаттық науқандарды бастауға тиіс, сонымен қатар реттеуші органның тәуелсіз мәртебесін қамтамасыз ететін заңдық ұсыныстарды да алға ілгерілетуі қажет.

#### **9.2.1.2. Интернетті реттеу**

##### ***Қиындық***

Ақпараттық-коммуникациялық желілерді реттеу мәселелері жөніндегі ұлттық заңнамаға бірқатар түзетулер қабылдаудың нәтижесінде, блогтар, чаттар және әлеуметтік желілер – пайдаланушылық контенті басым платформалар – БАҚ-тарға теңестірілді. Сөйтіп, қатаң бақыланатын бұқаралық медиалармен қатар, интернет-кеңістік те үкіметтік реттеу нысанына айналды. Заңнамадағы өзгертулер басқаша ойлауды интернетте тұншықтырудың құралы болды.

##### ***Ұсыныс***

2009 жылы «Интернет туралы» деп аталатын ҚР заңына қарсы шыққан медиалық ҮЕҰ, БАҚ атынан мүдделі тұлғалар, интернет-бизнестің өкілдері және пайдаланушы белсенділер интернеттегі әртүрлі жалпыұлттық пікірталастар алаңында, оның ішінде халықаралық деңгейде де, еркіндіктің болуы туралы мәселе көтерулері керек. Интернет-контенті жауып тастау және сүзгіден өткізу фактілері жария етілуге тиіс, ал олардың себептерін азаматтық қоғам айтуы қажет. Стратегиялық сот ауыртпалықтарын веб-сайттардың негізсіз жабылуына қарсы шығу шараларының бірі ретінде пайдалануға болады.

## **9.3. ҚОҒАМДЫҚ БАҚ**

### **9.3.1. ҚОҒАМДЫҚ ХАБАР ТАРАТУҒА КӨШУ**

##### ***Қиындық***

Қазақстандық үкіметтік емес ұйымдардың күш-жігер салуына қарамастан, үкімет қоғамдық хабар таратуды ақыры бастамады. «Теле-радио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңында Қазақстанда қоғамдық теледидар құруды тәртіпке келтіретін қандай да бір ережелер жоқ.

### **Ұсыныс**

Азаматтық қоғаммен ынтымақтаса отырып, үкімет қоғамдық БАҚ-тардың қызметін реттейтін заң және тиісті заңдық күші бар актілер әзірлеуі, сондай-ақ қоғамдық БАҚ-тарды олардың меншік түріне сай қаржыландыру шараларын реттейтін заңнамалық база қабылдауы қажет. Заң цифрлық заманның талаптарына жауап беруге және азаматтардың ақпаратты тұтынушыларға дәстүрлі және онлайн-форматтарда қолжетімді қоғамдық БАҚ-тар арқылы алуға деген қажеттілігін ескеруге тиіс.

## Диаграммалар:

1-диаграмма: Қала және ауыл халқы (халықтың жалпы санының %-тік көрсеткіші), 2009 ж. ....	14
2-диаграмма: Этностық құрам (халықтың жалпы санының %-тік көрсеткіші), 2009 ж. ....	14
3-диаграмма: Қазақ және орыс тілдерін білу (халықтың жалпы санының %-тік көрсеткіші), 2009 ж. ....	15
4-диаграмма: Дін ұстану: (халықтың жалпы санының %-тік көрсеткіші), 2009 ж. ....	16
5-диаграмма: Республикалық жетекші телеарналар көрермендерінің ауқымы (көрермендердің жалпы санының %-тік көрсеткіші), 2011 ж. ....	31
6-диаграмма: Жаңалықтар бағдарламаларының күнделікті хабар таратудағы үлесі (телебағдарламалардың жалпы санының %-тік көрсеткіші) ....	42

## Кестелер:

1-кесте. Экономикалық көрсеткіштер .....	17
2-кесте. ТВ қабылдағыштармен және дербес компьютерлермен жабдықталған үй шаруашылықтарының саны, 2006-2010 жж. ....	19
3-кесте. Негізгі теледабылды қабылдайтын платформалар және цифрлауға көшу, 2006-2010 жж. ....	21
4-кесте. Интернет (абоненттер саны халықтың жалпы санының %-тік көрсеткішімен) пен ұтқыр байланыстың енуі (қолданыстағы SIM-карта саны халықтың жалпы санының %-тік көрсеткішімен) .....	24
5-кесте. Күн сайын шығатын басылымдардың алдыңғы 10-дығының рейтингі, 2009-2011 жж. ....	28
6-кесте. Апталық басылымдардың алдыңғы 10-дығының рейтингі, 2009-2011 жж. ....	30
7-кесте. Ай ішіндегі ауқымы бойынша Қазақстандағы радиостанциялардың алдыңғы 5-тігі (тыңдармандардың жалпы санының %-тік көрсеткіші), 2008-2012 жж. ....	33
8-кесте. Бірегей пайдаланушылардың ай ішіндегі саны бойынша жаңалықтар сайттарының алғашқы 10-дығы, 2012 жылдың қазаны. ....	35
9-кесте. Тұтынушыларды қамту ауқымының үлесі бойынша жаңалықтардың жетекші бағдарламалары, 2009-2011 жж. ....	36
10-кесте. Бірегей пайдаланушылардың ай ішіндегі саны бойынша қазақстандық интернет-ресурстардың алғашқы 10-дығы, 2012 ж. ....	50
11-кесте. Қазақстандық интернет пайдаланушылар арасында танымал әлеуметтік желілердің алғашқы 10-дығы, 2012 жылғы тамыз .....	52

## «Цифрлық медиалар картасы» зерттеуі төмендегі елдерде жарияланған:

1. Румыния
2. Таиланд
3. Мексика
4. Марокко
5. АҚШ
6. Швеция
7. Ресей
8. Литва
9. Италия
10. Германия
11. Латвия
12. Сербия
13. Нидерланды
14. Венгрия
15. Албания
16. Молдова
17. Жапония
18. Аргентина
19. Оңтүстік Африка
20. Түркия
21. Ливан
22. Македония
23. Польша
24. Босния-Герцеговина
25. Черногория
26. Грузия
27. Нигерия
28. Колумбия
29. Хорватия
30. Словения
31. Қытай
32. Перу
33. Чили
34. Испания
35. Кения
36. Болгария
37. Үндістан
38. Франция
39. Эстония
40. Қазақстан
41. Малайзия
42. Пәкістан
43. Словакия
44. Чехия
45. Мысыр
46. Сингапур

*Ескерту.* Деректер 2013 жылғы қарашаның 4-інде алынған.

## Mapping Digital Media – «Ашық қоғам» қорының Медиа бағдарламасының (Open Society Media Program) және Ақпараттық бағдарламасының (Open Society Information Program) жобасы.

### «Ашық қоғам» қорының Медиа бағдарламасы (Open Society Media Program)

Медиа бағдарлама тәуелсіз кәсіби бұқаралық ақпарат құралдарын жұртшылықтың ақпаратқа және қоғамдағы мәселелерді талқылауға қолжетімдігін беретін аса маңызды құралдар ретінде қолдаудың дүниежүзілік бағдарламасы болып табылады. Бағдарлама аясында тәуелсіз БАҚ және олардың желілерінің қызметі мен дамуын күллі дүние жүзі бойынша қолдау жүзеге асырылады және медиа саласындағы саясатты жақсарту бойынша ұсыныстар әзірленіп, сапалы да батыл, әрі коммерциялық тұрғыда табысты журналистикаға септігін тигізетін заңнамалық шарттар құру мақсатында БАҚ саласындағы заңдардың сапасын көтеру жөніндегі іс-шаралар атқарылады.

Ашық айқындық ұстанымдарын және мемлекеттің қоғам алдындағы есептілігін, журналистердің сыбайлас жемқорлық мәселелерін қарауға белсенді атсалысуын алға ілгерілету мақсатында Бағдарлама аясында журналистік зерттеулер де іс жүзіне асырылады.

### «Ашық қоғам» қорының Ақпараттық бағдарламасы (Open Society Information Program)

Бағдарлама аясында білімдерге, қоғамдық байланыстарға қоғамның қолжетімдігінің кеңеюіне, сондай-ақ «цифрлық дәуірде» азаматтық құқықтар мен еркіндіктің білдірілуін қорғауға жан-жақты көмек көрсетіледі. Оның үстіне, дамушы елдерде әлеуметтік тұрғыда шектелген топтар мен жекелеген азаматтардың ақпараттық қажеттіліктеріне ерекше назар аударылады. Бағдарлама аясында жаңа технологиялар халықаралық және ұлттық деңгейде азаматтық белсенділер топтарының ашық қоғам үшін ұмтылыстарында олардың күш-жігерлерін қуаттау үшін пайдаланылады.

### «Ашық қоғам» қоры (Open Society Foundations)

«Ашық қоғам» қоры әртүрлі елдерде демократияның дамуына септігін тигізеді. Әлемнің 70-тен астам елінде қоғамдастықпен ынтымақтаса отырып, «Ашық қоғам» қоры заңның жоғары тұруын және адам құқықтарының сақталуын, жұртшылықтың өзін білдіріп танытуы еркіндігін және әлеуметтік игіліктерге теңдей қолжетімдігін қуаттайды.

Ары қарайғы ақпарат:

Open Society Media Program

Open Society Foundations

7th Floor Millbank Tower, 21–24 Millbank

London SW1P 4QP, United Kingdom

mappingdigitalmedia@osf-eu.org

www.mappingdigitalmedia.org

www.soros.org/initiatives/media



Мұқабаның дизайнын жасаған: Ahlgrim Design Group



**OPEN SOCIETY**  
FOUNDATIONS